

829.512.122  
Э82 к 09

# VIII ӘҮЕЗОВ ОҚУЛАРЫ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТИ**

**М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ  
ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**

**VIII  
ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ**

**(Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясының материалдары)**

**Алматы  
2009**

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 Каз  
Ә 82

**Редакциялық алқа:**

С.В. Ананьева, Р.Ә. Ергалиева, Г.Т. Жұмасейнітова, С.С. Қорабай,  
Б.Қ. Майтанов, А.С. Ісімақова

**Жауапты редактор:**

филол.ғ.к. С.С. Қорабай

**Құрастырушы:**

филол.ғ.к. А.Әлібекұлы


Ә 82    **VIII Әуезов оқулары:** Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материаллары. – Алматы: «Tay-Самал», 2009. 268 б.

ISBN 978-601-80072-1-7

Жинаққа 2009 жылдың 29 күркүйегінде Алматы қаласында Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің тұған күніне орай өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілді.

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 Каз

Ә 4603020100  
00 (05)-09



ISBN 978-601-80072-1-7

© М.Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты, 2009  
© ИП «Tay-Самал», 2009

**Майлыбай С.К.**

## **«ҚӨКСЕРЕК» ПОВЕСІНІҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫ МЕН ПОЭТИКАСЫ**

М. Әуезовтің тілі ерекше, тартымды, көркем жазылған «Қексерек» повесі алғаш рет «Жаңа мектеп» журналының 1929 жылғы 2-3-сандарында толық күйінде жарық көрді. Кейін 1936, 1960 жылдары шыққан «Қарааш-Қарааш» жинағына сісе, 1962 жылды осы жинақ өзбек тіліне аударылып басылды. 1957 жылды «Пионер» журналының 9-санында, 1960 жылды «Новый мир» журналының 4-санында А. Пантислевтің аудармасы бойынша жарықка шықты.

Бертінде «Қылыш заман» (1979) жинағына, М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағының (1967) 1-томына, 1979-1984 жылдар аралығында басылым көрген жиырма томдық шығармалар жинағының 2-томына енді. Повесть А. Пантислевтің аудармасы бойынша орыс тілінде «Серый лютий» деген атпен 1961 жылды Мәскеуде жарық көрді. Сондай-ақ, М. Әуезовтің 1977 жылды Мәскеуден шыққан 5-томдық шығармалар жинағының бірінші томында, «Племя молодое» (М, 1977) жинақтарында басылды.

200 томдық дүние жүзі әдебиеті кітапханасына «Абай жолы» роман-эпопеясымен қатар «Қексеректің» кіруі М. Әуезов шығармашылығының құндылығын көрсетсе керек.

М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағына (2001, 6-том. 1-32-66.) алғаш жарық көрген «Қексеректің» 1929, 1936, 1979 жылғы нұсқаларының мәтіндері текстологиялық салыстырулар жүргізіліп толық жіберілді.

Әдебиет бетінде бұрын соңды көрінбеген жаңа тақырып, жыртқыш қасқырлар өмірінің психологиясы суреттелген «Қексерек» повесі сұлу табиғат аясында алынған. Әңгімеде казақ халқының өмір тіршілігі, малды ауылдың қасқырдан корген қырсығы мен ацишылық кәсіпгің шеберліктері көркем баяндалып, белтірікті асырап ит етпек болған аңғал, жаны таза Құрмаштай баланың тағдыры суреттеледі. Оқиға «Қараадырдың қарағанды сайы етсіз» деп басталатын ұзақ әңгімессіндегі қасқыр апанағының айналасын суреттей келіп, «Жақындағы қарағандарда қасқырдың

ақ жүндері көрінеді... Қазірде соның түбіндегі қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр. Бауырында кішкентай көк күшіктері қыбырлайды. Жарқыраған қызулы күн бойын ертеді. Көзі бір сыйырайып ашылып, бір жұмылып қалғуға кетеді Иіген емшектері жыбыр-жыбыр тартылды», «...Төбесінде сасыр шай-қалып ырғалғаны», «...сатыр-сұтыр, сырт-сыргы синған ши тобылғы, қу шөптердің дыбысы келді де есін жиганша бірдеме касына тасырлатып келіп қалды. Атып тұрды... Бауырындағы көп күшік шашылып - ұмар-жұмар домалап қалды» – деп келетін тірі көріністер. Жыртқыш аңдардың мекен еткен жерін суреттеуден басталатын ұзақ әңгімесінің композициясы мен сюжетті оқиғадан оқиға тудырып, окушысын еліктіріп ала жепелестіп қозғалыстар, дыбыс, әрекеттер, қасқыр сезімі, сол қасқыр ойымен айтылып жатқан сурет, қатал көріністер, колды болған бөлтіріктерін асырау үшін екі қасқырдың хам-карекетінен басталып, оқиға бірден тез жалғасып, жаңа көріністер тудырып, оқиға шапшаң дамиды. Қасқырдың «Қапаш-құпаши қорқ-қорқ етіп қанды қомағай ауыздың обырлығыны» суреткер жыртқыш аңың мекенін қалай суреттесе олардың тамақ жеу үстіндегі ашқарақтығып асерлендіре үстемелей бейнелейді. Бөлтірігінен айрылған ызалы, аштулы жыртқыштың тірлігі, айналған елді зар қақсатып, құндыз-түн у-шу қылған қасқырлар, бірінің қосын киратып козысын алған қашса, сиді бірінің бұзауын жарып, құлындаған биelerдің бірнеше құлындарын жеп кетеді. Оқиғала скі мәселе катар тұр, бірі: жыртқыш аңың озырылығы, екінші: соған мәжбүр еткен аңшылар тірлігі (Жалпы қасқыр өзі ұялаған жердің тұрғындарының малына қастық етпейді. Қашан күшігі артынан өргенше, егер адамдар өзі тиісіп жылы ұясыннан бездіріп, бөлтіріктерін алған кезде оның жауыздығында шек болмайды. С.М.).

Екінші мәселе қазақ жерінің сұлу табиғатын, ел, жер байлығын баяндау. Жер сұлулықтарын суреттеудегі жазушы мақсаты табиғат көрінісін оқиғаға жетекші роль ойнату.

Оқиға кейіпкері Құрмаштың бөрі бөлтірігін асыраудан басталауды. Құрмаш асырап ит етпек болған қасқыр күшігіліц өсу кезеңін ауыл арасындағы алғашқы тіршілігін суреттеуден өрбітілген оқиға оның арландағын, иттеп ерекшелігін қүшік кезінен даярлай-

лы. Құрмаштың бөлтірікті баулу кезіндегі қасқырдың өсу, жетілу кезеңдерін нактылап беріп, әрбір құбылысты қалт жібермей суреттеу арқылы жетіліп көкжал болған қасқыр бейнесін, оның жыртқыштық психологиясын қоса дамыттыра өрілген сегіз тармақтан тұратын «Кексерек» повесінің басталу кезінің өзі ерекше суреттермен бейнеленеді. «Бірақ Кексерек әлі күнге ешбір уақытта «қынқу» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес».

«... – Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды». Оның мінезінің жат қырыстырын. – «Үри. Асырасаң да мал болмайды. Тұкымы жау емес пе!» (1-6) – деп елдің аузынан сөз таратып, алдағы болатын оқиғаға даярлап, қасқырдың өсу дәуіріне әкеледі. «Кексерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты... Жетілмей келе жатқан тісі ғана» – деп жас берінің организімінде жетілу тұсынаң мағлұмат береді. Сонымен қатар мінезі де өзгеріп арландық кезеңге жетті. Оның әрбір әрекеті жетіле түскен қасқырдың өзіне лайық психологиялық есу тұстарын қадап-қадап көрсету арқылы арландық дөрежеге жеткізеді. Алғаш қасқыр болып жетілген Кексеректің тұнғыш рост ұлуты, үйірге косылғандағы, тағылық өмірді бастаған қасқыр әрекесті сияқты істерін дамыта отырып, нағыз арландық тұсын, алғашқы адамға жасаған жауыздығы шапалы кісіден басталады. Жыртқыштың жыртқыштық әрекетін сіндіре тұсу үшін шападағы атты жарып жеп жатқан топтан бөлініп, «Кексерек мұны тастай беріп, қасына бір-екі қашықты ертіп алып, кісінің артыпан кар боратып, бұрқыратып салып еді» – дейді, кісіні ажыратып алған соң да «Осыдан соң Кексерек катты долы, ызалы болып, сызданып алды» – деп қасқырдың айтуындағы «екі аяқтыларға» деген ызысы, кегін, өшін адамша ойлантып қорытынды жасайды «Ат емес, қашпаса да болалы» (1-б.) – дей келе түйелі адамнан бой тасаламай еркінсу «Түйе бұрылып кетер деп, бақылайды...» Кексеректің басынаң өтегін оқиғалар соның ойымен қасқыр тілімен баяндалып отырады. Қолды болған бөлтіріктің жаңа мекені адамдар арасында ауыстыра отырып, проза саласындағы тың суреттер берген М. Эуезов жыртқыштың госын әрекетін, тіршілігін ұлттық машықпен оқырманға жақып бейнелейді. Жапуарлар әлемін шарлай отырып, канадалық жазушы Э. Сетоп-Томсонның хайуанаттану саласына қосқан көркем әдебиеттегі туындылары, Л. Толстойның «Булька-

сы», А. Чеховтың «Ақасқа», «Каштанкасы», Джек Лондонның «Ақ азұы» мен «Қасқырдағы» суреттер, ондағы сөйлей, ойлана да білетін аңдардың тіршілігі тіпті «Қасқырдың» бұрынғы өз иесін танып, оның дауысы шыққан кезде екі құлағы жылмып, езуі күлгенге ұксап, ыржия бастады» (2.389-б.) – дейтін иттің бейнелері сиякты Әуезовтің Көксерегі де күннен-күнге жетілген тұстарын, даланы аңсауы, ұяласын іздеуі жаратылыстың мызығымас запұсылығы. Оның алғашқы ұяласын табуы да сенімді байнеленеді. Сол сиякты жарапанған қасқыр «жарасының ауруын да жаңа тоқтар алдындаған сөз бастаған» Көксеректің қой жайып жүрген Құрманшақа кезігуі, – «қойшы үлкен емес, бала даусы шонытпайды» оның тағылышы мен жыртқыштығы өзі асырап ит еткен иесін танымаудында, «Көксеректе қазірде бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар еді. Тұғанин бергі барлық көресін осыдан – екі аяқтыдан» – дегендей, жығытып, домалап жатқан балаға тап беруі» (1.24-б.) дала тағысының жыртқыштық психологиясын аша түсіп, табиғат, дала, жыртқыштар заңын өзгертуге болмайтындығын «Көксеректі» бейнелей отырып окиға бояуын сенімді дәл турде суреттейді.

М. Әуезовтің қай шығармасын алсак та, оның құлашын еркін сермейтін, тынысы кең жазушы екенін көреміз. Жас мөлшерін ескерсек, әлі қаламы тәсселмеген суреткердің алғашқы шығармаларынан сөз шеберінің тілге жүйріктігін, байқампаздығын анғарамыз.

Атақты «Көксеректе» окушысын жан-жануарлармен сырластырады. Оларды да әлемде болып жатқан бір тіршілікке араластырады. Бұлардың да тіршілік әрекеті, психологиялық мінезд-құлықтары болатынын танытады. Көксеректің жыртқыштық қасиеті, есуі, қалыптасуы баршасы көз алдында бейнеленіп жатады. Көзін әлі ашып үлгермеген бөлтіріктердің қыбырланағ әлсіз тіршілігі ме, арландық дәуір арасындағы есу кезеңі ме – арпалысқа толы қарбалас тіршілік әрекеттері ме – оқырманға нағымдылықпен жеткізіп, соны мойындалатады. Құрманшың жетелеп, мәпелеп өсірген Көксерегі иесінен жерініп, тағылық өмірін аңсан, адырға шығып, өз үйрін іздел кеткен шактарын суреткер: – «Қайта жортып адырға шықты. Алғаш рет амалсыздан көкке қарап аузын аптып, ышқынғанда ішінен зор

лауыс шыкты. Күтпеген дауыс» – деп, жабайылық өмірі басталғанын баяндайды. Габанынан өткен аяз, езуді, тұмсық ұшын карыған сұық ызғар арқылы сездіреді. Ұяласын іздеген Көксерктің алғашқы серігі – Аққасқыр адамдар колынан мерт болғанда «Көзі қанталап, аштан белі бугіліп, тұнді-түнге қосып талай жортқан». Тұнғыш құрбаны «Алатөбет азу салып тізе батырған» бөлтірік қезінде өзін талай талаған ауыл төбетін талап жатқан кезін «Ауыздары басында қалың жұнге голып-толып шыкса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де арапасты». Шығармадағы жылдың мезгілдері қалай өтіп жатса, даладағы қасқырлар өмірі, олардың сыртқы түстері, мінезі тіпті қылыштарына дейін жаңа түр беріп, әңгіме қызықты бола түседі. Арлан бөрінің жыртқыштық әрекеті күннен-күнгө анылып, жаңа қырынан көрінеді. Осылардан кейін жазушы «... тұн бойы көп-көп ұлды, жер тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сенделіп, көп аяндал жүрді» – деп, өзін асырап жетілдірген адамға деген ызасы барлығын көрсетеді. Осы тұста әбден күйіне келген арланның жыртқыштық қасиеті, мінезі айқындалады. Онымен тынбайды, өзін күшігінен асырап есірген Құрмашқа ауыз салып, тағылышын танытады.

Ал, осылардың табиғатпен өріле көрсетілмеген бірде-бір тұсы жоқ, бастаң-аяқ пейзажben тұтастықта, бірлікте алынады, әрі-беріден соң бірінен-бірі ажыратқысыздай болып кеткен. Қүндізі мен түні, жазы мен қысы сол қасқырдың қимыл-әрекеті, арпалысымен бірге көрініп, бірге өтіп жатады. Тұнып тұрған пейзаж, соған сәйкес қасқыр болмысы – соншалық ірі, соншалық сомбітімде бірін-бірі ірілендіріп, бірін-бірі түрлендіріп жіберген.

Әңгіме барысында негізгі көзге түсетін кейіпкерлер санаулығана. Оқиға аясында Құрмаш, әжесі мен әкесі көрініс табады. Оқиғаны баяндау кезінде Көксеректің ауылдағы күшік кезін бейнелеген тұстарынан елеусіз ғана айтылатын Жұмаш, ол да бөлтіріктің әрекестін айтар тұста, итпен таласы кезінде аталады. Қалғап Бейсембай, Қасен, Арыстанбектер қысқа ғана қасқырды ұрып алар тұста елеусіздеу ғана ауызга алынады. Әңгіме басталар тұста қасқыр күшігінің қолға үйренбей, ит болмайтындығында ескерте кететін тұсы үлкендер аузымен айтылатын... – Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек, осы кәпір түбінде ел болмайды, –

деп келетіп Көксеректің сюжеті Құрмаш өлімімен тияпташтып, әңгімені қорыту тұсы мейірімге толы Құрмаштың әжесі « – Кураған-ай, ненди алыш ем?!. ...Не жазып едім?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлныым?!! – деп елді тегіс еніретіп, Көксеректі басқа тепті (1.32-б.)» болып аяқталған жазушы повесі саяси әлеуметтік кайшылықтар тұсында дүниеге келген тілі көркем сенімді жазылған, қазак прозасын сол кездің өзінде биікке көтерген шығарма болды. «Көксерек» (1929) атты әңгімесіндегі жыртқыш аңың өмірің, табиға ітің үшін көрінісі арасында қатар өрбіте отырып көркемдеп, сыйкырланыра түрлендіріп баяндайтын шығармасындағы сөздерінің, сөз тіркестерінің қуаттылығы сондай шебер бейпеленіп, касқырлың ішкі сезімі, жап толқынысы, жанталас өмір психологиясын беретін жерлер толып жатыр.

Ұлы суреткердің «Кексерек» повесінің дүниеге келген кезінен бастап, казірге дейін баспа беттерінде кездесетін кейір ғылыми талдауларда осы шығарма аясынан саяси мәні бар астар іздел, саяси қаһармандық символдар жасайтын әлеуметтік мәнде жазылатын ғылыми есбектер көрініс беріп жататын тұстар бар. Соның бірі «М.Әуезов. Ұлы тұлға ұлагаты» (Алматы. 2002 ж.) жинақтың тоғызыншы бетіндес басылған «Кексерек» повесі және әлеуметтік талдау мәселесі» атты зерттеуде Г. Балтабаева «Кексеректің» жазылуы жайынан әлеуметтік талдау жасайды. Сонау «Қазақ даласын жайланаң, қазақ халқын қынадай қырған қанды қасіретті – аштықты көрсетуде «Кексеректе» 30-шы жылдардың ашы шындығы бар» – деп саяси әлеуметтік ғылыми сараптама жасап, мынадай сілтемеслер береді. «Осы «Қараадыр» сөзі повесті оқу үстінде үнемі көкейіңде сан қайтара оралады. Азулы қасқыр шауып, ойрандал жүрген Қараадыр – кеңес үкіметінен оның кіші Октябрінен зәбір көрін, талаң таражға түскен, аштықтан күйзелгсн қазақ елі бейнесінің символын бергендей» (3.10-б.) – деп саясатқа әкеп тірейді. «Тұзтағысы арланды аңқау да аңғал Құрмаштың асырап алуын, бейнелу арқылы байғам тыныш жатқан қазақ даласына Кеңес үкіметінің социалистік идеологияның бұқпалап кіру сәтін астарлап көрсеткен» сияқты болып жалғаса береді.

Меніңшебұл жерде еш қандай саясат, әлеуметтік оқиғалардың катысы жоқ. Бұл жайынан айттар болсақ Құрмаш жас, өмірден тәжірибесі жоқ аңғал таза көңілді бала психологиясы беріліп отыр. Қексеректің жазылу жайына келсек «Қексеректің» оқиғасы М.Әуезовтің бала кезінде ойында корытылып, пісіп жетіліп, бертіндес шығармаға енді. «Қексерек» үзак әңгімес повесі туралы «Ташкентте Мұхтар әйгілі «Қексерек» әңгімесін жазды. Бұл кезде бұл әңгіменің төңірегінде көп сөз көтеріп, әлдебір символика іздегендер болды. Ал шындығында, бәрі де мүлде басқаша. Бірде мен кабырға календарын (күн парак) (1929 жылдың) сатып алдым. Сол календарь Мұхтардың жазу столының тұсында ілулі тұратын. Сол календарьда белгілі картинаның (бір өкішшітісі, суретшінің аты есімде қалмапты) репродукциясы бар болатын.

Қыскы түн, кар жамылған мекіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан кішкентай деревняның оттары көрнеді. Ең алдыңғы планда түнде жортқан қасқыр тұр – десе.

(Валентина Николаевна Әуезова «Алғашы жылдар» кт. Біздің Мұхтар. Алматы: «Жазушы», 1976, 380-бст.)

Енді бірде Валентина Николаевна «Бір күні мен кәдімгі күнпарап сатып алдым. Ол Мұхтардың жұмыс столының жоғары жағында ілулі тұратын. Күнпараптағы суретте қыскы түн, қарлы дала алыстан қарауытқан ағаштар, әлсіз жарық көрінеді, алдыңғы планда – қасқыр. Бұл сурет жас кезінде дала аңшылары айтқан көптеген әңгімелерлі Мұхтардың есіне түсіріп, ойда жүрген сөздерді тірілтуге әсер етті. Сөйтіп дүниеге «Қексерек» келді» – дейді.

А. Нантилев «М. Әуезовтің бұл әңгімесінде сирек кездесетін ерекше әсем ырғакталық бар. быладай карасаң ең қарапайым создер көпте смес, бірақ солардан жан тебірентер жанды картина мүсінделіп жағқап көркем сөзді, гілі жатық сұлу суретті әдемі образды берген повестьдер едік» (4.92-93-бб.) «...Мен «Қексерек» ғақырыбы жағынан Д. Лондонмен үндес дегенді айттар едім. М. Әуезовтің өзі «Қексеректі» Германшевтің белгілі полотнасына (кішкентай деревня үйлерінің терезесіндегі от сәулесіне , кар басқан төбешікте қарап тұрған қасқыр) қарап жазып едім» дейтін

(F. Сармузин). Валентина Өуезова айтып отырған күн парактағы суретші Гермашевтің еңбегі болатын.

F. Сармузин – «Мұхтар ит пен тазыға ерекше құмар еді. 1925 жылы қасқыр аулау үшін Павлодар маңында тұратын досы Қаныш Сәтбаевтан Әлкей Марғұлан арқылы қасқыр алатын Аққасқа мен Сарғасқа атты иттерін сұратады. Сол жылы қыста бір жасар тайдың бойындаған ірі екі төбетпен көп рет аңға шыққанды» – десе.

«Мұхтар қаражат жинап Керекуге (Павлодар) адам жіберді... Ит несіне арнағы хат жазып, кемемен Аққасқа, Сарықасқа екі тазы алдырыды. Аққасқа Ағзамға тиіді. Сол Аққасқаның көкжалды алқымынан шайнай айқасып тұрғанын талай көргенбіз. Сол көріністі Мұхтар «Көксерек» әңгімесіндегі дәлме-дәл көрсеткесі. Көксерек – Аққасқаның алғырылығынан қолға түсті. Бұл оқиғалар Мұхтарға көп-көп сырлы ой салды. Содан барып сегіз бөлімді Мұхтардың «Көксерек» әңгімесі туғанды» (5.55.) – деп Ахмет Өуезов «Көксерек» повесінің жазылу тарихынан сыр шертеді. Соған қарағанда бұл оқиғаның елесі, мазмұны жас Мұхтардың сапасында ертеден қалыптасып, пісіп жетіліп, тек шығарма болып жарық күту кезеңін тосып жүрген болуы керек. Оған түрткі болған яғни «Көксеректің» гууына себеп болған Ңантислевтің айтуындағы Гермашевтің полотнасы «ойды – ой» қозғаушысы болғаны анық.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Өуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Ғылым. 2001. 6-т. 368 б.
2. М. Өуезовтың шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: Ғылым. 2003. 456 б. 10-т.
3. Ұлы тұлға ұлағаты. Алматы, 2002. 389 б.
4. Біздің Мұхтар. Алматы: Жазушы. 1976. 386 б.
5. Ахмет Өуезов. «Көксерек» осылай тұган. кт. Жас Мұхтар. Алматы. жалын. 1977.

**М. ЭУЕЗОВТІҢ 50–60-ЖЫЛДАРДАҒЫ  
МАҚАЛАЛАРЫНЫң ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАРИХЫ  
ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНЫң ТЕКСТОЛОГИЯСЫ**

М.О. Эуезовтің шығармашылық жолы ен әуелі жауынгер жанр – публицистикадан басталғаны ғылыми көшпілікке мәлім. Осы жанрдың жілігін шағып, майын ішкен 20-жылдардағы Алаш оқығаңдарының талапты шәкірттерінің қатарында М. Эуезов тұрады. Ол сонау ұлттық ұрандағы саяси-әлеуметтік мақалаларын /1/ атақты 32-де жазған хатынан қейін мазмұнын да, такырыбын да, тіпті формасын да түбегейлі өзгерту. Керек десеңіз, тілдік лексикасында да, стилінде де әжептәуір өзгешеліктер пайдада болды. Бұрынғыдай халықшыл көзқарастарын ашып-жарып айтпай, ұлттық тақырыпқа саяси мақалаларында сақ қарап, көбінде ғылыми мақалаларын пайдалана бастады, негізгі ойларын осы стилге аринасты. Жалпы осы кезең мақалаларының формасы саяси-идсологиялық сарында сияқты болып көрінгенімен, мазмұнын (пішінін) ұлттық бағытқа бұрып отырды. Бұған сол кездегі Кеңестік қызыл сөздерді (Ұлы Отанымыздың, партиямыздың, коммунистік адалдығымыздың, олар ұсынып отырган сара жол, оянған халықтар, жүрек алғысы, дән ырзымыз, Қазан төңкерісінен кейін, т.б.с.с.) қалқан ете отырып, *коркем мәтіннің астарына негізгі ойларын* салып жіберуге машықтанды. Жазушының стилін осындай таптаурын тіркестердегі сөздер шұбарлап тұрғанымен, түпкі ұлттық дүниетанымын бұза алған жок деп санауға болады. Және осы кедергілерден жазушы көбіне (мүмкіндігінше) ғылыми мақалалар дайындаумен, ғылыми жинақтарға (фольклорға, әдебиет тарихына, т.б.) тараулар, кіріспелер, алғысөздер жазумен, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасаумен, Жоғарғы оку орындарында дәріс берумен (қазіргі ҚазМҰУ мен Абай атындағы педагогикалық институтта және Әдебиет, Тіл институтында, Академияда, Жазушылар одағында), диссертациялар қорғатумен, Одактағы съзлерде жарыссөз, қорытынды сөз сөйлеуімен және Бүкіл Одақтық пленумдарға қатысып маңызды мақалалар жа-

саумен абыройлы өтіп жүрді. Бұгінде М.Әуезовтің ең беделді де, мәнді еңбектері осы бағыттан айқындалып отыр. Әйтпесе, 50–60-жылдардың саяси жағдайттары ұлы жазушыны кез-келген сөтте жұтып жіберуінің мүмкіндігі 50, 60 емес, 90 процент болатын. Жазушының ұлттық бағыттағы ойларын «Оскен өркен» романында қалай айтуға талпынғанын әуезовтанушы-ғалым Т. Әкім өз енбегінде /2/, елу гомдық академиялық жинақтағы ғылыми түсініктемелерінде нақты деректермен жан-жақты дәлелдеп жазды. Жалпы 50–60-жылдардағы мақалаларының жазылу тарихын, жарияланымдарын, текстологиясын сөз етудегі мактасат: осы кезең мақалалары мени шығармаларында саяси сипат басым деген кейбір қоғамдық пікірлердің қате екендігін; бұл мақалалардың кейбірі алғашқы жарияланымдардан соң академиялық томдықтарға түңғыш еніп отырғандығы мен бұлар туралы ғылыми талдаулардың жоктығы немесе талдауларға белгілі бір себептерден ілінбегендігін; сондай-ак енді бір қатарының бірнеше нұскаларының кездесетіндігі және бұлар екі тілде әрі аударма болып жүргендігін, сондықтан бұлардың қайсысы бірнеші жазылды, негізгі нұсқа қайсы дегенге көніл аударту. Сонымен қатар, жазушының өзі аударған мақаласы мен аударма мақаласының ара жігін анықтау да өзекті мәселе. Айталық, «Требование времени» мақаласын әуелі орысша жазып, сосын «Заман шарты» деген атпен аудармасын жасаған және осы өзінің аудармасына «Ескертү» жазған. Онда осындай мақалаларын болашакта калың көпшілік, ғылыми қауым ескерсін дегенді баса айтады. Бұған коса, жазушының осы жанрдағы мақалаларынан диссертация корғаған ғалымдардың енбектерінде /3/ көрсетілген тізімнен М. Әуезовтің 50–60-жылдарда жазған мақалаларының саны анағұрлым көп болып отыр. Онда жалпы тізім 50-дей болса, бұгінгі академиялық жинақтың бірнеше томы осы кезең мақалаларымен толығыпты. Сонда жоғарыдағыдан себептерден жазушының бұл уақытта (шамамен 10-11 жыл) жазған мақалалары біршама көп болады екен.

Ғары бір мәселе: біз тәмендері ғылыми түсініктеме типтес мақаламызда жазушының шығармашылық лабараториясына да үцілуге талаптаңдық. Онда автор кандай мақаласын (немесе мақаласы) бірнеше рет жариялатқан (немесе газет редакторлары

жариялаған) және қайсыларының колжазбасы сакталған (немесе сақталмаған). Сондай-ақ, қандай макалаларына түзетулер енгізген (кай бағытта) және қанша рет айналып соккан. Басқаша айтқанда, өз дүниесіне жазушының жауапкершілігі қандай екен деген мәселелерді бағамдау. Сонымен бірге, осы жылдарда бұқаралық ақпарат құралдары мен саяси-идеологиялық жағдаяттар М. Әуезовті кай бағытта көбірек пайдалануға немесе мәжбүрлікке түсіргенін де пайымдап, осы жэйттерден жоғарыда айтқанымыздай, автор қалай құтылып кетіп отырды немесе өзінің жазушылық ар-ожданын, халықпен көзкарастарын қалай сақтап калды дегенге мысал болсын деген мақсаты көзделдік. Жалпы, осы айтылған жайттарды жеке-жеке талдап, үлкен макалаларға өзек етуге болады. Олай болғанда бұл бағыт жазушы лабораториясы хақында ауқымды зерттеулерге материал болар еді. Бұған жазушының академиялық елу томдық шығармалары дайын материал, мол қазына. Мен осы макаламда өз тарапымнан жазған ғылыми түсініктемелерді негіз етіп алдым және басқа макалалардың жалпы тізімін ғана берулі мақсаг еттім. Бұл ғылыми макаланың жалпы ережелеріне сәйкес болуга тиіс деп санадым және бұл еңбекте аталған, ғылыми түсініктемеге тән фактілер мен сілтемелердің бәрі де елу томдыққа автор жазған мәсриалдардан түзілді әрі көлемнің талабы бойынша 59-60-жылдардың ғана макалалары қамтылды...

«Әдебиетіміздің туыскандығы» аударма макала. Бұл макала си әуелі «Братство наших литераторов» деген атпен «Правда» газетінде жарияланған (1959, 8 мамыр). Ал «Қазак әдебиетінің» 1959 жылғы 15 мамырдағы 21-санында «Әдебиетіміздің туыскандығы» атты тақырыппен аударылып басылады. Газет «Правдаға» сілтеме жасаған.

Бұл «Жазушылардың Бүкілодақтық съезі алдында» деген айдарға орайластырылып берілген макала, ал колжазбасы сақталмаған. Бұдан кейін еш жерде жарияланбаған... /4/.

Жұмбак жанры мен оның өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты талдаған «Қазақтың халық жұмбактарына» жазған кіріспе макаласы М. Оуезовті фольклорист-ғалым ретінде тағы да танытты. «Қазақтың халық жұмбактары» макаласы тұңғыш рет «Жұмбак тураты» деген атпен 1938 жылы «Әдебиет майданы»

журналының 10-санында жарияланған. Тап осы басылым «Уақыт және әдебиет» (құрастырған, алғы сөзін жазған Ы.Дүйсенбаев) жинағына (–Алматы: ҚМКӘБ, 1962.–294–300 бб.); 12 томдықтың 11-томына (–Алматы: Жазушы, 1969.–198–205 бб.); 20 томдықтың 17-томына (–Алматы: Жазушы, 1985.–140–146 бб.); жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағының 13-томына (–Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2004.–57–64, 347 бб.) негіз болған. Бұл бес жарияланым – бір нұсқа.

1940 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалы дайындаған «Жұмбактар» (–Алматы: Қаз.мем.бас., 1940.–3–10 бб.) деген кітапта «Жұмбактар туралы» деген атпен толықтырылып қайта басылған және «Қазақ жұмбактары» деген жинаққа (–Алматы: Ата тілі, 1993.–3–9 бб.) да синген. Бұл екеуі – бір нұсқа.

Ал, бұдан соң, 1959 жылғы ең соңғы нұсқаны М. Өуезов қайта қарап, өңделеп, тағы да толықтырып, «Қазақтың халық жұмбактары» (–Алматы: ҚМКӘБ., 1959.–3–12 бб.) деген жинаққа «Кіріспе» мақала ретінде жазған. Бұл үшінші нұсқасы. Айырмашылықтар үшсөйінде де бар. Мақаланың колжазбасы сақталмагандықтан, өзара текстологиялық салыстырулар аталған үш түрлі басылымдардың арасында жүргізілді.

Жазушы шығармаларының толық жинағына 1959 жылғы жарияланымы негіз болды. Осы соңғы нұсқаны (1959) 1938, 1940 жылғы басылымдармен салыстырғанда кездескен айырмашылықтар төмендегідей:

1959 жылғы нұсқада «Қазақ жұмбактарын ертеде П.М. Мелиоранский... – ...құнды қазына екендігі даусыз. – Бұл жинақты» деген үні абзац және төртінші абзаңтың бірінші екі сөзі бүтіндей қайта қосылған.

Ал 1940 жылғы нұсқада бұл абзац жок, оның орнында болған «Міне, осымен қазақ тіліндегі бұрынғы-соңғы жұмбактың біртатайын құрастырып, осындаій бір жинақ қып беріп отырымыз.

Бұл кітапты Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалы әзір озінің қолына түскен қазақ жұмбактарын жинастырып, олардың дұрыстарын тұтас беруге мақсат етті. Сол себепті мұнда бұрынғы жұмбак, бүгінгі жұмбак деп болғен болектер болған.

*мады. Екінші, жұмбақ, мақал, ертегі сияқты фольклор түрлерін жиналған ауданына қарап, аудан, өлкесімен жіктейтін әдет бар еді. Мұнда ол негізде де алғамыз жоқ.*

*«Казіргі бірінші кітапты»* деген екі абзац және үшінші абзаңтың үш сөйлемі 1959 жылғыда қысқарып, жоғарыда аталған жаңа толықтырулармен бір-бірінің орынын алмастырғаны белгілі болды.

*«Бұрын қазақта күйеу таңдаган қыз...»* деп басталатын абзаңтың соңғы – *«Мәселен, Әсем пен Рысжансың, Нұржсан мен Сапарғалидың айтыстары жұмбақтасу түрінде жырланған»* деген сөйлемі 1940 жылғы нұсқада жок.

Сондай-ақ, *«Осы жинаққа кірген жұмбақтардың ішинде трактор, аэроплан, поезд, пароход, радио, телефон сияқты жаңа техника бұйымдарының талайын аттайтын жұмбақтар бар»* деген (1940) абзац 1959 жылғы нұсқада қысқарып, *«Социалистік дауірдегі Советтік...»* және соңғы *«Еңбектің осы екінши басылуына...»* деген 1940 жылғыда кездеспеген қос абзац мұнда (1959) бар.

Жазушының *«Қазақтың халық жұмбақтарына»* (1959) дайындаған *«Кіріспесі»* мен *«Жұмбақтар»* (1940) жинағына жазған мақаласы арасындағы өзгешеліктер, айырмашылықтар, толықтырулар, міне, осындай.

*«Өдебиет майданында»* (1938) және әр жылдарда жарық көрген көптомдықтары (12, 20 томдық) мен жинақтарында (*«Ұакыт және Әдебиет», 1962*) жарияланған (бұлардың бәрі бір нұсқа) нұсқасын 1959, 1940 жылғылармен салыстыру барысында жазушы тәмендегідей өндөулер мен толықтырулар, қысқартулар мен түзетулер енгізгені байқалды.

1959 жылғы нұсқадағы *«Қазақ жұмбақтары ертеде И.М. Мелионарский...»* деп басталатын сөйлемнен *«Енді біраз сөзben бұрынғы ескі жұмбақ деген фольклордың қандай жайды соз қылатынын айтын отейік»* деген сөйлемге дейінгі бір беі мәтін 1938 жылғы пұсқада кездеспеді.

*«... ойының, қияльның шамасын білдіреді»* – *«азын-аулақ шама-шарқын білдіреді»;* *«Осы аталған жайлар еңбекші халықтың өзіне жанасатын жақтарынап ғана атынады»* – *«Жұмбақтар еңбекші*

халықтың өміріне, тұрмысына жаңасатын жақтарынан ғана алады»; «қоян тәрізді» – «қоян тәріздісі»; «паразиттер, шыбыншіркей» – «бит, бурге, шыбын»; «қой малына» – «қол малына» болып кездессе, «Сарқыраманың ар жағында, Сыңдыраманың бер жағында маңыраманы ұлымға жеп жасатыр. Қына мадан жаңыманы әкеіт», – деген тәрізді.

Мұнда қасқырдың шаруага келтіретін зағалы көрсетіледі. Сонымен қатар жұмбақ өзенде, қамысты айтады» деген сөйлемдер 1959 жылғы нұсқада қысқарған. «Жұмбақтың осылайша бір емес» – «Жұмбақтың кейде бір емес», «Бөлім-болшектеріне де» – «бөлім-болшектеріне де (детальныи)»; «Халық өзінің күнделікті жағдайындағы бар заттарды қобірек жұмбақ етеді» – «Сонда да және халық өзіне керекті жақындығы бар заттарды қобірек жұмбақ етеді»; «әбзел» – «жегу сайман»; «Мұның барлығы» – «Барлығы»; «Оны бар мүшегерін» – «Оның бар денесін, бар мүшемушесін» деп түзетілген.

«Барлығын шешкендегі мәнісі сол, жұмбақ топтан, жалтырап айттайды. Жалқылат, саралап, тарам-тармағына бөліп айтады. Мал, аң деп тоқтамайды, қой, сиыр, түье, қасқыр, тулкі деп атап айтады» деген абзац қысқарған (1959). «Заты шағын нәрселерді» – «затын жақын нәрселерді» деп түзетіліп,

«Өз еліме шөп едім,  
Желкілдеген боз едім.  
Колға тұстім қиналдым  
Он жерімнен буылдым».  
(Ши.)

деген жұмбақ 1959 жылғы нұсқада кездеспеді. «Осы ерекшелік» – «аса ерекшелігі» боп түзетілсе,

«Атқа мінбейді, жаяу жүрмейді,  
Күніне мың шақырым жерге барып келеді»  
(Көңіл.)

– деген де жұмбақ 1959 жылғы нұсқада жоқ, «...барлығын ақындық сөзбен» – «барлығын жұмбақ және де ақындық сөзбен»,

«Қоғамдық сырды» – «Қоғамдық сыр»; «ескі жұмбақтың» – «көп ескі жұмбақтың»; «еңбек иесі» – «еңбек елі»; «қәсіпишілер өздерінің күндегі айналысын жүрген заттарын сөз қылады» – «қәсіпишілер және өздерінің күндегі сайланысын жүрген заттарын сөз қылады»; «әрекет» – «харекет»; «Бұнда» – «Мұнда»; «кең ақылга байланысты түсінігінің» – «онерленген түсінігінің»; «Көп елдің» – «Көп-көп еттердің»; «Жұмбақтарын қарасақ» – «Жұмбақтарын жағастыра қарасақ»; «Бұл азан айтқан мәзінді ажсуалай» – «ден азан айтқан мәзінді әжсуалайды»; «ұқсас болғандықтан» – «ұқсас болған себебінен», «трактор мен паравозды өгізге, тұлпарға» – «тракторды, паравозды ат, тұлпарға»; «Бұрын қазақта» – «Қазақта»; «ерекис орын» – «көп орын» боп өзгертілсе, «Мәселең, Эсем пен Рысжанның, Нұржан мен Сапарғалидың айтыстары жұмбақтасу түрінде жырланған» деген сөйлем 1938 жылғы нұскада жоқ. «Жалпы жұмбақ деген сөз түрін» – «Жалпы жансың деген сөз түрін»; «жыр айтуды» – «хор айтуды»; «жұмбақтарымыз» – «жұмбағымыз»; «өлеңмен келетін жұмбақтар осы жинақтың ішінде де толып жатыр» – «өлеңмен келетіні толып жатыр»; «тұрді» – «түрлі»; «олар өз мүддесі үчін, халықты алдау үшін» – «Олар өз үгітінің бетімен»; «тықталады» – «қыстырады» болып кездесседі. «Бірақ, бұл жұмбақтар созі асыл, теңеуі дәл, ақындығы асем келетін халық жұмбақтарындағы емес. Тілі мақау, тегі шикі, құргақ жамаулар» деген сөйлем 1959 жылғыда жоқ. «...тілге ұста болу мақсатымен оқиды, жаттайды» – «тілге ұстарту мақсатымен тексереді»; «Одақ көлемінде» – «совет көлемінде», «қабырға газет» – «газет»; «Бұның» – «Мұның» болып келсе, «Еңбектің осы екінші басылуына...» деп басталатын соңғы абзац 1938 жылғы нұскада жоқ /4/.

«О традиционном и новаторском в казахской советской литературе» атты ғылыми талдау мақаласының жазылу жолы, жариялану жайы төмөнделгідей:

1960 жылы тамыз айының 9–16-сы аралығында Москвада «XXV Шығыстанушылардың халықаралық конгресі» болып өтеді. Осы конгрескс М.О. Әуезов ариайы шақырту алған. Бұған «Глубокоуважаемый Мухтар Омарханович! Организационный комитет по созыву Международного конгресса востоковедов избрал Вас одним из руководителей секции Алтайстики (№XI).

Учитывая большое значение, которое будет иметь конгресс, оргкомитет надеется, что Вы не откажетесь возглавить работу секции и оказать всевозможную помощь работе Конгресса Вашими знаниями и научным авторитетом» деген ұйымдастыру комитетінің басшысы СССР FA-ның корреспондент мүшесі Б.Г. Гафуровтан келген жеделхат күэ болады (М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы: – Ғылым, 1997.– 684-б.).

Нактырак айтсақ, 9 тамыз күні Москва университеті маңында конгреске қатысқан 60-тан астам елдің жалауары желбіреле, дәл 10-да осы беделді оку орнының кең залинда «Шығыстанушылардың бүкіл дүниежүзлік XXV конгресі» салтанатты тұрда ашылады.

Бұған Қазақстан тарапынан делегация құрылышп, М. Әуезов бастаған бірнеше көрнекті ғалымдар барып қайтқан (Ә. Марғұлан, Ы.Дүйсенбаев, И. Кенесбаев, О. Нұрмамбетова, т.б.).

Ал М. Әуезов осы конгреске арнайы жазып әрі тапсырыспен шағын кітапша (100 дана) дайындалады. Бұл кітапша (брошюра) Алтайстика секциясында жасалатын жазушының баяндамасы негізінде «О традиционном и новаторском в казахской советской литературе» деп аталды (Мухтар Ауэзов. О традиционном и новаторском в казахской советской литературе. Издательство восточной литературы. Москва, 1960. 10 стр.). Кітапшаның титулдық бетінің жоғарғы жағында «XXV международный конгресс востоковедов. Доклады делегации СССР» деген андатпа бар. Мұражай қорындағы №236-бумада кітапшаның 2 данасы сакталған және де №228-бумада бұл баяндаманың машинкада терілген бір нұсқасы бар. Ал қолжазбасы жок. Аталған екі нұсқа (кітапша мен машинкадағы) өзара текстологиялық салыстырулардан өтті. Ешбір айырмашылық кездеспеді және бұл баяндама конгреске кітапша болып басылғанин кейін еш жерде жариялашып болады. Жазушының әр жылдарда жарық көрген жинақтарына да, көп томдықтарына да сибесен.

Есесіне баяндама 1960 жылдың 28 тамыздағы «Қазақ әдебиетінің» 35-санында «Дәстүр мен жаңа шылдық жайында» деген атпен аударылып басылған. Бұнда қыскарған жсрлер

бар. Аударма макала бұдан соң жазушы шығармаларының он екі томдығының 12-томына (Алматы: – Жазушы, 1969.– 508–5113-бб.) енген.

Аударманы аталған орысша (кітапшадағы) иүсқасымен салыстырғанда «Дәстүр мен жаңашылдық жайында» макаласы дәлме-дәл аударма екендігі байқалды және мұнда орыспадаң аударылмаған, қасқартылған түстар да кездесті. Олар: «В каждом жанре можно проследить множество новаторских приемов. Показателен в этом отношении следующий факт. Как известно, из традиционных особенностей национального стихосложения, соответствующего структурным особенностям различных языков, вытекают и образно-стилистические способы поэтического изображения. У казахов метафоры чаще всего были связаны с животным миром. Они порождены социально-экономическим строем казахов. Бывший кочевой, скотоводческий народ не мог воспевать свой образ жизни, не видя прекрасного прежде всего в том, с чем он был теснее всего связан, что его больше всего волновало. Мы и сейчас используем эти метафоры, но обогащая и развивая их, сообразно с теми изменениями, какие произошли в жизни народа, в его представлении о труде и обществе. Вместе с тем расширяется арсенал новаторских изобразительных средств, так как неизменно расширялся и углублялся тематический охват жизни народа, его творческий гений» деген бүтін бір абзац пен «Казахская литература с момента ее зарождения по настоящее время сыграла свою историческую роль в становлении и развитии казахского литературного языка...» деген абзаттан кейінгі 2-бет (барлығы 8 абзац) мәтін «Новаторские процессы и явления в современном казахском языке касаются и его фонетической системы, которая пополнилась новыми звуками: ц, щ, в, ф, э. Наиболее устойчивы в языке грамматические категории. Но современный казахский язык переживает пору развития и обогащения также синтаксических конструкций. Вполне закономерными становятся типы сложноподчиненных предложений, еще в недалеком прошлом имевшие весьма узкую сферу употребления. Авторская речь внутри прямой речи также лишь в наше время получает широкое распространение. Более подвижным становится порядок слов в

казахском предложении. Развиваются и дифференцируются литературные стили, в том числе и индивидуальная манера писателей, публицистический стиль вместе с видами и жанрами литературы, публицистики, языка, науки, ораторской речи и т.п.» деген абзацқа дейін түгел (аудармада) қыскартылған.

Бұдан басқа өзгешеліктер жок. Аударманың қолжазбасы сақталмagan.

Осы аталған қос мақалаларының негізгі өзегінен желі тартқан жалпы ғылыми ойларының мәйсігі «*O традиционном и новаторском*» атты макаласы болып табылады. Бұл макала «Мысли разных лет» жинағында (1961), бес томдықтың 5-томында (1975), жиырма томдықтың 20-томында (1985), 1997 жылы шықкан таңдаламалыда (екі тілде) жарық көрген... /5/.

Сондай-ак, М. Әуезов қазак-кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, атақты ғалым және көрнекті қоғам қайраткері болғандықтан, көп ретте күллі Одақта өтіп жататын түрлі ішшараларға белсене қатысып отыруға мүлделі болды. Сол уақыттың саяси-әлеуметтік, қоғамдық әрі мәдени жақтарындағы оң пемесе теріс жағдаяттарға бірінші болып үн қағып, қолдан отыру – Әуезовтер үшін азаматтық борыш ғана емес, партиялық та нарыз еді. Осындай алуан түрлі мәселелерге орайластырып, ол кездері республикаға белгілі белді басылым беттерінде кейде көлемді, кейде шағын лебіздер мен үндеулер, мақалалар жазудан М. Әуезов те тыскары кала алған жок. Бұлдай сөздердің көбі сол заманының саяси көзқарастарымен ыңғайласып жатты. Олардың негізгі стилі – ұрап, үндеу сарынымен келіп, партиялық басымдықтарға айқын орындар беруімен ерекшеленетін.

Жазушының «Жүрек қазынасы» атты бар-жоғы екі абзац (метін) көлеміндегі жаңа жылдық бұл құттықтау сөзі осындай талап пен сұрапысқа сай жазылды. «Қазак әдебиеті» (1 январь, 1960.) газетінің алғашкы санында жарық көрген бұл сөздің қолжазбасы жок және бұдан соң еш жерде жарық көрмеген /5/. Осындай бағыттағы макаласының бірі – «Тың ойлары» деп аталады.

Ойгілі тың игеру жылдарының кейбір шындықтары мен мән-мақсаттарын, талаптарын, сондай-ак міндеттеріп арқау

стіп, үш қоса жазылған М. Әуезовтің бұл шағын мақаласы «Қазақ әдебиетінің» 1961 жылғы 3 мартағы (наурыз) №10-санында жарияланған. Газеттің бірінші бетінде М. Әуезовпен бірге қазақтың белгілі ақын-жазушылары да (Ғ. Мұсірепов, Ғ. Жұмабаев, Ж. Сайн, Д. Әбілов, І. Мәмбетов, Қ. Үлдірысов, т.б.) «Тың өлкесі мақтапышы елімнің» деген айдарға (рубрика) өз үндерін қосыпты. Сол уақыттың саяси беталысы мен дамуына өздерінің «жүрекжарды» лебіздерін білдіріп отыру, әсіресе ақын-жазушыларға азаматтық парыз, партиялық міндет болғанын айттық. Осындай көп міндеттердің бірі – КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1961 жылғы 18 январьда қабылдаған қаулысына орай: «1960 жылы егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және мемлекеттік сату жөніндегі мемлекеттік жоспар мен социалистік міндеттемелердің орындалуы туралы және ауыл шаруашылығын онан әрі өркендешту жөніндегі шаралар туралы» деп аталатын саяси ахуалға «дер кезінде» мақала жазған М. Әуезов өзінің партиялық парызын орынданап шыққаны өз алдына «Тың ойларында» бір алуан тың ойларын ортага салып өткен.

Ұлы жазушы кішкентай мақаласында үлкен мәселелің басын ашып айтады. Онда Тыңның барысы және республикамызға жасап жатқан ықпалын айта кеп, осынау ұлы науқанды жүзеге асырушылар (әрине өзге ұлттар үшін) ендігі Отанды (Қазақстанды) «сүйікті мекен» етсін; «Қазақстанның бар болмыс шандығын...», «...тарихының да арғы-бергі жайларын шындарын, өзгешеліктерін...» білсін; тың игерушілер Ұлы Отанның қадір-касметін қастерлеп қоймай, ары қарай дамытсын, өркендесін деген орынды талапты да кояды. Ұлттымыз үшін маңызды мәселелерді ұмыт қалдырмай, жалаң науқаншылдыққа да ұрынбай, аз сөзben астарлай отырып, көп мәселелерді қозғаған М. Әуезовтің «Тың ойлары» атты мақаласының тарихтық маңызы, міне осындай.

«Тың ойлары» жазушы шығармаларының ешбір басылымдарына енбеген, бұдан кейін де еш жерде жарық көрменгі. Колжазбасы да сакталмаған /6/.

Жазушының Абайтануға қосқан үлесінің қатарларында ақылның жинақтарына жазған алғысөздері де жатады. Соның

бірі – 1957 жылы жазған «Алғы соз». Жазушының Абай шығармаларының толық жинағына арнап жазған бұл алғы сөзінің мұрағаттағы №523-бумада машинкалық нұсқасы сакталған (32–35-бб.). Осы алғы сөз Абайдың 1957 жылғы (жалпы редакциясын басқарған – М. Әуезов) екі томдығында (Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: ҚМКӘБ, 1957. 1-т. 5–7-бб.); Ә. Жиреншин дайындаған 1961 жылғы бір томдықта (Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: ҚМКӘБ, 1961. 5–6-бб.); 1976 жылғы жинақта (Абай. Өлеңдер. Алматы, «Жазушы», 1976. 5–7-бб.) жарияланған. Бұл аталған басылымдар өзара текстологиялық салыстырулардан өтті және ешбір айырмашылық кездеспелі. №523-бумадағы машиникада терілген ішкікадағы автордың өз қолымен жасаған (көк каламмен) түзетулері, қысқартулары, кейір стильдік жөндеулері түгелдей дерлік 1957 жылғы жинаққа түсірілген және осы жарияланым кейінгі басылымдарға негіз болғандығы салыстырулар кезінде айқын болды.

Жалпы Абай шығармаларының әр жылдардағы жарияланымының өзі 1957 жылға дейін «толық жинақ болып жетінші рст басылады» деп М. Әуезов бұл алғы сөзінде атап өтеді. Бұдан соң да Ұлы ақынның көптеген басылымдары жарыққа шығып, академиялық толық жинағы (1977) да дайындалғаны көпшілікке мәлім... [7].

«Қазақ әдебиетінің проблематық ижетелері жайындағы ғылыми-теориялық конференцияда М.О.Әуезовтың «ойлекен созі» («Қорытынды соз») ғылыми-талдау мақала. 1959 жылы 15–19 маусымда Алматыда қазак әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференция болып өтеді. Конференцияға Москвадан, Одақтық республикалардан және облыстық білім-тәрбие орындарынан көптеген ғалымдар келіп қатысқан. Мұнда тәртіп бойынша жеті (Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, Н.С. Смирнова, Б. Кенжебаев, Ү.Дүйсенбаев, М.С. Сильченко, М. Базарбаев) және косымша тоғыз баяндама (М. Дүйсенов, М. Қаратасев, С. Сейитов, З. Ахметов, С. Талжапов, Т. Сыдықов, Х. Сүйіншәлиев, О. Дербісәлип, Н. Қарашева, т.б.) тыңдалып, жарыссөзге жиырма тоғыз адам (М. Габдуллин, Е.В.

Лизунова, А. Пұркатов, Б. Шалабаев, Ү. Субханбердина, М. Хасенов, І. Қенесбаев, Б. Адамбаев, В.Ф. Сидельников, Р. Сыздықова, М.И. Фетисов, З.С. Кедрина, С. Толыбеков, Т. Қекішев, З. Мамытбеков, А. Сейфуллаев, т.б.) шыққан.

Міне, бұл баяндамалардың маңызы мен мақсаттары, жетістіктепері мен кемшін тұстары жөнінде М. Әуезов қорытынды сөз (баяндама) сөйлеген. «Қорытынды сөздің» стилі мен қамтыған ғылыми жүйелілігіне қарасақ, жазушының бірден айтқан ауызекі сөзіне үқсамайды. «Қорытынды сөзін» жазушы алдын ала дайындал, жан-жақты жүйелей талдаپ, қағазға түсіріп әкелген сияқты және конференцияда жасалған баяндамалармен түгелге жуық таныс та болғандай. Себебі, М. Әуезовтің «мұражай қорындағы» №338-бумада «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жайындағы ғылыми-теориялық конференцияда М.О. Әуезовтің сөйлеген сөзі» деген атаумен бұл мақаланың машинкада басылған екі данасы сакталған. Сарғыш түсті жазу қағазындағы бір данасында автордың көк сиямен өңдеген, жөндеген, қысқартқан белгілері барлық беттерінде дерлік бар. Жалпы көлемі – 44 бет. Ал, кара қарындашпен түгелдей деуге болады, езге адамның (редактор болуы тиіс) қысқартқан, өзгертуен, тіпті өңдеген белгілері өте көп ұшырасты. Бәрі де стильдік жөндеулер. Және де колжазбада бар, ал кейінгі жарияланымдарға кірмей қалған көптеген текстер де кездесті. Жазушының бірінші данага жасаған түзетулдері толықтай түсірілген де, екінші дана таза басылған. Бұны тексеріп шыққан жазушы оған ешбір өзгерістер енгізбей, тек беттің аяғына көк сиямен қолын койып, «1959, 25/VI» деп жазған.

Ал, конференция материалдары 1961 жылы «Әдеби мұра және оны зерттеу» (Қазақ әдебиетінің проблемаларына ариалған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы, 1959 ж. 15–19 июнь. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1961. 376-б.) деген атпен екі тілде кітап болып жарық көрген. Үдән кейін жазушының «Уақыт және әдебиет» жинағында (Алматы: ҚМКӘБ, 1962. 148–174-бб.); он екі томдықтың 12-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 210–237-бб.); жиырма томдықтың 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 382–410-бб.) жарияланған.

Демек, автор бастапқы жинакқа (1961 ж.) дайындау барысында әуелгі «Қорытынды сөзін» қайта қарап шыққан да соңғы өзгертулерін енгізіл (жоғарыдағы көк сиямен қысқартқан. өзгерткен, т.б.), сол күнгі датаны қойған деп санадық. Ойткені, конференция маусымның 15–19 аралығында өтті дедік, ал мұндағы дата «25/VI – 1959» деп тұр.

Және бір ескертетін жайт: №338-бумадағы қолжазбада мақаланың атавы – «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жайындағы ғылыми-теориялық конференцияда М.О. Әуезовтің сөйлеген сөзі»; «Әдеби мұра және оны зерттеу» жинағында – «Қорытынды»; «Уақыт және әдебист» пен 12-томда – «Қорытынды сөз»; 20-томда – «Әдеби мұрага ариалған конференциядағы корытынды сөз» деп зерттүрлі жазылды жүр. Бұларды бір ізге түсіру үшін №338-бумадағы негізгі нұсқаны (қолжазба есебінде) басшылыққа ала отырып, «Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жайындағы ғылыми-теориялық конференцияда М.О. Әуезовтің сейлекен сөзі» («Қорытынды сөз») деген атпен тольк жинакқа жіберілгені жән деп есептейміз. Сондай-ақ, бұл мақаланы орысша да жазды ма? Орысша нұсқасы (жарияланымы) бар ма? деген сұраптардың басын ашық қалдырыдық (конференцияда Москвадан, Қыргызстандан, Түркімелстаннан, Тәжікстаннан келген ғалымдар болғанын сскеріп). Себебі бұл тұрасында анық, дәйекті деректерді кездестірмедік.

М. Әуезовтің бұл мақаласында («Қорытынды сөзінде») казіргі уақыт межессінен қарағанда көптеген объективті және субъективті мәселелер өткір айтылған және кейбір саяси ахуалға байлаштысты, идеологиялық ұстанымдар тұрғысынан қатты кеткен сөздерін бүтінгі оқырман түсіністікпен қабылдауы керек. Ойткені, қазақ әдебиетінің ерте дәуірі тұрасындағы Б. Қенжебаевтың, Шәңгереі мұрасы жөніндегі З. Ахметовтің, Шортанбай (С. Талжанов), Дулат (Х. Сүйіншәлис), Мәшін Жұсілтер (І. Жарылғапов) жайындағы баяндамалар мени жарыссоздер қырағылықты қажеі ететін еді. Сөз жок, М. Әуезов бұлардан айналып өте алмады. Өз сөзінде осылардың мұраларын аса таныстырымеп жап-жақты талдай отырып, «әлі де та тұлайтын тұстары барлығына» тоқталады.

Жоғарыда жарық көрген басылымдар (қолжазбадан басқасы) өзара тектологиялық салыстырулардан өтті. «Әдеби мұра

және оны зерттеу» (360-б.) жинағы мен 12-томдағы (230-б.) «Сталиннің анықтауында ұлттық түрге тіл, экономикалық жағдай, жер бірлігі, психологиялық калпы – әрбір ұлттың ұлттық түр дейтін жайларын танытады деген» дейтін сейлем – «Уақыт және әдебиет» пен 20-томда қысқартылса; тағы да «Әдеби мұрадағы» – «Лениндік ұлы партияның талабын жазушыларға терең оймен жеткізген Н.С. Хрущев жолдас талап-мәслихатында жазушы өмірімен тығыз байланысты болсын деген пікірде анық ұстаздық, басшы қамқорлық талаптар бар» (361-б.) деген сейлемдер де кейінгі басылымдарда түгелдей алынып тасталған (колжазбада бар). Бұлар калпына келтірілді және осы аталған жарияланымдар арасында өзге айтартықтай айырманылыктар кездеспеді.

Ал, ең негізгі текстологиялық салыстырулар колжазба (338-бума) мен жоғарыдағы аталған басылымдар (1961, 1962, 1969, 1985) арасында жүргізілді. Колжазбада бар, өзге жарияланымдарға енбей қалған өзгерген, қысқарған, түзетілген (саяси да, стильдік те) бүтін абзацтар, жекелеген сейлемдер, сөздер, тіптен жұрақтар мен шылаулар, қосымшалар қайта қалпына келтірілді.../7/.

Ал, «Наша ответственность» атты мақаласында М. Эузов жазушылардың шығармашылығында үсірт қана айтылып жүрген сәбекші, әсіресс малини қауымның ауыр тұрмысын терендеп, зерттеп жазуды сез етеді. Бұл максатты жазушының өзі де сез жүзінде қалдырмай іске асырғанын «Өскен өркен» романын оқығанда көзіміз жете түседі.

М. Эузовтің қоғамның кейбір көлеңкелі тұстарын анып жазған «Паша ответственность» деген мақаласы алғаш «Литературная газета» 1959 жылғы 22 тамыздағы (№104) санында жарық көрді. Осы жарияланымға сілтеме жасай отырып, «Ленинская смена» газеті де 26 тамыздағы (1959) санына бастырады. Екеуінің арасында ешбір айырмашалық жоқ. «Литературная газета» мақалалы «Дневник писателя» деген айдармен ұсынған. Бұдан кейін еш жерде жарық көрмеген. Колжазбасы сақталмаған.

Бұл орысша жарияланымдар 28 тамыздағы «Қазак әдебистінде» (1959) «Білдір жауапкершілігініз» деген атпен аударылып басылған. Және «Литературная газета» сілтеме жасалған. Осы

казақша нұсқа жазушы шығармаларының жиырма томдығының 20-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 411–414-бб.) енген... /8/.

Корыта келсек, жалпы осы кезең тізіміне: «Жүрек алғысы», «Народный «Бустан», «60-летие академика Каныша Имантаевича Сатпаева», «Братство наших литератур», «Эдебиетіміздің туысқандығы», «Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая», «Қазақтың халық жұмбактары (кіріспе)», «Искренное большое сорадование», «Нозор палачам Южного Вьетнама!», «Особенности развития литератур социалистических наций», «Жүрек қазынасы», «Светлая вершина русской литературы», «Орыс әдебиетінің шырқау биғі», «Мы хотим слышать и ваш голос!», «Это смелее любой мечты!», «Служим одному делу», «О традиционном и новаторском в казахской советской литературе», «Дәстүр мен жаңашылдық жайында», «О традиционном и новаторском», «Ынтымақ», «Әкел, достық қолынды, бауырларым!», «Руки дружбы Вам, наши братья!», «Руки дружбы, братья!», «Требование времени», «Заман шарты», «Жыл келгендей жаңалық сеземіз», «Қайта туған халықтың әдебиеті», «Выступление М.О. Ауэзова», «Речь на открытии памятника Абаю Кунанбаеву», және т.б.с.с. көптеген мақалалары енеді.

Мына аталған мақалаларға М. Әуезов шығарма-ларының елу томдық академиялық жинағында ғалым қызыметкерлер жазған ғылыми түсініктемелерді қарауға кесес беремін (Б. Майтанов, Т. Әкімов, Д. Қонаев, А. Куанышбаев, Р. Қайшыбаева, С. Майлыйбай, Р. Әбдіғұлов, К. Рахымжанов, А. Болсынбава, А. Пірімбетова.).

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. М.О.Әуезов және ұлт тәуелсіздігі // Кітапта: М.О.Әуезовтің көркемдік-дүниестанымдық ізденістері (1920–30 жылдар). - Алматы, 2006. 285-304-бб.
2. Әкімов Т. Даналық мәйсегі. / Мұхтар Әуезов туралы деректер. – Алматы: «Ана тілі», 1997. 189 бет.
3. Б.Жақып. Мұхтар Әуезов – публицист. Алматы: «Ана тілі». 1997. 176 бет.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 38-т.–Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі. 2008. 408 бет.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 40-т.–Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі. 2009. 280 бет.
6. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 41-т.–Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі. 2009. 280 бет.

7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 42-т.-Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі. 2009. 296 бет.
8. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 37-т.-Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі. 2008. 432 бет.

**Болсынбаева А.**

## **М. ӘУЕЗОВТІҢ «АЙМАН-ШОЛПАН» ПЬЕСАСЫ**

1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойында слбасы Н.Назарбаев мұражайдағы салтанатты ашылуында болып, өзінің қолтаңбасын қалдырған еді. Онда: «Мұхтар Әуезов қазак халқының кеменгер ойшылы, ұлы суреткери. Осы бабамыздың өмірі мен еңбегі еліміздің бүгінгі тәуелсіздігін аңсап өткен. Мұхаңды құрметтеу – елдің тәуелсіздігін құрметтеу, өз елінді сую, отаныңды қорғау, қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жан аямау» дедінген. Рас, бүгінгі «тәуелсіздік» бізге оңай келе қойған жок. Осы тәуелсіздік жолында талай ұлы тұлғаларымыз өзінің өмірі мен еңбегін сарп етті. Осы ұлы мақсат жолында М. Әуезов те галай кындықтарды басынан кешірді. Өйткені М. Әуезов айтуға да, жазуға да болмайтын кезеңде осы ұлт-азаттық тақырыбын, тәуелсіздік идеясын шығармаларының басты өзегіне айналдырыды. Мәселесі «Қылы заман», «Хан Кепе», «Тұпғі сарын» сынды туындыларында елдің тұтастығын, азаттығын арман еткен тұлғалардың бейнесін суреттеу арқылы, тарихи оқиғаның сырын ашуға тырысты.

М. Әуезовтің тырнақ алды туындысы «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласынан бастап, «Абай жолы» роман-эпопеясына дейінгі кез-келген шығармасынан халықтық мұdde, ұлттық сана және саяси дербестікке байланысты ой толғамдары көптеп көрініс тапқан. Соның бірі ретінде жазушының «Айман-Шолпан» пьесасын атауға болады.

М. Әуезов 1934 жылы жазылған «Айман-Шолпан» пьесасында эпостық жырды пегізге ала отырып, ән мен би, ақындар айтысын халық өнерін, ұлттық болмысын көркем дүниеге айналдырумен бірге азаттық мәсслесін де тілге тиск еткен. Бұны

пьесаның алғашкы жазылған нұсқасынан көруге болады. 1934 жылы қазақтың музикалық театрының шымылдығын ашып, күні бүгінгे дейін театр репертуарынан түсіп келген бұл туындысын қаламгер бірнеше рет қайта карап, толыктырып, өндеген. Соның нәтижесінде оның үш нұсқасы дүниеге келді (1934, 1937, 1957). Бұл нұсқаларында кейіпкерлердің өзгеруі, мәтіндердің қыскартылуы сынды қөптеген айырмашылықтар орын алған.

Ауыз әдебиетінде жырланып келген бұл жырды М. Әуезов пьеса етіп, либретто жазып, оның бірнеше нұсқасын жазудагы кейіпкерлерді қосып, алудағы салдары қандай? Нендей мақсатта жазушы бұл жырды пьесаға айналдырды, неге нұсқалық дәрежеге жеткізді деген сауаллардың туындауы заңды. Жырда да, пьесада да негізінен көтерілген тақырып апарты-сіңілі қыздардың бас бостандығы, махаббатқа адалдығы деп кезінде айтылып келді. Оны қайта өндедін, есқі мен жаңаның тартысы арқылы қыздардың бас еркіндігін басты тақырыпқа айналдырған 1937, 1957 жылғы нұсқаларынан көруге болады. Ал, алғашкы нұсқасында М. Әуезовтің жырдың негізін сактай отырып, оны пьесаға айналдыруында тарихта болған оқиғаны, яғни Көтібардың тарихи бейнесін көрсету, орыс бодандығының салдары қазакы салт-дәстүрдің бұзылуына да кері әсерін тигізгенін көрсетуді негіздеген сынды.

Көтібар Бәсендеұлының тарихи бейнесін сөз еткен пьесаның алғашкы нұсқасы өзгертіліп, қайта жазылуы Көтібар есімі, үшінші 1957 жылғы нұсқасында Басыбар деп өзгертуін заманауи идеологияның ықпалы екендігіне күмән жоқ. Өйткені алғашкы нұсқаның көтерген жүгі, идеясы мүлде өзгеше. Алғашкы нұсқа ауыз әдебиетінде айтылатын жырдан тіпті алшак деуге болады. Ал, екінші нұсқа идеялық тұрғыдан жырға бір табан жақын келеді. Алғашкы нұсқада жазушы Көтібарды тұлғалық дәрежеге көтерген. Ол батыр, айтқапынан қайтпайтып, дегенін істейтін, тіпті орыс ұлығына ссс көрсетіп, орыс базарында жүріп, солардың сауда-саттығына араласып, ұлыққа жағынған Элібекке кектеліп. Маманның қыздарын өнгреріп, әйел үстінс әйел етіп алмак болған әрекеті де оның ерлігін, қайсарлығын, өжеттігін көрсетеді. Бұл мәселе пьесаның бірінші нұсқасында (1934ж.) айқын көрінеді:

Биши кыз (Балет биін билейді. Саудагерлер тұрысалы).

Көтібар: Тәйт найсан! Тәйт найсан!

Жарас (Алыстан қолымен басын корғаштай беріп әлсій).

Басар мекен тәйірі!

Басымызға ойнатты-ау.

Әлде қаңдай маржасын!

(Биши кыз Көтібардың тұсына келіп, аяғын көтеріп қалады).

Көтібар (бұрынғысынан да ашуланып отырған, сапсының жұлдып алғып, тап береді). Жарып тастайын, малғұ! (Кызы жығылып қалады. Көтібарға бірінші көрия жармасады. Ұлық атып тұрып, аспанға мылтық атады.)

Ұлық. Эх, ты дикар!

Көтібар (тепсініп). Сен қыйкар... Кімге атасың мылтықты?

Ұлық. Что такое ты говоришь?

Көтібар. Што такой боса, што такой, қалай-қалай құтырасың?

Ұлық. Как ты имеешь мне говорить қалай-қалай?

Көтібар. Қашан шақырып ем мен сені талай-талай! Қытығыма тие берсең тірсекке сабап айдан гастармын.

Ұлық. Ты понимаешь, ведь это искусство?

Көтібар. Үсті үстіне шылсын (Біріне бірі ежірейіседі.) Немесе, көзінді тұздай қып, корыққан серкеш борбайланған неме! (Маманға) Маман, Маман, осы тойдан соң көп соңынан жаяу шұбыртпасам, Көтібар атын құрысын (1.202).

Осы келтірілген үзінді пьесаның 1937, 1957 жылғы ішкесінде да жок. Алғашқы ишкесінде бірінші передесіндегі Маман, Көтібар, Ұлық сөздері мулде алынып қалған. Бұнда жазушы Көтібардың нақты қара күш иесі екенін көрсетумен қатар, орысқа қарсылығын көрсеткен.

Маман. Уа, коймадың ба? Күймесең өртеніп кет... Күнің еткен білдің бе? Ку пайдалы, ту шолақты, ку кедей...

Көтібар. Не дедің? (Умтылады, жұрт жібермейді.) Бакқан ма-лың мінеки. Ерісін алам жосылтып, ашпайдың ба көзінді. Ку бас.

Маман. Садаға кетсін бар балаң. Айманым мен Шолпанымнан...

Көтібар. Эй! Құтырған әкесін. Тынға табынып, бөз құшактаған бақал... (тепсініп тұрып). Күш қылғаның қызы, күйеуің екен той, сіндеңс, со қызың менің қатыным... Міне сертім. Ертең

екеүін де әкетем... Қорлығып-ай, бұның, маған қыр көрсестіп... (Жөнеле береді. Артынан Арыстан да ереді).

Бұл үзіндіде, Қотібар Маманның тыныға табынып, орысқа арқа сүйеген күйеу баласына кектеніп, ауылын шауып қыздарын құштеп әйелдікке алмак. Ал, Маманның Қотібарға күнің өтті дегендегісі, оның орысқа қарсы шыққандағысын айтып, олар қатысқан көтерілістің жөніліске ұшырауын меңзегендігі.

Жырдағы көрініс тапқан адамдардың барлығы да өмірде болғап, ондағы басты тұлғаның бірі – Қотібар Бәсепдеұлы. Ол кіші жүзге жататын Шекті руының батыры деген деректер кездеседі. Кезінде Сырым Датұлы қозғалысына қатысып, орыстың отарышылдық саясатына қарсы құрескен.

Жайық бойындағы бекіністерге шабуылдар да жасаған. Ерсүгір тауына жақын жерде Жагалбайлы Жанқа батырдың қолымен болған шайқаста қаза тапқан делінеді. Ал, М. Өуезовтің кез-келген туындысының жазылу тарихына үңілер болсақ, барлығы да өмірде болған, тарихи тұлғалардың бейнесін сомдаумен ерекшелінеді. Соның бірі Қотібар образы. Жазушының «Айман-Шолпан» жырын драмаға ұштастыруышың мақсаты да осыдан болар.

Бірінші пұсканың үшінші пердесінде Қотібар Маман байдың ауылын шауып, қыздарын алып кетіп, өз еліне келгенен кейін Шемскейдің қариясы елшілікке келеді. Ара ағайын ск, неге кектенілің дегендеге Қотібар: Үа, сенің басыңа не күн туды? Сені шаптым ба мен, сірә?

Кәрия. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді деп, мына орыс орманның заманы, алалыққа басшы құрық берсе не болмақ...

Қотібар. Сыпайы камшылап көп ауыз салмағың мен бе? (қадалып.) Мен бе? Билік айттып бер дедім бе мен саған, Шемекей?! (ашумен жылжый түседі, кәрия шегіне береді.)

Кәрия. О тілінен тартығой.

Қотібар. Мықты, пысық күйеуі бар емес пе еді?! Бір жағында саудасы, сомасы, бір жағында орыстың ұлығы, бәрі қайда? (ашуласып.) Үа, қайда дейім. Неге тіреспейді менімен? Жок, жау болып жағаласуға жарамайды... Бәрі боп електеп ап, аяғыңды тістелейді. Со ма?

Кәрия. Оныңыз рас, пәленің бәрі сонда. Маманды құтыртып жүрген де соғой! Өлгі сауда, ұлық деген де соның ісі ғой...

Көтібар. Ендеше, мен кімді шапты? Ұлықшыл болып, пысықсынып, тын тебенімен Әлім ұлы сені түгел шырмал, құлданып бара жатқан сол қуды шаптым... Үйретем!

Кәрия. Бұл насырға шаба ма деп қорқамыз. Ара ағайынбыз.

Көтібар. Шаптырса, мықты екенін көрейін, кәне шаптыра қойсын. «Әлін білмеген әлек» деп!

Кәрия. Оныңыз рас. Сол күйеуі енді өз қолынан келер дәрмен болмай, ұлыққа шауыпты. Шапты, талады деп шағым жүргізіп...

Көтібар. Орысқа ма? (жылжый түседі, ашулы.)

Кәрия. Сол емес пе, батыр-ау. Сонымен ел іші әлек бола ма деп...

Көтібар (қатуланып атып тұрып). О, солай ма, бұл менімен белдеспек екен... Ендеше, керлі көріп алдым.

Кәрия. Батыр, ашу алды, ақыл со...

Көтібар (акырып). Токтат енді. Тек бірдеме көресің енді, сен өзің де...

Кәрия. Елшіге өлім жоқ еді ғой.

Көтібар. Уай, ат-сайманың бар ғой үстің мен астыңда!.. Жалаңаш жаяу қайтарармын гірсекке ұрып тіке... Қара бұны, орыстың, ұлықтың аты шықкан соң... Апаған қарап тайсақтап отырсың ғой сен де!..

Кәрия. Да, діні құрып қалсын. Мына жылап қалған Маманды айтайық деп ек.

Көтібар. Ендігі менің ұстасқаным жалғыз Маман емес. Күйеуі және оның арқа тірерітіні сонау, сонау күштісі.

Кәрия. Мына момын елің бүлінеді ғой батыр...

Көтібар. Бұлларіп көрсін... (1.221).

Бұл кслтірілген үзінді соңғы нұскаларда қысқартылған. Бұл жерде Көтібардың қайыснайтын ержүректілігі, кайсарлығы оның ірі қасиеттерінің бірі болып көрінген. Кейінкеріне осы сөздерді айтқызу арқылы М. Әуезов оның азаттық жолындағы ерлік тұлғасын көрсітуі літтерен.

Соңғы скі нұсқаның жазылуына байланысты пьесаның алғашқы нұсқасы (1934 ж.) қайтып ешкайда жарияланған емес.

Бұл да М. Эуезов шығармашылығындағы өзіндік орны бар туынды ретінде өз алдына жеке мұра боп қалады.

Осы тұрғыдан келгенде М. Эуезовтің атағымыш пьесасы көркемдік, тақырыптық, идеялық тұрғыдан да саҳналық шығарманың барлық талаптарына толық жауап береді. Бұнда жазушы тек оқырман ойынан шығуға аса көніл бөліп қана қоймай, ауыз әдебиетінде жырланып келген жырдың негізінде тарихи оқиғаны кейінге жеткізбек еді.

Жазушы өмір шындығы мен көркем шындықты бір-бірімен жылдастырып, жігін білдірмей үйлестіре білген. Пьесада бейнеленген образдар мен суретtelген оқиғалар, мінездер мен қымыл-әрекеттер расында да өмірде дәл солай болғандығына шұбәсіз сендереді.

Жазушының осы пьесаны жазуда көздеген мақсаты, ұстанған авторлық тұғырнамасы болғаны анық. Ол – халықтың тәуелсіз, азат ел болудағы максат-мұддесін көрсету. Көтібар арқылы халықтың мұң-шерін, мұддесін, елдің елдігін, бірлігін, азаттығын, болашағын көксегендігін астарлы, жалынды сөздерімен жеткізуге тырысты.

Қандай негізде жазылған пьеса болмасын, саҳнаға шыққанда сол дәуірдің эстетикалық-көркемдік қажетін өтейтін, сол кезеңнің талап-талғамына жауап берері хақ. М.Эуезовтің тарихи тақырыпта жазылған шығармалары өзінің өміршіңдігімен құнды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Айман-Шолпан». – Алматы, Жалын. 1987. 646.
2. М.Эуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. 9-том. – Алматы, «Фылым». 2003.

## М.ӘУЕЗОВТІҢ “ҚАРАКӨЗ” ТРАГЕДИЯСЫНА ТҮРЛІ РЕЖИССЕРЛІК КӨЗҚАРАС

Мұхтар Әуезовтің “Қаракөз” трагедиясының сюжеттік желісі феодалдық дәүірдегі әлеуметтік мәселе – әйел тенсіздігінс, еркіндікті аңсаған жастардың ғашықтық сезіміне құрылған. Бұл шығарманың ен алғаш 1925 жылы Семейдегі драмалық труппаның сахнасында қойылғанын қазақ театры тарихынан білеміз. Ұлттық дәстүр-ғұрып тоғыскан, адам психологиясының өзгерісіне ықпал еттін оқиғалар қамтылған және өнер иесінің өзіндік пафосын жырлайтын пьесада казаки менталитеттің күші басым. Рымғали Нұргалиевтің: «Кейін Әуезовтің есімін әлемге мәшһүр еткен ұланғайыр эпопеядагы үлкен арнаның бірі – өнер адамын, оның тірліктің ұзын жолындағы құресін, женілісін, жеңісін, күйінішін, сүйінішін сурсттеу болса, соның басы осы “Қарағөзде” жатыр» [1, 121]. – деуі сондықтан.

Бұл пьесаны Ж.Аймауитов атындағы Павлодар облыстық казак музыкалық драма театрының сахнасына қойған режиссер Бәйтен Омаров (1997 ж.) ен бастысы актерлік ойынғабаса назар аударыпты. Трагедияның басты объектісі Каракөз – Р.Нұргалиевтің: «...трагедиялық қателік, адасу. қаһарманды зуре-сарсанға салады; ол басын тауға, тасқа соға жүріп, максатына ұмтылады, бірақ ақыры өзінен әлдекайда сұрапыл құштер соққысынан мерт болады» [1, 11], – деген тұжырымына негіз болған кейіпкер. Зерттеуші мұнда маҳаббат пен араздық, қатыгездік пен аяушылық сезімдерінің айқасында болымсыздық-ұнамсыздық салмағының басымдылығын айтып отыр. «Драматургия жанрларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі – трагедия... ...Трагедия қаһармандары сүм заманның қатігез әдестерімен шайқаста опат болады; олардың алдарында тас қамалдай неше түрлі кедергілер, асу бермес тоқсаяулдар тұрады; трагедия асқақ рухты қайсар жанның алатап құресін сурсттейді. Трагедия қаһарманы теніздей сұрапыл тебіреніс құшағында; ол өз ішіне терен бойлайды; қамырықты, қайтыны, азанты хал кепседі, кедергі қарсылыктармен каймықпай

куреседі» [1, 10]. Оқиғасы феодалдық күрсаудан шығуды аңсаған жастардың адал махаббатқа, жарқын өмірге деген ұмтылышының нәтижесі үлкен қайғыға әкеп соғатын “Қаракөздің” көркемдік-идеялық мазмұны сонысымен де өзекті.

Спектакльдегі Қаракөздің бойында әйелге тән нәзіктік пен шарасызыңдық күйлер тен үтсіпті. Рольдегі Гүлжан Қайырбекова алғашқы көріністерде кейіпкерінің еркелігін, ғашықтықтан тасып, толғану сезімін әдемі үнімен, назды қимыл-қозғалысымен берсе, қолға түсіп, Наршаға тұсалғаннан кейінгі психологиялық езгерісін көрісінше сұулесіз жанарымен, енжар әрекетімен ұқтырады. Актриса Қаракөздің күрделі бейне, дара тұлға екенін, Мөржан, Жарылғап тәрізді адуын-тосқауылдарды жарып өту үшін батыл қымылдың, ер жүректіліктің қажеттілігін түсінген. Ол сүйгендің үшін бүкіл салт-дәстүрді, Мөржан тәрізді “ескіліктің дүлей құзетшісін” (Р.Нұрғалиев) аттап өткен арудың сахналық әрекетін батылдыққа, ерлікке бағыттап отырады. Қаракөз – Қайырбекова Наршамен беттес-бет көлгенде шарасызыңдық танытқанымен жалғыз арқа сүйері Сырымның қасында барлық қынышылықты ұмытқан, бар күш-жігерін жиып, неде болса сүйгенімен бірге болуды мақсат еткен. Актрисаның жындану сахнасындағы мағынасыз басқан қадамы, жалпы ойыны көпшіліктің есінде шынайылығымен қалды.

Оның сүйгендің Сырым – қызуқанды, өнерлі, еркіндікті аңсаған батыл, Қаракөздей сұлудың нағыз тені болып шықты. Еркін Жанайхан серілердің қазақ арасындағы өзіндік орнын дөп басқан. Актердің сахналық іс-әрекеті кейіпкерінің шынайы ғашық бола алатынын, ретінде дауласа да білетінін және ғашықтықтан туындаған азапты көтеруге күш-қайраты жететіндігін байқатып отырады.

Сонымен қатар шығармашылық ансамбльдес Мөржан роліндегі Қарлығаш Жексенбаева мен Наршаны сомдаған Сейітжан Тәжібаевтардың ойындарын ерекше атаған абзал. Ал жаулықты Мөржан – Жексенбаева қолындағы таяғын ойната білген. Бүл таяқ оған бір ерекше айбар, қаһар беріп тұрғандаі. Бүкіл бір рулы елді ықтырған бәйбішениң бар болмыс-бітімін ашу, трагедиядагы негізгі орнын тап басу онай емес. Ал, актисаның өктем дау-

сы, сабырлы да маңғаз аяқ алдысы, жан-жагына сыйнай қараған көзқарасы кейіпкердің ішкі дүниесіндегі болып жаткан тәңкесіс-еңгерістерді байқатып отырады. Халықтық-рулық дәстүр-салтты берік ұстанған бәйбішениң түсінігі – қызының бакыты тек Нарша тәрізді. Сол Нарша үлкен парасат иесі болып шыққан. Сабырлылық актердің негізгі нысанасына айналыпты. Нарша – С. Тәжібаев күш пен катулықты ақылдың тасасында ұстайды. ауылға тараған өсек-сөзге де сабырмен тосқауыл қойып, неде болса артын күтүге мәжбүр. Бұл актердің Наршаның Қарнакөзді шын сүйгендігін, құрмет тұтқандығын түсінуден туған трактовкасы. С. Тәжібаев сүйген жарымен бірге өзі ауруға шалдықса да оны емдегуден шаршамаған жігіттің терен түсініктін, үлкен жүректің иесі екендігін аңғартты. Жалпы сахнада “Калыңмалы төлснген, сінді не істесе де өз еркіндес деп түсінетін нағандық мінсізден іргесін аулак” (Р. Нұргалиев) ұстаған актердің Наршаның сом тұлғасын өзіндік бояумен бедерлеудегі ізденісі айқын.

Осындай шынайы маҳаббаттан туындаған трагедия қазақтың өзіне тән дәстүр-салтымен өрленіп, спектакльде ұлттық колоритке бай халық әндері орынды қолданылған. “Шам сөніп, сахна пердесі жайлап ашила бастады. Көз тартар әдемі табиғат суреті. Толқыны дірілдеген өзен айдынына ай сәулесі түсіп тұр. Кешкі самалда қос ағаштың түбінде Қарнакөздің айттырған жігіті Нарша (әртіс Сейітжан Тәжібаев) өзінің дос-жарандарымен сырласады” [2], – деген жазбадан сахна декорациясының романтикалық сипатта бесендейлігсін байқалағы. Режиссер роль орындаушылар мен сахна атмосферасының көркемдік байланысын назардан тыс қалдырмаган. Эйтсе де, қойылым сценографиясына: «..Дегенмен сахна жұтандығы байқалып тұр. Әсірессе, Мөржан бәйбішениң үйі, ұзатылған қыздың дүниесі көзге тым корап. Барлық нәрсес-мұлтқар сол заманға сай болуы керек-ақ» [2], – деген сын да айтылған. Қойылымның идеялық астарын ашпайтын мұндай солғын детальдардың Мөржандай тексті бәйбішениң әлеуметтік болмысына қайшы келіп тұрғаны шындық. Трагедия болғанмен де оның М. Фуезов құйған сом бейнесіне, пьесадағы өзіндік орнына сай. іс-әрекетіне лайық ұстап-тұтынатын тұрмыстық бұйымдар мен Текті тәрізді тәқаптар эйелдің босағасын аттайтын жиһаз берілген тәсек-орынның көмескі тартпағаны азбал.

Суретші Б. Сомов пен режиссер Б. Омаров Сырымның “Арғы атадан бұғінгі балаға дейін жинағандары он қос жылқы болған. Санын атасам – он бес мынға тартады” немесе “Өншең қырғын жас – кор болған қыз көз жасы... Бұл ауылда қызды “қырық жылқы” деп атады...” [3, 292], – деген реплика-сөзін негізге алуы керек еді.

Спектакль финалындағы Қаракөздің символдық аруак-бейнессінің Сырымға қайрат, жігер беретін сездері барша адам-затка айтылған оптимистік үн болып шыққан. Б.Омаров өздерінің жарқын болашағы үшін құрескен Қаракөз бен Сырымның адаптациясын алға қоя отырып, осы эпилогқа көркемдік тұрғыда екпін беріпті. Жалпы бұл қойылым ғашықтық сезімді алға қоя отырып, адам тағдырына терең бойлауымен. әрбір кейіпкердің тұлғалық ерекшелігін ашуымен табыска жетті.

Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық Семейдің қазақ музыкалық драма театрында Бейтен Омаров, Есмұқан Обасвтардың өзіндік қолтанбасын таныткан бұл трагедия 2004 жылы Ерсайын Төлеубайдың режиссурасымен сахналанды. Спектакль эпилогпен басталады. Шымылдық ашылғанда қызыл жарық түсірілген авансценадағы қазылған жер-топырақ – режиссер тұжырымындағы Қаракөздің, яғни феодалдық дәуірде мал мен батаның құрбаны болғанқазакқыздарыныңкөрі. «Режиссерспектакльдің трагедиялық қуатын күшету мақсатымен “Қаракөзге” он шақты орындаушыдан құралған хорды пайдаланған. Мұның да әсерлі жері бар. Қаракөз өтгенде немесе оның жынданатын тұсында осы сахналық хор көріністердің ішкі динамикасын күштептіп, трагедиялық бояуын қалындана түскен. Сол сияқты той сахналарындағы музыка, жекелеген би көріністері де спектакльде үйлесіп тұр» [4, 504], – деген жоғардан белгілі трагедияның идеялық сипаттың музыкамен жеткізудегі Е. Обаевтың режиссерлік шешімі 1980 жылдардағы жаңалық болса, Е. Төлеубайдың бұғінгі жаңалығы – Накұрыс-кейіпкерді қойылым кілтіне айналдыруы болды. Оның спектакль финалында Наршаны өттіруімен режиссер қоғамдағы ессіз адамдарды мензейді. Әйтсе де, М. Әуезовтің феодалдық дәуірдің әлеуметтік мәнін ашып беретін көркем шығармасына режиссердің өзгеріс енгізу себебі түсініксіз. Бұл кейіпкерсіз-ақ махаббаттың ак туын желбірете ұстаған, заманының озық жастары Сырым мен

Қаракөздің адал сезімін туындаған пьеса сюжетінің күрделілігі, тартыс жүгінің ауырлығы айқын емес де? Оқиға барысында Накұрыс ешқандай әрекетке араласпайды, яғни кейіпкер өз-өзін актамайды. Оның атқаратын қызметі тек декорациялық құралдардың орнын ауыстыру, кейіпкерлер әрекетін сырттан бақылау тәрізді қимылдар. Бірінші бөлімнің сонында ол ауылды өртегенмен скінші бөлім басталғанда сол өрт шықкан ауылда ешқандай абыржу-кобалжу байқалмай оқиға одан әрі жалғаса береді. Бұл қойылым тартысын өршітудің тәсілі ретінде колданылған Накұрыс әрекетінің акталмауына тағы бір себеп болып отыр. Жалпы Накұрыс режиссердің: “...қойылымның негізгі салмағын өзім енгізген “Накұрыс” деген бейнеге салуға тырыстым. Себебі, Мұхан автор ретінде өзінің осы дүниесінен көп таяқ жеген адам. Сондықтан осы Накұрыс бейнесі арқылы Мұханың драматургияда айта алмай кеткен, айтса да уақыт талабына орай қырқылған ойларын жинақтауға тырыстым” [5], – деген сөзіне көркемдік үн қоса алмады. Режиссураның дөрекілікке жол бермейтін күрделі де нәзік өндер екенін тап басқан Г. Товстоноговтың: “Біздің профессиямыздың асыл қасисті, құш-куаты мен даналығы өз еркінмен өзінді саналы түрде тежең білуде. Біздің қиялымыздың шегін белгілейтін автор және онан асып кетуді авторға істе.ген қиянат пен опасыздық деп бағалау керек. Жалғыз ғана аталған пьесаға дұрыс, бір ғана нақты шартты әдіс-тәсіл табу – режиссердің ардакты әрі ең қызын міндесті” немесе “Өз қиялына шек қоя білу, оған тыйым салу, міндесті бола тұра барлық мүмкіндіктен қатаң бас тарту бұл – режиссердің ең жоғарғы ізгілікті әрі қасисті міндесті” [6, 96], – деген тұжырымы казақ театрларының да сахналық қағидасына айналуы шарт. Жалпы сахнада сөзсіз, сырттай бақыларап жүрестін кейіпкерлер кейірір режиссерлік интерпретацияларда кездесетін құбылыс. Мәселен, М. Әуезов театрында Әубекір Рахимов қойған “Жетінші палата” (1993 ж.), “Кек” (1998 ж.) спектакльдеріндегі Белгісіз бен Жалғанды айтуда болады. Яғни, бұл бүгінгі сахнаға тосын жаңалық емес.

Семейліктер қойылымында Наршаның шақыртуымен келген Сырымды жынданған Қаракөздің көрген сәтте-ақ тануы шығарманың жанрлық жүйесіне қайшы шықкан көрініс болды. Пьесада эн құдіретімен, сүйгенінің даусы арқылы бір сэт есін жинайтын арудың

трагедиялық салмағы Е. Төлеубай шешімінде женілдеп кеткен. Шығарманың “Ән махабbat және өмір – “Қаракөз” трагедиясының идеялық-көркемдік негізі. Ән мен махабbat спектакльге лирикалық нәзіктік, романтикалық өң беріп, қаһармандарын сұлулық нұрына шомылдырады; заман рухы, өмір болмысы, әдест-ғұрып, салт-сана спектакльдің тарихи, әлеуметтік мәнін айқындайды, ұлттық бедерін салады” [7, 53], – деп К. Куандыков анықтап берген нәзік ері драмалық өзегін семейліктер қойылымынан көре алмағың Режиссер Қаракөздің жындану сәтінде оны Накұрысқа қамшымен ұғызып, дәстүрге карсы шыққан қазақ қыздарына деген халық наразылығын байқатады. Бұл трактовка режиссердің трагедия идеясын бүгінмен байланыстыру мақсатынан туындаста керек. Тағы да К. Куандыковқа сүйснек: “Тарихи тақырыпқа бүтінгілік мән, үн беруге тырыспайтын режиссер жоқ. Ал тарихи шығармаға бүтінгілік мән беруді қалай түсінеміз? Біздің ойымызша, ол сұрақ пъесаның идеясында, гуманистік ойлардың жаршысы болған оның жарқын тұлғаларында, ақиқатпен зұлымдыққұресін көрсетуінде және зұлымдыққатаулының күйреуінде жатыр деп түсінеміз. Осы ұлы максат негұрлым есслі, айқын жететін өзінің көркемдік шешімдерін, қалпын талса, ол қай дәуір туындысы болмасын, бүгінгі күн талабына үн қосатыны хақ” [7, 58], – деген теориялық негізdemесі семейлік “Қаракөздің” негіzsіз шешімін актап тұрғандай. Бұл тұжырымға терендей мән берер болсақ, ескі мен жананың арасындағы дәнекер режиссер қиялынан туындаған Накұрыс тәрізді кейіпкер болып танылмай шығарманың идеялық мазмұнынан, тартыстырын әлеуметтік астарынан өрбіу тиіс еді. “Режиссер мизансценада көрінеді” дейді кенестік театран да-нышпаны Вл. Немирович-Данченко. Режиссураның өн-бойындағы бар ауыр салмақты анықтап тұрған осы сөзге теренген мән бермесуден ұлттық саҳна өнерінің көркемдік құндылығы кемішін түсіп жатқаны шындық.

Бұл театрдың қойылымында адудынды, барша ауылды, бұқіл бір рулы сліді қатқыл қабағымен ықтырған Мөржан роліндегі Құләш Сәкиеваның ойыны дәуір тынысын, қазақ ұлтының табиғатын бүгінгі күнге алып келді. Актрисаның кимыл-қозғалысында, бет-жүзінде қатал мінез, бір сөзді бәйбішеге, дәстүрге берік эйелге тән шынайылық бар. Сексенге келсе де (сол кездे) тұғырынан

түспеген актрисаның сахналық тәжірибесінің молдығы көрініп тұр. Керісінше, Сырым мен Нарша роліндегі актерлер ізденісінің аздығынан бұл кейіпкерлер Мөржан бейнесінің қоленкесінде қалып қойған. Нарша роліндегі Азамат Нұргамысовтың кейіпкері ақылды, қандай қындық болса да төтеп бере алатын нар жігіт болып шыққанмен Мұхтар Әуезовтей классиктің құнарлы сөздері мен сахналық әрекетті қөркем байланыстыруда актерге ішкі драмалық эмоция жетпей жатыр. Қ. Қуандықовтың “М. Әуезовтің еселеп, үстемелеп келетін сөйлем орамдарының ішкі қозғалысынан туатын сөз толқындары асқақ, бір ойын екінші ойы толыктырып, жалыны есте бір басылмай өрши түсетін отты ритм. Мұнда сөйлемдегі сөздердің өзі сарбаздар қолындағы шокпардай сартылдағы қағысып тұр. Сөйлемнің мұндай орамдарын үзіп-үзіп, тыныстап алып айтуда болмайды. Кең тыныс, бір ғана леппен, бусанған толқынмен бір-ак тарпу керек. Актер пауза жасаса, ол қөрушінің сілтідей тындыратын психологиялық пауза болсын” [7, 130]. – деген сөзі әрбір суреткердің шығармашылық принципінсайналуы керек.

Ал. шегінуді білмейтін қайсар, Мөржан тәрізді адудынды бәйбішеге қарсы тұра алар қайратты Сырым роліндегі Бауыржан Төлековке пьесаның жанрлық ерекшелігін, диалог, монологтардың астарлы мәнін ашуда жан-жакты ізденіс қажет. Бұл кейіпкердің бойында адам мінезінің түрлі іірімдері тоғысқан. Ақындық, серілік, әншілік, батырлық, шешендікпен бірге ол қажетті тұстарда ашу мен күшке бой алдырып, қызуқандылық танытып та отырады. “Ерліктің құрес үстінде туатыны” (Н. Островский) рас Осы тұргыдан алғанда сегіз қырлы Сырымның мінез ерекшелігі актерлік қызу техниканы, ерекше эмоцияны қажет ететінін әрбір суреткер есте ұстаганы жөн. Жалпы фсодалдық қөзқарасқа қарсы шыққан жаңа заман иссі Сырым – бүтінгі тәуеслісіз сахнаның, тәуелсіз өнердің ерікті кейіпкері ретінде танылуы керек.

Қойылым сурстшісі Г. Канафинаның шешімімен сахнада тебес, қыр-жотаны білдіретін дөнес тұғыр, жарық арқылы адам қоленкесін беретін ақ мата (кейібір көріністерде жоғарыдан төмен түсіріледі) орын алған. Онда бірде Сырым көрінсе, енді бірде Накұрыстың бейнесі беріледі. Е. Төлеубай Сырым мен Каракездің өзен жағасында

кездесу кезіндегі қымыл-қозғалысын осы көлеңке аясында алып, бұлак сылдырынын үнімен шығармaga романтикалық сарын беруді көзделті. Режиссер мен суретші казактың қатал дәстүріне шырмалған қыздардың тағдырын жоғарыдан төмсн түсірілген кара түсті шырмауық-арқандармен білдіреді. Ал. авансценаның екі жақ қабыргасына ілінген ұзын кара мата еш әрекетсіз, спектакль атмосферасынан тыс қалған. Сахнада мұндай жансыз заттардың орын алуы А. Чеховтың “Сахнада тұрған мылтық атылуы керек” деген тұжырымына кайшы келіп жатыр.

Жалпы маҳаббат қасіретіне, трагедиялық тартыска толы шығарма атмосферасы шынайылықты қажет ететіні рас. Өзіндік ой корытқан режиссердің идеясын ашуда актерлік ансамбльдің көтерер жүгі ауыр. Сондықтан труппа актерлері жан-жақты іздесіске, шығармашылық ой-жүйеге мән беруі тиіс. Негізінен жанр табиғатын айқындау, кейіпкерлер психологиясын терең зерттеу тәрізді сахна өнерінің өзіндік қагидалары қай театра болмасын кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Осында шығармашылық талаптардың орындаітмауынан Семейлік “Қаракөз” режиссура мен актерлік шеберлікке таразы бола алмады.

М.Әуезов атындағы академиялық драма театрда “Қаракөз” трагедиясы ең алғаш Құрманбек Жандарбековтың (1926 ж.), одан кейін А.Л. Мадисевскийдің (1963 ж.), Ә. Мәмбетовтің (1981 ж.) өзіндік идеясын алға тартқан режиссерлік интерпретациялармен қойылғанын білеміз. Алайда 1996 жылдары Әзіrbайжан Мәмбетовтің мерсітойына байланысты қайта сахналанғанда рольге жас актерлердің келгені болмаса спектакль бұрынғы құрылымы еш езгермей көрсетілді. Мұнда бізге театртанушы-ғалым Бағыбек Құндақбайұлының “Мұхтар Әуезов және театр” деп аталатын зерттеу монографиясынан таныс декорация, режиссерлік кейір шешімдер қайталанған. Мәселен. айналма сахнаны және бірде шымылдық қызметтін атқаратын, енді бірде Асан салдың Қаракөзді анду әрекетінде колданылатын ақ қайыңды білдіретін сахналық безендіруді айтуға болады. Суретші Есенкелді Тұяқовтың айналма сахнасының ғашықтардың кездесу орны мен сал-серілдердің қактығысын көрсетуде және соңғы көріністегі Сырымның сүйгенін

іздең аласұруында атқаратын ролі зор. Ә. Мәмбетов 1981 жылы дәл осы декорацияны Сырым мен Қаракөздің маҳаббатына лирикалық үн косу мақсатында және қыржоталардың формасын беру үшін қолданған. Жалпы ескелен ұрпақтың рухани-эстетикалық сұранысы дәүірлік-кеңеңдік құбыльстармен ұштасып отырады десек, бұл “Қаракөз” режиссер тарапынан уақыт талабына сай сақналық өзгерісті кажет етті.

Пьесадағы ұлттық салт-дәстүр негізінде жазылған “Жаржар” мен “Беташар” – шығарманың идеялық мазмұнын ашу дағы мәні терен фольклорлық элементтер. Тойдың осы ғұрыптық функцияларының мазмұнына, оның нақышты, айқын орындаудына Ә. Мәмбетов аса мән беріпті. Бұл біздің бүгінгі ұлттық ерекшелігімізді насихаттаудан туындалап отыр. Қойылымда шымылдықтың ашылуы мен әрбір көріністің байланысы Фазиза Жұбанованың әусзді әүснімен нақышталған. Және қызу темпте өрістейтін тойға дайындалу көрінісі Мержан ауылдының байлығынан хабардар етеді. Бутафориялық заттар: сандық, кілем т.б. сахнаға сән беріп тұр. Жалпы режиссер қазақ болмысты айшықтап, ұлттың әлеуметтік сипатын шынайы көрсетуге көніл аударған.

Қазақ театры сахнасында Қаракөз харakterінің түрлі қырын ашып, ару бейнесіне өзіндік үн коскан актрисалар өте көп: З. Атабаева, З. Шәрірова, М. Өтекешова, Г. Әспетова, Ш. Ахметова, Г. Ералиева (Алматы), Т. Иисова, Г. Аманжанова (Семей), Ж. Серікбасова (Шымкент), Ж. Багысова (Қызылорда), Ж. Лебаева (Талдыкорған), т.б. 1963 жылдары Зәмзәгүл Шәрірова ұлы Мұхтар Әуезовтің өзінен: “Зәмзәм десем – нағыз кәусар екен гой” деген жүрекжарды алғыс естісе, осы актрисаның шынайы өнсөрін, дара таланттың өзіне үлгі еткен Шынар Аскарова көнілі қаламаған Нарша, әже сөзі – қарғыс, Сырымға деген сүйіспеншілік сезімдерінің ортасында не істерін білмей абыржыған кейіпкерінің психологиясын нанымды суреттейді. Әсіреле, соңғы көріністегі Қаракөздің жындану сәті кейіпкер образына өзіндік түсінікпен келген актриса ойынында өте сәтті шыққан. Қаракөз – Асқарованың “Тоғай, ...мынау әжем, ...сен Сырым, ...ән салшы” деп үзіп-үзіп айтқан сөздері әсерлі.

Әрине мұндай трагедиялық әрі психологиялық ауытқуға ұшыраған күрделі кейіпкерді саҳналауда кемшиліктердің де аз болмайтыны рас. Осы орайда актриса ойынында жетістіктермен қатар кемшиң тұстардың барын аңғарғанымыз шындық. Ш. Аскарова трагедиялық тартыстың асқынған тұстарында (Сырымның атын айтатын көріністер) дауысын тамаққа салып айғайлайды. Кейіпкер қайғысын нанымды жеткізем дегенмен саҳнаның актер көкіргінен шығуға тиіс өмірдегіден бөлек өзіндік даусы болады емес пе? Жалпы саҳналық өмір мен саҳналық әрекеттің – шынайы өмірдің көркем көшірмесі екенін әрбір суреткер біледі деп ойлаймыз. Соған орай саҳнадағы қымыл-козғалысты орындаудың, әрбір сөз, диалог-монологты айтудың шартты ережелері болады. Сондықтан кейіпкердің ішкі дүниесі актердің суреткерлік болмысымен шынайы астасуы кажет.

Жан-жағынан қыспаққа түсіп, не істерін білмеген Қаракөз Сырымды сүйе тұрып, Наршаны сыйлайды, махабbat отына өртсөн тұрып, бүкіл бір рулы елге қарсы шығуға дәрмансіз. Берін тастап Сырыммен кетпекші болған ойының аяқ асты болғаны тағы бар. Сөйтіп бір арудың басындағы трагедиялық сарынның ұшқыны Наршаға келіп тиеді. Атастырган жарының басқаға деген сезімін біле тұра теріс айналу оған жат. Керісінше, өзі айтқандай отты етегімен бүркеді. Бұл рольдегі Кенес Нұрланов кейіпкерінің ете ақылды, сабырлы қырын ашқан. Нарша – Нұрланов теңіз толқынындағы тулаған сезімін, ішкі жан дүмпуін сыртқа сөздірмейтін шыдамды да. Бір Қаракөзден басталған қайғысы өз психологиясына да әсер еткен К. Нұрлановтың кейіпкери қандай ауыр жүк болса да көтеруге дайын.

Трагедиядағы феодализм дәүірінің әлсүметтік сипатына қарсы шыққан жана заман иесі Сырым – классикалық шығармалардың кай кезеңде де өзектілігін аңғартатын кейіпкер. Сырым сал, Сырым сері, Сырым батыр деген анықтамаға қоса жалындаған жас, ойы ұшқыр ақын тәрізді сипаттамалар бір Сырымның басына аздық еттес. Кейіпкер бойындағы бар өнерді ашып көрсеткен Ерлан Біләл шығарманың лирикалық бояуын, поэтикалық сазын терең зерттепті. Ол қойылым сонында Қаракөз бейтін білдіретін айналма саҳнаның астынғы бөлігінде ішті өртеген сезіміне дауа таптаған Сырымның

жан айғайын кейіпкер жандылық сарында жеткізе білді. Жалпы К.С. Станиславскийдің “Егер де” қағидасын ұстанған Е. Біләл облыстық аймақтардың өнерпаздарына үлті болуға тайық бейнене жасады.

Койылымдағы қарғыстың, теріс батаның кілті бүкіл отыз ауыл Өсерді қабақпен басқарып отырған өткір мінезді Мержан бәйбішеде жатыр. З. Шеріроваға осы алынбайтын қамалдай Мержан бейнесі жат емес. Өйткені ол – жас кезінде Қаракөз ролінде ойнап, бәйбішемен талай бетпес-бет келген актриса. Толықсыған денесіне киген қазақи көйлек пен кимешек, қолындағы таяқ кейіпкердің бейнесін ашуға көп көмектескен. Сондай-ақ, актрисаның күндегі күркіреген дауысы, айтулы бәйбішелерге тән салмақты жүрісі мен адудынды сөзі Мержан мінезін паш етеді.

Оқиға барысында, драмалық тартыстың туындауында өзіндік орны бар сал-серілдердің роліндегі Ж. Толғанбаев, Г. Құлжанов, А. Боранбаев, Ж. Садырбаев пен Т. Тасылекова (Ақбала), М. Нұрасіловтер (Жабай) шығарманы ансамбльдік тұтастықка көтерді. Өз кейіпкерлерінің іс-әрекетін, қымыл-қозғалысын жанрға сай бағыттап отырған олардың индивидуалды ізденістері айқын көрінді.

Махабbat сезімі арқылы қазақ халқының басынан өткен әлеуметтік-моральдық қайшылықты айқындалп берген “Қаракөз” пьесасы жеке бастың бостандығын паш етеді. Осы орайда жас болғанмен де (сол кездері) шеберліктің шыңына жетуде жанжакты ізденген, шынайылыққа талпынған актерлердің бас театрға алып келген табысы зор болды. Жалпы М.Әүезовтің классикалық дүниелері бойынша койылған спектакльдерге көсіби талдау жасаған ғалым Б. Құндақбайұлының сөзімен ой қорытсақ: “Әлемдік классикалық шығарманың деңгейіне көтерілген трагедияның барлық көркемдік ерекшеліктерін тәатрлар әлі сарқып болған жоқ, оның терен идеялық-көркемдік мазмұны сахналықтың ой-тұжырымды тілейтіні” [8, 138] рас.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Нұргалиев Р. Арқау. – Алматы: – 1 том. 574 б
2. Смағұл К. Махабbat трагедиясы // Сарыарқа самалы 17.06.1997.

3. Өуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3-т. – Алматы: Гылым, 1998. – 392 б.
4. Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы: – “Өнер”, 2001 – 520 б.
5. Төлеубай Е. Театр өнерінің атамекені // Қазақ әдебиеті. 26 03.2004.
6. Товстоногов Г. Круг мыслей. – Л., Искусство. 1972.
7. Қуандыков Қ. Тұңғыш үлт театры. – Алматы: Жазушы, 1969 – 244 б.
8. Құндақбайұлы Б. Мұхтар Өуезов және театр. – Алматы: Гылым, 1997. 248 б.

**Ақсақалова Ж.**

## **М. КЕНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ М. ӨУЕЗОВ БЕЙНЕСІ**

Қазақ бейнесу өнері тарихында 1950-60 жылдар шығармашылығының орны ерекше. Бұл жылдары Қазақстанға Мәскеуден жоғарғы оқу орнын бітіріп келген талантты қазақ жастары келе бастаған еді. Шығармашылық жолдарын қалыптастыруда жастардың алдарына қойған максаттары үлттық мәдениетті дамыту мен оның дәрежесін көтеру болды. Жас шеберлердің алдарына қойған бұл максаттары Қазақстандағы арнайы кәсіби кескіндеме мектебінің қалыптасуына алып келді. Мәскеуден келгсін қазақ жастар арасында Қ. Тельжанов, С. Мамбетов, Н. Нұрмухамедов және М. Кенбаевта бар болатын. Аты аталған суретшілердің шығармашылықтарына арқау болған басты тақырып – қазақ даласы.

Қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік шеберлігімен кең байтак қазақ даласының шексіз көрінісін қалыптастырган тұлғалардың бірі суретші Молдахмет Сыздықұлы Кенбаев. Ілім іздеу жолында М. Кенбаев Алматыдағы театралды-көркемсурет училищесінде А.М. Черкасский, Л.П. Леонтьевтен, ал Мәскеудегі В.И. Суриков атындағы Мемлекеттік көркемсурет институтында П. Мальков сынды мықты шеберлерден дөріс алады. Білім нәрімен сусындаған жас суретші табиғат көріністеріне үлкен назар аударып, дағы бейнесі оның көкейінде журген үлкен арманға айналады. Көп іздесістер мен тынымызың бектердің арқасында кескіндемеші өзінің асқақарманын

«Шопан әні» (1956), «Әңгіме үстінде» (1957), «Асауға құрық салу» (1961) атты шығармаларында жүзеге асырады. Осы туындыларда казак даласына тән негізгі қасиеттерді, яғни қазақ даласының көндігі мен шексіздігін, байтақтығы мен асқактығын, сұлулығы мен әсемдігін дәл жеткізе білді. Әрбір туындысынан ерекше әуен мен әуезділік сезіледі. Осылайша, шебер қылқаламын көнінен сормей отырып, табиғаттың ғажайып көркі мен дала көністігін өнер суюші қауымға паш етеді.

Суретші өзінің естеліктерінде дала жайлы былайша толғанады: «Кескіндеме арқылы табиғаттың ғажайып көркін, даланың шалкар көністігін, оның әсемдігін бере алатынымды сезген кезде далага ынтаzar болдым. Дала менің қиялымнан шықпай, ансар арманым болып қалды. Жұрт даланы тап өзім сияқты сүюін тіледім. Қайда жұрсемде ол менің есімнен кеткен емес» [1]. Иә, кескіндемешінің кенеп бетіне түсірілген ғажайып дала көріністерін көргендс шынымен-ақ дала сұлулығына деген ынтаzar көnlіlіn құбыла түсетіні сондай, шексіз кең даланың құшағына еніп кеткің келеді.

М. Конбаев өз кескіндемелерінде жалғыз даланың бейнесін гана салып қойған жоқ. Сонымен катар көшпенді өмір салтымен ғұмыр кешкен қазақ шаруаларының бейнесі арқылы, адам мен табиғат арасындағы өзара тығыз байланысты айқындалап кетті. Белгілі өнертанушылар да Кенбаев шығармашылығын осы қырынан көнінен зерттеген болатын. Айта кететін болсақ, Ергалиева Р.Ә. өзінің «Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана» атты кітабында суретші шығармашылығындағы адамзат бейнесі жайында: «Кенбаевтың шығармашылық ұстанымындағы адамзат – табиғаттың жай гана бір бөлігі емес Ол сол табиғаттың өзі іспеттес, дәлірек айтсақ – оның сансызы, әсем әрі мәңгі жаратылыстарының бірі» [2], – десген болатын. Ал Мәскеудің белгілі өнертанушысы М.Н.Гусева-Хламинская шебердің шығармашылығына тәмендегіше баға береді: «...кескіндемеші Молдахмет Кенбаевтың туындылары өзіндік сипаты бойынша ұлттық әрі қазіргі заманға сай. Ол адамзатты жеңіл әрі кең тыныс алатын, жылқылар жайылған шексіз жазықтықтағы табиғат аясында бейнелегенді ұнатады. Бәлкім.

республика бойынша, өз шығармашылығында адам мен табиғат осындай өзара үйлесімді бірлікке тұсken, өзге суретшіні табу өтс қынға согатын шығар» [3]. Міне. айтылған осы ойлар суретші шығармашылығындағы көріністің срекшелігі мен көркемдігін толықтыра түседі. Шығармаларындағы желдсій жұйткіген асау ат, шебі шүйгінді, қөгалы мол кен байтақ далада емін-еркін көсіле жайылған отар-отар қой, аяғын маңғаздана басқан түйс мен асқар ала таулар ата-бабаларымыздың негізгі өмірі мен рухани байлығынан хабар беруде.

Дала тақырыбына арналған әрбір шығармасы астарлы ойымен, шебер шешілген композициялық құрылымымен. тұстік үйлесу ерекшелігімен және де сюжеттік көркем бейнелерімен қызықтырады.

Молдахмет Кенбаев пейзаж жанрымен қоса портреттік жанрға да көніл бөлгөн. Аталған жанрда қалам тартқан көлемді туындыларының катарына «Сарыарқа» (1958), «М. Өуезов» (1977), «Әл-Фараби» (1961) сынды шығармаларын атап өтуге болады. Бұл кескіндемелерінде де суретшінің пейзажға деген сүйіспеншілігі айқын басымдылық танытуда. Бұлай десуіміздің себебі, қазақ елінің, қазак жерінің мәдени дамуына зор үлестерін қосқан асқар тұлғаларды қылқалам шебері табиғат аясында кенеп бетіне түсірген еді. Суретші басты кейіпкерлерді, құшагын айқара ашқан, қазақ даласының ортасында сомдау арқылы олардың негізгі образдарының астарын көнінен аша тұсken. Осылайша, негізгі сыртқы портреттен гөрі, мемлекет кайраткерлерінің ішкі жан дүниесіне көбірек үнілे білгендігі мен қоғамдағы алғын орнын нақты жеткізуға тырыскандығы байкалады. Яғни, М.Кенбаев бұл жұмыстарды «риторикалық» және «романтикалық» әдістер арқылы шешеді.

«Риторика» сөзі негізінен шешендік өнер деген мағынаны білдіреді, яғни бұл дегеніміз көркем әдеби сөз. Ал «романтикалық» әдістің негізіне келетін болсақ, бейнелсу өнсеріндегі романтикалық кезең суретшілері портрет жанрына қалам тартқан кездс. біріншіден басты тұлғаны алдыңғы шекке шығарып, оны жеке тұлға ретінде карастырған. Оның үстіне романтикалық қаһармандар кенеп бетінде үнемі жалғыз көрініс тауып отырған екен. Суретшілердің бұл тәсілінің негізгі мәні – басты қаһарманның қогамға сінірғен

енбегі мен оның негізгі тұлғалық ерекшелігін айқындау. Бұл әдіс бейнелеу өнерінде ғана көрініс тапқан жоқ, сонымен катар әдебиетте де кеңінен етск жайды.

Енді осы көркемдесу ші құралдардың бейнелеу өнеріндегі астарын анықтау мақсатында 1977 жылы кеңеп бетіне түсірілген «М.Әүезов» атты портреттік шығармасына кеңінен тоқталып өткенді жөн көрдік.

«М. Әүезов» суретшінің портрет жанрында орындалған енбектерінің ішіндегі көлемдісі (тік форматта 200x150 өлшемде орындалған). Қазақтың көркем әдебиетін жасаушылардың бірі, жазушы, драматург, публицист әрі ғалым, қоғамда өзіндік орны бар биік тұлға көктемгі қызғалдақты көк шалғын арасында, бір қолына кітап ұстап, алысқа көз тігіп, ауыр ойға шомған бейнеде кенептің алдыңғы қатарынан орын алған. Портреттің фоны, жоғарыда айтып өткеніміздей пейзаж болып отыр. Нактырақ айтсақ, ортанғы шекте жайқалып есken қалың ағаштар мен ирелендей аккан өзен көрінісі байисленсе, артқы планда биік қыратты асқар тау көрінісі орын тespiken.

Шығарманың басты кейіпкері табиғат аясында зор денслі кейіпте жалғыз бейнеленген. Бір қарағанда Әуезов бейнесі «бұл жердікі емес», бұл әлемге қатысы жоқ, аспанда қалықтап жүрген бейне секілді. Үстіндегі киімі мен аспан бейнесіндегі ақшыл тұс жазушының осы бейнесін ерекшелеп, жоғары жаққа қарай көтеріп тұр. Ал бір қырынан жазушы мен табиғат бейнесі бір-бірмен өзара тығыз байланыста тәрізді. Тіпті артқы шекте суреттеген кеңістік жазушының жеке әлемі тәріздес. Көк шалғынды, қызғалдақтармен жайқалған жер бейнесі жазушының «осы жерге тән» пенде екендігін дәлсілдей түсуде.

Жазушы тұлғасы тәмсігі бөліктен жоғарыға қарай өрлең, үлкейтілс, монументті кескінге ис. Бұл танымалы қайраткердің ұлылығын паш студе. Сол жақтан есken самалжелден жазушының шапаны оң жакқа қарай ұмтылса, жер бетіндегі жайқалып есken қызғалдақтар керісінше қарсы бағытка бет алып, жазушы бойындағы тасқындаған шабыттан қылан беріл тұр. Ал жарық негізгі бейненің киіміне сол жақтың тәменгі бөлігінен түсіп, туындыдағы аталмыш қозғалысты нақтытай түсін. Бейнебір

мұндағы қозгалыс бізге жазушының сан-саққа жүгірген ойының ұшқырлығы мен жан-жактылығын көрсетіп тұрған сынды.

Жазыктық бетіндегі кейіпкер тұлғасы толық көрініс тауып, негізгі салмак алдынғы шепке ауысқан. Олай болса, табиғат аясында төртпак денелі, кең құлашты келген жазушы Кенбаев туындысының негізгі кейіпкери болып, композиялық құрылымды жинақтап тұр. Бұл кейіпкөріміздің кснеп бетінде алдынғы және артқы шептерді өзара байланыстыруыш қызметін атқарып тұрғандығын анғартады. Ал артқы шептегі табиғат көрінісі арқылы көрінген терендік пен шығарманың жоғарғы бөлігіндегі ашық көк аспан аясындағы көністік ұшқыр ойларға толы шығармашылық көністіктен хабардар етуде. Артқы шектегі асқаралы таулар бейнесі мен жазушының қоғамдағы алған өшпес орнын нақтылай түсken.

Келесі кезекте кескін демелік туындының түстік ерекшелігінс қысқаша тоқталатын болсақ, кенептің жоғарғы және ортаңғы бөлігінде көкшіл әрі күлгін келген сұық түстер басымдық танытқан. Ал, төменгі бөлік жасыл мен қызыл түстің байланысы арқылы шешілген. Бұл жердегі сұықтық пен жылдылықтан шығармадағы бейнеленген уақыттың көктем мозгілі екендігіне көз жеткізе аламыз. Жазушының бойындағы көңілін тасытып, ұшы қыры шексіз түрлі ойларға жетелеген де осы «көктемгі шабыт». Аталмыш түстердің өзара үйлесім табуы, төмендегі жайтарды анғартқандай болады. Артқы шептегі аспан әлеміне тән сұық түстер мен жер бетіндегі жылты тұс өткеніміз бен казіргі өміріміз іспеттес. Яғни күлгін тартып, алыстан тұмандана көрініс берген табиғат қазак елінің қалыптасуы барысындағы небір асулар мен белестерге толы сарғайған тарих беттеріндегі өткен күндерінен хабар берсе, жасыл түскес боялып, көктемгі қызғалдақтар гүлдеген алдынғы шеп, жазушының өз өмірінде жеткен жетістігі мен болашақта өз елі үшін тілесен асқақ арманы дерсін.

Жалпы, туындыны үш бөлікे бөліп қарастыруға болады. Бірінші бөлік – жер әлемі, екінші бөлік – ортаңғы әлем, ушінші бөлік – аспан әлемі. Өлшемі жағынан жер мен аспанғы әлем өзара тең келсе. ортаңғы бөлік екі есе үлкейтіліп екі бөлікті өзара бай-

ланыстырып тұр. Осыған орай шығармадағы кеңістікте көнінен көрініс тауып, жоғырылай түскен. Тік формат пен жазушы бейнесі арқылы көрінген дәл осы кеңістік шығармашылық ауаға лық толы.

Жазушының портреттік келбеті аса шеберлікпен шешілсе, тұла бойы тұлғасын бейнелеуде көркем сөз, әдеби асқақтық. Яғни риторика арқылы шешу әдісі басым. Яғни суретші тұлға денесін бейнелеуде анатомиясына емес, оның негізгі образының ашылуына назар аударады. Жазушының бет-келбетін дәл жеткізу емес, оның ішкі жан дүниесіне терең бойлау басым. Осыған орай бұл енбектегі суретші ұстанған басты идея, негізгі мақсат - өнер сүйер қауымға кейіпкердің негізгі портреттік тұлғасын ашу емес, жазушының ұлылығын, ірі қайраткер, өз уақытында халқы үшін жанашыр болған ірі тұлға екендігін көрсету. Сонымен қатар қазіргі таңда да оның есімі мен слі үшін жасаған істері ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, мәнгі өшпейтіндігін көрсетеді.

Корыта келгенде, Кенбаев кенебіндес табиғат аясында төртшак денелі, кең құлашты стіл бейнеленген белгілі жазушы бейнесі Алматы қаласында Республика сарайы алдында орналасқан мұсінші Хәкімжан Наурызбаевтың авторлығымен сомдалған Абай ескерткішімен композициялық шешімінде өзіндік ұқсастық табады. Кенепте – жазушы бейнесі Абай мұсініндегідей бір қолына кітап, ал екінші қолымен шапанының етегін ұстап, көз жанарын алысқа бағыттаған қалпында бейнеленген. Бейнебір ұлттымыздың жанашыр екі алып тұлғасы бір уақытта, кең саҳаралы қазақ даласына қарап, «Қалың слім қазағым, кайран жұртый» – дес тұрғандай. Осылайша, М. Кенбаев «Әуезовті бүкіл әлемге танымағы – Мұхтар Әуезов» еткен ұлы ақын Абай екендігін дәлелдей түскісі келгендей. Осындағы көркемдік бейнелеуші құралдарды ұтымды пайдалана отырып, Молдахмет Сыздықұлы Кенбаев сыртқы пішін ұқсастығы арқылы алып екі тұлғаның бір-бірімен өзара тығыз байланысты екендігін М. Әуезовтың порреттік келбетін кескіндеген осы туындысында одан әрі дәріптей түсуде.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Полонская Н Молдахмет Кенбаев Альбом Алматы, «Өнер» 1983
- 2 Ергалиева Р «Этнокультурные традиции в современном искусстве Казахстана» Алматы, НИЦ «Ғылым», 2002
- 3 Гусева М Н Искусство Казахской ССР М, «Советский художник», 1963
- 4 Барманкулова Б История искусств Казахстана Очерки 2 том Алматы, 2004
- 5 Сарыкулова Г Мастера изобразительного искусства Казахстана Алматы «Наука», 1972

**Машакова А.К.**

## **АБАЙ, ШАКАРИМ И МУХТАР В СОВРЕМЕННОЙ КИТАЙСКОЙ РЕЦЕПЦИИ**

Важное место в процессе зарубежной рецепции казахской литературы занимают литературоведческие труды зарубежных авторов Китайского исследователя, писателя и переводчика Су Чжоу Сюня можно отнести к одним из наиболее активных зарубежных исследователей казахской литературы, разносторонняя деятельность которого осуществляется на современном этапе развития казахской литературы, то есть в период независимости Казахстана На примере научно-исследовательской и переводческой деятельности Су Чжоу Сюня можно проследить как происходит возобновление духовных взаимосвязей с соседними восточными странами в последнее десятилетие XX столетия после отсутствия литературных и культурных контактов в течение многих предшествующих лет В период независимости были созданы условия для появления научных трудов по творчеству классиков казахской литературы в странах зарубежного Востока

К изучению казахской литературы китайского литературоведа подтолкнуло знакомство с Муратом Ауэзовым – сыном Мухтара Ауэзова, который в начале 1990-х годов был послом Казахстана в Китае При содействии Посольства Республики Казахстан в Китае Су Чжоу Сюнь неоднократно приезжал в Казахстан Во время первой поездки он занимался изучением творчества Абая Кунанбасова, встречался с казахстанскими абаеведами в Алматы, а также побывал на родине

казахского поэта, посетив Семипалатинск, Борли и Караул. Там он собирал материалы в архивах, музях, беседовал с местными жителями и заинтересовался двумя земляками Абая, его последователями – Шакаримом и Мухтаром Ауэзовым. Исследованию их творчества он посвятил последовавшие затем свои посещения Казахстана.

Таким образом, важным результатом его научно-исследовательской поездки явился не только сбор материала по жизни и творчеству Абая Кунанбаева и углубление проблемы исследования, но и расширение темы изучения – включение в круг научно-исследовательских интересов материалов по жизни и творчеству Шакарима Кудайбердиева и Мухтара Ауэзова. Тем самым, китайскому литературоведу удалось перейти на качественно новый уровень изучения казахской литературы и представить китайскому читателю эволюцию развития казахской литературы на примере творчества наиболее значительных ее представителей.

В Китае Су Чжоу Сюнь написал и опубликовал более 20 статей, посвященных трем великим представителям казахской литературы. В 1995 году он выпустил монографию «Три вершины Чингисских гор – Абай, Шакарим, Мухтар».

В главе, посвященной Абаю Кунанбаеву, автор выделяет три этапа процесса восприятия, познания и освоения творчества Абая китайскими читателями. Первый этап – это период, предшествующий образованию КНР. В это время казахи, проживавшие в Китае, поддерживали отношения с казахами из Казахстана. Они имели возможность навещать друг друга, несмотря на то, что проживали в двух разных странах, в результате чего казахи из Казахстана привезли с собой произведения поэта в провинцию Синьцзян Китая. В этот период произведения Абая передавались, в основном, устным путем. Во времена Абая казахи кочевали с места на место и часто посещали территорию Восточного Туркестана, позже вошедшего в состав современного Китая в качестве Синьцзянской провинции. В монографии Су Чжоу Сюнь рассказывает о казахе Есете, который в начале XX столетия был одним из распространителей трудов великого поэта в западной области Синьцзяна, населенной казахами в Алтае, Тачэне, Или и Боротале. Именно Есет, как ученик Абая, странствовал по этой области и постоянно популяризировал творческие рабо-

ты поэта В 1920-30-х годах беженцы из Казахстана также привозили с собой труды Абая и информацию об его творческом наследии В 1930-е годы между народами Китая и Советского Союза установились дружественные отношения. Тогда в Синьцзяне были открыты школы, обучающие по советской учебной программе, из Советского Союза были заимствованы для школьников учебники на казахском языке, в которых встречались стихи Абая и информация о нем.

Второй этап начинается с образования КНР в 1949 году и длится до начала 1990-х годов, то есть до периода независимости Республики Казахстан. В это время начинается профессиональное изучение и перевод наследия великого мыслителя в Китае. В этой области профессор Ха Хуаньчжан, пишущий под псевдонимом Хабай, сделал многое. Он учился в Синьцзянском университете на факультете русского языка, много лет работал среди казахов в Синьцзяне, он в совершенстве владел казахским, русским и китайским языками. С юности Ха Хуаньчжан начал переводить стихи Абая. К настоящему времени им переведены почти все творения казахского поэта на китайский язык. Однако, отмечая безусловные достижения в перевodческом процессе, следует отметить, что научно-исследовательская работа китайских абаеведов имела определенную ограниченность. В течение нескольких десятков лет Абая в Китае читали и знали только в узком кругу лиц, знающих казахскую литературу. Можно сказать, что этот круг ограничивался границами Синьцзянской провинции, где в основном и проживали казахи-эммигранты. Среди остальной части населения Китая, даже среди изучающих русскую и советскую литературу, мало кто знал об Абасе.

Третий этап начинается фактически с периода государственной независимости Казахстана, когда были открыты границы и появились условия для прямого общения между двумя соседними государствами. Этот этап характеризуется новым подъемом интереса китайцев к Абая и распространением его трудов. Уже с 1994 года, при подготовке к празднованию 150-летия Абая, в Китае активизировался процесс изучения его творчества.

Помимо научного изучения творчества Абая, Су Чжоу Сюнь также внес огромный вклад и в перевод произведений Абая на китайский язык. В частности, в сотрудничестве с поэтом Акба-

лом, он перевел на китайский язык прозаическое произведение Абая – «Слова назидания», которое вышло в свет в 1995 году к юбилею поэта и сразу получило широкое распространение по всему Китаю. В юбилейный год Абая Су Чжоу Сюнь приезжал в Алматы и принимал участие в торжественных мероприятиях по этому случаю.

Как уже отмечалось, творчество Мухтара Ауэзова не находилось изначально в центре научных интересов китайского ученого-литературоведа. В то же время, решение Су Чжоу Сюня написать о Мухтаре Ауэзове можно считать закономерным, так как восприятие творчества Абая, особенно за рубежом, неразделимо связано с жизнью и творчеством Ауэзова, который написал о нем роман в двух книгах: «Абай» и «Путь Абая». Су Чжоу Сюнь справедливо отводит Ауэзову роль основателя абаеведения в казахском литературоведении. По его мнению, Абай Кунанбаев стал известным на весь мир благодаря Мухтару Ауэзову. Также, как и Ауэзов многим обязан Абаю. «Конечно же, и благодаря своему остальному творчеству и исследованиям. Ауэзов смог бы занять определенное место в литературе своей страны. Но если бы он не написал эпопею «Путь Абая», то, вероятно, не смог бы достичь такого стремительного мирового успеха» [1, с 100].

В главе, посвященной Мухтару Ауэзову, китайский автор подробно останавливается на генеалогии рода Ауэзова, начиная от прадеда Бердыкожи, который был знаком с Кунанбаевым – отцом Абая. Затем, Су Чжоу Сюнь описывает детские годы Мухтара Ауэзова, отмечая, что именно дедушка приобщил его к литературе и к стихам Абая.

В той же главе Су Чжоу Сюнь производит подробный анализ романа «Путь Абая». Оценивая значение этого произведения, он полагает, что по своему богатому и глубокому содержанию, широте охвата событий этот роман об Абае можно с полной уверенностью назвать эпическим произведением. Нельзя не согласиться с мнением китайского писателя, что «Путь Абая» – огромный вклад Мухтара Ауэзова в мировую литературу.

Су Чжоу Сюнь не только изучал жизнь и творчество казахского писателя, но и своей переводческой деятельностью содействовал приобщению китайского читателя к произведениям Мухтара

ра Ауэзова Су Чжоу Сюнь перевел на китайский язык ряд его произведений, среди которых – рассказы «Красавица в трауре» и «Сирота»

И, наконец, тот факт, что Су Чжоу Сюнь представил в своей монографии жизнь и творчество Шакарима Кудайбердиева, имеет исключительное значение, так как благодаря научно-исследовательской деятельности китайского ученого, жизнь и творчество Шакарима, пожалуй, впервые стали объектом внимания зарубежного литературоведения и представлены иностранному читателю в достаточно цельном и самостоятельном плане

Китайский писатель называет Шакарима «выдающейся личностью послеабаевской эпохи в истории казахской литературы» [1, с 58], он считает его последователем просветительских идей Абая В этой статье Су Чжоу Сюнь коснулся и чисто человеческих отношений Он довольно обстоятельно описывает жизнь Шакарима, начиная с детских лет, которые он провел в семье Абая Общеизвестно, что Шакарим приходился Абаю племянником Су Чжоу Сюнь пишет, что Абай особенно любил и баловал сына своего брата Кудайберды, рано ушедшего из жизни

Автор статьи обращает внимание на то, что Шакарим был образованным человеком, он прекрасно владел русским, турецким, персидским, арабским языками Су Чжоу Сюнь пишет и о переводческой деятельности Шакарима Кроме того, Су Чжоу Сюнь произвел анализ его произведений, подробно останавливаясь на значимости книг «Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий» и «Мусульманство» По его мнению, эти книги имели «важное значение для казахского общества и народа того времени» [1, с 99]

Следует отметить также другого участника современного процесса рецепции казахской литературы в Китае – главного научного сотрудника Академии наук Китайской Народной Республики Хуана Жунсяня, который в 2004 году в Алматы выступил с докладом на международной научной конференции, посвященной столетней годовщине со дня смерти Абая Кунанбаева В своем выступлении китайский литературовед Хуан Жунсянь представил общую картину знакомства китайских читателей с творчеством

Абая Кунанбасва, при этом он привел новые характеристики и факты Например «Некоторые ученые сравнивают Абая с Конфуцием, китайским философом, жившим 2 тысячи лет тому назад. они называют его казахским Конфуцием нового века» [2, с 36] Или «Многие годы произведения Абая были известны с помощью перевода и научных статей, а сейчас в связи с формированием научного направления «абаеведения» пишутся магистерские, докторские диссертации по этой теме Например, в 2000 году в университете Нанкин господин Жын защитил диссертацию на тему «Соловей казахской степи – Абай» Это новое достижение в области абаеведения на китайском языке» [2, с 36] Подытоживая, Хуан Жунсянь выразил уверенность, что в Китае и в дальнейшем будут проводиться научные исследования творчества Абая

Таким образом, можно констатировать, что сегодня в Китае, происходит популяризация творчества Шакарима Кудайбердиеva, Абая Кунанбасва, Мұхтара Ауэзова в переводных изданиях их произведений, в научных статьях и докладах, научных монографиях и диссертационных работах. Тем самым можно констатировать появление китайского абаеведения, аузововедения и, даже, шакаримоведения

#### **Список использованных источников:**

- 1 Су Чжоу Сюнь Три вершины Чингисских гор – Абай, Шакарим и Мұхтар – Пекин Национальность, 1995 – 142 с
- 2 Хуан Жунсян Абай мұралары қытай тілінде // Қазақтың бас ақыны Халықаралық ғылыми конференция материалдары – Атматы, 2004 – Ъ 33-37

**Сыдықова Ж.Ж.**

#### **М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КУНІ» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ УӘЖ СИПАТТАРЫ**

Әдебиет теориясында мотивес қатысты айтылған түрлі пікірлерді, көзқарастарды саралтау барысында бұл ұғымды көркем мәтіннің ең ұсақ ез алдына жеке мағына, мән бере алатын бөлігі ретінде қарастыру біршама жолға койылғанын көре аламыз

Әдеби талдау негізінде мотивті көркем шығармадағы басқа негізгі компоненттермен бірлікте қарастыру автор идеясын, шығармадағы кезеңдік сипатты, мағыналық қабаттарды теренірек айқындай түсуге өз ықпалын тигізеді.

Қазақ әдебиетінде жетім бала мотиві XX ғасырдың басында көп көрінді. Прозада бұл мотив қорланған бала өмірінсі байланысты болады. Жетім бала мотиві М. Әусзов әңгімелерінде әр сапада көрінген. “Жетім”. “Қыр суреттері” әңгімелеріндегі жетім бала образын “Қорғансыздың күніндегі” Фазизамен салыстыра қарасақ, бұл мотив әр шығармада жана мазмұн, тың композициялық қызмет аткарғаны көрінеді. Бұл мотивтің берілуі тек Фазиза образымен байланысты емес. Бұл жерде жетім қалған аруақ, қорғансыз қарттық, жетім қызы осы үшеуі ортақ мотивті дисперстік деңгейге дейін көтеріп тұр.

М. Әуезовтің “Қорғансыздың күні” атты әңгімесін оқи отырып, қорғансыз жандардың ауыр да, аянышты халімен таңысамыз. Академик-жазушы З. Қабдолов әңгімеге жан-жақты талдау жасай келс, “Қорғансыздың күні” оқырманның көз алдына байырғы казақ ауылындағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр-теренінен қопарып эксліп, бейшара. қорғансыз жандардың түрмис-тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауырталықты аса шынышылдықпен әсерлі жаяды” [1. 250 б.], – деп тұжырымдайды.

Шығарманың тақырыбынан-ақ, М. Әуезовтің қорғансыз адам тағдырын суреттейтінін, оның трагедиямен аяқталатынын іштей сезіп отырамыз. Шығарманың қалай аяқталатынын, яғни окиға барысын ишара мен тұспалмен-ақ оқырманға алдын-ала білдіруді – “ишара мотиві” деп атасақ болады.

Жалиын әңгіме барысында “қорғансыз” ұғымы жиі айтылып, кеңінен түсіндіріледі. Демек, әңгіме тақырыбының өзі басты мотивке айналып, маңызды рөл аткарады. Әдебиет зерттеушісі ІІ. Дүйсенбаев: “Қорғансыздың күніндегі” үрдіс бір шытырман шиеленіс жок, қатысқан кейіпкерлердің де саны аз. Алайда, жазушының қолданған көркемдік әдісі, өмір шындығын берудегі шеберлігі тіпті басқаша. Шағын кіріспенің өзінен-ақ қорқынышты оқиғаның тәнгенін сезініп, дегірсізденгендей боласыз. Күннің

райы да, табиғат ерекшелігі де көнілдегі күдікті күшсітеп тұседі” [2, 4-5 бб.] десе, А. Нұрқатов: “...Арқалық тауынан аса соқкан азынаған сарнауық жел де, ұйытқи соқкан ақ түтек боран да. ішкे бүккен арам ойларын өзара ишармен ұғынысып келе жатқан жат пішінді екі жолаушы да, «иесіз аңырап ұмытылып қалған бірдене ескілді» ескі қора да, одан жарты шақырымдай жерде басы қара қожалак болған кішкене төбешіктің үстінде томпайып жатқан «бір ұлken кісінің, бір баланың бейіті» де – барлығы да болғалы тұрған бір сұмдықтың, қайғылы оқиғаның жарышында сезіледі” [3, 13 б.], – деп корғансыздар өміріне тәнгелі тұрған қауіпті алдын-ала сездіріп тұрған М. Әуезов шеберлігін бағалайды.

Шынында да, шығарма арқауының өзі уайым мен қайғыға құрылған. Тіпті Арқалықты да көнілсіз, панасыз етіп суреттейді.

“Даланың көнілсіз ұзақ жолында қажып келе жатқан керуенге Арқалық алыстан көрініп, дәмелендіріп тұрады. Жолдын аузында көлденең созылып жатқан тұрқы он шақырымдай болғанымен, сінсіз кереге сықылды, жалғыз тау. Не бауыры, не сыртында ықтыртын жоқ ыскаяқ. Арқалық жадағай, жалғыз қабат болған сон, қыс күнінде жел терісінен соқса да, онынан соқса да паналығы жоқ; азынап тұрады .. Сондықтан өзге жер ашық болып тұрғанда, Арқалықтың бауыры көбінесе бораннан босамайтын. Алыстан қараганда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Көруге аса көнілсіз” [4, 6 б.].

“Ұзақ жол қажытқан жолаушылар осы болымсыз кішкенес сзызыққа карап, қоналқақа келетін уйінің әр түрлі көнілсіз жағдайларын еске түсірді. Бұрынғыдан да тұнжырады. Көнілсіздік молайды” [4, 10 б.]. “Қораның сыртынан білініп тұрған осы секілді көнілсіз күйін көрген адам “бишара мынау кандаидорлының қорасы екен? – деп еріксіз айтқандай... Ақан мырза кораның сиқын көріп көнілсізденіп...” [4, 11 б.].

Байқап отырсақ, мәтіндегі көнілсіздік, корғансыздыққа апарып соғады. Яғни, шығарма мотивінің осы көнілсіздікпен байланысып тұрғанын көре аламыз. Неге көнілсіз? Бұл сұрақтың туындастыны белгілі. Автор оны уайым-қайғы, зорлық, жетімдік, қорлықпен жеткізеді. Мәтіндегі осындай негізгі ой-

ларды жинактай келе, әңгімеде “қорғансыздық” мотиві айқын созілетінін баса айтқанымыз жөн.

“Әңгімеде қарама-қарсы тұрган екі дүнис бар. Бірі-Ақан, Қалтайлар, өкілдері болып табылатын жыртқыштық, өктемдік дүниссі, екіншісі - Ғазизалар арқылы бейнеленген қорғансыздар дүниесі. Надандық пен тағылық жайлаган ескі ауылда мұндай қорғансыздардың көрген күні осы болатын. Олар “Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында” кете баратын. Осы тұргыдан алғанда Ғазизалар өздерінің рухани пәктігімен де, жан қуатымен де, аянышты тағдырымен де сол қорғансыздардың жинақты бейнесі есепті” [5, 105 б.].

Бұған теренірек токталу үшін, “қорғансыздық” мотивінің шығармадағы орындарына жеке-жеке көніл бөлгөніміз жөн:

“Корғансыздық” мотивінің көріну қалпы:

1. Шығарманың атауы: “*Қорғансыздық күні*”
2. “Иесіз корада қуатсыз, қорғансыз үш әйел құлазып зарлап қалғанда, маңайынан жиылған көрші қолаңшы ғазиздерінің сүйегін сүйкі қабырға салғанын ойлағанда, әрқашан Ғазизаның жүргегі шашып, өні қашып, көзіне ыстық жасы тамшылап кетуші еді” [4, 13 б.].
3. “Одан басқа уақытта үшеуі үйде онаша отырғанда жетімдік жалғыздық та, қорғансыздық-сорлылық та көздеріне айқын көрініп, көнілдерін мұн мен зардан айықтырмаушы еді” [4, 15 б.].
4. “Бұл баланың уайымы не? Уайымы – осы үйдегі үш әйелге ортақ болған жесірлік, жетімдік. Бұлардың басынан тағдыр дауылы жаңадан ғана соғып өткен. Қораның алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарынан туған. Бұл әйелдің қуаныш-қызығы да, үміт-қорғаны да сол сүйкі қабырға оліктермен бірге комілген [4, 13 б.].
5. “Кедейлігінен, қорғансыздығынан басқа міні жок, салмакты, таза тәрбиелі бала – бұл күнде сол не көріп отыр?” [4, 24 б.].

- 6 “Біз жетім-жесір қалған панасыз бишаралыз. Барлық дүниенің тауқыметін арқалап қалған жас балам – анау” [4, 15 б.].

Іә, бұл мысалдар қорғансыздықтың мағынасын бір деңгейде ашып тұр. Автор қорғансыз сезімен катар қуатсыз, жетімдік, жалғыздық, сорлылық, кедейлік, панасыз сөздерін қабаттастыра

колданатынын байқаймыз. Осылардың бәрі кейіпкерлердің жағдайын айқындай түсуге көмектеседі Бұл үзінділерге сүйснс отырып, қорғансыздықты шығармада мотив-концепт ретінде қарастыра аламыз. Енді осы жағдайлардан келіп туатын уайым-қайғы түсінігіне келсек, бұлардан шығармада көз ашатын жер жоқ десек тे болады.

“Фазиза зорлықтан босанғанда, есі ауынқырап, көніліне дүние дүнислігін жоғалтқандай, өзінен алтыстап бара жатқандай көрінді.” “Әкесі өлгеннен бергі: “Ә, құдай, біреудін зорлығын, қорлығын көрсетпе” де тілеген үыз тілегі қайда кетті?” “Барша басынан кешірген жетімдікке, бейнетке, жалғыздыққа, қорлық-мазакқа түгелімен қарсылық ойлады. Қорлық. Мазак көрген Фазизаның көзінен дұненің барлық қызығы кетті...” Бұрынғы қайғының бәрінен жана қайғы күшті болды” [4, 24 б.].

“Менде жазық жоқ, мен тазамын”, – деген ашық тазалықтың белгісі, қайғы-қасіреттен сейілген жас баланың ажары бар [4, 27 б.]. Бұл шығарманың шешімі. Қорғансыздың бірі – Фазизаның шешімі – автор шешімі.

М. Әуезовтің шығарманы үлбіреген жас Фазиза-нының өлімімен аяқтауында үлкен бір проблема жатқаны белгілі. Иә, оның әрі қарай өмір сүрге ар-ұтты жібермеді. Яғни, оның жас жүргегінде қазаки рух, тазалық бар. Бұл – ар, тән тазалығы. Бірақ та, піндешилік тұрғысынан келсек, ол бәрінен шаршады, ол әжесінің, шешесінің жанына келгенімен, еш нәрсе өзгермейді. Тек қайғыларына қайғы қосылады.

Басындағы ойы шешесінің алдына барып жылау болса да, автор оны басқа ойға жетслейді: “Көңілінде қалған таусыншық сезімнің ойлатканы: енді үйге кіріп қайтемін? Үйде мен көретін не қызық қалды? Бишара болған шешелерім ақырғы қайғымды көрмей-ақ, білмей-ақ қойын. Қайғылы бір сыр көрге бір кетсін де-гендей болып, тыска шықты” [4, 25 б.]. Автор айналага Фазизаның көзімен қарап, Фазизаның ойымен баға бергізеді де, оны өз еркімен құрбан етеді. Қорғансыз қызы өзін-өзі өлімге қилю арқылы, қайғы-қасіреттен айрылды. Қорғансыздықтан барып, “құрбан ету” мотиві шығады. Автор бұл мотивті дамыту арқылы, осындаш шешімге келуі - шығарма идеясындағы ар-ождан, рух дәрежесін

көрсестүге тырысқаны. Яғни Фазиза елгенімен, ар-ождан, рух дәрежесі көтерілді, олар тірі қалды. Егер олар өтгенде, жалпы қоғам қорғансыз қалар еді деген ой жатыр.

“Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ ұян, жұмсақ қарайтын қара көзіндс жәнс ылғи шытынған, кірбендерген қабағында қалың уайымның ізі бар. Пішіні мұнды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүргегін жесен дерт сыртына шығып тұр” [4, 13 б.].

Осылайша Фазизаның әдемі көркін, пәк те кіршіксіз жан дүниесін суреттей отырып, автордың қорғансыз жас қыздың басына түскен, ар ұтын жерге таптаған бұл жағдайдан соң осы өмірден бас тартудан басқа шешімге барғызбауы ешкімді таң қалдырмайды. Өйткені, ол қорғансыз, оның шешелері де қорғансыз. Осы арада М. Әуезов Фазизаның әжесінің де көніл-күйін суреттей отырып, қорғансыз қарттың бейнесін ашып береді:

“Мандайы мен скі ұртына түскен қалың терен ажымдары өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне кү” [4, 12 б.].

“Үй ішінің қайғысы бұрынғысынан да асты” [4, 27 б.].

“Құндердің күні болып жүдеп-жадап, біреуден зорлық, біреуден корлық көріп отырған үстіне келсөн, көзінің қырын саларсын... Ылғи жетім-жесір деп, қызығып анталап, бір нәрсемізді аузына түсіріп алғысы келіп тұрады... Мен сорлы балам өлгелі бері со-лардан көрген корлығымды айтайын деп отырмын” [4, 16 б.].

“Осы сөзді айтқанда, кемпір маңайындағы жауыздықтың бәрін айқын көріп, өздерінің сол жауыздықтың колында бір ойыншық болып отырғанын көріп, ызамен көзінің жасы соргалап ағып кетті... Осылардың осындай қортығын ойлағанда, осы жерде өлс қалғым кследі” [4, 216].

Бұл мысалдардан тек қана сол уақытта тірлік кешкен қорғансыз жандардың басындағы жағдайды ғана көрмейміз. Әр мысал әр кейіпкердің харakterін ашуда, оның іс әрекетін бей-нелеуде қолданылады. Фазизаның, әжесінің бейнесі осы мотив бөлшектері арқылы ашылады.

Қорғансыздықтың бір белгісі – шығармаданың тағы бір көрінісі бейіттің орын алуы. Шығармадағы бейіттің суреттелуіне тоқталатын болсак:

“Арқалықтың бір кішілеу биігінің басында тастан үйген оба секілді жалғыз мола бар... Қорадан жарты шақырымдай жерде басы кара коялақ болған кішкене төбешіктің ұстінде томпайып жаткан бір ұлкен кісінің, бір баланың бейіті бар... Иессінің дүниеге келгенін сөздіретін ақырғы белгісі – томпиган бейіт аз уақытта жойылмақ, ізі бітпек. Таудан аса соққан жел. бейіт тұрган төбешіктің басында есіресс қатты ызырықталады. Бейіттің тау жағынан топырағын ұшырып, скінші жағынан жалданған қармен басып жатыр. Аз уақытта бейітті түгелімен қар көмгендей. Бейіттен жарты шақырымдай жерде тұрган екі кішкене кора да бейіт секілді мұләйім пішінделген” [4, 106.]. Қораның алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарының болған... Газизаның көnlіндегі қалған ойдыңен ақырғы бұйрығы: экесі мен бауырының бейітіне. сксу інін арасында отырып зарлау... Газиза бейітті бетінс алып: “А, құдай, сидігі бар тілегім – осы қөкемнің басына жеткіз”, - деп жүріп кетті... экесінің бейітіне жабысып, қасіретті өмірдің ақырғы қуатын сол жерде берген скен” [47, 276.]

Әңгімде автордың бейітке көnlі бөлуі оқиға барысынан, оның шешімінен хабар бергендей. Бейітті суреттеу – қуаныштың нышаны емес скен анық. Күшікпай моласына жеке тоқталғаннан бастап. автор қазақ түсінігіндегі аруақ ұғымын, оның бағалануын аша түседі.

Газизаның көрген корлығынан кейін, корғансыз, пана-сыз күйінен шаршаганнан кейін бейітке қарай жүгіруінің өзі, оның панаңы тірілерден емес. аруактан іздейтінін көрсетуінің өзінде авторлық идсі тұргандай. Ол сол жерге барып экссінің бауырының аруағына мұның айтпақшы, ақырғы тілегі де соларға жетіп, солардың жанында пана табу. Бейітпен қатар аруактың шығармадағы жеке орнына тоқтала кетсек, оның шығарма мотивінс қатысын ашуға мұмкіндік тұады:

“Бұл әңгімені айтушы адамдар Күшікшайдың кім скенін жүртқа танытқанда, өзінің сол батырдың ұрпағы екендігін көnlінен бірталай қанағаг қылып, бойы кетеріліп, көnlі күнгірт өмірдің уайымынан бірталай сергіп қалушы еді” [47, 86.]

“Жолаушылар өтіп бара жатып, әлғі бейіттерге қарап: ауыздары күбірлеп, тоңған қолдарын көтеріп, беттерін сипап бата қылады...” [4, 86.]

“Газизаның ағам өлсө, күнім не болады деп, күндіз-тұні бірдей тыным алмай, құдайға құпия сыйырлап, оңаша жерлерде тыста жүріп өксіп-өксіп жылағаны, кемпір әжесінің мойнына бұршағын салып, ата-бабасының аруағына жалбарынғаны себеп болмай, екеуі де өлген.” [4, 96.]

“..Кешегі Жақыптың аруағы лағнет оқымасын, Мәрденді де жылатпайық: биыл бұның қатыны өлген, Газизаны соған берейік “– де айтады дейді” [4, 196.].

...Менің баламның жылағаны оларға не керек? Жақыптың аруағы ырза болмай, күніренгенді не керек?” [4, 206.].

“...кемпір күннің тұрін көріп, назалы дауыспен: Құдай, тағы тәбемнен үрайын деген екенсің ғой, қарағым адасты ғой. Ұшып өлді ғой. Аруақтарым қолдай ғер! Ақсарабас!” деп, баласын шақырып айғайлай бастады” [4, 266.].

Аруакты пір тұту, аруаққа жалбарыну М. Әуезовтің басқа шығармаларында да, өзге авторларда да жиі кез-десіп отырады. Демек, автор «аруақ, мола» мотивтерін де композициялық ыргакты дамыту үшін қолданған, аныздық-фольклорлық мотивтерге де орын берген. Олардың шығарма сюжетін дамытуда, қорғансыздық мотивін аша тұсуде де мәні зор. Қорғансыздық мотивінің бұл дәрежеге көтерілуі автор идеясының құрделілігінде және оның көркем сөз шеберлігінде жатыр.

Бұл жөнінде әдебиеттанушы, профессор К. А.Пысбаев былай дейді: “Жасынан ауыз әдебиетінен мол сусындал, аныз-әңгімелерге құлағының құрышы қанқан, естігсіндерін жадында сақтап өскен М. Әуезов өзінің көп әңгімелеріне аныз-әңгіме мотивтерін арқау еткен. Жазушының әйгілі «Қорғансыздың күні» әңгімесінде негізгі сюжектеке енбейтін бір бетке жуық үзінді бар. Ол ары-бері өткінші жолаушыларға кешкілік шал әңгімелейтін Күшікбай батыр туралы аныз. Ел билетін батыр, кезеңің батыр есімімен аталуы жайлы әңгіме, табиғат құбылысына әсер еткен батырдың тағдыры жайлы аныз әңгіме композициясына тұтас сиғен. Бұл үзінді әрі экспозициялық тақызымет атқарып тұр. Үзінді әңгіменің негізгі сюжеті болмағанымен де, жазушы шеберлігінің нәтижесінде қилюласып кеткен” [6, 111б.], – деп М. Әуезов әңгімелеріндегі

осындай фольклорлық мотивтердің сюжеттік, композициялық қызметіне барлау жасағандай.

Сонымен, әнгімені қарастыру барысында біз бір шығармада әр сипаттағы мотивтердің белгілі-бір жүйе құрап бір басты мотивке ұласып, көркемделіп, шығарма сюжеті мен композициясын шымыр, жинақы қытуға, идеяның көркемдік деңгейін көтеруге қызмет еткенін байқаймыз.

“Сұм заманының құрбаны болған қорғансыздар такырыбы жи-  
ырмасыншы жылдардағы М. Әуезов шығармаларының көбіне-  
ак, арқау болған. “Қыр сүреттерінде” әменгер шалдан қашып  
боранға ұшыраған Рабига, “Жетім” деген әнгімеде әке-шешесі  
өлгеннен кейін байшыкеш туысы Иса мен оның әйелі Қадишианың  
қолында қалып, құлдыққа, қорлыққа төзбей қашып шығып өлгенн  
жетім бала Қасым. “Қараш-қараш оқиғасы” повесінде Сәлмен  
байдың ондаған жыл малайлығында жүріп, ақыры жазықсызыз  
соққыға жығылып, жалаңаш қалып, сұыкқа үсіп өлген Тектіғұл,  
“Кім кінәліде” сүймеген күйеуі Жақыпқа көнбекені үшін таяқ  
жеп, дертке шалынып қаза тапқан Ғазиза, сол сықылды “Қарагөз”  
пьесасында сүйгеніне қосыла алмай. есінен адасып өлген Қарагөз  
– бұлар ескілікке мойынсұнбаған қорғансыз жандар” [7, 146]. –  
деп кезінде сыншы М. Қаратасев та М. Әуезов кейіпкерлерінің  
хал-жағдайларын психологиялық құбылыстарымен байланысты-  
ра отырып, қорғансыздық такырыбына мон берген екен. Демек,  
М. Әуезовтің бұл әнгімесінде ғана емес, «қорғансыздық» мотиві  
басқа да әнгімелерінде көрініс тауып, бір-бірін толықтырып оты-  
ратынын аңғарамыз.

Аталмыш мотив 1960-90 жылдардағы прозада қайтадан  
көріне бастаған. М. Мағауиннің, Т. Нұрмаганбетовтің, О.  
Бекейдің шығармаларында бұл мотивтің кезеңдік, қоғамдық,  
әлеуметтік қырлары жаңаша пайымдалады. Мысал ретінде М.  
Мағауиннің «Бір әкениң бала.ары» шығармасын алуға бола-  
ды. Бұл повестсігі жетім баланың қайғысы мотивінің функция-  
сы соғыс қасиretі, оның адам жаны мен тағдырына еткен әсері  
арқылы көрініс берген.

Қазақ әдебиетінде балалар мотивінің маңыздылығына көніл  
бөле отырып, бұл мотивті даму үдерісіне қатысты бала қасиretі.

бала сыркаты, жетімдік, баланың өмірден өтуі сиякты әр түрлі формаларын қарастыруға болады.

Казак әдебиеттандының қатысты зерттеу субъектеріндегі «мотивтің» орнына «сарын» баламасын қолдану кездеседі Бұл ұғымдардың ұқастықтары болғанымен, сарын ұғымы мотивтің толыктай мән-мағынасын ашпайтындығына әдебиеттандырылғанда көз жеткізе аламыз.

Терминдердің аударылуына қатысты соңғы уақытта шықкан көмекші құралдың бірінде мотивке қатысты туынды сөздер тізбегінің қазақша баламалары берілген. «Мотив – уәж; мотивология – уәжтану; мотивировка – уәжденім; мотивация – уәждеме; мотивированный – уәжденім» [8, 163 б], т.б. Егер бұл баламаларды ғылыми қолданысқа енгізетін болсақ, әр түрлі оқигалардың басын құрап тұрган «Қорғансыздың күні» әңгіме барысындағы «корғансыздық» уәжінің сипаттарын былай жіктеуге болады: корғансыз әруақ, корғансыз бейіт, корғансыз қара шанырақ, корғансыз жандар (корғансыз карт. қорғансыз ана, қорғансыз қызы), т.б. Әңгімеде дисперстік деңгейде көрінгендегі үәж сипаттары «Қорғансыздың күні» әңгімесін құрап тұрган оқигалардың басын біріктіріп, ортақ идеяны айқындауға қызмет етеді Яғни, бұл үәж сипаттарының әрқайсысы, жоғарыда айтып өткендей, жазушының өзге де шығармаларында әр түрлі көрініс тауып, интегралдық үәж деңгейінде көтерілген.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Өуезов тағылымы. Әдеби сын мақалалар мән зерттеулер / Құраст. З Қабдолов. – Алматы: Жазушы, 1987.
2. Өуезов М Уақыт және әдебиет. – Алматы Қазмемкөрбас , 1962.
3. Нұркетов А. Мұхтар Өуезов творчествосы. – Алматы Жазушы, 1965.
4. Өуезов М. Қорғансыздың күні. – Алматы Атамұра, 2002.
5. М. Өуезов әлемі / Құраст. Ж. Ауылбаев. – Алматы Жазушы, 1997
6. Алпысбаев К. Ой орамдары. – Алматы Санат, 2006.
7. Қазақ совет энциклопедиясы: 12 томдық 9 т. – Алматы Ғылым, 1976.
8. Аударматану (ғылыми-практикалық, көмекші құрал) Құраст.: Құлманов С – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008.

**ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ:  
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ М. ӘУЕЗОВ**

Тәуелсіз көзендеңі әдебиеттану талаптары тұрысынан алтың қарастырғанда теоретик ғалым Ахмет Байтұрсынұлы мен Мұхтар Әуезов ұлттымыздың рухани мұрасы болып табылатын сөз өнері, оның ішінде тарихи жыр, жоқтау, жұмбақ, мақал-мәтел және басқа да жанрлар туралы айтқан ғылыми ойлары мен теориялық тұжырымдары әлі күнге дейін құндылыктарын жойған жок. Қазақ әдебиеттануының кос алдыбы қоғамдық-саиси, әдеби, ғылыми қызыметтерін қатар атқарған әдебиет жана шырлары болды.

А. Байтұрсынұлының сөзімен жазсак, XX ғасыр басында канаты қатая бастаган ұлттық сананың басты қаруы – әдебиет болды. Ғылым, білімге ерекше көніл бөлу, оған жас толқынды баулу жөнінде Абайдан келе жаткан иғі дәстүрді кезінде А.Байтұрсынұлы да қалаған болатын. Азаматтық парыз деңгейіне көтерілген осы иғі бастаманы дәуіріміздің дара тұлғасы М.О. Әуезов жалғастырып, ары қарай дамыта түсті.

Қазақ әдебиетінің тарихын, оның бастау арналарын, даму кезеңдерін, қалыптасу жолдарын, ғылыми-теориялық анықтамаларын жасаудағы Ахмет Байтұрсынұлы мен М. Әуезовтің еткен еңбектері ұшан-теніз. Әсіресе, қазақ әдебиеттану ғылымы саласындағы А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926) – тұңғыш теориялық еңбек болса, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) – Ахан еңбегін дамытушы әрі бүкіл қазақ әдебиетінің тарихын, оның жанрлық түрлерін бір арнаға салып, ғылыми жүйеге түсірген алғашқы көсіби монографиялық еңбек болып табылады.

Жазығанына 80 жылдай уақыт болса да, осы екі сінбектің құндылығы – дәл бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану ғылымы тұрғысынан қарастырғанда мазмұнының маңыздылығында, күн тәртібінде тұрған көкейкестілігінде болып отыр. Аттарының өзі айтып тұрғандай бұл еңбектер әдебиет әлемін, көркемсөз табиғатын,

оның болмысы мен бітімін белгілеп. әдеби шығарманың тегі мен түрін, сыры мен сипаттын, мазмұны мен формасын ғылыми тұрғыдан толықтаныткан жүйслі зерттеу және бүгінгі әдебисттану саласының іргетасы мен негізгі арнасы.

Екі алып тұлғаның шығармашылығы жаңа сипатты жазба әдебиетімізді жаңаша үлгі, соны сөзбен толықтырды. Халық ауыз әдебиетінен ауызданып, оның эстетикалық мол мұрасын игерген дарынды дарабоздар әдебиетімізге жаңаша көркемдік ойлау формасын, суреттеу жүйесін әкелді, көркемсөз қазынамыздағы жаңа стильдік ағымның қалыптасуына да себепкер болды.

ХХ ғасыр басындағы 1920-30 жылдарда қазак әдебиетінің эстетикалық бастауы – ауыз әдебиеті дәстүрі болды. Ұлт әдебиетіндегі сөз өнерінің /А. Байтұрсынұлы/ барлығы яғни атап айттар болсақ, батырлық жырлар мен дастандар, ертегілер мен аңыздар, жоктау мен систірту, тойбастар мен басташар, бесік жыры, шешендік сөздер, макал-мәтеддер, жұмбақ пен жаңылтпаштар. нақыл сөздер т.б. секілді жанрлық түрлер ғасырдан ғасырға ұласып, атадан балаға мирас болып бүгінгі күнге дейін жестіп отыр.

М. Әуезов жоғарыда аталған «Әдебист тарихы» атты ғылыми зерттеуінде казак тарихында көрнекті орын алған батырлар әңгімесінің тууы ескі замандардан бастау алатынын нақты мысалдармен айта келіп, фольклорлық дәстүрдін тарихи жыр үлгілерінде әдеби жаңашылдықпен толықтырылып көрініс беретінін терен талдаулар арқылы анықтап береді. Сондай-ақ, осы еңбегінде әдебиетші, зерттеуші ретінде жақсы танылған М. Әуезов қазақтың қаһармандық сипаттағы эпосын «батырлар әңгімесі», «тарихи өлеңдер» деп жанрлық түрлерге бөліп қарастырады.

М. Әуезов бұл еңбегінде «*тарихи жырға*» мынадай ғылыми анықтама береді: «Тұр жағынан алғанда тарихи өлеңдер бұрынғы батырлар өлеңдерімен туысады (Ғалым батырлар жырын жанрлық тұрғыдан қарастырып отыр – А.О.). Тарихи өлеңдердің қаһармандарына елдің өзі «батыр» деп ат қойған» [1, 147].

Нагыз тарихи өлеңдер ен алдымен тарихта шын мәнінде болған оқиғаға құрылары хак. Ал оның кейіпкерлері де тарихта

болған болгілі бір кезеңде өмір сүріп, ел өмірінде қайраткерлік іс атқарған, ерлік көрсете білген тарихи тұлғалар екендігі де сөзсіз. Сол себепті де оқушының тарихи өлеңдерді толық танып, үғу үшін ең алдымен олардың сол кездегі тарихи оқиғаларды, сол заманың шартын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, мезгіл-мекенін, таным дүниесін терен оқып-білу керектігін де ескертे кетеді.

М. Әуезовтің тарихи өлеңге берген ғылыми-теориялық тұжырымы А. Байтұрсынұлының тарихи жырға берген анықтамасымен үндес, мағыналас. Оған көз жеткізу үшін енді А.Байтұрсынұлының тарихи жырға берген анықтамасына тоқтала кетейік: «*Тарихи жыр* деп тарихта бар, мағлұм оқиғалар турасында басқа жүрттардың тарихында жазылған мағлұматтар бар. Халықтың өзінің есінен кетпеген, қазақ басынан кешірген оқиғалары толып жатыр. Солар туралы елең етіп шығарған сөздер болса, солар тарихи жыр болады» [2, 239], – дейді. Тарихи оқиғаны ғана шығарма арқауы ететін тарихи жырдың табиғатын ғана ашып қоймай автор бұрындары әдеби, ғылыми айналымға ене қоймаған бірнеше тарихи жырлардың тізімін жасайды. Олар: «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ер Назар», «Бекет» т.б. жырлары.

Сонымен бірге М. Әуезов тарихи өлеңдердің екі түрлі көркемдік және жанрлық ерекшелігін атап көрсетеді: «біріншіден, барлық ағымдардың бетінде тарих болып жатқан жер, сорғалаған қан, сойтақтаған із бар, жасыруға, жалтаруға келмейтін шындығы бар екендігімен байланыстырса, екіншіден, тарихи өлеңдердің көпшілігін сол оқиғаның ішінде болып, сол заманды өз көзімен көргендер жыр стеді деп [1, 148] айрықша атап көрсетеді. Тарихи оқиғага құрылған мұндай жырларды бір жікке шығарып, арнағы жүйелей келе «Кенесары», «Исатай-Махамбет», «Бекст батыр» жырларына жеке-жеке түсініктеме береді .

Ал, батырлар жыры мен өлеңдерінің бергі заманга жакындаған сайын жана өзгеріске түсіп. тұр, көркемдік жағынан әлсіреп бара жатқанын да жазады.

М. Әуезовтің де, А. Байтұрсынұлының да қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп, жазудағы алға қойған мақсаттары – ежелгі дәуір әдебиетінен бастап Абайға дейінгі сырлы да асыл сөздің тұрлерін

анықтап беру. Бұл жерде срекше атап айттар нәрсес қос ғалым М. Әуезов те, А. Байтұрсынұлы да тарихи жырлардың жанрлық түрлерін өзге елдің теориялық анықтама-тұжырымдарына сүйснебей, тек ұлттық ұғымға лайық түсінік тұрғысынан танытып, тек қазақ әдебиеттануындаған қолданылатын «*пен создері*» (әдеби термин) ретінде сөздік қолданысқа ендіріп, қалыптастыру жағын ойластырған. Олардың ғылыми анықтамасы бүкіл елге, тіпті қарапайым оқушыға да түсінікті тілмен айтып, түсіндіруге лайықтап жазылған.

Ауыз әдебиетін фольклорлық мұра есебіндеған қарастырып қоймай, олардың жазба әдебиет пен көркем өнердің дамуына үнемі елеулі ықпал жасап отыратынын, біздің кез-келген көркемдік жетістігіміздің бастаудың көнеден келе жатқан әдеби мұралар скендігін, оны творчестволық мықты фактор тұрғысынан да жан-жақты бағалап, зерттеу көректігін белгілі әдебиетші-ғалым Е. Ысмайылов та «Әдебиет жайлы ойлар» [3, 71] атты еңбегінде атап еткен.

ХХ ғасырдың басы өзінің даму, өсу ерекшелігі бар, небір асыл сөздердің мол мұрасын қалдырған әрі әдебиетке тын күш, тосын таланттар ала келген «алтын көпір» іспестес.

Қазіргі таңда ұлттық көркем ойымыздың шығанға шығуына зор үлес қосқан Алаш қайраткерлері Әлихан, Шәкірім, Ахмет, Жұсіпбек, Мағжан, Міржақып, Мұхтар және тағы басқалардың творчестволық мұрасы ғылыми айналымға түсті.

ХХ ғасыр басында қазақ халқының фольклорлық мұраларын жинау, зерттеу барысында М. Әуезов те, А. Байтұрсынұлы да ең алдымен оның терең иірімдеріне бойлай отырып, қазакы ұлгілердің өзіндік түрлерін айқындауды. Қос ғалымның теориялық дайындығы мен ғылыми ой-тұжырымдары ауыз әдебиеті мұраларының түркі халықтарына ортак, соларға тән заңдылықтарды ашып, анықтауға мүмкіндік береді. Екі ғалым да өздерінің еңбектерінде қажет деп санаған мәселелерінің бірі – қыска ұлғіде болса да қазақтың көне, орта ғасырдағы тарихынан құнды мәліметтер келтіре отырып, болашақ әдебиет зерттеушілерге де бағыт-бағдар сілтейді. М. Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде адам баласының өміріндегі

қайғы мен мұнға қатысты өлсіздерді сл салтындағы «шер өлеңдері» деп атап жоқтау, естірту, көніл айту сияқты тұрларіне тоқталады.

М. Әуезов ауыз әдебиетіндегі аталған өлеңдер тобын белгілі бір әдет-ғұрыптың, салттың маңына топтастыра отырып зерттейді. Салт өлеңдерінің ішінде арғы тегі наным-сенімнен туып, жанрлық деңгейге көтерілген жоқтау өлеңдері туралы жазған құнды пікірлері ғалым іздесінің нәтижесі. «Жүрек қайғысын өлеңмен, әнмен, кейде құймен шығару ескіліктің сүйген түрі болван» [1, 22]. – деп ғалым жоқтау өлеңдерінің тылсым сырына теренірек үңілу ге тырысады

Еңбекте елдің елдік, ерлік рухын көтерген Абылайдай ханының жоқтаған Бұқар жыраудың жоқтауы, Нармамбет ақынның Сарыарқаны жоқтауы, келінің атасының жоқтауы нақты мысалдармен берілген. Ғалым жоқтау жанрын өзге халықтар (орыс халқының) мұраларымен салыстыра зерттейді. Орыс халқында жоқтау айтуды жоқтағыш (Плакальшица) әйелдер арнайы көсіп қылған. Ал қазақ жоқтауының бұдан көп өзгешелігі бар. Қазақ жоқтаулары көздің жасы, жүректің жалынымен, көнілдің шын қайғы-зарынан шыққан дауысы, сарыны белек жоқтау. «Қазақтың кісісі өлсе, оны қаралы үйдің қатыны, шешесі, қызы, карындасы жоқтайды ...казактағы жоқтау өлең өлген бір адамның өзіне ғана арналып шыққан тың сез болады, жаттама өлеңді айту – қазакқа мін» [1, 25, 26].

Жоқтау жанрын қазақ әдебиеттану ғылымында ғасыр басында А. Байтұрсынұлы да. М. Әуезов те қарастырған. А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» жоқтауды ауыз әдебиетінің «Сарындағы» саласы бойынша жіктеп, оның той бастар, жар-жар, беташар, неке қияр, жарапазан сияқты тұрларін «ғұрып сөздеріне» топтастырады. Жоқтауға мынадай анықтама береді: «Жоқтау – өлген кісіні жоқтап сөйлеу, көбінесе белгілі адамдарға айтылатын жыр түріндегі сез» [2, 254]. Екі ғалымның да жоқтауға берген анықтамалары бір болғанымен, оның табиғатын ашатын мысалдеректері әр түрлі.

Қорыта айтканда, біз бүгін XX ғасыр басындағы А. Байтұрсынұлы мен М. Әуезовтей ұлы, текті тұлғалардың ой сабактастығы, пікір үндестігінің тек тарихи жыр мен жоқтау жан-

рына қатысты ой-толғамдарының кейбір қырларын қысқаша сез еттік. Әрине, бұл мәселе әдебиеттегі үлкен келелі мәселе екендігі сезсіз. Ол тұрасындағы толғакты ойлар келешекте де арнағы сез болады деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Өуезов М. Әдебиет тарихы А., 1991
2. Байтұрсынов А. Шыгармалары А., 1989
3. Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. А., 1968

**Күзембай С.Ә.**

## **ҒАРИФОЛЛА ҚҰРМАНҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ОПЕРА**

Казақстанның ұлттық операсы халқымыздың рухани өміріндегі жаңа көркемдік құбылыс. XX ғасырдың басында ғаламдық, қоғамдық және әлеуметтік өзгерістер тұсында пайда болған казақ операсы көтесі онжылдықтарда өз дәүірінің көркемдік ері эстетикалық талаптарына сәйкес бола отырып, музыка мәдениетінің күрделі саласына айналды.

Музыкалық, поэтикалық және сахналық өнердің маңызды үштігінен құралатын жанрдың артықшылығы - оның сан ғасырлық фольклорлық мұрасының (ауызша поэтикалық, прозаикалық, музыкалық және орындаушылық) орыс классикалық дәстүрімен, батыс сурона өнерімен және казіргі заманғы көркемдік процестермен бірге орынды түрде бірлестігін тауып, колданыска снуінде.

Тарихи құбылыстардың ауқымы мен терендігін адам тағдырындағы күрделі шешуші кезеңнің қамтылуы жағынан және форма байлығы мен әдіс-тәсілдерінің молдығынан опера жанры заманың маңызды сұрақтарын бейнелесуде ең жоғары сатыға айналды.

Академик Б.В. Асафьев: «...композиторларға қоршаған әлеуметтік ортага опера арқылы шығу ен тиімді, онай жол. Бұл – театрдағы жанды дауыстаран эмоциялық әсер алған адамдармен өзара қарым-қатынасты айтпағанда. оның әдеттен тыс іс-әрекет.

козгалыс байлығы, сюжет пен формалары қиялды дамытып, сонымен қатар нақты шындыққа бағыттайты». - деп дәл көрсеткен еді.

Қазақстанда жана мәденисттің қарқынды дамуы барысында опера ролі ерекше айқындалды. Шынайы өмір құбылысын. күрделі идеялар мен образдарды төрөн де жан-жақты жеткізуде жаңр мүмкіншілігі мен халықтың бай асыл музыка мұрасымен байланысы арқасында ұлттың рухани өмірінде маңызды орынға ие болды.

Ұлы опера композиторы П.И. Чайковский: «Опера, тағы да айтқанда, опера сізді адамдармен жақындастырады, сіздің музыканызды нағыз тыңдарманнның сүйіспен-шілгіне бөлейді, творчествонызды шағын топтың ғана емес. қолайлы жағдайда бұқара халықтың игілігіне айналдырады». – деген скен. П.И.Чайковский айтқан «колайлы жағдай» Қазақстанда өткен ғасырдың 1930-жылдардың басында туған еді.

Бұл көзіндердес опера өз табиғаты арқылы көп елге ортақ ұлттық және жалпы адамзаттық дамудың алдыңғы қатарына шықты. Қазақстандағы бұл жанрдың қалыптасуы, дамуы бұрыннан келе жатқан әлемдік классикалық өнердің ықпалымен жүрді, онда қазактың дәстүрлі мәденисттің көркемдік және жанрлық мүмкіншіліктері молымен пайдаланылды. Бұл құбылыстың өзегі Республикалықтың қосіби өнерінде тарихи қалыптаскан интегративті бағыттар мен үздіксіз динамиканың нәтижесімен сипатталады.

Ұлттық операның шырқау биігі А. Жұбанов пен Л. Хамиидидің «Абай» (1944) операсы және КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері КСРО халық артисі М. Төлебаевтың «Біржан-Сарасы» (1946) саналады. Осы аталған қойылымдарда және басқаларында («Ер Тарғында», грузин операсы «Даисиде», эзіrbайжан операсы «Наргизде») орыстың классикалық туындыларында биылғы жылы 100 жылдығы аталып отырған Фарифолла Құрманғалиев жауапты және басты рольдерді сахнада асқан шеберлікпен сомдады.

Көне дәүірден бастау алған, басқа ешбір елдің музыкасына ұқсамас өзіндік ерекшеліктерге толы, ғасырлар қойнауынан та-мыр тартып сабактастығын сактаған қазақ халқының музыкалық өнері бүгінде руханияттылықтың сарқылмас бұлағы болуында.

Ұлттымыздың жаңа мәденисттік даму жөлісінде профессор Құрманбек Жандарбековтің айтуынша «аттын дәүір» деп аталағын өткен ғасырдың 30-жылдары музыкалық саламыздың жаңа көсіби ошактарға құлаш сермен, өзіндік болмысын тауып, дами бастаған кезеңі болатын.

Міне, осы жылдары өнер сахнасына аты анызға айналған ортақ фольклорымыздың мәуелі бұтағы, батыс өлкесінің ән орындау дәстүрінің кайталанбас жарқын жүлдзызы, әнші. әрі сазгер, актер әрі ұстаз, Мұхиттың дарынды ізбасары Шынтас пен Шайхыдан әншіліктің қыр-сырынан тікелей дәріс алған, һәм домбыраны қатар менгерген Қазақстанның халық артисі, атакты сахна сандағы Фарифолла Құрманғалиев ағамыздың сан-қырлы шығармашылық жолдары бастау алды.

Казак халқының бүгіндегі көп бағытты музыкалық өнірінің атап айтқанда аспаптық, опералық, концерттік, орындаушылық, композиторлық салаларының даму калыптасу, көсіби деңгейге көтерілу кезеңдерінің қайсысын алсаңыз да. Farекенің өзіне тән қолтанбасы жатыр.

Қайталанбас дарын иссі алғашқы қазақ операларына көлтеген батыс өнірінің ән үлгілерін жеткізіп, ол әндерді сахналық образдармен, сюжеттік желіспен тығыз ұштастыра келе, олардың болмыстарын нақтылы түрде жан-жақты ашты. Мысалы, Е.Г. Брусиловскийдің «Қызы Жібек» операсындағы ақын Шегенің термесі Farекенің орындауындағы батыс ән өнірінің үлгісіндегі туынды. Осы тұрғыдан отызынши жылдардың аяғына шолу жасасақ. Фарифолла Құрманғалиев, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Құләш Байсейітова, Манаrbек Ержанов сияқты замандастары біртуар өнер тарландарамен бірге ұлттық мәдениетіміздің жаңашыл шанырағын көтеріп, уықтарын бекітіп, Еуропа, орыс мәдениетінің көлөңкесінде қалып, жұтылып кетпеуінс асқан жігер, сүйіспеншілік, табандылықпен белсенді түрде атсалысты. Сондықтан да олардың есімдері тарихымызға алтын әрітермен жазылып қалуда.

Жоғарыда аты аталған ардақты есімдердің кай-қайсысы болын, бойларына сініріп сактаған ұлттымыздың жүздеген інжүмаржан әндерін Евгений Брусиловскийге жеткізіп, онымен бірге

ақылдастып, сахна ксийіпсерлөріне сәйкес пайдаланғаны туралы композитордың өз естеліктерінен білеміз. «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» операларында Ғарекен айтып берген бірнеше батыс әндерінің үлгілері сюжеттік желіске байланысты орынды түрде келтірілген.

«Қыз Жібекте» Ғарекен ақын Шегенің бейнесі арқылы тұнғыш музикалық театрдың төріне шыкты. Мұнда ол өзіне тән керемет табиғи сахналық және артистік, вокалдық шеберлігімен өзін көпшілікке танытты.

Жасыратыны жоқ, дүниежүзінс есімдері белгілі болған кәсіби вокалдық шеберліктері өте жоғары бағаланатын, белгілі опера әншілерінің кейбіреулеріне сахналық, актерлік өнердің кейде жетінкіремей немесе көлеңкелсу болып қалатыны белгілі, ал, Ғарекене келсек, тіпті басқаша – жан-жақты шеберлікті де бірдей ұстап, орындаушылықтың шоқтығын тендей көтеріп, бейнелеудің тамаша үлгісін жасады. Бұл опера әншілерінің бойынан әр уақытта көріне коймайтын сахналық кемшилікке жататын құбылыс

Ғарекеннің орындаудағы Шегенің термесі әуседі жағынан келгенде ішкі үндестікке бай, ағынды судай екіншінді, экспрессивті түрде айтылып, сахнадағы алғашкы қадамынан-ақ жүртты бірден өзіне қаратып, баурап алатын сезімді тындаушылар әлеміне енгізіп жібереді.

«Қыз Жібектегі» Шегеден кейін F. Құрманғалиев опера сахнасында бірталай харakterлі образдарды өте сәтті бейнеледі. Ол – қаһармандық эпос «Ер Тарғында» батырдың он қолы Сақанды. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында жагымсыз кейіпкер Нарымбетті, М. Төлебаевтың «Біржан-Сарасында» Біржанның шәкірті Естайды шеберлікпен сомдады.

Либретто мазмұны (авторы академик Қажым Жұмалиев) халық дарындары Біржан сал Қожағұлұлы мен Сара Тастанбековалардың өміршіл өнертері мен трагикалық тағдырын көрсететін бұл операда. F. Құрманғалиев өзіне өте жақын образ ақын Естайды ашты. Оның Естайы нағыз ұалық даналығымен туындалған жарқын бейне. Операның ең қызықты және эмоционалдық әсерілігі биік Біржан мен Сараның айтыс көрінісінде. Ғарекен бастаған жастар

тобы айтыскерлерді қызу қолдап, көтерінкі және жайдары интонациялармен, репликалармен бұл көріністі ерекше жандандырып, шабыт береді. Айтыстың алдында Естай – Құрманғалиев ақын Сараның келгенін хабарласа, ал Қоянды жәрменекесінің басталу кезінде ол өзінін жалтынды термесі арқылы бұқіл халықты қошеметтеп, осы жәрменекеге атақты Біржан-салдың қатысатының хабарлап, дүйім жұртшылыққа қуанышты сезім туғыздырады.

Опералық орындаушылық жолында Ғарекеннің ашқан бейнелер галереясында Е. Брусиловскийдің «Жалбырын» (1935) ерекше атау қажет. Мұнда әнші екі бірдей рольді сахнада бейнеледі. Ол, біреуі кедей шаруа Қайрақбай болса, ал. екіншісі – Жалбырдың сарбазы Елемес.

Классик жазушы Бейімбет Майліннің либреттосына жазылған бұл шығармада қаһарлы 1916 жылдағы қанды оқиғалар паш етіледі. Ел қамқоршысы Жалбыр бастаған қазақ халқы (оның ішіндегі Елемес – F. Құрманғалиев) ақ патшаның әділетсіз жарлығына, жергілікті бай-болыстардың озбырлығына қарсы азаттық күрессе шығады. Бұл жолда патшаның жазалаушы отрядының жаңбырша жауған зенбіректен жазықсыз халықпен бірге тұған елінің азаттығы үшін күрессе шыққан жас Елемес оққа ұшады.

Операның бірінші актісінде Ғарекеннің Елемесі болашак жары Хадишага өзінің шексіз махабbat сезімін (Ақан серінің «Балқадишасы» арқылы) білдірсе, сол үшін күрессе. Хадиша өз басындағы мұнын, замандағы әйел тенсіздігінің құрбаны болғандығын Мұхит Мералыұлының «Жайма қоңыр» әнімен жеткізеді. Сюжет барысында Елемес тұған халқының бостандығы үшін жас өмірін құрбан етеді. Ғарекеннің сомдаған бұл бейнесі ете шынайы, өмірлік тартымдылығымен терең әсер қалдырады.

Әншінің айтуы бойынша жеті жасынан өнерге талпынысы ангарылып, ауыл арасындағы той-томалактардағы ақындар айтыстарын, белгілі әншілердің өнерлерін көріп, бойына сіңіріп өседі. Музыкалық дарыны, тамаша табиги тенор дауысы, ашқан музыкалық қабілеті табандылық пен еңбеккорлық арқасында жас Ғарекеннің әншілік өнерін тұған жерінде жылы қабылданып, тез арада құрметке ие болды.

Өнер тарихының өткен жылдарын еске алсақ, 1934 жылы 25 жасар F. Құрманғалиев халық таланттарының бірінші бүкілқазақстанның слетінде тамаша өнер көрсетті. Оның асқан әншілік шеберлігіне әділ қазылар алқасы бірауыздан жоғары баға берсе отырып, Алматыдағы Қазақ музикалы театрына жұмысқа қабылдады. Міне, осыдан бастап Farекен кәсіби әртіс ретінде сүйікті музикалық вокалдық өнерімен айналысты.

Жылдар өткен сайын өзінің ерекше дарындылығына қарамастан, сахна төрінде жетекші рольдерді сомдаса да, әрдайым дауыс қоюмен, оны шынықтырумен, пысықтаумен шұғылданады. Сонын нәтижесінде орындаушылық мәселелері, әдістемелері көркемдік шешілім тауып отырды.

Сөзіміздің соңында академик А. Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» атты монографиясынан Farекен туралы бір қызықты мәліметті көлтіруді жөн көрдік. 1950 жылы F Құрманғалиевпен Қытайда гастрольдік іс-сапармен бірге болған Ақаң әншінің улken табыспен сахнада эн шырқаған сәтінде күә болады.

«Фарифолла «енди болған шығармын» деп тағы да бірнеше рет басын иіп. сахна артына кетіп еді, халық тіліті арқасы қызып, залды сатырлатып, конферансъенің аузын ашуға мұрша бермседі. Амал жоқ, Фарифолла тағы шығып, енді өзінің жорға мінгендей тымакты алышы киетін «төл аты» – термеге басты. Мұнда Фарифолланың азуы энде, саусактары домбырада, ал көзі баяғы балкон деңінен төмен түспей (онда сол жердің қыз-келіншектері ер азаматтардан бөлек отырған екен), сол жакқа карап, бірессе бадырайып, бірессе сжірейіп, бірессе құлімдеп, бірессе қағылып, есі-дерті әйелдер тобы жағында болды. «Оның қалай?» – деп кейін сұрағанымызда, ол әйелдердің бөлск отырғанына өзініше «саяспи наразылық» көрсеткендегісі екен де, екіншіден, оның наразылығының аяғы төмсінде партерде отырған еркектердің көзініше ол әйсідерді көтеріп, дәріптесу екен. Бұл бір суретті беріп отырғанымыз, Фарифолла қайда, кандай слге, қай жерге шықса да. оның көркемдік табысы әр кезде де аса жоғары болады. Ол дауысы шалқып жатқан кен дариядай айта қалғандай әнші. Термелеп, желдірмелетіп кетсе алдына қара салмайтын жыршы. Ол халықтың мол байлығын, орындаушылық дәстүрін

жете менгерген халықтан шыққан, шындығында, бір кездесстің суреткөр, – деп тұжырымдаған екен [2, 402 б.].

Ғ. Құрманғалиев ұлттық опера сахнасының жарқын жұлдызы еді. Оның әншілік шеберлігі, сахналық көркемділігі, табиғи дарыны, сомдаған бейнелері, көріктеу әдістері, казаки, руҳы халқымыздың мәңгілік асыл мұрасына айналды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 Асафьев Б Избранные сочинения В 5 т Москва, 1957 – Т. 5.
- 2 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, Жазушы 1975 – 462 б
- 3 Очерки по истории казахской советской музыки – Алма-Ата Казгосиздат, 1962. – 205 с.
- 4 Күзембаева С.А. Воспеть прекрасное. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 104 с
5. Күзембаева С.А. Национальные художественные традиции и их конвергентность в казахской опере. – Алматы, 2006 – 380 с
- 6 Қазақ өнері Энциклопедия – Алматы Білік, 2002 – 800 б

**Имаханбетова Р.С.**

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚЫРЫҚ МЫСАЛ**

Әдебиет зерттеушілері Ахмет Байтұрсынұлының 1909 жылы Петерборда басылып шыққан «Қырық мысал» атты жинағын казақ мысал жанрының алтын дінгегі деп таниды. Алтын дінгек деп танылған, мысал жанрының бірегей үлгісін дамытушы Ахан туындысына міне, биыл 80 жыл толып отыр!

Егер біз зерделеп саралар болсақ, XX ғасыр басындағы адамзатының әлеуметтік қалыптасу тарихында қазақ ұлттының коғамнан құрып касту қаупі тұрғанын жан-тәнімен сезген Ахан, Крылов мысалдарын қазақ халықын құлдық санадан құтқарудағы бірден бір қару деп танығандыктан, тәржіма жасауды мақсатты түрде қолға алғанын көреміз. Күрескер-акын мысал жанрына көніл бөліп, шағын көлемді өлеңдер арқылы маңызды ойлар айта білудің, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зорекендігінтерен түсінген. Және патша саясатының ұзын құрығынан құтылуудың жолын әлеуметтік ортага мысал-өлеңді тәржімалау арқылы наси-хаттауды мақсат еткен. Жалпы, қазақ ақын-жазушыларының мы-

сал жанрына калам тартуларына орыс мысалшысы И.А Крылов шығармаларының эсері болғандығы әдебиет тарихынан белгілі.

«Қырық мысал» ақынның көзі тірісінде үш рет жарық көрген. 1909 жылы Петерборда 116-бетпен басылған кітабының кіріспесін «Замандастарыма» деген шумақпен ашқан. Онда:

Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Әзірге қолдан келген осы барым.  
Қанағат азға деген. жоққа сабыр,  
Комсынып, қонырайма, құрбыларым.  
Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,  
Күн қайда үздік шығар топтан жарып,  
Ат тұрмас. аяғында желі болса,  
Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.  
Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,  
Естілсе құлағына дүбір барып.  
Әйтпесе, арық шауып ондыра ма?  
Жүргенде қамыт басып, қажып-талып –

деп. казак оқығандарына құлаққағыс жасай отырып, олардың ұлттық санасының оянуы үшін намысын қамшылайды.

Ақанның қаламынан тәржімаланған тұңғыш жинақты Мұхтар Әуезов «Ақан салған әдебиеттегі елшілдік ұран» деп дәріпте, оның сол тұстағы қазақ оқығандарына бағдаршам болғанын 1923 жылы мерейтойға арналған құттықтау лебізінде жазды. Ол өзінің рухани ұстазы Ахметтің қаламалды жинағына мынадай баға берді: «...Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер А. Байтұрсынұлынікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдал шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұнды, мұқтаж, терең мақсат тұртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпак. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады».

Осы Мұхан сипаттамасынан Ахаң жинағынан халық әдебиетіне қосылған мысал жанрының соны түрі дегенмен горі, оның ұлт санаасын оятудағы әлеуметті-рухани елшілдік ұран болудағы рөлінің маңызы аса зор сценіндігін байқаймыз. Шындығында «Қырық мысалдың» рухани жалғасы Аханның үзсінгілес шәкірті Міржақып Дулатовтың «Оян қазак» атты өлсін кітабы болатын. Міржақыпша айтсак, қырық мысал татарлана бастаған казақ оқымыстыларын дср кезінде «өз үйрінс» қайтарған бірден бір еңбек болған.

Мысал жанрындағы негізгі зандылықтардың бірі – бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал, сол автордың шеберлігінің аркасында төл туынды болып кете беруі жіл кездесстін құбылыс екен. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен. Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенін барша әдебистке ортактығы. Ахаң мысалдары да көлемі жағынан, сюжеттік дамуы барысынан басқа сөз зергерлері туындыларынан дараланып тұрады.

А. Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өмірінс бейімделгендін, сол көздегі қазак қоғамының саяси-әлеуметтік ұранысына ең қажетті ойлармен толықтырылғандығымен дараланатынындығын әдебиетші-ғалымдарымыз: Ш. Елеуекенов, Р. Нұргалиев, С. Кирабаев, Ж. Ысмағұлов, С. Мақпиров, Ә. Әбдіманов, Т. Шанбаев т.б. өз зерттеулерінде талдап жазып, саралы тұжырымдарын айтып жүр. Енді сол зерттеу енбектердің кейбірінс тоқталып, жадымызды тағы бір жаңғыртсак.

Мәселең, әдебиетші-ғалым Ш.Елсукенов қазақы күйге сиғен Ахаң туындыларын төлтума деп қабылдау керектігі жөніндегі ұсынысын 1989 жылы шыққан «Жаңа жолдан» деген кітабындағы сараптамасында шегелей айтады. Мұны басқа әдебиетшілер дс қош көргені анық. Ш.Елсукеновтің ұсынысы слесусіз қалмады, 1994 жылы Т. Шанбаев «Мысал жанрының стилі мен тілі» (А. Байтұрсынұлы 40 мысал) атты кандидаттық диссертациялық енбек қорғады. Әдебиет теориясы мамандығы бойынша жазылған бұл зерттеу енбектің ғылыми жаңалығы – А. Байтұрсынұлы мысалдарының стильдік төлтума сипаттарының даралығын

ашу болды. Және зерттеу еңбекте осы мысалдар арқылы қазақ мысал жанрының күрт өрслеу кезеңінің табиғатын тану – қазақ әдебиеттануғының өзекті мәселесі деп қарастырылды. Зерттеу еңбек мысал жанрының дамуы бүкіл қазақ поэзиясын жана деңгейге көтерген қазақ әдебиетінің классигі Абай Кұнанбайұлының дәстүрін рухани серпіліс кезеңінде жаңа биікке көтерген – Ахмет Байтұрсынұлы екенін айқындал берді.

КРУҒА-ның корреспондент-мұшесі, профессор Р. Нұрғалиевтің «Ақ жол» жинағының алғы сөзінде қазақ ақын-жазушылары мысалдарының ерекшеліктері туралы: «Абай аудармалары Крылов тұпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді. Спандияр Қебеев 8 мысалды қара сөзben баяндаған. А.л. А.Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. ... Крыловтың 10 жолдық «Шымшық пен Қөгершін» мысалы – А. Байтұрсынов аудармасында 32 жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен Бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, «Арыстан, киік һәм тұлғқі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол. «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада 68 – жол, «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер «қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке су-рет қосып, жаңа ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді» деп жазды.

Осы тұжырымға қосатынымыз А. Байтұрсынұлы мысалдарының көлемді болуына олардың әрқайсысына ғибратнамалы-түсінік шумақ беруі себеп болған. Мысалы, 7 шумақтан тұратын «Екі бөшкес» мысалының 4 шумағы ғибрат болып табылады. 6 шумақты «Малшы мен маса» мысалының соңғы бөлімі 3 шумақтан құралған. Яғни, басты ой сонынан түйінделіп, ғибрат ретінде ұсынылады, кей тұстары таратылып та айтылады.

Академик С. Кирабаев «Әдебиетіміздің актаңдақ беттері» атты кітабында Аханның ақындығы әрі аудармашылығы жөнінде былай дейді: «Ахметтің ақындығы 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалдан» басталады. ... Ахмет

бұл сибебінде тек орыс мысалшысының дәрежесінде қалып қойған жок. шығарма сюжетін қазақ жағдайына ынгайлап, адам мінөзіндегі соракылықтар мен қоғамдық әділетсіздікті түспалдаپ айтып, оған қарсы ұн таратты. Ал, «Масада» заман жайлы ойларын бейнелеу жолымен ашық айтты. Яғни, ақын ұлттағырын негізге алып, оның бостандығын, қанаудағы күйі, артта қалуы жайларын, енбекке, оқуға ұмтылу қажеттегін көтерді. адам бойындағы азаматтық сезімдерді оятуға қызмет сткен деп, күрескер-ақынды қазақтың тұнғыш революцияшыл-демократтар қатарындағы бірегей тұлға» деп бағалаған.

Профессор Ж.Ысмағұлов «...Ахан ақын ретінде ең әүелі аударма арқылы танылды», деп қalamгердің И. Крылов мысалдарына келуін Ы.Алтынсаринмен байланыстырады. Бұлайша тұжырымға келуге негіз – алғашкы ағартушының мысал жанрына ден қойып, оны қазақ арасына қалай жеткізу, тарату, үлгі-өнеге ретінде ұсыну туралы пайымына сүйенсі.

Әдебиетші Ж. Ысмағұлов Крылов мысалдарындағы «бұқара шылдықты», Ахмет «төңкерісшіл идея дәрежесіне жеткізгенін» айтады. «Қырық мысалдың» қыр еліне қызыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруын-дай сінді» деген ой түйіндейді.

Әдебиетші-ғалым С. Макпиров «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатастырмайық» деген танымдық зерттеу жазды. Бұл мақала әдебиетшінің «Қазына» деген монографиясына енді. Ғалым 1989, 1997 жылдары аударма туралы айтылған түсініктерге және кейінгі басылымдарға қарамастан БАҚ-та «Асан қайғы жырларының көркемдік әлемі» атты мақалада «Ш» деген автордың бұл өлеңді Асан қайғының туындыларына жатқызғанын әрі талдағанына орай тағы да бір толғақты талдау-түсініктің оқырманға әлі керектігіне байланысты, өлеңнің тарихын арыдан, орысша түпнұсқасынан қарастырады. Яғни, зерттеуші Жадовскаядан бастайды. Орысша нұскадағы:

Лучший перл таится  
В глубине морской;  
Зреет мысль святая

В глубине души.  
Надо сильно буре  
Море взволновать,  
Чтоб оно в бореньи  
Выбросило перл;  
Надо сильно чувству  
Душу потрясти,  
Чтоб она, в восторге,  
Выразила мысль –

деген жолдарды көркемдік-стильдік тұрғыдан шұбалаңқы, балаң жеткізілген туынды деп жазады. Ал, А. Байтұрсынұлының бүл өлеңге философиялық тұрғыдан келгеннің және «перл» сөзін «меруерт» дсп баламалаудағы негізгі ойдың пәлсапалық мәндес екенін айтады. Орыс тілінде жазылған ұш шумақты шашыранқы ойды А. Байтұрсынұлы «...тігісін жатқызып, ойын әрлендіре, жандандыра екі шымыр шумаққа жинақтап, қазақы өлеңнің қалыбына салып, таза ұлттық пішіндегі төлтума деп санауға лайықәсем аударма жасаған» дейді. Егер қос өлеңді қатар қойып оқысаныз, олардың бір-бірінен соншалықты алшақ жатқанын көресіз. Қазақшаланған нұсқасы:

Мінсіз таза меруерт  
Су тұбінде жатады.  
Мінсіз таза асыл сөз  
Ой тұбінде жатады.  
Су тұбінде жаткан зат  
Жел толқытса шығады.  
Ой тұбінде жаткан сөз  
Шер толқытса шығады.

Өлеңнің орыс әдебиетінен аударылғанын Аханның өзі айтпаса, шығарманы «А. Байтұрсынұлыныңкі» деп қабылдарымыз хак. Қорыта айтқанда, казақ ұлттық ғылыминың алтын діңгегі болған Аханның әдебиеттегі айшыктарын саф қалпында қабылдаудың мезгілі жетті.

Ахметтанушы Ө. Әбдіманұлы «Тарихи тұлға тағлымы» се-риясымен шыққан зерттеу-эссеңде Аханың ақындық әлсмінс зерттеу жасай келе «замана талабынан тұған, дәуір жүргін арқалаган шығарма» деп таниды, ері «тәржімадан тұған төл туынды» деген соны қорытынды жасайды.

Аханың Қырық мысалынан басқа он үш аудармасы бар. Мәселен, 1911 жылы Орынбордан шыққан «Маса» жинағына оның өлеңдерінен басқа он аудармасы (Крыловтан - 2, Пушкин-нен - 4, Вольтерден - 1, Жадовскаядан - 1, арабтан - 1, орысшадан - 1), кейінгі 1922 жылғы басылымға (М. Лермонтовтан - 1, Надсоннан- 1, орыстан - 1) үш аударма-өлеңі енген.

Соңғы уақыттары реформатор-ғалым А. Байтұрсынұлының мысал-өлеңдерінен бөлек, қазақ тілі мен әдебиетке қатысты сағ туындыларының өзін «орыс филологиясының қалькасы» деген шаласауатты пікірлер айтылып келді. Осындай жаңағын ашуышылар «қазақтың ұлттық ғылымы» деген тіркестің өзінен астар іздеп, оның да құрылымын өзгеден іздейтін шығар-ау. Олар «казақы болмыс, казақы қалып» тіпті, «казақ» сөзінің өзін де кейін қалыптасқан тіркестер деуден тайынбас.

Сөзіміздің түйінің ғұлама ғалымның 1929 жылы абақ-тыда отырып жазған мәлімдемесімен қорытындылауды жөн көрдік: «...Әдеби еңбекті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден тұады. Ұлтының қажетін өтейді сөйтіп. Мениң ақ патша тұсында басылып, халыққа кең тараган әдеби еңбектерімнің шілінен *Крылов мысалдарының қазақша аудармасын*. «Маса» деген атпен топтасқан өлеңдерімді бірегей бөлектеп атап едім.

...Көркем әдебиетке деген көзқарасым: оның құндылығы сонда - нендей идеяны көтерген шыгарма болмасын егер адам әлемінің сезіміне, жсан дүниесіне қалай, қайтпін әсер етеп алады дегеннен шығып жатады. Эсерге болей алса гана ол әдебиет. Ой-тұжырым мәселесі екінші кезекте түрганы жөн, ал адамдың әлеміне баурай тартып еліктіріп әкетер күш жосқ шыгарма әдебиет емес, идеология гана деп ойлаймын» дейді.

Ия, Ахмет Байтұрсынұлы қандай такырыпқа қалам тербесе де оның басты мақсат-мұраты – адамзаттың санасына шұғылалы сөүле егу болған. Ақынның өз тілімен айтсақ «адамдық диқаншысы»

булу қызметін арымен аткарған – феномен-тұлға. Ахан үні, Ахан тәржімалаган мысалдар әлі күнге ұрпағына қызмет етіп келеді десек асыра айтқандық смес. Тіпті, оның мысал-өлеңі бүгінгі заманауи алмағайып кезеңде де «өркениетті елдер катарына кіріміз» деп ентіккен бүгінгі ұрпағының «бірі – аққу, бірі – шортан, бірі – шаян болып» жан-жаққа тартқан, қазак көшінін «үш тұғырлы тілді» ұстанған керсегар қағидастын сынағ тұргандай. Сонау ғасыр басында айтылған Ахан ғибраттарынан әлі күні үлгі алып, кемшін тұстарымызды түзеп, нәтиже шығармағандаймыз... «Сөзі жоғалған жұртың өзі де жоғалады» деген Ахан зарына неге ден қоймайды екенбіз, осы?!

Рақышева Ж.С.

## ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРДІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ (Бөлтірік шешен мысалында)

Тәуелсіздік кезеңінде жиырмадан аса шешендік сөздерге арналған жинактар жарияланды, оның басым бөлігі бірнеше шешенге арналған жинақ болса, кейбірі бір гана шешенге, атап айтқанда Сырым батырға, Бөлтірік шешенге, Ақтайлақ биге арналған. Сырым шешеннің мұрасын жарияладап, зерттеген Б. Адамбаев еді. Сол себепті кейінгі жинактарда Сырым шешеннің сөздері Адамбаев жариялаган нұсқаның негізінде дайындалған. Ал Ақтайлақ бидің сөздерін жеке жинақ ретінде дайындаған С. Қорабайғылыми дәлдікті сақтап шешеннің бұрын жарық көрген сөздерін еш өзгертпей жариялаган, ал бұрын жарияланбағанын, яғни жеке адамдардың архивінен алынған нұсқаларды түпнұсқаларымен салыстыра алмадық.

Бір гана шешенің сөздері түрлі жинактарда қалай жарияланып жүр деген сұрапқа жауап беру үшін Бөлтірік шешенің сөздері қамтылған жинактарды текстологиялық тұрғыда салыстыра қарастырамыз.

Тобықты Қараменде бидің жисні Ұлы жұз ысты елінен шыққан Бөлтірік Әлменұлының шешендік сөздерін таңдал алушымызға тағы бір себеп – қолжазбаның болуы. Қолжазбалық мұраның жа-

риялануын, баспа бетін көрген мәтіннің қолжазбалық нұсқадан айырмашылығын талдаң көрсетудін мүмкіндігі қызықтырыды.

Бөлтірікшешеннің сөздері ОFK-ның қолжазба қорында сақтаулы Мәшіұр Жұсіп қолжазбасы бойынша салыстырылды [1, 117-118]. Қолжазбада қырғыз-қазақ бас қосқан мәжілісте байлықты жарыстырып айттысканда (I) және көптікті салыстырғанда (II), қырғыз ханының жалғыз баласына бата қыла барғанда (III), қырғыздың ханы Бөлтіріктің ұзынды-қыскалы киімін келеке қылғанда (IV) және сез қағыстыруға әдейі алдырылған көсе қырғыз шешеніне (V) Бөлтірік шешеннің айтқан тапқыр да ұтымды жауап сөздері жазылған. Біз шартты түрде бес түрлі тақырыпқа бөліп, рим цифрымен белгіледік.

С. Дәүітов 1991 жылы 18 мамырда «Лениншіл жас» газетінде Бөлтірік шешеннің сөздерін Мәшіұр Жұсіп қолжазбасынан алғып жариялаған, түпнұсқадан аздаған ауытқулар бар екені аныкталды, көсе қырғыз шешеніне Бөлтіріктің айтқаны магыналық өзгеріске түсken, қырғыз-қазақтың көптікті салыстырғанда анайлау айттылған сез баспасөз бетінде көрініс таппаған [2].

С. Дәүітов құрастырған Мәшіұр Жұсіп Көпесвтің скі томдық шығармалар жинағының 2-томында [3, 63-65]. Мәшіұр Жұсіп Көпесвтің көп томдық шығармалар жинағының Н. Жұсіпов құрастырған 6-томында [4, 121-122]. Бөлтірік шешеннің сезі колжазбаның негізінде дайындалған. Ж.Дәдебаев құрастырған «Бөлтірік шешен» атты кітапта мәтіннің мазмұнынан туындастырып қойылған, түсініктеп материалды С. Дәүітов дайындағанын, бұрын газетте жарияланғанын нақты көрстікен [5, 17-19]. Бөлтірік шешен мұрасына арналған жинақ үш бөлімнен (Ділмар сез. Билік сез. Накыл сез) тұрады, онда 116 шешендік сез (2-3 нұсқасын қоса есептегендес) камтылған, ал Мәшіұр Жұсіп Көпесев қолжазбасындағы I, III, IV және V шешендік сөздер кітаптың 1-бөліміне топтасқан. Бұлар ғылыми-көпшілік басылымдар, сонымен катар тәуелсіздік көзөнінде көптеген шешендік сөздерге арналған көпшілік басылымдар жарық көрді. Солардың ішінде Бөлтірік бидің сөздерін де қамтыған жинақтар болды, олар: I. Билер сезі: Шешендік толғаулар, шешендік арнаулар, шешендік даулар / Құрастырған Т.Кәкішев. – Алматы: Қазак

университеті, 1992. – 160 б. 2. Қазақтың би-шешендері. I, 2-кітап / Құраст. Төрекұлов Н., Қазбеков М. –Алматы: Жалын, 1993. – 400 б. 4.Шешендік шырылары: (Шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы / Құраст. И. Есхожин. – Алматы: Қайнар, -1993. – 240 б. б. 5. Билер сөзі – ақылдың көзі / Құрастырган Н.Төрекұл. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 240 б. 6. Сөз тапқанға колқа жок: Әзіл әңгімелер, шешендік сөздер, аныздар, ақындық толғамдар. 2-кітап /Құрастырган А. Бейсенгалиқызы. – Орал: Доминант. 1998. – 240 б. 7. Дағаның дара ділмартары / Құрастырган Н. Төрекұл. – Алматы: Қазақстан, 2001. – 592 б.

Кекішев пен Есхожин құрастырган жинақтарда I, III және IV шешендік сөздер қамтылған, тек I сөз екінші нұсқа (Н. Төрекұлов ел аузынан жинаған) бойынша әзірленген. Төрекұлов құрастырган жинақта I, III, IV және V шешендік сез қамтылған, V сөздің құрылымында, мазмұнында өзгешелік айтарлықтай. А. Бейсенгалиқызы құрастырган кітапта IV сез ғана көрініс тапқан.

ОФК-де сақталған қолжазбада I әңгіме төмендегідей баяндалады:

Ұлы жұз: Үйсін, *Ошақты, Жалайырдың Жалайырынан* Бөлтірік би *деген би шығыпты. Мұнымен* замандағы қырғыздың бір ханы *Бөлтірікпен* бақ күндес болып, қырғыздан пөлен шешен, түген шешен дегенде алдырып, айтыстыра беретін сықылды. Бір күні қырғыз-қазактың бас қосқан жиылсында қырғыз-қазақ байлық айтысқанда. Бөлтірік би айтты дейді:

– Қырғыз шіркіннің байлығы *гой*, кешкен сайын ошағын жұртына қалдырып *көшеді гой, – деп*. Ол сезінің мәнісі – қырғыз ошақ алмайды, үш тасты ошақ қылып, қазан асады, көшкенде ол тасты артып көше ме, жүртта қалмақ қой.

Газетке дайындалған мәтінде алғашкы сөйлем былай басталады:

Ұлы жұз үйсіннен Бөлтірік би шығыпты. Нәтижесінде бірінші сөйлемдегі бірнеше сез түсіп қалған, сондай-ақ екінші сөйлемдегі бір сез (**Бөлтірікпен**) қалтып қойған. Қосымшалар ауысып қолданылған: қырғыздан – қырғыздың, дегенді – дегендерді, жеке сөздер де: **мұнымен** – **онымен**, **ғой** – **сол** болып өзгеріске ұшыраған. «Бөлтірік би айтты дейді – деп» деген автор сезінің

құрамындағы «деп» етістігі газетте де, екі томдықта да, көп томдықта да депті болып өзгеріске түсken. Ауызекі сәйлеу тілінің ерекшелігін құрастырушылар ескермеген. Қолжазбада Мәшіұр Жұсіп Белтірік шешеннің сөзіне түсінік береді, сөздің мәнін айқындалап көрсетеді, ал 2-нұсқа бойынша авторлық баяндау төл сөздің құрамына қосылғып кеткен. Себебі Белтіріктің сөздері кесімді, кесек келеді. Бұл тұста да Белтірік аз сөзге көп мағына сыйғызып отыр. Қыргыз бен казак деген бауырлас, қоян-қолтық араласып отырған қауымға бір-бірінің өмір сүру дағдысы, қөшікон жағдайы таңсық емес, сол себепті Белтірік шешеннің аузынан айтылған сез нысанага дәп тиеді, үнсіз мойындалады.

Белтірік шешеннің қыргызбен байлық жөнінде айтысканы турасында: «Сөздің айтылу түрі қыргызды қедей смес, бай етіп көрсетеді, ал оның бүркеулі мағынасы бұған мұлде қарама-карсы. Белтірік өзінің қарсыласына қыргыздардың қазан астына қоятын ошағы жоқтығын ғана айтып отыр. Бірақ шешен осы сөзі арқылы «қазан-ошағын түгендей алмай жүрген қыргыздың байлығы қай жерінде болмақшы» деген аңы ойды астарлы түрде жеткізеді. Бұл ойдың сөзбен сомдалу жолдары айшықты, ажарлы», – деп көрсетеді Ж. Дәдебаев [6, 148].

Қыргыз-казак бас қосқан мәжілісте көптікті салыстырғанда (II) Белтіріктің жауабы С.Дәуітов құрастырған Мәшіұр Жұсіп Көпесвтің екі томдық шығармалар жинағының 2-томында, Мәшіұр Жұсіп Көпесвтің көп томдық шығармалар жинағының Н.Жұсіпов құрастырған 6-томында жарияланған С. Дәуітов аныны сөзді артына деп ауыстырған. Н. Жұсіпов колжазбадағы «Және бір бас қосылған жиылыта қыргыз-казак көптік салыстырыпты» деген сөйлемді «Және бір бас қосылған жиылыта: Қыргыз, казак көптік салыстыр! – дейді» деп өзгертеді. Ондай нұсқауды кім айтқаны түсініксіз, шындығына келгенде олай болуы да мүмкін емес. Әдеттегідей қыргыз бен қазактың басы қосылған жиын-тойда сөзден-сөз шығып Белтірік шеңшеннің сұрып салып аяқ астынан қарсыласына қайтарған жауабы ғана.

Қыргыз ханының жалғыз баласына бата қыла барғанда Белтіріктің жұбатуы (III) Мәшіұр Жұсіп қолжазбасында былай берілген:

Қырғыздың ханының жалғыз баласы жардан құлап, қарансуалып қалыпты. Бөлтірік қожа білмес, бықсық байтарына:

– Саба жиындар, ту бие алып жүріндер. ханның баласына бата қылайық, көніл айтайық, – депті. Онда байлар:

– Саба жиярмыз. ту бие апарармыз. не деп көніл айтамыз. дәнәмсі білмейміз, – дегенде, Бөлтірік би саба апаратын, ту бие апаратын байға:

– Алдымен сен сөйле: «Жазғытұрғы кез, жаманшылық уақ кой, ейтіп-бұйтіп бір сабаны әрен толтырып *an* келдік», – де. Хан сөзіңе балқып сұлап жата кетер, сонда екінші біреуің айт: «Түйе шіркін мен төре шіркін басы бір қисайған соң оңа ма?» де, оған тете біреуің: «Төре өлмегенмен көп бола ма, бірі қалса да тек бола ма?» – дегейсің», – депті. Үшесін үш сөзге ие болып, ұғып алыпты. Кетеріле аттанып барып, сабаны кіргізіп, хан алдына қойған соң, саба жиганы масаттанып:

– Алдияр тақсыр, жазғытұрғы уақ, жаманшылық кез ғой, бір сабаны әйтіп-бұйтіп әрен толтырып *an* келдік, – дегенде, баласы өліп, қарансуалып отырған хан жарылып кете жаздал, құлай кетті дейді. Онымен қоймай, екінші біреуі бынышылдады. үшінші біреуі тағы сондай. Сонда Бөлтірік би:

– «Ақку құска оқ тисе. Қанатын суға тигізбес. Ақ сүйекке оқ тисе. Қарашыға сырын білдірмес», – деген, Қотер хан, басынды, Мұңайтпа елінді. Бекем бу белінді. – дегенде, хан қуліп жіберіп, басын қөтеріп:

– Мына иттерді былшылдатып қойған сен скенсін ғой, – деген екен.

Ж. Дәдебаев, С. Даутов, Н. Жүсіпов дайындаған гылыми көшилік басылымдарда мәтін қолжазбадан көп ауытқы-маган. С. Даутовтің газетке және екі томдига дайындаған мәтінінде қырғыздың ханы – ілік септігінің жалғауы түсіп қалып қырғыз ханы, *an* келдік». – де – алып келдік *дейсін*, – депті, *an* келдік – әкелдік сияқты морфологиялық өзгерістер орын алған. Н. Жүсіпов дайындаған 6-томда: дәнәмсі – табыс септігінің жалғауы жалғанып дәнемені, сабаны кіргізіп, хан алдына қойған – сабаны үйге кіргізіп, хан қойған болып өзгерген, бір сөз (үйге) қосылып.

бір сөз (алдына) түсіп қалған. Ал өйтіп-бұйтіп – **сііп-тышып**, саба жиганы масаттанып – саба жиган ит мазаттанып, Алдияр тақсыр – Иар тақсыр деп өзгерктені мағыналық тұрғыда дұрыс смес, әрі қолжазбадан ауытқыған.

Бөлтіріктің қырғыз ханына баласы өлгенде көніл айтып жұбатуы 7 өлең жолымен берілсе. Төрекұловтағы 15 өлең жолы, Қекішевте, Есхожинде 16 өлең жолы қосылған. Қарайтылып берілген 4-жол аталған жинақтарда **Көршісіне сездірмес** болып өзгерген. Соңғы үш жол екі өлең жолымен ауысқан:

Бекем бу, төрем, белінді.  
Мұңайтпа баққан елінді.

Нәтижесінде **хан – төрем** болып өзгерген, **баққан** деген анықтауыш сөз қосылған, ал көтер басыңды деген жұбату сөзі қалып қойған.

Қолжазбалық нұсқадағы ауызекі сөйлеу стилі көпшілікке арналған басылымдарда әдебиленген: **мына иттерді былшылдатып қойған** – мыналарды *сөйлемеп отырган*; баласы өліп, қарансуалып отырған хан жарыльп кете жаздал, құлай кетті дейді – *хан ренни білдіріп қысая кетті*. Қолжазбада Бөлтірік үш байға үш түрлі сөз үйретіп қояды, жалғыз ұлынан айрылып жүргегі қан жытап күніреніп жатқан ханға сездің парсын білмейтін (Мәшіүр Жүсіптің өз сөзімен айтқанда кожа білмес байлар) үш байдың сөзі жанын одан әрі жарапайды, қапа болған ханның басын көтеріп бері қарауына Бөлтіріктің үткүр сөзі сеп болады. Үйден шықпай тұрып Бөлтірік шешен ханның қандай ауыр күйде скенін шамалайды, оны орнынан тұрғызып қайғысын сейілту үшін алдын-ала қам жасайды, жоспар құрады. Бәрі де шешеннің ойластырғанындай болып шығады. Үш байдың ретсіз сөзінен кейін ханның ашуы ширығып, төзімі таусылады. Сондаға Бөлтірік би ханға жұбату сөзін жеткізеді. Осындай ситуациядаға айттылған сөз өз үдесінен шығады, хан да Бөлтіріктің құлығын түсініп құтіп басын көтереді.

Көпшілік басылымдарда «**куліп жіберіп**» деген сөз тіркесі қалып қойған, алдымен сөз алатын байлардың саны үшеу емес, екіге қысқарған. Фольклорлық шығармаларда жиі қолданылатын үш санының бұл жердегі қызметі орын алып отырған әрекесті

шегіне дейін жеткізу болып табылады, үш рет қайталанған сөз (әр қылы айтылғанмен, орынсыз сөз) іштей көніл айту, жұбату сөзін күтіп отырган ханның қытығына тиіп, ашуын туғызады. Сөз құдіреті де міне осында. Бөлтіріктің жұбату сөзі дәл әрі өтс орынды айтылады, он қабылданады.

Мәшіур Жұсіп қолжазбасындағы біз IV санымен белгілеген қырғыздың ханы Бөлтіріктің ұзынды-қысқалы киімін келеке қылғаны туралы әңгімеде:

Бөлтірік қырғыздың ханына *bіr барғанында*:

– Тойға баратұғын апайларша ұзынды-қысқалы киініп жүргенің қалай? – деп, қырғыздың ханы күлпіті. Хан күлген соң үй тола отырган қырғыз бәрі күледі ғой. Сонда Бөлтірік:

– Ой, тақсыр-ай! Ұл ескен соң, ұл киеді, қыз ескен соң, қыз кисді. Бала-шагамен мен киемін деп, киімгс таласайын ба? Бір жаққа баарда солардың киімінің қай қолға түскенін кие сала-мын. Ұзыны болса, қызымдікі, қысқасы болса, ұлымдікі. Ұлы жоқ, қызы жоқ, қу бас болсам, *bіr басыма* киім табылмай ма? – депті.

Мәшіур Жұсіп қолжазбасындағы біз қарайтып көрсеткен сөз тіркесі (бір барғанында). Бөлтірік шешенгс арна.ған жинақта «тағы бірде барғанда оған» болып өзгеріске түскен, газетте жарияланған мәтіндегі кате қайталанған, ал С. Дәуітов өзі құрастырган жинақта «барғанында». Н. Жұсіповте –ын жұрнағы түсіп «бір барғанда» болып берілген. «бір басыма» – кейінгі көпшілік басылымдарда қалып қойған. Колжазбада әңгіме «депті» деген бір ғана сөзбен түйінделсе. Кәкішевте: «ханның баласыздығын жіңішкелеп женіп кетіпті» болып, Төрекұловта «деп манаптың ку бас екенін аңғартыпты», ал Бейсенғалиқызында жоғарыдағыдай, тек манаптың орнына бек алышынған. І. Есхожин жинақты 1989 ж. Б. Адамбаев пен Т. Жаркынбекова құрастырган «Ел аузынан» атты жинақ негізінде дайындаған. «Ел аузынан» жинағын Ә. Шынбатыров әдеби өндеп баспаға әзірлеген, яғни фольклорлық шығармаға ерескел редакторлық түзетулер жүргізілген. «Сонда Бөлтірік» дегеннің орнына «Бөлтірік бектің сұрағына шамданбай, сабырлы кейіпте», ал әңгіменің соны «деп жауап қатыпты. Бек перзентсіз екен. «Андалай сөйлеген ауырмай өлеңді» деген ғой. Ұялғаннан

қыл-қызыл болған бек: – Саған дауа жоқ екен. Бөлтірік, – деп теріс айналып жүріп кестіпті» деп аяқталады.

Бөлтірік шешенге арналған жинакта осы әнгіменің 2-нұсқасы бойынша қырғыздың бір манабымен әзілдесіп сөз қағыстыратын Бөлтірік аулына келіп түскен манаптың үстіне киімдерін әдей ұзынды-қысқалы етіл киіп келеді, яғни Бөлтірік сөз қағыстыруға іштей дайындықпен келеді, оғаш киінудің сыры – сөз сайсында тағы да үстемдікке ие болу үшін жасалған «қақпан».

Мәшінур Жұсіп қолжазбасында Ү әнгіме былай берілген:

Қырғызға жан сөйлестпейтін *әлемнен* озған алаяқ дегенмен хан Бөлтірікпен қағыстыруға *bır* шешен алдырып сақтапты. Бір қалыпты жиылыста Бөлтірік *гуілдең* сөйлеп отырғанда қырғыз шешені: – «Ат жаманы соқпақшыл, адам жаманы тақпақшыл» деген, – депті.

Онда Бөлтірік: – «Сөздің көркі мақал-ды, ердің көркі сақал-ды», сақалты жоқ көселер қасабалы тоқал-ды, – дегендеге көсе ұялып калып тұра жөнеліпті. Онда Бөлтірік: – Кесені үйге кіргізбе, *комін* жерге тиғізбе, кесірі жұғар көпірдің, қуалап жүріп *сигізбе*, – деген екен.

Құдай *рахмат* қылсын Бөлтірік биге. Кісі болса осындай болсын.

Газеттегі жарияланымда жекелеген сөздер өзгеріске түскен, мәтінді тұтас алмай тек айырмашылығы бар сөйлемдерді мысалға келтірумен шектелеміз:

Қырғызда жан сөйлестпейтін аламаннан озған алаяқ деген ділмар бар екен. Хан Бөлтірікпен қағыстыруға сол шшешенді алдырып *үйінде* сақтапты. Бір қалып жиылыста Бөлтірік *гүрілдең* сөйлеп отырғанда қырғыз шешені: Онда Бөлтірік:

– Кессні үйге кіргізбе,  
*Артын* жерге тиғізбе,  
Кесірі жұғар көпірдің.  
Қуалап жүріп  
**Құйрығын жерге сургізбе**

деген екен. Құдай *рақмет* қылсын Бөлтірік биге, кісі болса осындай болсын.

Мәтінді газетке дайындаған С. Дәуітов тыныс белгілісін дұрыс қойып, такпакты елең жолымен беруі өте құптарлық жағдай. Дегенмен қолжазбадағы – мен қосымшасы деген сөзіне жалғанып данқ-дақпырты бар деген мағына беріп тұр. Фольклорлық шығарманы жариялаушы С. Дәуітов «ділмар бар екен» деген сөзді өз жанынан қосады. Сол себепті бір сөйлесмекіге жарылған, бір шешен – сол шешенді болып өзгерген. Сақтапты – дайындасты деген мағына береді, бұл сейлемдегі үйінде сөзі басы артық, орынсыз қолданылған. Қалыпты – қалың сын есімі, гүлдеп – ғүрілдеп көсемшелі етістік бірінің орнына бірі ауысып қолданыла береді, бұл жағдайда фольклорлық туындыны өзгертпей жариялау тұрғысынан алғанда дұрыс емес. Аның сөзді (көтін – артын) басқа сөзбелі ауыстырып қолдану немесе көп нүктемен беру – концептік кезеңде қалыптастан нормалардың бірі.

Дәдебаев құрастырган «Бөлтірік шешен» жинағындағы (18-19 б.) айырмашылықтар: жан сөйлестпейтін – **жан сөйлеспейтін**, деген ділмар – **бір ділмар**, онда – **сонда**, жерге сүргізбе – **жерге сүйгізбе**. Қырғыздың есесін әр жерде-ақ жібермей жүрген сөзшен, шешен баспадан кеткен техникалық ақау нәтижесінде (солай ойлауға тұра келеді) қырғыз ішінде қадірсіз, алаяқ ділмарға айналған. Қолжазбада «алаяқ» сөзі жағымды мағынада, жинақтағы мәтінде қарама-қарсы мән иеленген.

Н. Жұсіпов құрастырган 6-томда: Бөлтірікпен қағыстыруға – Бөлтірікпен [сөз] қағыстыруға деп бергені өте орынды болған Мұнда да қалыпты – қалың жиылыс болып берілген, ал гүлдеп сөзі **к** әрпімен таңбаланған.

Төреқұлов құрастырган «Қазақтың би-шешендері» жинағында осы шешендік сөздің екінші бір нұсқасы берілген. кіріспесінде сөзден есесі кетіп жүрген Сөк төре Бөлтірік шешенин карымтасын қайтармак болып, бір шешен жігітін отан қарсы жұмсауға келісіп алады. Мұнда оқиға белгілі бір уақытта (күздің бір күнінде), белгілі бір жерде (Қаратудың күнгей бетіндегі бір ауылдың тойында) етеді. Бөлтіріктен өзге кейіпкерлерінде өзгешелік бар: хан – Сөк төре, қырғызға жан сөйлестпейтін әлемнен озған алаяқ (ділмар) шешен – Сөк төренің

бір шешен деген жігіті. Қолжазбада әнгімс төрт беліктен тұрса, бұл нұсқада «әлігі кесе байқұстың көпшілік ортасында масқара болып ұялғаны сонша, үйден шығып жүре беріпті» (208-209) деген сөйлеммен аяқталған.

Карастырып отырган мәтіндерде Бөлтірік шешенмен сөз қағыстыратын адамның дөрежесі (титулы) езгеріп отырады: Бөлтірікпен замандас қырғыздың бір ханы (қолжазба, Дәдебаевта), қырғыздың бір ханы (Қокішевте, Есхожинде). 2-нұсқа бойынша бұрыннан сөз жарыстырып жүрген манап (Дәдебаевта), бір манап (Төрекұловта), бір бек (Есхожинде), Бөлтірікпен құрдас қырғыздың бір бегі (Бейсенғалиқызында). Сонымен хан, тере, манап, бек болып суреттеледі.

Фольклорлық шығармаға тән нәрсе – көпвари-анттылық. Белгілі бір шешенге телініп жүрген әнгіме басқа бір биге қатысты айтылуы да мүмкін. Бұл макалада бір ғана шешеннің мұрасы қалай жарияланып келеді деген мәселе қойылды. Тыйым салынып келген шешендік сөздерді қыска уақыт аралығында тезірек жариялау кажет болған кезеңде шешендік сөздердің жинағын дайындауға атсалысқан Б. Адамбаев, Н. Төрекұлов, Т. Қокішев, Ж. Дақебаев, С. Дәүітов, І. Есхожин т.б. қолжазбалық мұраларымызды жариялау мен насиҳаттаудағы еңбегі орасан зор.

Жарияланған мәтіндерде оқиғаның жалпы мазмұны ұқсас болғанымен тілдік тұрғыда түрлене құбылып отырғанын көреміз. Редакциялық түзетулер орын алған. Атап айтқанда: сейлем құрылсы өзгерген; жаңадан сөз қосып, сөзді басқа сөзбен алмастырған; сейлемді екіге бөлген; қосымшалар мен жүрнақтарды қысқартқан. Тәуелсіздік жылдары баспа бестін көрген жинақтарға жүргізілген текстологиялық жұмысымыздың салыстыра-саралтау қорытындысы бойынша осындағы кемшіліктер анықталды. Даналардан қалған асыл мұра – билердің шешендік сөздеріне деген оқырмандардың рухани қажетін өтегенмен. көпшілікке арналған басылымдардың кемшіліктері барлықты Ең бастысы – жинақтарда мәтінге редакциялық түзетулер, құрастырушының таралынан өзгертулер жүргізілген. Шешендік сөздердің текстологиясын жасау өте қажет, сосын ғылыми басылымды дайындау міндепті тұр.

## **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мәшінүр Жұсіп Көпееев жинаған ауыз әдебиеті // ОФК: ш. 1645. 117-118 б
2. Болтірік шешенниң сөздері /Дайындаған С.Дауітов // Лениншіл жас. – 1991.  
– 18 мамыр
3. Көпееев М. Ж Екі томдық 2-том Ауыз әдебиет үлгілері / Құрастырып.  
алғы сөзі мен түсініктерін жазған С.Дауітов. – Алматы, 1992.
4. Көлөүұлы М.Ж Қөптөмдік шығармалар жинағы 6-том. Қазак фольклоры.  
ауыз әдебиет үлгілері / Құрастырган Н.К.Жұсіпов – Алматы: Алаш, 2006
5. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер / Құрастырып, түсініктерін жаған  
Ж.Дәдебаев – Алматы: Ғылым, 1993.
6. Дәдебаев Ж.Б Әлменұлы және казақ шешендік өнері: Оқу құралы – Ал-  
маты: Қазақ үн-ті, 1996.

**Еркінбаев Ұ.**

## **ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ҚОРКЕМДІК БІРЛІК КАТЕГОРИЯСЫ**

*М. Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімелесінің негізінде*

Көркем шығарманың туу жазылу тарихы және оның өнер ретіндегі құндылығы аса ауқымды мәселел. Шығарманың пайда болуы мен оның өнер ретіндес өмір сүруі өзара бірлікті қажет етеді. Өнердің шартты заңдылықтары жоқ десек те, оны танудың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл оқырман талғамымен, оның құндылықтар жүйесімен тікелей байланысты.

Негізінде бұл мәселені талқылаудан бұрын *коркемдік* ұғымына басты назар құндылығын жөн. Бұл ұғымды біз қалай түсініп келдік және қалай түсінілуі көрек; қалай түсінгеніміз кисынды? Жалпы көркемдіктің өзіндік өлшемдері бар ма? Болса қандай? Неге көркемдікті біржакты түсіну соңғы кезде жиі орын алғып жүр? Асылында әдебиеттің де тұрғы нәтижесі осы ұғымға қатысты емес пе?! Себебі біз әдебиет дегендес оның ішіндегі жадағай мәтіндерді смес, көркем сөздің табиғатын тануға тырысамыз. Бұл ретте, *коркем сөз* термин ретінде көркем туындының яки әдебиеттің баламасы болмак<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Асығында саналы тирилік иен танымдық құндылықтардың негізі – сөз болғанда да жай сөз емес, көркем сөз А. Байтұрсынов мұны – дарынды сөз деп алады. Бұл термин шын мәнінде көркем сөздің спецификалық ерекшеліктерін толықтай қамтыйды Алайда, бұл терминде концептуалды түрде қолданылса енгізу мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Көркем сөзге қатысты да дәрі осының айтуга болады

Көркемдікті өнер туындысының бойындағы сан қырлы қасиеттер жиынтығы деп жүрміз. Бұл жерде осы қасиеттердің өзі нeden тұрады деген сұрақ туады. Мұның ішкі деталдарына /мазмұн мен пішін бірлігі, сюжет пен қурылым бірлігі, сарын мен байланыс бірлігі, стиль мен стилистика бірлігі, идея мен кешипкерлер жүйесінің бірлігі, шеберлік пен ой тереңдігінің бірлігі/ бойлаудан бұрын көркемдіктің негізін айқындаған дұрыс.

Бұл мәселе жайында Ф.М. Достоевский: романдағы көркемдік деп романды оқыған оқырман мұның идеясын дәл жазушының өзі түсінгендей деңгейде түсінуін айтамыз дейді. Автор оқырманға өз ойын айқын, тайға таңба басқандай стіл жеткізе білу керек. Демек, жазушының көркемдігі жаза білумсın өлшеннеді [1, 68-69]. Бұлай болғанда көркемдіктің: үйлесімділік, бүтіндік, белгісіздік, шығармашылық еркіндік пен кеңістік, өзгешелік, талғам деген ұғымдармен бірлікте екеніне көз жеткіземіз. Мұның барлығы көркемдік ұғымының өнердің өлшемдерімен бірлікте, мазмұны мен пішін үйлесімділігі арқылы жасалатынын түсіндіреді.

Дей тұрғанмен көркемдік бірлік әдебиетті танудың барлық категориясын қамтитын қасиетке ие. Себебі мұнда туындының түлкі нәтижесімен байланыс бар. Ал көркемдіктің негізіне бару үшін де осы байланысты басшылыққа алған тиімді. Кез келгсн көркем сөз үлгілерінің өзіндік жасалу жолы бар. Мұның бір қырын авторлық стратегия деуге болады. Авторлық стратегияның әуелгі қымылы, бірінші қадамы көркемдік бірліктің түлкі нәтижесіне бағтаиды. Соның шешімін береді. *Стратегиялық көкжисек* каншалықты ауқымды болса көркемдік шешім де соншалықты зерделі болмақ. Стратегиялық көкжисек пен *көркемдік шешімнің* зерделілігі туындының өміршешендігін айқындаپ береді. Себебі, өнер де, әдебиет те белгілі бір міндеттермен өмір сүреді, әдебиет тек әдебиет үшін емес. Бұл тұрғыда көркемдік бірліктің негізін айқындау үшін соны белгілейтін көркемдік құндылықтар жүйесін белгілеп алғыымыз қажет. Соңдағана бұл ұғымның әдіснамасын қалыптастырып, әдебиеттанулық категориялардың бүтінгі және кешегі біржактылығынан арылуға болады. Элбette, соңғысы өз алдына бөлек зерттеуді қажет ететін тақырып.

Енді осы мәселе негізінде М. Әуезовтың «Қаралы сұлу» әңгімесіне үніліп көрейік<sup>2</sup>. Біз айтып отырған көркемдік бірліктің сұбелі бір компонентін, жоталы бір негізін әңгіменің атынан-ақ ұғынуға болады. Бұл автордың ұтқан тұсы. Мұнда сұтулық пен қайғының бірлігі бар, ең бастысы әу бастағы авторлық түпкі мақсұт та осыған саятын болса – қаралы сұлу авторлық стратегияның бір қырын дөп басып көрсетіп тұр. *Бұл бір.*

«Ақ етті құмарлық қаны былғап ағып жатты» - туындының стратегиялық көкжиегіне мін айта алмайсыз. Оның үстіне, кою қара қан, жай ағып жатпай ақ түсті былғап ағып жатса, бұл - мәнгілік тақырып. Егер авторлық стратегияны жогарыда тілге тиек сткеніміздей құндылықтар жүйесі айқындастын болса сол құндылықтың бірі алдымыздан шығып тұр. Асылында мұнда құндылықтың өзі ғана емес олардың қактығысындей. *Бұл екі.*

Үшіншіден, жалғыз стратегия мен авторлық ұстаным көркемдік бірлікті құрай алмайды. Мұнда көмекке құрылымдық үйлесім мен тілдік негіз, сөздің айшықтық мүмкіндіктері келмек.

Құрылымдық үйлесімге нақты мысалдар келтіруге болады. Төмендегі үзінділерді «Қаралы сұлудың» композициялық ұтымды тұстары деп карастырамыз:

1. «Алты жыл – қараты, қайғылы алты жыл етті» [2, 101].
2. «Қаракөз қазір отыз екі ақ жаста. Қаралы жаулық салып, қызулы базар есігін жапқанына алты болды... Одан бұрын Қаркөз

<sup>2</sup> Әңгіменің екі нұсқасы бар екені белгілі. Алайда, екі нұсқадағы айырмашылық та, әңгімелеге қатысты үрріл тарихи, қоғамдық себептер де бұл таңдауға материал бола алмайды. Оқырман үшін туындының ішкі сырты тарихынан бұрын әңгіменің өз болмыс бояуы манызды. Дей түрганмен, әңгімелеге қатысты төмендегідей мәліметтерді де берсе көзегілік: ««Жаяу сал» деген бүркеншік атпен жариятанған алғапқы нұсқасы мен 1935 жылғы басылымының арасында тубегейті айырмашылыктар бар. Біршінден: жазушы ауел бастағы қазақ айелінің таза жан дүниесін, дағы аруның адал сезімін суреттеу үшін жазған романникалық шешімін мұғлем өзгеріп, Қаракөздің інспісіні жеңе алматан айел ретінде көрсетуге мәжбүр болды. Бұттан кеңес пік тапшылдырылдың: М. Әуезов феодальлық өмірлі сүйсіне суреттеді – деген байбалаңдары себеп болды. Соның нәтижесінде жазушы өзінің «Қаракөз», «Ендік Кебек», «Қаралы сұлу», «Хан Кене» т.б. пығармаларынан бас тартты. Қалайда пығарманың өмірін ұзарту үшін оны ондеді, қысқартты, арасына таптық көзқарасты билдірепін пікірлерді қости. Өзімділің жағымды бейнесінің орнына капыда каза тапкан адамының бейнесі пайда болды. Кажы деген создер де, бай аулының суреттері де сыйылыш қалды» [2, 332].

де тіршілктің қызығына жүзіп жүрген срке еді. Бұның өмірінің үстінде тұнжырып күлімсіреп тұрған күн шуакты ашық көк аспан бар еді. Сол бақыт күннің ортасында бір-ақ сағат ішінде түсі суық шоқ қара бұлт ойнал шықкан» [2, 102-103].

3. «Манайы тұлдыр болып құлазыған жалғыздық, сорлы болған жас сұлудың бір өзінің басындаған қалды..» [2, 108].

4. «Жылау мен жоқтау ішінде Қаракөз барлық үмітті, жастық дүниссін жерге көмді» [2, 108].

5. «Қаракөз кайғысы бір алуан ұзак мұнды жыр еді.»

6. «Жас әйелдің бұл тұндері көр азабындай қинау тұн болатын. Үй іші қарандыланып, тұл төсекке жатқанда әлдеқаңдай қара жыланша иірілген, қаранды сезім ойлары өне бойын билеп кететін» [2, 109].

7. «Жас Қаракөздің сопылығы, дүниеде сирек кездесетін сопылық еді» [2, 110].

8. «Құндізгі толқынтақан ой бір басылып, бір көтеріліп тұнге жетті» [2, 111].

9. «Ақ етті құмарлық қаны былғап ағын жатты...» [2, 114].

Мұндағы ұтымдылық - әңгіменің өне бойындағы мағыналық ырқақтың құрылымдық бірлікке негізделуі Жоғарыда көлтирилген әрбір ұзінді әңгіменің бастапқы сезі болуга лайық. Тоғыздан да, бірденде, жетінші абзаңтан дабастап кетсеніз үйлесім бұзылмайды. Ал құрылымдық үйлесім мен мағыналық үйлесімнің бірлігі – көркемдік бірліктің толыққандылығына қызмет етеді.

Бүгінде *адебиет* ұғымының мағыналық шенбері, яғни әдебиеттің ұлық міндеттін айқындалап беретін қаралайым анықтамасы үлкен пікірталас алаңына айналды. Бұл әринес жеке өз алдына тақырып. Бұл мақалада әдебиетті көркем сез атты терминдік ұғыммен алуымыздың да өзіндік себептері бар. Көркем сез ұғымы әдебиеттің пән ретіндегі негізгі қызметтін, жүгін арқалайды. Ал көркем сездің болмысын зерделсөз аса кең танымдық әрі талғамдық жетістіктерді нақты категориялар негізінде қарастырумен жүзеге аспақ. Қазіргі кең ауқымдағы мәдениетаралық диалог мәселесі әлемдік гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі күрделі әдіснамалық өзгерістердің орын алуына сеп болуда. Мұның іс-тәжірбиелік жағымен қоса, теориялық жағы да бар. Сонымен қатар, көркем

сөздің пәндік міндеті бүгінде өзіндік бесаспағ гуманитарлық маңызға ие болып отыр. Себебі, көркем сөзді жеке құбылыс ретінде қарастырудың теориялық байламдары – эстетика, логика, өнер теориясы, діндер тарихы, философия, мәдениеттану, антропология мен тарихи процесс, құрылымдық лингвистика мен математикалық логика секілді ғылым салаларымен тікелей байланысты.

Көркемдік бірлікті дөп басып тапи білу мен оны жасай білу бір нәрсе емес. Ексуінің міндеғі екі басқа. Солай бола тұра, өнердің *өнер туындысының* түпкі пәтижесінде бұлар міндетті түрде бірігіп кетеді...

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Достоевский Ф.М. Об искусстве. М., 1973.
2. Жуэзов М.О. Шығармаларының елу томдық жинағы. III том. А., 1998.

**Темірбаева Б.**

## **МҰХТАР ӘУЕЗОВ ПЕН ЖАҚАН СМАҚОВ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САБАҚТАСТЫҚ**

Алаш идеялары мен тәуелсіз Қазақ елі мұраттары туралы сөз көзғалғанды ойға Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десен, бесігінді түзे!» деген қапагты сөзі орала қалатыны заңдылық шығар.

Расында да, жас ұрпақ тәрбиесін жөргектен бастау қажеттігі, әсірессе, кейінде жиі айтылады. Ал, қазір қатты мән беріле бастаган ұлттық идея мәселесінің тұп-тамырына үңілсөніз, бәрінің бастау бұлағы сонау ауыз әдебиетінен – бесік жырынан, жаңылтпаш пен жұмбакташ. Әтірік алец мен аңыз-әңгімелерден, батырлар жыры мен макал-мәтеден інәр алатынын аңдар едік. Мұны да жақсы білген еол ұлы Әуезов студент аудиторияларындағы кезекті лекциясының бірінде: «Қазіргі балалар ежелгі Греция авторлары мен Еуропа тарихы қайраткерлерінің жақсы біледі, бірақ өзіміздің халықтық поэзиядан бейхабар» деп қынжылған екен (1. 15) Әрине, кеменгер жазушы жас сәбилерді жалпы азаматтық қайнарлардан көбірек сусында гудын, әлемдік әдебиеттің ішкү-маржанымен мейлінше қанықтырудың қажеттігіп жақсы білген. Дегенмен, мұның берін жан-жүректен төл

табиғаттың топырағында өнген ұлттық құбылыстар арқылы еткізу қеректігін ақырында ескертіп отырган. («Ақырында» деуіміздің себебі де ұғынықты болар, қылышынан қан сорғалаған тоталитарлық жүйеде ұлттық идеалдарға қатысты кез келген нәрсені ашық айту ете қауіпті болғаны мәлім).

Әйтсе де, М. Әузев сиякты алаш зиялыштары көксеген қастерлі мұрат сырын терең түсінген Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры деңгейде бағаланатын сонау XX ғасырдың алғысының жылдарғы талаптты бір қаламгерлер легі ұлттық балалар әдебиеті деңгейін де шырқау биікке көтере білді. Міне, ақын Жақан Смақов сол бір дарынды топтың көш басынан жарқырай көрінген дара тұлға еді.

Кезінде тұстастары дәл бағалағаныңдай, Жақан жетістігінің де басты сыры – ақын шығармашылығына ең қажетті екі асылдың қосындысы тән болатын. Сәбі жаңын жіті сезіне білген ете сезімтал, сирек дарын иесі ұлттық фольклордың бала психологиясына айрықша әсер етіп, оларды адамгершілік, ізгілік қасиеттерге баулытын сикырын ұтқыр пайдаланған. Былайша айтқанда, ұлтың ауыз әдебиеті мұраларың жаңа заманғы озық поэзия мәдениетімен шебер ұштастырып отырган. Сейтіп, бал-бөбектердің таным-түйсігін тамыршыдай дәп басып, көлденең көзге жай ғана пәрсे болып көрінетін қарапайым құбылыстарды тосын пішін, айрықша мазмұн арқылы құлпыра суреттеп, тартымды шумақтар түзген.

Айталақ:

Өзеннің сырты көкпенбек,  
Көшпелі бұлттар көкті өрлеп.  
Қырға шықты малды ауыл,  
Жадыраған көктем кеп.  
Жаңбырдан кейін кешегі,  
Ақша бұлттар көшеді.  
Балалар бірін «Ақ аю»  
Бірін «Қасқыр» деседі.  
Көрсетті бірі күлкілі,  
Қошқар басты тұлқіні,  
Құйрығы ғана ұксапты,  
Қолына таяқ ұсталты.  
Дәу карақұс алыпты,

Тышқан мініп алыпты.  
Түйені қып жетем деп,  
Келеді есек теленденеп... –

дегендей күнде көріп жүретін «елеусіз» ғана нәрселерден сәби  
киялын шартарапқа самғататын жыр жолларын тузызады (2,46).

Мұхтар Әуезов балаларға арналған кара сөз бен өлеңнің  
деңгейі аса әсем де, эстетикалық, адамгершілік тәрбиенің қайнар  
көзі болуы қажеттігін жиі айтқан. Ұлы жазушы көркемдік сапасы  
нашар, мазмұны саяз нәрсмен бас қатырганша ештеңе оқымай-  
ак койған дұрыс деп есептеген.

Расында да, балаларға ариалған туындылардың максаты олар-  
ды тек әлдебір пайдалы іспен шұғылдануға баулу немесе оларды  
белгілі жағымсыз әдеттерден жирсіндіру ғана емес, сонымен  
қатар көбінесе олардың бойындағы азаматтық рух қасиеттерін  
дамытып, Отанды суюге, ата-ананы қадірлеуге, туған-туыс, аға-  
бауырға сыйластықпен қарауға, әлемдегі шекіздік сырларын  
түйсінуге дағылданыру болуға тиіс. Сонымен бірге мұндай  
кітаптардың гікелей міндеті – бала сезімінс әсер ету. Өйткені  
сезім ғаным-білімге бастайды. Балаларға ариалған шығармалар  
галамның гажайып екенін. өмірдің қым-куыт тылсым  
құбылыстардан тұратынын көрсетуі керек. Кімде-кім ақиқатты  
сезіне алмаса көп нәрседен мақұрым қалады. Және көкірек көзі  
қараңғы адамның тағдыр теперішін көріп, сергелденгे түсіі де  
зандаудың. Ал тірліктері белгілі қағидаларды кеперге алмай,  
кеудемсоктыққа ұрынсаң, астамшылықты әдет қылсаң, оп-оңай  
арандап қалуың да ғажап емес. Мысалы Жакан ақын:

Сары этеш тым ерте тұрыпты,  
Ойқастап жүрінті.  
Жан-жакқа қарапты,  
Айдарын тарапты.  
«Қо-ко, қу-кох!», – депті,  
Корала ойранды салыпты,  
Бар тауық кайран боп қалыпты,  
Айқайладап шарбакқа коныпты.

Қозыны,  
Лақты,  
Күшікті,  
Сиырды,  
Биені,  
Түйені  
Айкайлап оятар болыпты (2.38),

деп бейбастақ бір әтептің ессіз әрекеттерін едәуір суреттейді. Бұл тұста кеудесінде сәулесі бар бала ақынының оқиғаны ұтқыр баянлау тәсіліп аңғарып қана қоймай, өлеңді беру пішінің тапқырлығын да бірден байқар еді. Одан соң «енді не болар екен» дегендегі қызықты басталған өлеңге әрі қарай көз жүгірте түсер еді. Ендеше әрі қарай оқиық:

Сопымен, кекеш  
Сары этеш  
Шарбақтан ытты да,  
Корадан шықты  
Сиырды да шиырды:  
«Ко-ко, ко!», – деп,  
Тұруға бұйырды.  
Ал сиыр тек қапа  
Мұрының шүйірді  
Нұқыды ол биені,  
Нұқыды ол түйені.

Мезгілсіз шақырган  
Әтешті  
Қандай мал сүйеді?  
Түйе «Вак-вақ!» –  
Бис – «Е-е-eh, Ақмақ!» – депті.  
Қозы да, лақ та  
Оянар болмапты бырылдал.  
Тек күшік  
Бір аунап түсіпти ырылдал.  
Ауыллың сыртында

Бір тұлкі жүріпті,  
Әтешке күліпті.  
Әтеш оған да «Қо-ко, ко!» (2.39), –

депті. Сол кезде тұлкі бас салып жепті.

Бұл, әринс, бір қарғанда, сонау ежелгі Эзоп пен И.Крыловтың мысалдар үлгісін немесе кең тараған баллада жаңырын еске ғүсіруі мүмкін. Ал мазмұнына бойласаңыз, осынау қарапайым ғана өлең жолдарынан түйс, бие, сиыр, қозы, лақ дегендей үй жаңуарларын ұшыратып, ішінде жыли бастайды. Сөйтіп тек қазақ топырағына ғана тән ерекше өлең түрін көргендей боласыз. Оған себеп – мысалдың тұла бойына сонау төрт түлік өкілі арқылы нұр шашып тұрған ұлттық калорит! Тіпті, мұнда баяғы халық ауыз әдебиеті жаңуарларының элементтері де бар десек, қателеспеспіз.

Жалпы алғанда, шебер суреткер Жақан Смақов, сонау Мұхтар Оуезов көксеген талаптарды әрдайым жадында ұстағанын көреміз.

Әдебиетке Жақан Смақовтар келестін сонау алпысыншы жыл қарсаңында балалар әдебиеті дейтін ресми әдебиеттің өзі болмаған да сияқты. Бұл жөнінде сол кездегі көріністерді көрнекті Қадыр Мырза-Элиден артық сшкім айтып берсе алмайтын да шығар: «Жақан Смақовты алған» 1953 жылы Алматыға оқуға келгенде көрдім. Келе сала араласып кеттім дей алмаймын. Жоғары курста оқылы, Жаңылмасам, 3-ші курста таныстым. Ол оқуды бітірген соң «Жетісіу» газетінің өндіріс беліміне жұмысқа орналасты. Екеуміз де балаларға ариап өндіріп жазып жүрдік. Кейін Әнуарбек Дүйсенбіев екеуі маған аға болған, пана болған өте кайырымды, мейірімді жігіттер еді. Әсіресе, Жақан қашанда біреуге жаксылық жасағысы келіп тұратын, аңқылдаған ақ көңіл азамат болатын. Өлеңдерін көбінесse юморға құратын-ды. Өз өмірі де әзілге, қалжыңға толы болды. Мен оны шын мәйінде туған ағамдай көріп кеткен адаммын. Біз әдебиетке көз карсанда «Қазақстан пионері» газеті бар. Ал 1958 жылы «Балдырган» журналы ашылды. Сол кездегі өрісіміз – осы екеуі ғана-тын. Бірінші кабатта алты-жеті адам отырамыз. Әнуарбек Дүйсенбіев – жауапты хатпы. Мәскеуден екі жылдық Әдеби курсты бітіріп Бердібек Сокпақбаев келді. Ол – проза белімін, мен поэзия белімін басқардым.

Жакан Смақовтарды, атап айтсақ, Отсбай Тұрманжановты, Мұбәрак Жаманбалиновті, Шұрхан Жанаевты, Ермек Отетілеуовті, сондай-ақ мені сол кездегі балалар әдебиетінің пионерлері деуге болады. Қөп ұзамай қатарға Жәнібек Кәрбозин қосылды. Жамбыл ауданынан ба екен... Ескен Елубаев деген бала келді. Ескеңдір деген бір жігіт болды. Таалықорғанинан Қастек Баянбаев көшіп келді. Кейіншірек басқа да бірқатар талантты қаламгерлер толтыра түсті қатарды. Мінс, сөйтіп әжептәуір қомданып, есіп, есейіп, балалар әдебиеті дейтіп әдебиеттің негізін салған сияқтымыз. О кезде үйрене қоятын дайын мектеп те жок қой. Алдыда тек орыс әдебиеті мен өзіміздің ауыз әдебиеті ғана бар. Қебінесе осы өз топырағымыздағы ұлт фольклорына арқа сүйсіміз. «Түйс-түйе түйслер, тұзың қайда, түйслер?!» немесе «Бақа-бақа балпак, басың неге жалпак?» дегендегі өлеңдердің, сондай-ақ жұмбактар мен жаңылтпаштардың негізінде естік. Ол кезде идеология, цензура деген бар. Бірақ, бір ғажабы, балалардың арқасында тақырыптың еркіндігін пайдаландық. Мысал жазамыз, ертегі жазамыз. Бұлардың өрісі кең. Тіпті, үлкендерге айтылмайтын жайттарды балалар әдебиеті көтеріп кетеді кейде. Міне, бұл жағынан кели енде Жакан Смақов каламы жүрдек, өте ұтқыр, тапқыр болғаны еске түседі» (3).

Мұхтар Әуезовтің жоғары сынып оқушыларына ариалған әңгімелері мен повестер жинағы жатыр. Топтамаға жазушының «Корғаңсыздың күні», «Қараң-Қараң», «Шатқалаң», «Іздер» хикаяттары қамтылыпты. Осынау шығармаларды жай параптай бастағаннан-ақ бетке өзімізге ежелден белгілі сайның сахараның лебі ескендей күйге бөлениесіз. Себебі, суреткердің бояу жағу мәнері бірден қазактың баяғы бір қарағанда құбатөбел, қым-куыт тірлігін көз алдыңызға әкеледі. Яки бір мезет карсы алдыныңдан салқын тау, самал белді тау-шатқалдардың қоңыр-салқын самалы ескендей әсер кеңесіз. Немесе мың өліп, мың тірліген көнтегерлі халқымыздың ауыр тағдыры елестеп, сәл-пәл мұңға түсіп қаласыз. Мысалы: «...Алыстан қарағанда да Арқалық бұдыры жоқ жалаңаң. Қөруге аса көңілсіз. Жыл сайын қыс басынаң қарлы болып, малға папасы жоқ болғандықтан, бауырын жайланаң ел малын өлтіріп, өзге сл аман отырғанда шолак жүрттың құрығынан құтылмайтын. Сондықтан бауырын мекендергі ел кедей болатын» (4.3). Неме-

се: «Түн баласында малмен араласа көп жүрген машикты көзбен маңайды тағы бір шола қарады. Көп жүрген жер. Мол, ұлы тау: «Жетекке ал да, бел асып, тоғайға батып кете бар», – деп сыйырлад, жетелеп тұрғандай...» (4.28).

Енді бір сәт Ж.Смаковтың бір-екі өлеңіне кезек берейік:

Шыбын үйір Қожакқа,  
Шыбынға Қожақ мазак па?  
Алдынан жайпап ұшырса,  
Құлағына қонады,  
Құлақтан қағып ысырса,  
Ызыңдап бастеке соғады.

Түсініп алған, түсініп–  
Шыбындар одан қашпайды!  
Жіберсе бірін ұшырып,  
Басқасы қона бастайды.  
Әйтеуір, шыбын Қожақты  
Тұс-тұсынан аңдиды.

Жаныңдағы Жанатқа  
Неліктен ол қонбайды?  
Қожақ ішсе тамағын,  
Бет-аузына жағады.  
Эрине, мұндей баланы,  
Шыбын іздең табады! (2.28)

Болмаса:  
Жылауық-ау, жылауық,  
Қойсаншы енді бір ауық!  
Әйнекті қар сабалап,  
Ит үреді абалап.  
Сыртта боран-ұскірік,  
Ызланды ысқырып.  
Қойды олар да акыры,  
Бола қойды акылды.  
Қойсаншы, енді жетеді,  
Жыламасан не етеді?

Жылауық-ау, жылауық,  
Қойсаңшы енді бір ауық!  
Үйдің ішін шулатып,  
«Әнге» басты шәйнек те.

Отырды апам түн катып,  
Тесілс қап әйнеккес.  
Жұмыстан кеш оралып,  
Папан жатыр дем алып.  
Қойсаңшы енді жетеді,  
Жыламасаң нетелі?  
Жылауық-ау, жылауық,  
Қойсаңшы енді бір ауық!.. (2.18).

Осы тұста бір сәт қарасөз шебері Мұхтар Әуезовтің тым ертеректе жазылған шығармаларынан келтірілген шағын ұзінді мен акын Жақан Смақовтың одан бертініректе туған екі өлеңінде піндей байланыс бар деп ойланып көрсійікші.

Алғашкы сөйлемдерден кең тынысты полотноға құлаш ұратын занғар суреткердің қолтақбасы бірден көрінді. Ал енді қарапайым өлеңдерге келсек, жеңіл ғана, ойшакы мәнерді байқаймыз. Екі нұсқаның такырыптары да бір-біріне мұлде ұқсамайтын сияқтанады. Былайша айтканда, айырмашылықтары жер мен көктей. Бірақ екеуі де өтс ұғынықты. Ең бастысы – екеуінен де қазақ баласының жүргегіне аса жылы тиетін оралымдарды аңдар едік. Техникасы әр басқа дүниелердің әрқайсының өзегінде алтын дәндей жарқырап жатқан ортақ нәрсе бар. Ол – ұлттық. нәр. Міне, табиғаттары екі бөлек туындыларды өзара байланыстыратын қасист те осыпау халықтық мінез болса керек (5).

Одан соң екі қalamгердің рух сабактастырына ортақ аса бір құнды қасист - екеуі де бір қарағанда қарапайым ғана корінегін қазақ әдебиетін әлемдік кеңістікке көтеругс ұмтылған. Мәселен, М.Әуезовтің «Көксерек» хикаяты туралы ғана бір пікірге көз жүгіртейік: «...Повесті оқып отырғанда шығарма авторының зор суреткерлік қарым-қатынасына қоса, ой-санда кемелдігі, көп оқыған-тоқығандығы бірден көзге ұрады. Академик Рымғали

Пұрғали айтқандай, «Оуезов әлемінің Шығыстың ежелгі өнері мен ғатыстың алдыңғы қатарлы мәдениетінің тоғысуынан тұған дүниежүзілік құбылыс» екендігі анық байқалады. Сондыктан да оның шығармашылық рухы қыранша самғайды, Құлай берген зор табиғи дарын мен терең білім қосылғанда, талантка қанат бітептін болса керсек».

Осынау бір ғана пікірдің өзінен-ақ Мұхтар Әуезовтің әлемдік масштабтағы дархан суреткер екенін андауга болар. Сол секілді, шығармаларының көркемдік деңгейі орыс балалар әдебиетін әдебиетінің классиктері Корней Чуковский, Агния Барто, Самуил Маршак, Сергей Михалков туындыларымен шеңдес Жақан Смақов та казак даласынан мейлінше кең кеңістіктеге құлапп сермен, мақсатына жетіп отырганы да анық. Оған қаламгерлік қысқа ғұмырын сәбілерге арнаған ақынның туындылары күэ. Демек, Мұхтар мен Жақанның Рух сабактастығын осындай қасиеттерінен де көруге әбден болады.

Қадыр Мырза-Әли айтады: «Жақанның ерекшелігі – ол өте кішкенттай балаларға, көбінесе балабақшадағы бүлдіршіндерге ариап ариап жазды. Бұл өте қыын.

«Ак тауық» деген өлеңі болатын еді бір...  
Ақ тауық-ау, ақ тауық,  
Ақ тауық неге қақсауық? –

деп келеді деп келеді де, былай қарағанда түкке тұрмайтын пәрседең бейнелесу құралы айқын, психологиялық суреті өтс дәл таңғажайып дүние туғызады.

Біз көбінесе бастауыш сынып окушыларына ариап жаздық. Мұның себебі әркімнің характеріне де байланысты болуы мүмкін... Салыстырып карасақ, өзге одактас республикаларда Балалар әдебиеті бойынша Жақан Смақовтай шеберлерге тәңдесе алатып ақындар жоқ та сиякты. Эрипе, анау Самуил Маршактар Орыс Балалар әдебиетінің шын классигі. Ал Корней Чуковскийді әулиссі осы бағыттың, Агния Барто да ірі ғұлға. Ал сондай дарындармен деңгейлес біздің Жақан Смақовтар бағасын әлі ала алған жоқ қой... Бірақ сопың өзінде мен өзім Жақан

Смақовты балалар әдебиетінің тұлғалы классигі деп есептеймін. Оқініштісі, өмірден ерте кетті. Оған еліктеушілер болған болу керек. Бірақ Жақаң оны көре алмады. Ол – балалар әдебиетіндегі айшықты құбылыс. Жалпы, Қазақ совет поэзиясының негізін қалағандарлың қатарында Жақан Смақов та тұр!» (1).

Әдебиеттің жас жеткіншектерді небір қасиеттерге тәрbiелейтіні түсінікті. Жалпы, жас үрпақ тәрbiесінің ең ұлы міндеі скені де мәлім. Қөркемсөз жас өскіннің таным-түйсігін дамытуға, өмір үйлесімділігіне, көкірек көзінің тереңдігіне, жап сұлулығына бастайды. Үлкен өмірге аяқ басқан әр сәби дүниестанымын әсем бәзепдірілген басылымдар арқылы кеңейтіп, ізденуге, қоршаған табиғат құбылыстары сырғын түсінуге, қоршаған ортаны сүюгे ұмтылады. Сөйтіп жалпы адамзатқа қатысты иғі дағдыларға біртіндеп жақындей береді.

Осындаға ойға М.Әуезовтің «Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» (6) деген сөзі тілге оралады. Ж.Смақов та «барлық саналы ғұмырымды сәбілеріміздің жан әлсін сусындағуға ариауды арнаңдаймын» деген екен. Біз талап тұыстығы жағынан да өзара жақын осынау суреткерлерге ортақ қасиеттерді іздеғендегі екеуімің де қандастарын ұдайы ізгілікке бастап, туған елдің туын мейлінше тік ұстатуға ұмтылғанын, яғни, ұдайы биік мемлекеттік мұддені діттегенін көреміз.. Демек, сөз болған екі қөркемсөз шеберінің шығармашылықтарындағы идея сабактастығы да осында жатыр. Бұл қаламгерлердің көптеген туындыларының нақ бүгін, дәл қазіргі заманға арналып жазылғандай әсер қалдыратыны да содан шығар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ақын Мырза-Әли Қадырмен болған ауызша сұхбаттан.
2. Смақов Ж. Бак-бак . Алматы, Раритет, 2008.
3. Ақын Мырза-Әли Қадырдан алғынған ауызша сұхбаган.
4. Әуезов М. Әңгімелері мен повестері. Алматы «Мектен», 1972.
5. Асылбекұлы С. М Әуезовтің «Көксерск» повесіндегі адам мен табиғаттың қарым-қатынасы. «Әдебиет айданы». 2008. 14 тамыз

**Каргабекова Р.И.**

## **МИФОПОЭТИКА В ТВОРЧЕСТВЕ АЛИБАЯ БАПАНОВА**

Пути развития искусства гобелена и художественного войлока последних десятилетий, как показало время, оказались плодотворными. В течение 1990-2000-х годов данные виды прикладного искусства, несмотря на повторы, клиширование уже созданных произведений маститых художников, претерпели массу трансформаций, вызвавших неподдельный интерес у общественности. На данном пути, сложном и неоднозначном развивается творчество одного из ведущих художников независимого Казахстана Алибая Бапанова. Все сомнения в «состоятельности» данных видов искусства были рассеяны благодаря профессионализму и мастерству художника, выпускника Московского Государственного Художественного Института им. В.И. Сурикова, обучавшегося в мастерской Народного художника России Ю. Королева.

В его творчестве непринужденно стягиваются, взаимодействуют, отражаются друг в друге различные пласти культуры, в полифонии которых он находит созвучие своему внутреннему динамичному миру. Разносторонний, увлекающийся по натуре художник отображает не только свой собственный мир, но и пытается максимально раскрыть фундаментальные понятия о макро- и микрокосмосе.

Культура и быт кочевого в прошлом народа, неразрывно связанная с коврово-войлочными изделиями нашла яркое отражение в его творчестве. Не уменьшая роль шерсти как магического символа древности, своеобразного проводника энергии высших сил, А. Бапанов свои тканые и войлочные картины, наполняет колористическим, фигуративным содержанием.

В его картинах нашли яркое отражение миф и поэзия, легенды и сказания народа. Так на фоне Мировой горы устроился Священный бык, символизируя твердость и нерушимость мировой гармонии («Мировая гора», 1996), на фоне степного простора караваны путешественников, гордо восседающих на кораблях пустыни, бороздят

Вселенную («Кочующий сад», 2006). Каждый такой корабль словно везет «каждой твари по паре» что из Ноева ковчега. Они плавают по бесконечному и бескрайнему простору земли, повествуя о ее красоте и гармонии («Земной рай», 2006). Помимо фантастических птиц и животных в одной картине сплелись современные «воздушные аппараты» и «мобилы» творения рук человеческих, однако они выглядят как те же фантаст-существа, с исходящими над головами машин растениями или «разветвляющимися» как у птиц хвостами самолетов, («Восторг зеленью», 2007).

Художник уводит внимание зрителя от воспроизведения реального мира, своего рода «жизненной правды». Ис отказываясь от реалистического метода и, в то же время, нарочито «деформируя» образы, его картины можно приравнять к произведениям художников-модернистов 20 века. Однако в творчестве модернистов ключевым моментом был разрыв с гуманистическими традициями классического искусства. А.Бапанов не разрывая связь с классикой, берет за основу опыт мастеров прошлых лет, а гуманистические традиции воплощает посредством классических цветовых решений, впоследствии в полотна великолепное множество их сочетаний, придавая полотнам лирический настрой («Логос», 2001, «Иление судьбы», 2007).

Структура материала играет немаловажную роль в создании картины. Мягкая в своей основе шерсть позволяет художнику лавировать кусочками окрашенной предварительно (иногда естественной) шерстью, словно художник-живописец «ложит» мазки кистью на холст. Надо отметить, что в отличие от гобелена для большинства войлочных произведений 1990-2000-х годов характерны поиски в структуре самого материала, и только после, в выборе сюжета и связанных с ними художественных поисков. Выразительность образных мотивов, монументальность выбранных художником форм материала и связанный с ним локальный цвет стали характерными для войлочного искусства периода независимости.

В эти годы в произведениях мастера вместо движения, как это было в традиционном коврово-войлочном искусстве, когда орнаментальные мотивы были не чем иным как степенный рассказ

какого-либо события, мы видим статичность в решении композиции, рассказ как бы остановившийся во времени. Художник изображает состояние в большинстве своем статичное по форме, размеры фигур и отдельных деталей зависят от того значения, которое придает им автор. Чаще они запечатлевают момент из общего текста рассказа, воплощенный в одной массивной форме («Ангел», «Загадка отражения», 2007). В композиционном решении доминирует первоплановость, не оставляя место ни второму ни третьему, тем самым бросая взгляд точно по центру, на «фигуру». Автор придает максимальное значение цвету, так как цвет, он считает проводником к пониманию картины. А высоко поднятая линия горизонта, иногда ее отсутствие придает картине всецелостный охват.

Понимая, что данный материал (шерсть), не есть масляные краски или тушь, которые можно герметично сохранять, художник не останавливается перед такими трудностями как сохранность произведений в условиях повышенной влажности. Забота о своем детище, неотъемлемая часть в жизни художника. Тщательный подбор очищенной, готовой к применению шерсти, цветовая гамма и ее сочетание, важные факторы в творчестве. Такой кропотливый труд, отбор, окрашивание, заранее подготавливает художника к созданию новой картины.

Создавая великолепные по своим стилистическим и художественным особенностям монументальные картины из шерсти, Алибай Бапанов, подтверждает свое мастерство и творческий потенциал, накопленный годами упорного труда. К его заслугам можно отнести активное участие (еще в ранние годы творчества, 1981 г.) в молодежных и республиканских выставках, в период распада Союза и становления молодого государства он работал в средних специальных и высших учебных заведениях, оттачивал мастерство, невзирая на годы переломного в стране времени.

В 1998 году за вклад и развитие изобразительного искусства, подготовку и воспитание молодых художников Казахстана Алибай Бапанов был награжден «Почетной грамотой» Комитета Культуры, Министерства образования, культуры и здравоохранения РК. С 2002 года стал членом Международной Ассоциации художников при ЮНЕСКО. В 2003 году указом Президента Р-

спублики Казахстан Н. Назарбаева А. Бапанов награжден медалью «Ерен Еңбегі Үшін», а в 2007 году стал Лауреатом Независимой премии Меценатов «Платиновый Тарлан», в номинации «Изобразительное искусство».

**Набиолла Н.**

## **Ш.СОЛТАНБАЙҰЛЫ ЖЫРЛАҒАН «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫ НҰСҚАСЫНДАҒЫ ҚАРШЫҒА ОБРАЗЫНЫҢ ҚӨНЕЛІК СИПАТЫ**

Қазақ халқының ерте заманнан бері ел арасында айтылып, молынап жырланып жүрген ғашықтық жырларының бір егейі «Қыз Жібек» жыры. Осы жырдың қай ғасырда пайда болғандығы туралы нақтылы дерек жоқ. Алайда «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының түркі текстес халықтарда ортақ сюжеті сақталған болса, одан кейін пайда болған «Қыз Жібек» жырының тек казак халқының өзінің төл тумасы екепін ғалымдарымыз дәлелдеп жазған.

«Қыз Жібек» жырының ауызша да, жазбаша да нұсқасы ел аузында көптеп тарапғаны белгілі. Айталақ Мұсабай жырау жырлаған нұсқасы мен «Қисса Қыз Жібектің хикаясы» деген атпен 1900 жылы Қазан қаласында басылған жырдың Жүсілбек Шайхысламұлы жариялаған нұсқасы ел арасына кең тараған. Аталған жыр 1900, 1903, 1905, 1910, 1911 жылдары бірнеше рет қайта жарық көрген. Сонымен бірге ауыз әдебиестің үлгілерін жишаушы Э. Дибаев да «Қыз Жібек» жырын 1923 жылы Ташкентте бастырган. Жырдың бір нұсқасын 1880 жылдар шамасында Қазалылық Мұсабай ақынының жырлаған нұсқасын Е. Александров жазып алғып, мазмұнын орыс тілінде жариялаған. Одан кейін 1933 жылы Қызылорда да, 1939 жылы Алматыда «Батырлар жыры» жинағында басылды. 1957, 1963, 1967, 1985, 2003 жылдары жеке кітап болып басылды[1, 342].

Ол жайлы ғалымдарымыздың ғылыми зерттеу еңбектері де жестерлік. Алайда жоғарыдағы нұсқалардың бір-бірінен онша алшақтығы жоқ. Бұларға ұқсамайтын, өзгешелігі бар нұсқа

Шыңжан өлкесінің Алтай аймағындағы қазақтар арасында кең тараған. Осы туралы М. Әуезов кезінде Шыңжаңдағы казактар арасында да жырдың басқа нұсқалары сақталған деген дерек бар, бірақ осы нұсқа әлі біздің қолымызға жетіп үлгірген жоқ деген ой айтқан екен. «Қызы Жібек» жырының осы нұсқасы 1982 жылы «Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан» Шеріяздан Солтандай үшінші шығарма болады. Оның авторы А. Адамовтың атындағы 1982 жылғы 1-ші мемлекеттік әдебиеттік премияның лауреаты. Оның авторы А. Адамовтың атындағы 1982 жылғы 1-ші мемлекеттік премияның лауреаты.

«Қызы Жібек» жырының бүл нұсқадан басқа нұсқасына назар ауларсаңыз негізінен екі үлкен бөлімнен тұратын көркем шығарма екептің байқауға болады. Осы туралы «Қазақ әдебиетіндегі тарихы» деп аталатын ол томдық жинақтың бірінші томында «Қызы Жібек» жыры – ерте заманда туып, Қазақ хандығы тұсында өнерге айналған көркем шығарма. Мұның ең басты ерекшелігі – үлкен екі сюжеттен тұратындығы. Яғни, «Қызы Жібек» – екі бөлікті шығарма. Бірінші бөлімде Төлеген мен Жібектің сүйіспеншілігі мен Төлегеннің қарашы Бекежанның қолынан мерт болғаны баяндалады. Ал, екінші бөлімнің мазмұны

Төлеі ен олғаннан кейінгі Жібектің тағдыры және оның Сансызың баймен қосылуы.[2, 440]

Алайда, осы жаңа нұсқаға зер сала қарайтын болсақ Сансызың Қорені өлтіріп еліне аман-есен жетеді. Артынан түскен қалың жауды Қаршыға ойсырата айласымен жер қаптырып, сүйінші хабарды алаңдаумен күндерді өткізіп жатқан Сансызың мен Жібекке жеткізіп олардың қуашының ортактасуымен аяқталады. Соған қарғанда бұл жырды үш үлкен бөліктен тұратын шығарма деп анықтауға болатын тәрізді. Жоғарыда екі бөлімнің басы анылышпен көрсетілгенін көріп отырмыз, оған қоса үшінші бөлімге Қаршығаның ерлік істерін тілге тиек еткеніміз жөн сияқты.

Біздің осы жырда тоқталғалы отырған кейіпкеріміз бірде Сырлыбайдың. Бірде қылышқ Алаша байдың ақылшы, комекші уәзірі ретіндегі бейисленесін Қаршыға образы. Жырдың бірінші бөлімінде, ханың ақылшысы ретіндегі көрініп, Төлегеннің загын естіп, Жібекпен жолығуши дәнекер болса, ал басқа бөлімінде ел қорғаған батыр бейнесінде суреттеледі. Осы бөліміндегі Қаршыға бейнесі мен Сак дәүірінің батыры Шырак батырдың ел

қорғау барысындағы ерлік істерінде бір-біріне деген ұқсастық пен айырмашылықтар жүз беріп отырады. Шырақ батыр туралы нактылы ерлігін баяндайтын шығарма немесе колжазба кездеспеді, алайда оның есімімен байланысты оқиғаның сюжеті сакталған. Енді Шырақ батырдың ерлігі жөнінде дәлелдер келтіріп көрелік:

...Құдықтан су ішпендер! Сақтар улап кеткен. Олар жол бойындағы шөптерді де өртеп жіберген. Мен сендерді ешкім білмейтін құпия сокпақтармен алып барам. Сақтар әскерінің дәл үстінен түсірем. Маған еріндер! - деді. Жүз мындаған парсы нөкерлері Шырактың соңынан ерді. Құйынданда соккан киыршық қызыл құмнан айнала төңіректе түк көрінбейді. Шілденің шынжып тұрган ыстығы, су сұрап аңқасы кепкен нөкерлер... Міне осылайши Шырақ батыр Парсы әскерлерін жеті күн, жеті түн бойы адастырып, шексіз құм басып жаткан даланың шексіз тұнғиғына енгізіп жібереді де, көп әскері қырылған парсы патшасы женілгеніне мойын ұсынып құмнан әрең аман шыққан аз әскерімен қайтып кетеді. «Бұл - аңыз емес, тарихи шындық» деп жазады грек галымы Иолиэн (б.з.б II ғасыр) [3, 26].

Ал «Қыз Жібек» жыры нұсқасындағы Қаршыға образына тоқталып көрелік:

Көп қалмақты қалай жоюдың амалын іздестірген ол Қорениң қалың әскерін құмға адастырып кіргізіп жібереді де қырып салады. Ол туралы жырда былай келеді:

Жол бастайтын қаршыға,  
Ойлады амал асыға.  
Қорениң қалың әскерін,  
Апарды құмның басына.  
Қорениң екі уәзірін,  
Шақырып алды қасына.  
Көрінген анау құм төбе,  
Бір жол бар онда тым төте.  
Бес аттың ізі кетілті,  
Байқасам ізді мен ерте.  
Кіргенде құмға адастым,  
Соғыпты боран желдетс...[4, 264]

деп жыр одан ары жалғаса береді. Сонымен ханның скі уәзірінің біреуін әскердің алдына бастатып, екіншісін әскерлер кері қайтбасын деп соңына салып құмның ішіне кіргіз жібереді де өзінің бірге ертіп жүрген жиырма қазақ батырын жасырып алып қалады. Жігіттерін тастанап Қоренниң ізіне түсken Қаршыға оның өлгенін көріп, қойыныңдағы хан мөрін алады да кері қайтады. Құмға келіп ішкерлей кіріп әскерлердің қырылғанын көреді де уәзірдің біреуінің қолындағы уәзірлік белгіні сипаттайтын жүзігін алады да ауылды торып жатқан екі мың қалмақ әскерін де алдап, ханның бұйрығы деп мөр мен жүзікті көрсетіп алып кетеді де, апарып құмға кіргізіп оларды да қырып салады. Бұл ерлік іске қарап отырсақ біздің әрамыздан бұрын өмір сүрген батырдың жауына тойтарыс беріп елін аман алып қалған ерлік істері XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген Қаршыға образынан көрініс тауып отырғанын бірден байқауға болады. Екі нұсқадағы ерлік істердегі айырмашылықтарға тоқталар болсақ, «Шырақ батыр» да ол жауларын сендіру үшін өз қолымен, мұрыны мен құлағын шұнтитып кесіп таставиды да жау жасағышың алдынан шығып, оларды құмға бастап апарып өзі де ерлікпен парсылардың қолынан қаза табады. Ал «Қызы Жібек» жырында олай болмайды. Қаршыға қалмактарды бастап келеді де амал-айла ойласп үәзірлерді әскерлерге айдал салып өздерін өздеріне қырғызып калған екі мың жасақты өзі алып алған мөр мен жүзікке сендеріп оларды да қырып өздері аман қалады. Жоғарыдағы айтылған мәселелерге назар аударатын болсақ екеуі де ел қорғау ісін тілге тиек еткен. Бірақ ел қорғау барысындағы жүргізген ерлік тәсілдерінің сипатында өзгешелік бар. Парсылардың күшіне қалай төтеп берудің жөнін таба алмай бастары қатып тығырыққа тірелгенде ханның өзін таң қаллырып, тосыннан ерлігін пайып еткен тұлға ретінде көрінеді. Ал, Қаршыға образына назар аударатын болсақ, жырдың бірінші бөліміндегі ол ханның қасында жүрген ақылшысы, суырып салма сөзге тапқыр шашен адам ретінде бейнеленісе, басқа бөлімінде батырлар секілді жекпе-жекте жауып сұлатқан батыр бейнесінде суреттегенімен, өз айласын әдісін тауып жауына қолдана білген өзіндік срекшелігімен бейнеленеді. Қаршығаның жауын қыру барысындағы ерлігіне қарап отырсақ,

жыршының фольклорлық ойлауынан туған көне сюжеттің сапада жаңғыруымен осы жырда көрініс беруі ой туғызатын тәрізді. Яғни батырлар жырында қайталанып отыратын сюжет ерекшелігінің сакталуын осы екі шығармадан да байқауға әбден болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бабалар сөзі: Жұз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. Т. 26. Ғашықтық дастандар. – 2006.
2. Казақ әдебиетінің тарихы Он томдық 1-том. – Алматы ҚазАқпарат, 2008.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.
4. Қазақтың ғашықтық жырлары. 1-том – Шыңжаң Шыңжаң жастар, 1982
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Жоғары оку орындарының студенттеріне ариалған. – Алматы. Ана тілі, 1991.
6. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы Ғылым, 1987. Коныргабаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы Ана тілі, 1991. Бердібай Р. Бес гомдық шығармалар жинағы Эпос – ел казынасы 1-том. – Алматы: Қаңың үрг, 2005.

**Орда Г.**

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАҢА БЕТТЕРИ**

(Ш. Елеуkenovтың «Үмбет қасқа» атты деректі новелласы жөнінде)

Бұл қаламгердің «Тұңғыш» атты әңгімесі бұдан елу жылдай бұрын 1961 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланғанын білеміз. Негізінде сын, әдебиет тарихы, әдебиеттер байланысы, ара-тұра проза өлкесіне де соғып кетіп отыратын қаламгер ұлт әдебиетінің коржынын «Үмбет қасқа» новелласымен толықтырды. Қазақ әдебиетін «Әке сынны», «Мұһмин атай», «Гасыр», «Базарлық», «Мұратжаның қазақшасы» атты бірсыныра әңгімелермен қатар эссе, хикая, «Әттең, дүние...» атты романы мен байытқан Шериаздан Рұстемұлының «Үмбет қасқа» атты деректі повелласын бүгінгі үлттық әдебиеттің жаңа табысы деп айтуда болады. Оған бірнеше себеп те бар.

Новелладан бірінші көзге түсетін – такырып сонылдыры. «Дін – апиын» деп ұрандаған тоталитаризм заманында қазақ жа зұны-

лары шектесулі тақырып аясынаш шыға алмағаны мәлім. Біз XX ғасыр басындағы әдебиеттің ақтаңдақ деп жүргенімізде, тұтас бір ләуір әдебиеті және ақсап жатты. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлік үзіліп қалуы ұлттық әдебиетімізге ғана емес, қазақ халқына өз зиянын тигізіп бакты. Себебі, әдебиеттің өмірден алышатынын, әдебиет пен адамның тығызы байланыста екендігін ескерсек, мұның тек зиянды жағы ғана болғанын көруге болады. Бұл жөнінде бас мұфти Э. Дербісалы былай дейді: «Иә, біз 70 жыл бойы атеизмиң ұраны мен угіт-насихатының әсерінен дініміздің күллі адам баласына ортак адал да пәк құндылықтарынан айырыла жазладық. Оны құбыжық стіл көрсеткен идеологияға сендік. Сол себепті де Ислам дінінің достық, мейірбаңдық, тазалық, парасаттылық, адамгершілік діні екенін, оның тек мұсылмандарға ғана емес, сондай-ақ өзге діндегілерді өзара бейбіт қатар өмір суруге үндейтініне мән бермелік» [1, 5].

Бүгінде тарих қойнауына «Алтын ғасыр» болып енген XX ғасыр әдебиетінің ең үлкен дәуірі – қеңестік дәуір. Ендеше, жетпіс жылдық тарихы бар қеңестік дәуір әдебиетінің де басты кемшілігі осында жатыр. Еліміз егемендік алғаннан бері осы олқылықтың орны толын көле жатқаны қуанарлық жайт. Оның бір мысалы - алдымызда жатқан «Үмбет қасқа» новелласы.

Келесі ерекшелік – шығармадағы деректілік. Новелла алғашында Қызылорда обкомының насиҳат және угіт бөлімінің мемгерушісі, Облыстық партия комитетінің хатшысы, ұзак жылдар Орталық Комитеттің идеологиялық бөлімінде жауапты қызметтер атқарған Әуірхан Айдаров туралы сыр шертеді. Бас кейіпкер төңірегінде өткен оқиғаның негізгі лейтмотиві – имандылық. Шығармада исламдың нағым-сенімнің жалғасуы казақ арасында сакталуы көзге түседі. Осыдан келіп Коммунистік партияның идеологиясына адал қызмет еткен басшының аяқ астынаш дішшіл бола қалағаны қалай? Оның сыры неде? деген сұрақ туары даусыз. Қазақ баласы көзін ашқаннан «Құдай қаласа», «Құдайдың көзі тұра болсын!», «Алла жар болсын!», «Е, Алла жаратқаныңа шүкір!», «Жаратқан ием, жар бола гер!», «Адамның айтқаны болмайды, Алланың айтқаны болады» деген сыйылды сөздерді естіп өседі де Жаратушының бар екендігіне

сөнсөді. Материалистер тәрізді қолмен ұстауға, көзбен көргө болмайтын құдіреттің бар екендігін іштей мойындал, оны сана-сына сініріп өскен адамның атеист болуы да негайблі. Новелла кейіпкері де осындай таныс, бейтаныс жүздерлің, мындардың жиынтық бейнесін көз алдымызға алып келеді.

Қазіргі таңда исламға біржола бет бұрып келеміз. Бір куанаарлығы тәуелсіз қазақ жастары «Дін – апыны» дегенді естіген жок. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда қаншама мешіт салынды. Бір ғана Алматы қаласында 30 мешіттің елге қызмет жасап отырғанын ескеретін болсақ, казак халқыша 70 жылдан аса жүргізілген идеологияның өзі ештеңе істей алмағанын байқауға болады.

Мениң мектепке бармай жатқапда естіген бір әңгімем бүгінге дейін жадымда сайрап тұрады. Бір күні мектепте тарих пәнінен сабак беретін жамағайын ағамыз үйге келді. Шешем әңгіме арасында: – Мырзаға, осы сендер балаларды Құдай жоқ деп оқытқанға Құдайдан қорықпайсындар ма? - деп сұралы. Сол кезде әлгі ағамыз былай деп жауап берді:

– Ой, женеше-ай, кайбір жетіскеңнен айтады дейсіз. Ұлаларға солай деп айтарын айтамыз да үйге келген соң, Құдайдан кешірім сұрап, жалбарынамыз гой, - деді. Ұала болсам да мұғалімдердің солай айтуға мәжбүр екендігін түсінген мен кейіп мектепке барған соң сол ағамның айтқапын еш ұмытқап емесспін. Бірак, адамның маймылдан жарапатының айтқанда, марксизм-ленинизм классиктерін жаттағанда алдымызға жан салған жокпыш. Бірак, таза атеист боллық деп те айта алмаймын. Себебі, үйде әкешешеміз не істі бастаса да «Е, Алла жар бола гөр!», «Құдайдың кезі тұра болсын!» деп отыратын. Соған қараң, Алла Тағала қолдаса ғана істің сәтті болатындығына сенетінбіз. Ендеше, Алланың бар екендігін жүргімен сезінген Дәукеңің де өмірден алынған шынайы кейіпкер екендігі автордың жетістігі ғана смес, бүгінгі қазақ әдебиетінің іабысы екені рас.

Келесі бір жетістік – шағын детальдар арқылы үлкен мәсселелерді көтеру. Оның бірі – қазақ халқының қасіретіне айналған 1937 жылдың ойраны. Новеллада 1937 жылы «Халық жауы» ретінде ұсталып кеткен Үмбеттің қасқа жүйрігін бейгеге

косқан Дәүкепің әңгімессі арқылы өрбіген оқиғаға шегініс жасалады. Озі ұсталып бара жатканда «... сабыр, сабыр. Құләш, жылама, кішкентайымыз шошыр. Анау торы касқа құнаннның ендігі күтімін Сүйеу сейістен сұра» дег кете барған Үмбеттің соңғы аманаты да жүйрігі болғанын оқып отырганда ат кекілін тарамаса отыра алмайтын қазақты айпытпай танимыз. Төрт түліктің де өз иесі, пірі болатындығына автор ерекше көңіл беле отырып, оны напымды бейнеленген.

Сонымен бірге «Алматының төріндес орналасқан алты қабатты үйдің бірінші қабатындағы әдемі, жасауы келісті, әрқашан шытынал таза тұратын пәтеріне анда-санда соғып кетіп жүремін» [2, 18] деген жолларды оқып отырганда көпестік идеологияның жүргізген тағы бір жымыскы саясаты еске түседі. Ол не? Ол – қазақтарға тек бірінші және ең жоғарғы қабаттағы пәтерлердің берілгендей. Осындай әңгімелерді үлкен кісілерден естіп, көзіміз көріп жүргенде соның тағы бір мысалына күә боллық. Бар ғұмырын партия аппаратына арнаған жанның зейнетке шыққанға дейін бірінші қабатта тұрғандығы әрине оқырманға ой салар дүние. Осындай мысалдардан автордың шағын детальдарға үлкен ой сыйғыза білгенін атаяға болады.

Шығармада кейіпкер түсі көркемдік қызметті атқарған. Оны автор болашақта болатын оқиғадан хабар беру үшін пайдаланғаны анық. Бапкер Сүйесе сейіс атты бейгеге қосар алдында досы Үмбетті түсінде көреді. Ол ештеңе айтпаса да қолымен нұсқап бұларға жол сілтейді. Міне, осы арқылы автор екі дүние арасында тылсым күштің болатындығына көңіл аударады.

«Аруак атқан оқбайды» деген халық даналығын Дәу кара өмірінен көруге негіз бар. Алты алашқа аты жайылған Құлагерді мертіктірген Батыраш тұқымының тек қайғы-қасірет арқалап, азып-тозып кеткені тәрізді. Дәу кара да перзент сүйе алмай қу бас атанип кетеді. Міне, осыған қарал отырып, жүйріктердің де пірі болатындығын мойындауга болады. Олар адам болмағанмен, Алла Тагалапың ерекше сүйіп жаратқан жануарлары. Ендеше, Алланың нұры жауған жандарға (жануарларға) колдан қасастық жасағаптар өздері қазғап орга түсстіп рас. Дәу қара бейнесі арқылы автор ешқашаш, ешкімге қиянат жасамау керектігін ескертелі. Авторлық

ұстанымнан елге жасаған жақсылығың да, жамандығың да алдыңа келеді дегенді байқауға негіз бар. Ол жөнінде атам қазақ «Аламнан қайтпаса, Алладан қайтады» деп жатады. Осы оқиға арқылы автор Алланың құрығы ұзын екенін шынайы суреттей білген.

Қаламгер «Аруақ! Аруақ!» деп айқайға басқан бәйге баланы өмір бойы Үмбеттің аруағы қолдап жүргеніп оның ғұмырының жарқын беттеріне сыйғызыса, «— Қалқам-ай, атқа шабуынды ағаңдан өзім қолқалап сұрап алып едім, обалыңа қала жазздадым-ау... Құдай сақтады, әйтеуір. Ракмет, таудай жігіт бол, айналып кетейіп, мың жаса!» – деген Үмбет жесірінің батасы «Батамен сл көгерер» деген халық даналығын растай түсken.

Шығармадан көзге түсетін үлкен тәрбиелік мәні бар екінші мәселе – бала тәрбиесі. Қазақ халқында тұңғыш баласын өз ата-аналарының баласы ретінде үлкен кіслердің бауырына салып, туған әке-шешесі онымен аға-женгесі ретінде қарым-қатынас жасайтын дәстүр қалыптаскан. Мұның негізгі мақсаты баланың еркін өсуіне алып келеді. Кемпір мен шалды арқа тұтқан бала батыл болып өседі. Олардың барлығы да ақылы бар тәнтек болатынын көріп те жүрміз (тентек дегенде бұзакы емсс, қайтпас, қайсар, өжет деген мағынада - Г. Орда). Өзіндік айтары бар, өз көздегеніне жетпей қоймайтын баладан болашакта үлкен жауапкершілікті сезінетін азамат өседі. Және бір көніл аударатын нәрсе кемпір-шалдың тәрбиесін көрген балалар ешқашан өрескел әрекетке бармайды Себебі, аузында Алласы, қолында Құраны бар қариялар біреудің ала жібін аттамау, ешқашан өтірік айтпау керектігін өз істерімен көрсеттіп, баланың санасына сініріп отырады. Қазақ қашан да баласын «Біреудің ала жібін аттама», «Бас кеспес болса да тіл кеспек жоқ», «Ешқашан өтірік айтушы болма», т.б. сынды ұлағатты сөздер арқылы имандылықпен тәрбиелеуге аса мән берген. Сондықтан да кемпір-шалдың бауырында өскен балалар үлкен жетістіктерге жетіп, биіктірді бағышдырып жатады. Бала тәрбиесіне қатысты авторлық ұстанымнан осыны байқауға болады. Себебі, автордың өзі де кемпір-шалдың қолында өсіп, өз балаларын да ата-апасының бауырына сала білген жан. Оны «Сұлулыққа іцкәрлік» (Толғау-эссе, хикая, әңгіме, очерк, пьесалар, әдеби сын-зерттеулер) кітабындағы «Бұл кітабымды бауырында өскен батагей әжем Зейнеп Дүйсекқызы

Шөдік келінің аялы рухына арнаймын» деген сөзінен байқауға болады. Эже бауырында өскендіктен өз кызын да анасының бауырына сала білгендейтін қызы Гүлнар күні бүгінге дейін өз әкесін Ағабай деп атайды. Ендеше, автордың өз басынан өткерген осында жайлар оқырманды шынайтынымен баурап отырады.

Новелланың көтерген жүргі өте ауыр. Олай дейтініміз, мұнда бүгінгі намазхандардың (иманды жандардың) қайдан шыққандығы туралы үлкен келелі мәселе қозғалады. Қазақ әдебиетіне исламның епі туралы сөз еткенде біздің ойымызға бірінші кезекте Ы. Алтынсаринің «Мұсылмаништықтың тұтқасы» мен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шартты» еске оралады. Ислам діні келгеннен бері жазылған түркі тектек халықтардың әдебиетінен үлкен орын алған осы дәстүрге кеңестік дәүір тұсында балта шабылса, сөз болып отырған шығарма сан ғасырларда қалыптаскан дәстүрдің тәуелсіздік тұсында қайта жалғасын тапқандығын көрсетеді.

Кез келген көркем шығырманың максаты оқырманға ой салу болса, автор бұл максатына жеткен. Олай дейтініміз новелланың алғашқы жолдарын оқып отырғаның өзінде әртүрлі ой мазалайды. Соның бірі – қазақ халқының ғана бойына дарыған ұлттық ерекшелік. Ол – «Айна көмесс ағайын жат, жылына көмессе жекжат жат» дейтін қазақ халқының бауырмалдығын көрсететін мысал. Оны бас кейіпкерлік кіндік қаны тамған жерге «кат ізін сүйтпай» барып тұруынан көруге болады. Той-томалаққа бармаса да ағайын мен жекжаттың өлім-жітіміне міндettі түрдес барып тұратын қазақ баласына осы тәрбие қайдан келді деген сауал туады. Автор осындағы сауалдарға жауап бере білген. «– Қазақта Құдайын ұмытты деген сөз бар. Ал, Ҳак тағала – жүректе. Ар-инабат ше? Оны да жүргегінмен сезесің» деген автордың философиялық тұжырымы қазақ халқының жүргегінен орын алған үлкен де ұлы сезімді ұзақ билік жүргізген коммунистік идеологияның санамыздан өшіре алмағандығын танытады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Дербісәлі Ә. Ислам және заман. – Алматы. – 2003. – 560 б.
2. Елеукенов Ш. Үмбет касқа // Парасат. – №8. – 2009. – 18-20 б.

## М. МАҒАУИННИҢ «ҚЫПШАҚ АРУЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ РОМАНТИКАЛЫҚ РУХ

М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятының басты кейіпкері – сұлулық. Айсұлу бегім уақыт пен кеңістікке тәуелсіз сұлулықтың символына айналған. Жазушы осыдан сегіз ғасыр бұрынғы түркілер тарихының тереніне ой жіберіп, қайта оралып, бізben сырласып жатады. Кеңес дәүрі әдебиетіндегі «Аласаныран», «Сары қазақ», «Шакан шері» сынды классикалық (реалистік) дәстүрлі стилде жазып жүрген жазушының бұл хикаяты алғашында тосындау көрінді. Жазушының «Қыпшақ аруы» шығармасында лирикалық бастау, ішкі толғаныс, фантастикалық, мистикалық элементтер араласып келгеп. Сюжеттік шыргалаң, шығарманың мазмұнлық астарының қалыңдығы, уақыт пен кеңістік аясындағы еркіндік, өткен мен бүгін арасындағы контраст, откен тарих сілемдерінс нazar салу, ретроспективтік ыңғайдаң молдығы жазушы шеберлігінің табиғи қуатын ғанағтады.

Жазушы Саржаның қиялы арқылы түркілер тарихының терен қойнауындағы ару аяның образын тірілтеді. Саржан мен Айсұлу бегім уақыт пен кеңістіктің шекарасын бұзып шығып, өткен мен бүгіннің арасына алтын көпір салады. Уақыт пен кеңістіктің тұтастығын, жалғастығын жарып өтетін олар шығама шешімінде өткен ғасырда қалуды қалайды.

Сюжеттегі қайшылықты сәттер, Саржан мен Айсұлу бегімнің ерекше жағдайдағы оқшау іс-әрекеттері, мінез-құлқы, фабулалар тосындығы, көркемдік уақыт пен кеңістік қабаттарының молдыңы М. Мағауиннің хикаятындағы романтикалық эстетика нақыштарын әрлендіре түседі.

«Биылғы жұмыстың берекесі қашып тұр» дег реалистік мәнерде басталған шығарманың алғашқы беттерінде автор соңғы жылдардың шығармашылық үшін баянсыз болғандығы туралы ағынан жарыла сыр шертеді, шығармашылық лабораториясына қатысты деректерлі санамалайды. Тарихи роман жазу барысында археологиямен де айналысып, «Қыпшактың тас мүсіндері»

кітабын қарағанын тілге тиек стеді. «Аласапыран» кітабындағы Ораз-Мұхамедтің киян даға шығып, бабалардан қалған жәлігер - биік корым үстіндегі тас балбалды алдына келіп ұрғанын есіне алады да, «Қыпшактың тас мұсіндерін» ашып парактайды. Бір тұста жазушы : «Жарқ ете тұсті. Бұлттан шыққан, арайты, дөп-дөңгелек күн бетті. Қырығы тұзу, аялы, үлкен көзді. Әсем иілген саржа қасты. Үйірілген оймақ ауызды. Жұмыр балғын иекті... Тән мен жап ғажайып жарасым тапқан тылсым тұлғасымен... Бұдан отыз жыл бұрынғы қалпы. Отызыңыз не, мың жыл бұрынғы. Ұмай тексті Қыпшақ аруы. Міне, қандай болған!.. Жұпның кейпінің өзі ғаламат. Тілсіз тас мұсіншің жансыз, көшірме суреті. Мен Қыпшақ аруышың оң ғасыр өтіп кеткен көлеңке бейнесін алақаныммен бастым. Содан соң шымырлай толқын ұрған колымды оқыс тартып алып, кітаптың бетін жаптым.

Иә. Озгеше сымбат. Бәлкім, дуалы, сиқырлы... Саржанның түбіне жеткен де сол сиқыр шығар. Дуасы ауыспаса, Саржан емес, мен кетуім мүмкін екен...» [1,4-5] дег ару-ананы сипаттай жөпследі. Сол сұлулыққа бір кездері мұсінші досы Саржанның ғашық болғанын баяндайды.

Хикаят басталғанин-ақ жазушы Қыпшақ аруының егжей-тегжей, толымды, романтикалық реңктерінде кескіндемесін сомдап, өзінің сөзім-тебіренісін білдіреді. Арудың тұлғасы «ожай ғана сұлу дене емес. Тәкаппар, аспани, пәк таза. Ғажайып...

Ұрыс-дәүлеттің Мәйегі, ұрпақтың Анасы! Елдің Құты, ұлыстың Ұйытқысы. Құт ғана емес – күш, ана ғана емес – ажар екен... Иә. Өмір кешкен, жер басқан Қыпшақ аруы. Кім сүйінбес, кім қызықпас. Қолы жеткен талайлы азамат - ол да өз ортасынан озып тұған ақылман бек, немесе қайтпас баһалұр, бәлкім, тіпті, ел үйірген, кол бастаған, ханның өзі асыл жар еткен, қаншама құшып сүйсе де бар құмарын тарқатада алмаған, әлпештеп, аялан ұстаган, жұмбак тағдырлы періште, періште ғана емес, пір...» [1, 5].

Жан мен гән сұлулығы жарасым тапқан ару бейнесі арқылы қаламгердің әсемдік идеалы бой көрсетеді. Жазушының шығарманың әр түсында Қыпшақ аруының өзінің және Саржанның қабылдаудағы жалпы портреттік суреттемелерін

беріп, кейде оған арнайы тоқталып суреттеуі оқиғапы баяндау қуатын арттырған. Қыпшақ аруы - біздің күнделікті көлеңкелі өміріміздегі жарық сәуле сияқты, мәңгі жасайтын «ғажайып», сакральды дүние. Қыпшақ аруының балбалы - түркілер әлемінің көне киелі архетипі, белгілі бір деңгейде сакральды түркілер кеңістігінің таңбалық белгісі. Қыпшақ аруын суреттеудегі авторлық сүзгіден өткен жоғары лексика, «аспания», «пәк таза», «ғажайып», «сиқырлы», «дуалы» эпитеттерінің жұмысалуы баяндауга романтикалық, мистикалық бояу қосқап. Хикаятта қыпшақ аруының белсенді әрекеті мен іс-қимылышынан, көңіл-күйі мен психологиялық ахуалынан гөрі автордың лирико-романтикалық стилемен көмкерілгсін эстетикалық әсері, сүйіспеншілігі, аруды кошаметтеу, табыну, тамсану басым.

Шығарма басталғаннан бастап әр түста арнайы назар аударылып отырған қыпшақ аруының сұлу сымбаты мен киелі кескіні хикаяттың эпикалық болмысын нәзік лиризммен, жұмбақ әсермен байытқан. Қыпшақ аруының келбет-кескіні Саржанның қабылдауы арқылы да беріледі. Ол көз алдына келген аруды: «Иілген қабағы. Толық, пісіп тұрган ерні. Балғын иек, жазық мәндайы... Ең кереметі – көзі! Мейірлі, мұңды бота көзі!.. Қорықпадым, қуандым. Țек... аңыра қарап, сұлулыққа сүйсіп, көркіне табынып... демім үзіліп... бір сәт, елі мен тірінің арасында, елбірей, көз айыра алмай, қимылсыз, тілсіз отырып қалсам керек» деп суреттейді.

Хикаятты баяндаушы Мұхтар мен Саржан арасында рухани бірлік бар. Саржан жас кезінен атағы шыққан, ерте танылған аса дарынды мүсінші болады. Өзі айтқандай заманының талabyна қарай жасаған «монстр» мүсіндеріне көnlі толмайды. Таусылмаса да тоқырап, қалжырап, даңғаза тірлікten мезі болып, әрі-сәрі күйде жүреді. Мұхтарға «өзінің аталарына тартпай туғапы» үшін «кор, сорлы» санап қынжылатынын айтып, «менен бақытсыз кім бар екен!..» деп мұңзын шағады. Ол үнемі өзінің жанына, рухына бір пәрес жетіспейтіндей сезінеді.

Саржан шығарма қаһарманы Мұхтармен өзара әңгімелесу барысында «Қайда казір сол қыпшақ» деген сұрағын бірнеше реіт қайталайды. Сол арқылы бір уақытта сән-салтанаты асып,

шалқып отырған, бай-куатты, құдіретті, мерейі үстем жауынгер қыпшақтарды жоқтап іздейді. Бір кездерлегі дүниені дүр еткізген «қисалсыз жұрттың» бір бөлшегі болған бүгінгі адамдарды «тозған, қалжыраған қауым» деген өкінішін жасырмайды. Сол өткен, кеткен уакыттың қайта оралуын аңсайды. Саржанның санасында Қыпшақ аруы туралы ойды ең алғаш тұтатқан, қыпшақтардың көне тарихын қозғап, арудын суреті бар кітапты оған көрсеткен де досы Мұхтар. Сол-ақ екен Саржанның шарқ ұра іздегені табылып, арудың мүсіні оның жаңын жаулап, құндіз ойынан, түнде түсінен шықпайды. Ол бүкіл жан-тәнімен, ойымен арудың мүсінін жасап шығу идеясына түбекейлі байланады. Саржан баяғы рухтың ұшқының қыпшақ аруының балбалынан тауып, өзі үшін жаңа бір көркемдік әлем, жаңа дүние есігін ашады.

Баяғыда етіп кеткен, бүгінде балбалдың сыйнығына айналған, бұлдыр көлеңкесі ғана қалған ғажайып арудың сырлы, әсем сипаты қазіргі заманда тіршілік етіп жатқан мүсінші жігіттің жүрегін жаулап, «басын жадылап алады». Қыпшақ аруы бірнеше рет Саржанның түсінде көрінеді. Саржан Айсұлу begimge fashyq болады. Өзінің бір кездері ханзада болғанын, Айсұлуға деген баяғы сезімдерін қайта еске түсіреді. Бұдан мың жыл бұрынғы маҳабbat дерті, «шешқашан жазылмас ғашықтық дерті» бүгінгі күнге көшеді.

Откei замандарда Айсұлу Саржанның мәңгілік қосағы екен. Екеуі бақытты отау құрып, он үш жыл бойы тату-тәтті тірлік кешеді. Он үш жыл бойы күрсақ көтере алмаған Айсұлу енді арманыма жеттім бе легенде, бала үстінде қайтыс болады. Қайғысы тарқамаған Саржан жарының бүкіл қыпшақта жоқ мүсінін жасап шығады. Айсұлу өнердің құдіретімен адам қалпында емес, сырлы, мұңды тас бейнесінде қайта тіріледі. Шарасыздықтан жер бетіне сыймаған Саржан тірісінде өзінің мүсінін жасап, демі үзіледі де, ғасқа айналады. Ана кейілтегі Айсұлу мен Баба кейінегі Саржанды кол ұстасқан күйі биік қорымың басына катар орнатады. Алты ғасыр бойы мызғымай тұрған балбалдарды адамдар бөлшектеп киратып, құлатып, тарихынан безді, өткепін ұмытты, қағынан жеріді. Қыпшақ аруының қайта тірілуі ұлт рухының үйкесінан оянып, енді бас көтере бастағанын меңзейді.

Мұхтар боратып шығарма жазып жатқанда, Саржан да Айсұлу берімнің тас мүсінін тудырады, шедевр жасайды. Ежелгі балбалдың шағын сынығынан әсемдікті қиялында елестеткен мүсінші өзінің шеберханасында Қыпшақ аруның сымбатты бейнесін жасап шығады. Мүсін Саржанның көңілінен шығады. Ол мүсіннің керемет жасалғандығы соншалық, арудың рухы мүсінге келіп қонады. Шабыттанған мүсінші өзін өзі аттас ежелгі қыпшақ ханзадасы Саржанның орнына койып, ежелгі дәуірдегі сынары Айсұлу берімнің мүсінінің жанына қосып жасайды. Арудың касындағы мүсінге ханзада Саржанның руы қонады. Жапсыз тасқа жан бітіп, тіріліп кеткенде, адам әрекетіне саңадан тыс сирттән әсер ететіп тылсым күштердің барлығына күә болғандаймыз. Саржанның көріспіш, тасқа айналып, қоғамды тастап кетуі, көне тарихтың төрін таңдауды да романтикалық белгілерден.

Шығармаға Саржан мен Айсұлудың ғасырлардың қойнауын жарып шыққан маҳаббаты, уақытқа бағынбайтын ғашықтығы арқау болған. Тас мүсінді тудырған Саржан болса, оның жанына шабыт құйып, поэтикалық құш-куат берген Айсұлу. Отken мен бүгіннің арасына көпір салған құдірсті күш иссі. Хикаяттың өн байында қыпшак аруы тым аздау көрінсе де, шығарма тақырыбына арқау болыш, оның көркемдік тінінде Айсұлудың парасат-пайымы, уақытқа бағынбас спікірлі сұлұлығы, Күн – бейнесі биіктей түседі.

Қыпшақ аруның мүсінін өз көзімен көргенге дейіп «Біз бәріміз де материалистпіз. Мен – реалист скульптор, сен – реалист жазушы. Тар қапас, темір үйшікке қамалған. Дегенмен... Е-е, мейлі. Бас ауыртпайын десем де, мазамды кетіріп ойымнан шықпайды» деп өкініш білдірген Саржан ақылдың ғана емес, ғылымның шенберіне сыймайтын ғажайыптар туралы бас қатыра ойлашады. Қыпшақ аруның жүзін көріп, дидарласқаннан кейін ол өзі айтқаи «реалистік тар қапастың» ауқымынан шығып, «шектесуі» уақыттың да, кеңістіктің де табалдырығынан атап кетеді. Өзі бірсесе орта ғасырларға, одан бүгінгі күн оқиғаларына келергісіз араласады. Ол өзінің ендігі жолын «жалған өмірді тәрк етем. Жаңа бір ғұмыр бастаймын. Пенде ретінде ғана емес. Мүсінші ретінде. Көкірегім тар еді – кеңілі. Алдым тұман еді –

ашылды. Бұғаулы құл едім – еркіндікке шыктым. Жалғыз-ақ мақсат, ұлы мұрат жолына бағыштадым өзімді» деп түсіндіреді.

«Қыпшақ аруы» ежелгі арудың қасиетінен сыр шертетін тарихи шығарма емес. Көлемінің қысқалығына қарамастан уақыт пен кеңістік жағынан аса ауқымды. Бірнеше ғасырлардың оқиғасы тығыздалып, үлкен философиялық ойлар жинақы нығыздала берілген. Қыпшақ аруы шығарманың бойында сирек ұшырағанымен, барлық оқиға желісі, жазушының ой-толғаныстары сол арудың төңіргіне шоғырланған. Қыпшақ аруы Мұхтар мен Саржан сияқты белсенді әрекет үстінде көріңгенімен, хикаяттың өн бойында Қыпшақ аруына деген құштарлық, ізгі махабbat, іңқарлік, сағыныш жатыр. Қыпшақ аруы жазушы танымында – халқымыздың тарихының, рухының символы ретінде асқақтай түседі. Ол бүтінгі ұрпақтың Анасы, асыл жар, жалпы қасиетті әйел бейнесі ретінде жалпылаушылық мәнге ие болған. Қыпшақ аруы Саржанның рухын, тарихи жадын ояты. Бір кездері дүниенің жартысын билеп, тұлпарының дүбірінен алыс жұрттарды тітіреткен ежелгі түріктердің, арғы бабаларымыздың рухы бүтінгі біздің ұрпақтың бойында мұлгіп, ұқыда жатыр. Ага-бабалардан талай ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан сабактастық отаршылдықтың табанына түскен тұста үзіліп қалды. Мұлдем макұрым емсепіз. Дүнисін лұр сілкіндірген ата–бабаларымыздың үзігі жүргімізде бар. Бірақ ол санамыздың терец бір қойнау–жықпышында бой тасалаған. Тек соны түйсініп, сезінс білуіміз керек. Сілкініп, серпілу керек. Сезімі сергек Саржаңдар сол рухты өз бойында ояға алды. Хикаяттың көтерер жүгі осында.

Саржан мен Мұхтарлың арасында достық, рухани жакындық бар. Шығармада ол жайында Саржан былай дейді: Саржан мен Мұхтар. Каны жалғас, жаны туыс, мақсат, мұраты ортақ. Серіз ғасыр шегінен озып, үпдессіп, ұштасып жатқан. Екеуміз – бір кісі. Қай заманда жасасак та. Сен деген – мен. Мен деген – сен. Біртұас тұлғамыз. Жартылай емес, жарымжан емес, толық қалпымызда. Ортамыздан болінсек, скеуміз де орташа шығамыз... Сенің айтқаныңдай, жұрттың жақсысына артық. Одан не пайдала? Үлкен өлшеммен алғанда шамалы. Шамалыны сен де, мен де қанағат тұттаймыз» [1, 57-58].

Саржан – өзгеше інік, жүргегі әсершіл жан. Ол кең далапың төсінде балбалдарды қаптаған ата-бабалардың ежелгі дәстүрін қайта тірілте алды. Бірақ өзі де Айсұлумен бірге бүгінгі қоғамда қалмай, орта ғасырларға қайта кетті. Болған-болмағаны белгісіз ізім-қайым жоғалды. Орине, мұндай шешім кімді болса да ойланады.

Жазушы хикаяттағы оқиғаны баяндай отырып, ксіде оған қатысты жеке қарым-қатынасын авторлық шегіністер арқылы білдіріп отырады. Кей тұстарда «Мен – аталардың аруағы қонған ұланмың» деп өзін-өзі жігерлендіріп қояды. Шығармашылық шеберханасына, шығармаларының жазылу тарихына да соғып өтеді. Саржан бойындағы метаморфоза да автордың қабылдауы арқылы суреттеледі. Қыпшақ аруын көріп, оның мұсінің сомдағанинан кейін өні жүдеу болғанымен, «жүзі нұрлы. Қимылы байсал. Бұрын тым қарапайым болса, енді құрмет, ықыласының өзі менмен, тәкаппар кейпі танылады. Бар бітімінен өзіне деген сенім, қайтпас қажыр андалып тұр. Атак, абырой өз алдына, шеберлік шыңына жеткен, бар мұратын тапқан қас зергер. Өнер патшасы кейіпті» деп бағаланады. Автордың өз қаһарманына деген жылы қатынасы айқын. Оның бұрынғы болмысы мен ендігі кейпі салыстырыла берілген.

Жазушының өзінің жеке басы, шығармашылық азабы туралы толғаныстары тағдыр талқысына, заманға деген қарым-қатынасын, көзқарасын көрсетсе, Қыпшақ аруына қатысты тебіреністі жолдар мұсін арқылы көрініс тапқан, сәулеленген қыпшақтар рухының кереметі мен айбынына таң қалыс толқындарын кестелейді.

«Қыпшақ аруы» хикаятында авторлық позиция өзгеше, әрі белсенді сыңай танытады. Шығарма автордың қыпшақ аруы туралы тебіренісімен аяқталады: «Қош бол, ғажайып Қыпшақ аруы! Сегіз жұз жылдан соң Қаламгердің қиялын гербegen Сенің пұры шалқыған сұлу көркің ешқашан да тозбайды. Туған халқыңың ең соңғы жұқанасы жоғалғанға дейін жасайсың. Қош, бұдан сегіз ғасыр бұрын өткен, мен ғашық бола алмай қалған қыпшақ қызы!

Жан тартса да ғашық болар жөнім жоқ, мүмкін, сен менің туған аниам шығарсың! Арғы аталарыма куат берген, бауыры-

нан бүгінгі ұрпақты өрбіткен. Жалғыз мен емес, Алаш ұрапды жалпак жұрттың Анасы!..

Дәп солай! Ел Анасы – Үмай Ана!

Жер жиһанда тендесі жок Қыпшақ аруы!...

Бүгінге жалғасқан ежелгі ұлысың, еселең өсер кейінгі ұрпағың аман болса, ғасырдан ғасырға өтесің, мәңгі жасайсың!...

Міне, мертігің бітті, кемтігің толды, жаңадан жарқырап көрінді!..» [1,59].

Қыпшақ аруы туралы жазушы тебіренің ежелгі бабалар өнерінің керемстіне таңырқау сезімдерін өрнектейді. Мұнда авторлық баяндау символикалық мағынамен ұштасады. Бұл үзіндіде жазушының және бүгінгі күнінің үнін естіміз. Жазушы хикаятының стильдік ерекшелігі уақыт пен кеңістік алшақтығын жойып, бүгінгі күн мен орта ғасырлардың оқиғаларын тұтастыра қамтымақ ништінен аңғарылады. Бұл толғаныста лирикалық, романтикалық интонациямен авторлың өзінің белгілі бір көңіл құй өсерлерін бейнелеу үрдісі басым. Ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен Арудың сұлулығына, рухына бас ию поэтико-гиперболикалық реңктермен әсерлей бейнеленген. Мұнда Қыпшақ аруына тағзыым да, табыну да, болашаққа деген үміт те үstem. Саржанның арудың мүсінін қайтадан жасағаны сияқты, жазушы да Қыпшақ аруына әдебиеттің нұрын түсіріп, сөздің құдіреті арқылы тас мүсінге «жан бітірге», бүгінгі ұрпақтың санаасында қайта тірілткен. Екінші жақтық баяндау үлгісінде келер шақ етістіктің а, е. й жұрнақтарын (ғасырдан ғасырға өтесің, мәңгі жасайсың) колдану өткенге сенім, ертеңге үміт сезімдерін көтеріңкі лепте жеткізеді.

«Қыпшақ аруы» хикаяты – фантастикалық, мистикалық бояуы басым, оқиғасы жағынан да, құрылымы жағынан да өзгеше дуние. Халық аудындағы аңыз-әңгімелерден, ертегілерден, мифтік сюжеттерден тамыр тартып жататын фантастика халықтық, тіпті ұлттық сипатқа ис болуы мүмкін. Жазушы шығармасында нақты болмыс пен фантастиканың арасында ажыратарлық шекараның болмауынан, мұның барлығы болды ма, жоқ болмады ма дегендегі дудамал кейінде қалуыңыз мүмкін. Әлемдік көркем әдебиет тәжірибессінде фантастика ашық, жарқын түске боялып, өмірдің, сұлулықтың салтанат құруын көрсету үшін де пайдаланылады. Фантастика ой

мен арманға қанат байлаپ, өмірге философиялық түргыдан карауға мүмкіндік береді. Неміс романтизмінің белді екілі Гофманның, америка романтизмінің көрнекті жазушысы, әңгіме жанрының шебері Эдгар По шығармашылығында фантастиканың коркынышты, жазалаушы функциясын, трагедиялық тұсын көп көреміз. Фантастиканы, түрлі әдеби көркемдік құралдарды, оның ішінде романтикалық тәсілдерді де өз шығармашылығында сәтті қолдана білген Достоевский: «Фантастическое в искусстве имеет предел и правила. Фантастическое должно до того соприкасаться с реальным, что Вы должны почти поверить ему» - деп жазады. Орыс романтистері Пушкин, Гоголь, Лермонтов және Достоевскийдің өзінің туындыларындағы фантастиканың көркемдік қызметі дәл осындей.

«Шығармада фантастикалық мотив Қыпшақ аруына қатысты өрбиді. «Қыпшақ аруындағы» фантастикалық желінің реалды әлеммен табиғи түйіскен оқиғасына имандай сенеміз. М. Мағаун «Қыпшақ аруы» хикаятында фантастикалық элемент арқылы халқымыздың бұрынғы бет-бейнесін, рухани қескін-келбестің тұластай қайтадан қалпына келтіріп, бүгінгі қазақтың қанындағы бабалар рухын қайта жаңыртқысы келетін ынта-ұмтылысын танытады. Көлемі шағын болғанымен уақыты мен кеңістігі қең шығарма жазушының шеберлік қуатын танытады. Хикаятта қиял мен шындық, өткен мен бүгін, поэтикалық және публицистикалық бастаулардың синтезі жарасым тапкан.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мағаун М. Қыпшақ аруы // Жұлдыз, № 16, 2005 – 3-59 бб.

**Тұрлымбеков Б.**

## **ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СОҒЫС ШЫНДЫҒЫ**

Қасым Қайсенов повестері партизан соғысы шайқастарының тарихи-әлсұметтік шынын болмысын танытуымен құнды. Бұл орайда, казіргі ғылыми, байыптаулармен анықталған осы айрықша ұрыстың-шайқастың сипаттамасын көркем шығармаларда баян-

далу, бейнелену табиғатын түсіну үшін дәйектемелік калпында алуға тұра келеді:

«Партизан соғысы (фран. partisan – ерікті) жау басып алған аумақта өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы және реакциялық режимге карсы бағытталған халықтық козғалыс. Оған ғұракты армияға кірмейтін жау тылында қимыл жасаушы әскери гоптар, жасақтар және бөлімдер қатысады. Партизан соғысы қарсылыстың тірек пунктіне, штабтарына, әскерлеріне және әр түрлі нысандарына тұтқылдан соққы беру әдісімен, сондай-ак жекелеген диверсия түрінде жүргізіледі. Партизан соғысының негізгі мақсаттары: карсы жақтың адам күші мен соғыс техникасын шығынға ұшырату, оның басқару, қатынас жасау орталықтарының, тыл органдарының қалыпты жұмысын бұзу, үрей туғызу» [1, 321-б.].

Партизандық соғыс – әлем тарихындағы басқыншылықтар кеңінде пайда болған өзіндік дербес ерекшеліктері, өзгешеліктері мол халықтық құрес түрі. Жау басып алған елді мекендердегі халықтың әртүрлі жастағы адамдарының басқыншыларға қарсы құрессуі ортақ мұдде тоғысуын танытатын қоғамдық-әлеуметтік құбылыс. Қоғамдық-әлеуметтік органдың ортақ мұддемен топтасуы, бірігуі барлық уақытта да адамгершілік касиеттердің шынайы қуатын, күшін танытумен құпды. Бала-лар мен жасөспірімдердің, ерсек жастағы адамдардың адамзатқа апат әкелуші зұлмат құштерге қарсы қурескендегі фольклор мен әдебиет шығармаларында, тарихи әдебиеттерде, халықтың ауызша әңгімелерінде, әуез, бейнелеу өнері туындыларында, қоғамдық ғылымдардың зерттеулерінде – бәрінде де деректілік негізі болып жазылып, ұрпақтан ұрпаққа кезінен ғаныстырылып келеді.

Қазақстан азаматтарының екінші дүниежүзілік соғыстағы партизандық шайқастарының деректі прозада бейнеленуінде жазушылар Эди Шәріповтің, Қасым Қайсеновтің туындылары жазылды. Эди Шәріпов (1912–1993) «Партизан қызы», «Ормандағы от», атты деректі повестер, «Сахара қызы», «Дос сырғы» атты романдар жазған жазушы.

Қасым Қайсеновтің «Жау тылында» атты повесі – партизандық соғыс тақырыбындағы көрнекті туындыларының бірі. Қазақ

әдебиетіндегі партизандық соғыс тақырыбының ең елеулі түйіндысы ретінде жазушының бұл шығармасы әдеби дамудағы көрнекті орынымен танымал болды.

Повестің тақырыбы – екінші дүниежүзілік соғыстағы партизандық қозғалыстың деректі тарихнамалық сипаты, идеясы – фашистік басқыншыларға қары шайқасқан халық күрестерлерінің батырлық, ерлік, қаһармандық айбынын, қуатын таныту.

Повестің құрылышы мындаған бөлімдерден құралған: «Алғашкы сапар», «Қауіпті тапсырма», «Партизан ақын», «Бала тағдыры». Бұл бөлімдерде жазушының партизандық соғыс шайқастарына дайындық кезеңінен басталып қозғалысты басқарған Бас Қолбасшы мен Бас штаб жоспарларына сәйкес талай-галай жауапты істерді аткарған іс-әрекеттері, қызметі деректі сипатымен біртұтас шығарма тұрпатымен өріліп жазылған. Қаламгер партизан соғыстары кеңінен өрістеген Украина, Молдова, Венгрия мемлекеттері территорияларындағы фашистер басып алған халықты жаулардың басын-жаншуынан, зорлық жасауынан құтқару үшін жасаған шайқас оқиғаларын реалистікпен суреттеген.

Шығарманың басынан аяғына дейін өрілген құрылым жүйесінде автор адамдардың туған жерге, Отанға арналған махабbat сезімдерінің шынайылығын, тағылымын көркем шындықпен баяндайды, кәжетті жерлеріндегі бейнелейді, суреттейді. Деректі фактілерді, кіслерлің аты-жөндерін, географиялық-топонимикалық атауларды дәл қалпында алады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өмір сүрген белгілі адамдардың тарихи оқиғаларға қатысуын өмір шындығымен бейнелеу поэтикалық заңдылықтар аясында қамтылған.

Жазушы өзі араласқан, қоян-колтық жүрген адамдардың есімдерін, мінез-құлышқ қасиеттерін, атқарған өнегелі істерін баяндай отырып, өзіндік бағалауларын, тұжырымдарын табиғи, тарихи болмысымен жеткізе білген.

Повестің «Алғашкы сапар» атты тарауында шығарма авторының бас кейіпкер сипатымен көрінетін алғашкы іс-кимылдары айқындалады. Деректі повестің бас кейіпкері – ав-

тор – Қасым Қайсенов. Тараудан кейіпкердің Кеңес Қарулы Құштері басқару орындарының ұйғарымымен жау қолында қалған Украинаның «Киев, Полтава облыстарында партизандар қозғалысын ұйымдастыруды» [2, 8-б.] орындауға арнайы тапсырмамен аттандырылғанын көреміз.

Осы істі жүзеге асyру үшін арнайы тапсырма алғапы, ұйымдастырылатын 8-партизан отрядының командирі болып Қасым Қайсенов, комиссары болып Сильченко Тағайындалады. Жау тылына аттанар алдында партизан отрядының алдында Украина партизандар қозғалысының орталық штабының бастығы генерал-майор Строкач қол қойған партизандар қозғалысын ұйымдастыру туралы бұйрық тапсырылады. Отрядтың алдында сөйлесген аттаңырушы генералдан сөзі атқарылар істердің маңызды тапсырманың мән-маңызын айқындап түсіндіреді:

– Сіздерлің негізгі міндеттерің: жергілікті халықтан партизан отрядтарын ұйымдастырып, жаудың тылына іріткі салу, көпірлерді, қатынас жолдарын, коммуникациялық тараптарды талқандау. Немістердің із-өкшесіне түсіп, жеке шыққандарын батыл құртыңдар. Жаудың барлық құштеріне бөгет жасап, үрей туғызу – сендердің басты міндеттерің...» [2, 10-б.]

Партизандық соғыстың психологиялық сипаты аса құрделі. Жау тылындағы аса қатерлі тапсырманы орындауға аттанып бара жатқан адамдардың көңіл-күйлеріне жігер беру үшін аттанлырып тұрған генералдың байсалды үнінің, азаматтық қайратқа шақырған сөздерінің эмоциялық әсерін қаламгер поэтикалық-эстетикалық ықпалдылығы сипатымен айқын елеестеделі:

«Генералдың жайлап, салмақты шықкан үні партизандардың бойына қуат болып құйыла берді. Олар құрыштай шыңдалып, қайратқа бекіне түсті. Болашак жойқын жеңістің ұшқынын содан көргендей, баршасы генералдың көзіне тұра қадалып тұр» [2, 10-11-бб.].

Деректі шығарманың алғашқы бөлімінде автор аса жауапты тапсырмаға аттанар сәттегі кобалжуларды, толғаныстарды, абыржуларды табиғи қалпымен берген. Жау тылына самолеттеп апарылып, түндеге парашютпен түсірілетіп партизандық отряд мүшелерінің әрқайсысына тән көңіл-күй құбылыстарын

табиғи қалпы баяндау мен суреттеу аралас тілмен жеткізілген. Жазушы адамдардың самолетке мінгенин кейінгі табиғатты, уақыт мезгілін, өздерін тәменнен атқылаған жаудың зенит зеңбіректерінің атқылауларын, отряд мүшелерінің абыржуларын, парашютпен бұрын секіріп көрмегендер екендігін, бірақ бәрінің де Отанды жаудан құтқару жолындағы құресі сапарына зор сеніммен, жігермен кіріскендерін шынайы қалпымен жеткізген:

«... Көз ілеспей винті зырылдап, самолет лезде жүгіре жөнелді де, сейткенше болмай қалықтап аспанға көтерілді. Бізben қоштасқан генерал мен шығарып салған жолдастарымыз нокаттай болып, көзімізге әрең шалынды...

... Тұнжыраған тұн. Бізді жау көзінен жасырғысы келгендей, бүкіл аспан әлемін түнек қара бұлт қоршапты.

Самолеттің екі жағына белініп отырған жігіттердің барлығы да қалың ойда отыр. Андасанда біріне-бірі: «Халың қалай?» дегендей, иек қағып, ымдасып кояды. ...

... Бұл бәріміздің де бірінші сапарымыз еді. Отырғандардың барлығы да бұдан бұрын самолетке мінгенимен парашют киген адамдар емес!

Сондықтан бәрімізде осы парашютпен ашылуы ғана құпия сиякты. Бірақ парашютист-инструктордың аэродромда айтуы бойынша оның құпиясы жоқ. «Тек самолеттен қорықпай қарғы, парашют өзі ашылады», – деген ол.

Күрделі құрылымды шығарманың басты кейіпкері – автор Қасым Қайснов. Партизандық соғыс тақырыбындағы шығармалардың қазақ әдебиетіндегі ең көрнекті үлгісі болып саналатын туындының сюжеттік-композициялық желісінде қаламгер өзінің және өзімен узенгілес жолдастарының іс-әрекеттерін тарихи деректерге сүйене шынайы болмысымен камтыған. Шығарманың барлық тарауларында да автор

кейіпкерді партизандық-тұтқыыл шайқастардың көтерлі ортасындағы жүрген қаһармандық-жауынгерлік іс-қимылдар иесі қалпында көреміз. Басқыншы жаулардың халықта жасаған зорлық-зомбылтықтарына тосқауыл қойып, шектен шыққап қанішерлерін жазалау шайқастарының қалай болғанын, өзінің қандай қимыл-әрекеттер жасағанын әдеби шығарма желісіндегі

жаумен жағаласқан аса қатерлі кезеңде жандарында жүрген кейбір опасыз пенделердің кесірінен тұтқылдан, күтпеген киындыққа, ауыртпалыққа тап болатындарын көреміз.

Мысалы, «Сәтсіздік» атты әңгіме-бөліктे тоғыз партизанның самсаған жау тобымен («Көк киімлілері – неміс солдаттары, ал кара киімділері – полицайлар, Отанды саткан азғындар») шайқасқан сәтін қаламгер реалистікпен суреттеген. Бұлардың жаудын коршауына түсу себебі – өз іштеріндегі жүрген Минько есімді корқақтың фашистерге барып, бұлардың қайда екендіктерін айтып қойғандығынан еді. Опасыздың кесірінен жау коршауына түскеп партизандардың бетпе-бет шайқас үстіндегі көніл-күй психологиясы, сатқынға лағынет айтқап жан күйзелісі, қоршаған жаудың бұларды, ал партизандардың оларды оқ жаудыра арпалысы – бәрі де сюжеттік-композициялық желілер арқылы баяндалған.

«...Жау бізді қоршап алды. Эй, азғын-ай, егер арамыздан сен қашып кетпегенде, мұндай күйге әсте душар болмайтын да едік қой. Сенің мұндай қоян жүрек қорқақ, екі жүзді екепінді бұрын білген болсам... Ия, сен азғын біздің түбімізге жеттің! Минько, саған лағнат жаусын!..

...Айнала қорғаның жасап, небәрі тоғыз-ақ адам қыруар жауга карсы тұрмакпаз. Жау құрсауы кусырылып, қыспақта алып келеді. Бірақ біздің магнит миналарын қемген тұска әлі жетсіз койған жок! «Миналар командирі» деп аталаған кеткен Мишамыз міз бакастан ағаш басында отыр. Ол өз миналарына «команда бермейінше» ұрыс бастамақ емес едік. Жау біздің күтпеген бағытымыздан сау ете қалды да, оқ атуымызға тұра келді. Жақындаған келген жауды Овчаренко пулетмет оғының астына алды. Жау да бізге окты жан-жақтан қарша боратып барады. Көп ұзамай миналар гүрс-гүрс жарылып, қалың орманды басына котерді. «Миналар командирі» өз міндеттін орындаған. Атыс үстінен үдей түсті» [2, 13-б.].

Партизан – жеке жүріп те, өзінің тобымен де үнемі жаулар ортасындағы еліспей беріспейтін өжеттігімен, қайсарлығымен, кесек қимыл-әрекетімен дараланатын тұлға. Шығармадағы авторлық баяндаулармен, диалогтармен, кейде ішкі монолог-

тармен өріле сипатталатын партизандық соғыс шайқастарында автор-кейіпкер Қасым Қайсеновтің жеке өзіндік әрекеттері жауынгер – кек алушы тұрпатындағы іс-әрекеттері уақыт шындығымен берілген.

Осы «Сәтсіздік» атты бөлікшеде жаумен жағаласқан шайқастан кейін қасындағы жолдастарының біреулері (Овчаренко, Крукуненко) жарапанып, біреулері (Миша, радиостка қызы) қаза тауып, ақыры жарапалы пулеметші Борис екеуі ғана қалған сәтте автор-кейіпкердің киындықпен бетпе-бет келген сол бір сәгіп бірге түйсінеміз. Жарапалы жолдасын аман алып шығуды ойлаған қайсар Қасымың өздерінә жақындағап қалған екі неміс солдатын гранатасын лактырып өлтіргенмен, жанындағы жарапалы жолдасы Борис те сол сәтте көз жұмады. Қаламгер шығармасының осы жерінде сол бір сәттегі жан әлемі толғаныстарын, қүйзелістерін, тебіреністерін көркем шығарма поэтикасы заңдылықтарымен үйлестіре өрнектеген. Жолдастарының бәрінен айрылған, қалың ну орманның ішінде аласұрып, қүйзеліп, ішетін тамағы жоқ, аштықтаң бұралған, көздері қарауыткан партизан, жиырма үш жасқа енді иек артқан жас жігіт Қасым Қайсеновтің сол сәтіндердегі хал-ахуалын осы шығармадағы бейнелеулерімен түсінеміз.

Кеңес Одағы мемлекетін баса – көктеп келе жатқан жаудың тылында партизандық қозғалыс отрядтарын құру жоспарын басқаратын «Үлкен жер белгілеп берген табысу пунктін таба аламын ба, жоқ па?» [2, 14-б.] деген сұрақпен жүрген жас партизан «пистолетін құрткесінің қалтасына салып алып» [2, 15-б.] селоларға да барлау жасайды, аштық қысып бара жатқанда аң мен құс ұстауды да ойлады. Бірақ қалың орманда үшқан құсты да, жүгірген аңды да кездестіре алмаған кезде фашистерден олардың да жиіркеніп, шошынып қашқанын ойлады. Аштық пен жалғыздық құрсауына түскен жас партизан өксіп-өксіп жылағысы да келеді, етдегі анасын да, әкессін де есіне түсіреді. Шаршап, талықсып ұйықтап, қалғып та кетеді. «Пышактың ұшымын қайының қабынын тесіп, оған тұтік іспеттес іші қуыс кү шөп сұғып, астына консерва қалбырын тосып қоям. Сол ыдыска әлгі қуыс курай өзегімен тамған қайының шырынын ішемін. Қант косқан шай тәрізді тәтті-ақ, өзі. Ишсем әжептәуір пәр алып,

жүргім жалғанып қалғандай болады. Екінші бір корегім: теректің сыртқы қабығының астындағы ақ шелі. Соны сыйдырып аламын да шайнаймын. Дәмсіз болғанмен, одан да талғау алғандай боламын. Соңғы күндөрі аштықтан әбден бұралып, көзім қарауытып, басым айналып, қарға адым жер басу мұң болып барады. Енді еңбектен жүріп, жоңышқаның көгілдір гүлін теріп жейтін болғам. Одан өзге қорек жоқ» [2, 15-б]. Бұлар – партизандық соғысқа сәлі кірісер кезеңдегі алғашкы апталардың оқиғалары.

Екінші дүниежүзілік соғысқа 1941–1945 жылдар арасында өзінің партизандық шайқастарымен зор улес косқан қаламгер-қаһарманды шытайы бейнелеуі-деректі туындының көркемдік-эстетикалық сипаттын мейлінше күшейтіп тұрғап ерекшелігі. «Жау тылында» атты тарихи-әдеби сипаттар тұтаса тоғысып жазылған туындының әрбір жеке-жеке такырыптың бөліктерінде қаһарман партизан жас жігіт Қасым Қайсеновтің батырлық іс-әрекеттерін сүйсіне оқимыз.

«Женіс жолында» атты тарауда Киев облысы, Ржицев ауданындағы Македон селосында «соғыс тұтқыны» деген жалған күжатпен жүргені, бір опасыздың көрсетуімен неміс комендатурасына есі кеміс адамның кейіпімен барып жауды алдаган, аудандық астыртын партия комитетінің пұскауымен селолардың комендатураларын, полиция топтарын талқандау шайқастарын үйімдастырғаны баяндалады. Аудандық астыртын үйім мүшелерінің (Попов, Клопов, Дыченко, Олейник, Абраменко, Гаман, т.б.) үйғаруымен Ржицев, Переяслав, Мирополовка аудандық астыртын үйімдарының күшімен құрылған шағын екі партизан отрядтары Иван Кузьмич Иримактың басқаруымен Ржицев ауданының Македон, екінші отряд Емельян Демьянович Ломаконың басқаруымен Переяслав ауданының Григорьевка селоларында атташаны автордың өзі көрген, ұмытпаган деректерімен жазылған.

Кейінкер-автор өзі басқарушылардың бірі болған сол 1941 ортасында болған партизандық шабуылдың нәтижесінде старостаныла, тілмаш әйследі де, полицияларды да тұтқындау, олардан жауап алу, қорытындысында жазалау шараларының қалай орындалғанын әдеби шығарма табиғатына лайықты суреттеген:

«Міне, тұп жағын өрт шалған жуап қарағайға сүйеніп, жынын алдырыған бақсыдай, Македон селосының комендантты оның оң жағында тілмаш әйел, сол жағында 12 полицай отыр. Жандарына жетіп келген кезімде шеткі отырған екі полицай біріне-бірі үрлана қарасып қойды. Комендант маған тесіле қарады да, өнді онан сайын бұзылып, өкінгендей қатты бір күрсініп, тілмаш әйелге қамыға қарады. «Бұл жарымес емес, біз жарымес екенбіз» дегендей, тілмаш әйел де оған бір қарап қойды. Партизан отряды далалық сотының үкімі бойынша қанды кол комендант пен оның нөксерлері ату жазасына бұйырылды. Сот үкімі орындалды» [2, 28-б].

Қасым Қайсеновтің партизан соғысының хас батыры тұлғасында танылуы тарихи хикаяттагы саналуан оқиғалармен дәйектелген. Шығарма желісіндегі қат-қабат күрделі оқиғалар ортасындағы басты **кейіпкер-автор** тұлғасының мінезделуі, даралануы нағымдылығымен баурайды.

Қорыта айтқанда. Қасым Қайсеновтің «Жау тылында» атты осы әдеби-тарихи хикаятында шығарманың әрі кейіпкері, әрі авторы болып бейнеленген тарихи тұлғаның партизандық шайқастардың отряд командирі болып жүргеніндегі ұйымдастырушылығы, ержүректігі, қыңдықтардан жол тауып шешіп алатын көсемдік-басқарушылық, батылдық қабілеттілік қасиеттері айқын танылады. Фашистердің халыққа жасаған айуандық, жендеттік әрекеттеріне тосқауыл қойып, қанішерлерді қatal жазалау шараларын жасайды. Түн мен күп мезгілдерінің онтайты келген кезеңдерінің кез келген уақытында шабуыл жасап, үнемі жазықсыз қырылғандардың атынан қаһарлы кек алушы тұлғасында танылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазакстан Ұлттық энциклопедиясы – Алмагы; «ҚЭ» 2005. 7-том.
2. Қайсенов Қ. Жау гылышында – Алматы; Санат, 2005.
3. Кенжебаев Б. Әдебиег тарихының моссоллері. Алматы; Ғылым. 1973.

## К. САУРАНБАЕВТЫҢ ОРЫНДАУЫНДАҒЫ «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНЫң МУЗЫКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан, елдің сана-сезімін, ой-өрісін, тарихы мен дәстүрлерін суреттейтін ауыз әдебиетінің күрделі саласының бірі – эпикалық жыр. Ал соның ішінде ел тауелсіздігін, өз отанын сыртқы жаулардан қорғауды жырлаған жанрлардың бірі – батырлық эпостар. Белгілі фольклортанушы Б. Абылқасымов өз еңбесінде «Эпос – тарих жаңғырығы, ел естілігінің жарқын бір көрінісі. Оның көптеген ұлгілерінен түрлі дәуір, килы кезеңдерге тән танымалдық акпараттар, эпикалық дәстүр шеңберінде жеткеп тарихи-этникалық үрдіс көріністері де аса мол ұшырасады» деп келтірелі [1]. Солардың бірі – «Қобыланды батыр» эпосы ертеден келе жатқап, құнды деректерді бойына жинаған, тәрбиелік мәні зор әдеби-мәдени көркем шығарма әрі халқымыздың рухани өмірінің сәулемесі.

«Қобыланды батыр» жырының ел арасына кең тараған отызға жуық нұсқасы бар. Бұл жыр ұлгілерін XIX ғасырдағы қазактың көптеген белгілі ақын-жыраулары орындаған. Солардың қатарында - Марабай, Қашаған, Бітімбай, Мергенбай, Біржан, Нұрпейіс және т.б. ақын-жырауларды ерекше атауға болады. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көріп келе жатқап «Бабалар сөзі» сериясының жуз томдық ғылыми басылымында эпостық пұсқалар ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, төрт томға жиіпқаталған [2]. Накты «Қобыланды батыр» эпикалық жыры осы басылымның отыз сегізінші томыша Мергенбай нұсқасы бойынша енген. Негізінен бұл жыр Көшелек Еламанұлы, Құлзақ Амангелдіұлы, Сүйіншәлі Жаңбыртыұлы, Біржан Толымбаев, Нұрпейіс Байғанин және Ержан Ешімұлы, Айса Байтабынұлы, Сәдуақас Ділманов, Нұрсейіт Битілеуов, Ережеп Тілеумағамбетұлы сынды халық таланттарының ұлгілері арқылы белгілі.

Солардың ішінен ең көбірек зерттелген нұсқалардың бірі – Мергенбай жырлаған «Қобыланды батыр». Бұл жырдың мәтіні 1957 жылы М.О. Әуезов пен Н.С. Смирнованың басқаруымен «Қазак эпосы» сериясы бойынша төртінші кітап болып жарық көрді (баспаға әзірлегендер: М.С. Сильченко, О.Ә. Нұрмамбетова). Бұдан соң аталған нұсқа 1958, 1963 жылдары Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Б. Уахатов, М. Ғұмарова, С. Ільинкин сияқты ғалымдардың әзірлеуімен қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты. Сондай-ақ, 1975 жылы Мәскеуде КСРО ғылым академиясы А.М. Горький атындағы Дуние жүзі әдебиеті институтының жаңында шығатын «КСРО халықтарының эпосы» атты серия бойынша ғылыми басылым ретінде жеке кітап болып елге танылды [3]. Кітаптағы эпос пен оның мәтініне байланысты қолемді зерттеу мақала мен ескертпелерін, қосымша бөлімдегі орындаушылар туралы біраз мағлұматтарды белгілі ғалымдар О.Ә. Нұрмамбетова<sup>3</sup> мен Н.В. Кидайш-Покровская дайындаған.

Сонымен қатар, енбекте жырдың қазақ тіліндегі толық мәтіні мен оның орыс тіліндегі аудармасы келтіріліп, жырдың көркемдік мінездемесі мен тарихи құндылығына баға берілген. Ал осы жырдың музикалық орындалуына байланысты талдау мен историялық үлгілерін Б.Г. Ерзакович келтірген<sup>4</sup>.

Осы кітапта Қабылбек Сауранбаев «Қобыланды батыр» жырын тек жазып алушы болып келтірілсе, М.О. Әуезов атындағы Эдебиет және өнер институтының фономұрағатында сакталған №174 CD-те «Қобыланды батыр» жырын орындаған Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Калинин колхозының тұрғыны, жыршы – Қ. Сауранбаев» - деген мағлұмат бар. Нақты осы нұсқаға токталатын болсак,

<sup>3</sup> Сондай-ақ, О. Нұрмамбетованың 1983 жыл жарық көрін «Қобыланды батыр» атты монографиясында жырдың мәтіндік талдауына, классификациялық жіктеуден, поэтической мотивации мазмұнындағы символикалық сөздер мен сандарға көн мән берілген.

<sup>4</sup> Ағалған енбекте В.12/2 номірмен төте жазумен түсірілген, оку дәптерінін 210 беттінен тұратын «Қобыланды батыр» жырының бір нұсқасы жайлы мәлімет берілген. Бұл нұсқаны Алматы облысының Нарынқол ауданында 1956 жылы Құлзак Амангельдин жыраудан Қабылбек Сауранбаев жазып алған екен. Бұғынғы күнде XVII әпізоддан тұрағын нұсқа М.О. Әуезов атындағы Эдебиет және өнер институтының текстология бөлімінде сакталған.

жырышының орындау мәнері жырга емес, дәстүрлі әнге келеді деп айтуға болады. Кітап бойынша жыр батырлық мазмұнда болғандықтан 7-8 буынды жолмен басталады. Әрине, бұл заңды құбылыс. Бірақ, дегенмен, Қ. Сауранбаевтың нұсқасында жырдың поэтикалық мәтін буындары батырлық жырларда сирек кездесетін 11 буынды өлең құрылымында баяндай отыра айтылып, өзінің бір ерекшелігін танытады. Әр музикалық ой сұраулы-жауапты құрылып, екі жолдан бөлініп отырады. Бірінші жол сұрақ түрінде келіп, әуес интонациясын жоғары көтерсе, екінші жол соған жауап ретіндес, керісінше, тәменгі бағытта жүреді. Жыршы мақамын үш ырғактық формулага сала отырып, әуесін бірдегі қызыгуларды, бірдегі екі-қызыгуларды формулага жүктейді. Соңына қарай жыр 7-8 буынды поэтикалық жолдарға ауысып орындалады.

Тағы да бір айта кетер жағдай, жалпы жырды орындау барысында жыршы қара сөзге көп бөгеледі екен. Жыршы поэтикалық мәтінге қазақ халқының макалдарын қоса отырып, сөзін «Олқисса» деп бөлмей-ак қарапайым қара сөзбен арапастырып отырады. Жыр әңгімелісінң айтылғандықтан, мұндай «Элқисса» поэтикалық өлең мәтінімен салыстырғанда жалпы жырдың 70 пайызын құрайды. Басқа нұсқаларда «Элқисса» ең көбі 15-20 жолдан тұрып, орындаушыға шамалы уақытқа демін алғатындағы бәсендесу деп қарасақ, осы нұсқада *«ән-імелеге* көп бөгеліп, поэтикалық мәтінге салынатын музикалық әуендер тек көркемдеу үшін келтіріледі. Яғни, нұсқаның соңына қарай ғана музикалық мақамға салынады. Негізінен, өткен ғасырдың 50 жылдарында эпикалық жырды мазмұндаған, әрі арасында ән қосып жырлап айтатын тәжірибе орын алған. Кейбір ғалымдардың ойынша бұл жыршылық өнердің соңғы кезеңі болып келеді. Бірақ, соған карамастан 70 жылдар қазақ халқының рухани мәдениетінің кайтадан жаңданып өркендеуінің белгісі болды. Кей кезде жырдың әуесі ғұрыптық жоктаулар әуеніне үқсас келеді, ол ең алдымен секунда-терциялық толқынды интонациялармен, әсірссе тәменгі сатылан түсетін әусімден келеді. Жыр мәтініне сай, әр тирада «А-сій» қаратпа интонациясы арқылы блоктарға бөлініп, жаңа музикалық тақырып базы екенін ерекше байқатады. Осы жерде айта кетеріміз, егер де үлкен тирадалар жырдың мазмұнына сай аяқталатын болса, олар көбінесе тәменгі трек тонмен көмкеріледі.

Ал егер де тираданың соңында жыр мазмұны басқа такырыпқа көшсө, ол тирада төменгі трек тонмен аяқталмауы да әбден мүмкін. Себебі, олар өзара екпін көмегімен жалғасып отырады. Негізінен, эпикалық жырдың экологиялық аймағы – төменгі регистр, төменгі тетрахорд. Сондыктан, әр тираданың соңы төменгі тірек тонға келмей, өзара екпін көмегімен байланысуы бұл нұсқаға да жат емес.

Бұл нұсқаның тағы да бір срекшелігі – аспаптық сүйемелсіз орындалады. Бұның өзі талай тұжырымдарға итермелейді. Себебі, аспаптық сүйемелдің жоқтығы басқа нұсқалармен салыстырғанда музикалық әуенлі қосымша әшекейлеу, әуенің соңын кайыру, сөздердің соңына қосымша буындарды косу (междометия, аллесический распев), аспаптық күй тудыратын ырғакты колдану сиякты басқа да әдістерге мүмкіндік бермейді. Әрине, басқа нұсқаларда аспаптық сүйемел жай ғана сүйемел емес. Жыршы әр шумактың соңында домбыра арқылы, біріншіден, келесі шумаққа дайындалғанша, есіне түсіргенше домбыра тартып үзілістерді, кілірістерді (паузы) толыктырады; екіншіден, музикалық, саздық кездейсоқ ауытқу болмауына себеп болады; үшіншіден, домбыра ырғагы арқылы дәл сол шумакта айтылатын көріністі суреттеуге ықпалын тигізді; төртіншіден, нақты бір шумактың немесе жалпы жырдың көлемін өзгертугас (жыршының тыңдаушы қауыммен қарым-қатынасына байланысты үлкейтуге немесе қыскартуға) суырып-салма импровизациялық шеберлігіне домбыраның әсері де аз емес.

Әрине, бұл әдістер домбыра тілін жақсы білетін жыршыға көмек әкелсе, домбыра құлағын бұрап көрмеген адамға керісінше, қындық туғызуы да мүмкін. Сондыктан, осы «Қобыланды батыр» нұсқасының домбырасыз айтылуы да жасы үлкен жыршыға өзінше бір ыңғайлы әдіс деп қараймыз. Себебі, жырши үлкен жастағы адам болғандықтан дауысы шеберлікпен айтуга мүмкіндік бермейді, сондықтан орындауы фольклорлық орындауға келеді. Нәтижесінде, дауыс диапазоны гүрыптық әндердегідей, өзі жергілікті мәндерде – асықпай, баяндағы отырып, бір калыпты орындауды. Және де мақамның әуені (интонациясы) көбінесse минорлық са зда жүреді. Жалпы бұл нұсқа 40 минуттық аудио күжат болып табылады.

Сонау 1950-1960 жылдардағы фольклорлық экспедиция жұмыстарының нәтижесінде бүгінгі таңға естелік болып жеткен Қ. Сауранбаевтың «Қобыланды батыр» нұсқасы Әдебиет және өнер институты корында сакталған құнды деректердің бірі болып саналатынын айту парыз. Әрине, музыкалық негізі мен орындаушылық ерекшеліктері өзгеше көлтірілген бұл нұсқа, сонау заманшан келе жатқан, әрі өз өзектілігін жоғалтпаған құнды фактологиялық дерекнама катарында тұрған шығарма.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абылқасымов Б. Наным-сенимдер ғұрпының фольклоры. Хрестоматия. – Алматы, 2004.
2. Бабалар сөзі. Жұз томдық. – Астана. Фолиант, 2006. Т.38. Батырлар жыры. – 2006. – 336б.
3. Кобланды батыр. Казахский героический эпос. – Москва Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1975. – 446 с.

**Омаров Т.**

## **КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-ҚЫРГЫЗ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ**

Қырғыз ауылларына көрші қоныс тепкен Кенен Әзірбаевтың шығармашылығынан екі сл әдебиеті байланыстарының мысалдарын көре аламыз. Кенен ақынның өлең-жырларында қыргыз тақырыбы біршама көрініс тапқан. Ол жырлаған «Төкетай мен Мәнікер» дастаны әйгілі «Манас» жырының үзінді нұсқаларының бірі болып есептеледі. Бұл шығарманың кейінкілерінің бәрі «Манас» эпосынан алғынған. Оқиғаның өрбуі де қырғыздың атақты жырын еске түсіреді. Соған қарамастан негізінен, бұл дастан Кенениң өз шығармасы ретіндегі бағаданған.

Бұл мәселеге қырғыздың белгілі зерттеушісі Батма Кебекова назар аударады. «Оны («Манас» жырын – Т.О.) Қазақстаниң халық ақыны Кенен Әзірбаев тапсырып, «Көкетайдың асын» Жетісудың кейбір тұрғындарынан естігенін, алайда есіне толық сақтай алмағанын айтқан. Әзірбаевтың пікірінше, бұл шығарма ұрпақтан ұрпаққа тарап, қазақтардың арасында ежелден сакталып келеді. Әзірбаевтың бұл пікірін тарихи фактілер

ләлелдейлі. Мәселен, тарихшылар Жетісұды ғасырлар бойы түркі халықтарының орталығы деп есептеген. Ендеше екі халық фольклорының өзара әсері мен байланысы әбден мүмкін екендігі дау туғызбайды. Қырғыз ССР-і Ғылым академиясының әдебиет фондысындағы варианттармен салыстырғанда бұл жырдың сюжеттік ұқсастығына қарамастан стилистикалық кейір ерекшеліктері көрінеді [1, 258 б.].

Кепен Әзірбаев арқалы ақын ғана емес, қаңқтың фольклорлық мұрасын жинаушы ретінде де кеңінен танылды. Ол бала кезінен талай дүниенің жадына сактап, жаттап алғып, әдебиет зерттеушілеріне мол дерек ұсынды. Ұзақ ғұмыр кеңінен Кесіннен жазып алуға үлгермеген мұралар да жеткілікті. Соған қарамастан ақын арқылы жеткен әдебиет нұсқалары бүгіндегі баға жетпес рухани құндылық ретінде бағаланатыны даусыз. Оның ішінде қазақ және қырғыз әдебиеттерінің бастау көздеріне қатысты жәдігерліктер барышылық. Осыған орай, академик Р. Бердібай быттай лейді: «Қазақта ертегі түрінде айтылатын «Ертөстіктің» қырғыздарда эпос сипатында жырлануы да мәдени, өнер байланыстарының тығыздығын көрсетсе керек. К. Әзірбаевтан жазып алынған «Ертөстік» осы нұсқалың қызығылықты мысалы. Мұнда да ертектегідің ақызыдық, мифтік сарындар сакталған. Дүниенің құрылышы туралы көне ұғым, Ертөстіктің «ажалдан қашып» жер астына түсіү, жер бетіне Алықара деген құстың қемегімен шығуы секілді оқиғалық желілерден байкалады. Бұл көрсетілгендер казақ пен қырғыз фольклоры арасындағы тұтасып жатқан байланыстың жеке өрнектері ғана» [2, 344 б.]. Қалың елге кең тараған ертегінің тағы бір нұсқасын елге жеткізген ақынның бұл түрғыдағы еңбегі бағалауға түрарлық.

Батма Кебекованың тағы бір дерегіне жүгінелік. Қырғыз галымы «Қазактың «Қызы Жібек», «Қозы Қөрнеш – Баян сұлу» жырларының қырғыздың «Олжабай мен Кішімжан» жырына едәуір ықтіалын тиізгенін байқауга болады. Бұл жырды айтуши халық ақыны Әлімқұл Үсенбаевтың қазактың «Қызы Жібек», «Қозы Қөрнеш – Баян сұлу» дастандарының комузда орыншадап, казақ ауылдарында жиі болғаны, қазақ ақындарымен айтысқа түскепі белгілі. Комузшы өмірінің соңғы жылдарына дейіп отармен бай танысып үзген жоқ.

Әсіресс, ол қазактың халық ақыны Кенен Эзірбаевпен достық катынаста болды. Сондықтан оған Кененнің творчествосы да әсер етуі мүмкін» [1, 259 б.], – дейді. Осы мәлімет те Кененнің екі елдің әдеби байланысын дамытуға үлес қосқанына дәлел бола алады.

Қазақ ақындарының ішінде қырғыз халқымен көбірек араласқаны да осы Кенен Эзірбаев. Қырғыз ақындары оны құрметтеген, ала-бетен ықылас білдірген. Кененнің басына іс түскенде өз араларына паналатқан. Бұл турасында Кенен өмірін жете зерттеген М. Жолдасбеков ұсынған мына деректер назар аударуға ғұрарлық. «Кенен ақын атанғап кез, жеңдің жастық, етектің тәсек болған; жаугершілік, барымта, ұрлық-зорлықтың дәүірлеп тұрған; зекет, кора басы, пітір, ұшыр тәрізді алым-салықтардың есепсіз көбістеген заманы еді. Ел ішін ерқашты қылып әбден титықтатқан бай мем болыстың, аларман-шабармандарлың осыншама әділетсіздігіне Кенен барынша карсы шығады. Сол үшін кудалау көріп, төрт-бес жыл бауырлас қырғыз ішінде жан сақтайды. Онда қырғыздың Төкпе, Халық, Оспанқұл тәрізді жүйрік ақындарымен табысып кетеді. Тар кезеңде жар болған, пана болған бауырмал ағайындардың жақсылығын ұмыту еш мүмкін емес еді» [3, 232 б.], – дейді ол.

Ақынның қырғыз халқының арасында қоныс тепкені, оған бұл елдің соңашықты жайлы болғаны өлең-жырларында да айтылады. Кенен қырғыз елі туралы айтқанда үнемі екі халықтың бірлігін, өзіне көрсеткен жақсылығын алға тартады. Көрші жүрттың өзіне деген ықылас-пейілін асқан сүйіспеншілікпен жырға қосады. М. Жолдасбеков осыған орай ақынның мыналай жыр жолдарын мысал ретінде ұсынады:

Қатарлас қазақ-қырғыз бір туысқан,  
Кіндік кесіп, кірлерін бір жуыскан немесе:  
Дәм-тұзынды қөп гарттым, қырғыз туған,  
Жолың болсын, оңыңдан жүлдyz туған.

Мал тұрмак бас та қайғы боп жүргенде,  
Ішіпде бір жыл емес, қөп жыл тұргам.  
Жасымыздан қосылған жүрегіміз,  
Ән мен жырға біріккен тілегіміз.

Құрдас, сыйлас, ойнаған тай-құлышындей,  
Қайда жүрсек бір еді тілегіміз.  
Бір ұядан талпынып, түлеп ұшқан,  
Алатаудың ақиық түлегіміз [3, 232 б.].

Мұны тек Кепенниң көңіл-күй әуенін толғағаны гана емес, өзін ешқашан жат санаған қыргыз еліне берген баға-сы деуге де болды. Ол қазақтың домбырасымен де, қырғыздың қомузымен де жыр төккен. Қырғыздың атақты Гөкпе ақыны Кепенге өзінің үш шекті комузын сыйға тартқан.

Қазақ пен қыргыз ақындарының арасында жырдың кедергісі де, тілдің кедергісі де болмағап. Эркім өзі тілінде жырласа да ортақ ұғым, біркелкі түсінік, бірыңғай пайым көрініс талкан. Сондыктан «Жетісу ақындары мен қыргыз ақындары сан айтыстарда бір-бірімен синаса жүріп, екі тілде бірдей жырлап, екі елге тел перзент боп өсіп толысады. Майкөт, Бактыбай, Сүйінбай, Бөлтірік, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Кенен, Үмбетәлі, Өмірзактар қыргыз тілінде де жосылғап жүйрік танылса, қырғыздың Қалмырза, Гөкпе, Тоғалақ, Халық, Оспанқұл сиякты көнтесін онерпаздары да қазақ тілінде кедергісіз жыр төккен» [3, 232 б.]. Бұл такырып қыргыз ақындарының шығармашылының да арқау болды. Мысалы, Арыстанбек Бұйлашұлы Жеңіжок ақынмен айтысып отырған кезінде былай дейді:

Казак, қыргыз аралап,  
Қыргыздығы билинбей,  
Эки тилде бип бирдей.  
Элирип ырдан жүрчү эле [4, 133 б.].

Екі тілде қатар жырлац, қыргыз елінің көп жақсылығын корген Кенен бәрібір туғап еліңс қайтын оралуды жөн сапайды. Бұл тұста да сол елдің халқына ілтипатын танылады. «Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл, Қаңыртқан екеумізді патша құрғыр, Сағынтып ел-жұртымды жүргенімде. Тұсыннан таң сәріде сайра да тұр», – деп, өз тағдыры туралы толғай келип, атамекепіне сағынышып жырмен жеткізеді:

Алдымен ер-азамат ел сағынар,  
Онан соң туып-өсken жер сағынар.

Әйтпесе қырғыздан да сыйласар ер табылар [3, 232 б.], – деп қырғыздарға разы екенін білдіреді. Сондықтан қырғыз бен казактың әлсbi байланыстарын Кененсіз елестету де киын.

### **Пайдаланылын әдебиегтер:**

1. Кебекова Б. Қырғыз-казақ фольклорлық байланыстары // Қазактың казірін халық поэзиясы. – Алматы. Ғылым, 1973. – 313 бет
2. Бердібай Р Эпос – ел қазынасы – Алматы. Рауан, 1995. – 352 бет.
3. Жолдасбеков М. Асыл ариалар. – Алматы Жазушы, 1990 – 352 бет.
4. Арстанбек Ырлар – Бишикек. КЭ Башкы редакциясы, 1994 – 180 бет

**Әлібек Т.**

## **ОНГАР ЖЫРЛАУДЫҢ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫ**

ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейінгі қазақ әдебиеттің даму үрдісіне саясат араласып, тарихының шынайы жазылуына айтарлықтай кедергілер келтірілгені белгілі. Осіресе, ауыздан ауызга тараалып келген халық әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы тантық идеология ықпалымен жіккө бөлініп, көптеген дарынды ақын, жыраулар белгісіз тұлғалардың тасасында қалды. Әдеби мұралар алалап жиналдып, коммунистік цензураның елегінен өтпегендегі қағазға түспеген күйде, көнсекөз карттармен бірге дүниеден озды. Өзге де ұлттық өнер туындылары сияқты көңсі кітаптар, діни әдебиеттер, қолжазбалар, құжаттық деректер тәркіленді, немесе реєми түрде алынған жерде жойылып отырды. Сөйтіп, жаңа, біржакты саяси-коғамдық, тарихи-әлеуметтік бағытқа бағындырылған әдеби мұраларды жинау, жариялау, зерттеу жүйесі қалыптасты. Жетпіс жылға созылған Кеңес дәүірінде бұл жүйе бір жолдан, бір бағыттан ауытқымай келгендейтеп. Қазақстаниң әр аймағындағы дәстүрлі ақындық, жырышылық мектептер, олардың өкілдерінің шығармашылығы іргелі зерттеулердің нысанасына толық айналған емес.

Бұл науқаннан Мұсабай, Нысанбай, Балқы Базар, Оңғар жыраулар, Ешнияз сал, Әзілкеш, Құдабай ақындар, Қарасақал Ерімбет, Шегебай, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Даңмұрын, Мықан, Қаңлы Жүсіп, Мәнсүр, Тұрмамбет. Жұманазар шайырлар сиякты Сыр сүлейлерінің шығармашылығы да тыс қалмады. Етіміз тәуелсіздік алғанға дейін олардың туындылары аздан баспасөз беттерінде, ұжымдық жинақтарда, «Айтыс» томдарындаған жарияланып, ішінәра зерттеулер жүргізілгеп болмаса, жеке кітаптары басылым көріп, арийы ғылыми еңбектер жазылған емес. Тәуелсіздік жылдарындағы оң өзгерістер осы олқылықтардың орынын толтырып, аталған, аталмаған өнер иелерінің мұраларын іздестіру қолға алынды, табылғандары жүйсленіп жарық көрді. Жап-жакты зерттеулер жүргізіліп, әр деңгейде диссертациялар қоргалды. Алайда, көптеген ақын, жыраулардың шығармалары дер кезінде жиналышп ҳатқа түспегендіктен, халық жадынан шығып қалған. Қолға түскендерінің өзі – жыр, дастандардың үзінділері, өлең, толғаулар мен айтystардың жұрнақтарыған. Бұл кедергілер салалы зерттеулер жүргізуге тұсау болары сөзсіз.

Осындай себептерге байланысты жалпы оқырман, әдебиеттанушы қауым толық біле бермейтін дарындардың бірі - Оңғар жырау Дыркайұлы (1859 -1902). Бұрынғы Сырдария облысы, Қазалы уезі, Жамансары балысының 3-аулында (казіргі Қармақши ауданының аумағында) дүниеге келген (сүйегі Шөмекей-Бозғұлдың Қаратамыр атасынан тараған) Оңғардың есімі Сыр бойында атакты Балқы Базармен қатар аталған. Бұл пікірге маңғыстаулық Сүгір жырау Бегендікұлының-

Балқы Базар, жыршы Оңғар,  
Қарасақал Ерімбет,  
Нұрмамбет, Ізгілеу,  
Шораяқтың Омары -  
Халқының болған шынары, -

деген жолдары, болмаса Шораяқ Омардың «Ұстазым» атты толғауында жыраулың тұлғасын:

Бағынан бұлбұл ұшырған,  
Опасыз дүние – бейқарар.  
Балқы Базар, дур Оңғар,  
«Алға!» деп атты қойғанда,  
Каниша пырак болса да,  
Қарасын көрмей қаңғалар, –

деп, Базар жыраудың серігі ретінде сипаттауы айғакты дәлел болады. Бұл айтылғандарды Оңғардың Сыр сүлейлері арасындағы орны жөніндегі М. Байділдаевтің, Б. Қарбозұлының, Т. Дайрабайдың т.б. зерттеушілердің ой-тұжырымдарменің толықтырсақ, оның жыраулық тұлғасы биіктей түскен болар елі.

Оңғар Дырқайұлының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақталған аздаған тұындылары қарағанда, бұл мұралар XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары хатқа түскен. 1920-1921 жылдары О. Диваевтің ұйымдастыруымен Қызылорда өніріне арнайы жіберілген Сырдария фольклорлық-этнографиялық экспедицияның барысында Оңғардың шығармаларыда жазылып алынған болуы да мүмкін, бірақ олар белгісіз бір себептермен Ғылым академиясының сирек қорларына жетпеген. Осы қордың 781-бумасындағы «Қалдан мырзаға» атты арнауды Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тумасы, белгілі әдеби жәдігерлерді жинаушы Абыт Нұркенов жазып алғып, 1974 жылы қызы Фалия Нұркенова тапсырған. Қөлемі 112 жолдан тұратын, алғашкы жолы: «Әуелі сөз бастайын ағузубилла» деп басталып, «Аяғын ұпбу жерде тамамдайын» болып аяқталатын арнаудың толық нұсқасы кейінгі жылдарға лейін толық күйінде жарыққа шықлады.

«Оңғар жырау мен Ұрысты қыздың айттысыны» Э. Қайнарбаев хаіқа түсіріш (төте жазуда), 1964 жылы Қызылорда экспедициясын басқарып келген корнекті фольклортанушы М. Байділдаевтің колынша тапсырған. Кезінде оқу-агарту саласында, паргия-кеңес орталдарында жауапты қызметтер атқарған Әлқуат халық әдебисі үлгілерін жинауда да аянбай тер төккен. Ол ҰҒА-ның академигі Р. Берлібайдың сөзімен айтқанда: «Бүкіл саналы өмірінде қазак халқының, соның ішінде сыр бойының ауыз әдебиеті мұрасын,

шежіресін, жеке ақындар жаратындыларын, тарихы мен аңызын жинап келе жатқан азamat еңбеккөр Әлқуат Қайнарбаевтың бір өзінің атқарған ісінің молдығына және бағалығына таңданбаса болмайды. Ол осы кезге дейін Ғылыми кітапхана мен Әдебиет және өнер институтының қолжазба корына жұз мыңдан астам жол өлең, дастан өткізген. Осының бірсығырасы түрлі жинактар мен антологияларда жарияланған. Әлскеңнің қолында жиболы ғұрган, әлі де институтқа тапсырылмаған мұра қашшама! Сырдария бойының ондаған ақын, жырау, жыршыларының өмірі мен өмірпаздық жолы туралы ең мол да, жүйелі де жинау жұмысын жүргізіп келс жатқан Әлқуат Қайнарбаев екенін көреміз. Ол жинаушылығының үстінс өз жазбаларының библиографиялық тәртіппен жанр-жанрга, хронологияға, дәүіріне лайыктап тізіп отыралы. Бір жиган деректеріне кейіннен қайта оралып, толықтырып, көмескі жерлерін түзетіп текстологиялық редакция жүргізеді. Осындай парасатты ізденгіштік, жүйелілік, дәйектілік оның Сыр бойы ақындарының энциклопедиясы дерлік ересен еңбек жасауды мүмкіндік берген» (Бердібаев Рахманқұл. Сыр бойының терме сазы // Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы. –Алматы: Ғылым, 1975. -185-186-бб.). Бұл – ғалымның 1974 жылы Әлқуатпен көзбс-көз жүздесіп, еңбектерімен танысқаннан кейінгі ой-тұжырымы.

Аталған жыр бәсекесінің мәтіні «Айттыс» томдарында (1965. II том, 1988), Оңғар жыраудың «Қоңыраулы көк пайза» жинағында жарияланды. 1962 жылы Әбілқасым Наурызбаев институтқа өткізген «Оңғар мен қыз» атты төте жазудағы тағы бір қағысу (2 б). ілгерігі басылымдарда жарияланбаған.

Ә. Қайнарбаев жоғарыда көрсетілген екі қорға да «Оңғардың Тобжанға айтқаны» сөзін өткізген. Орталық ғылыми кітапханадағы алғашқысын 1946 жылы Сыр бойына танымал жырау, Оңғардың жакын ағайыны Тұрымбет Салқынбайұлы арқылы жазып алған сыңайлы. Себебі 435-буманың 6-дәптеріндегі мәтіннің соңында жинаушы Тұрымбет деген колтаңба бар. Туындының Әдебиет және өнер институтында сакталған 501-буманың 11-дәптеріндегі екінші нұсқасында Әлқуаттың өз колтаңбасы қойылған. Тағы бір көңіл коярлық жайт, екі қолжазбадағы мәтіндерде айтарлықтай айырмашылық болмағанмен, көлемі жағынан өзгешелік жок емес.

Төте жазуда хатқа түскен Тұрымбет нұсқасы 440 жолдан тұрса, кирилл әліпбіімен жазылған мәтін 305 тармақты құрайды.

Жоғарыдағы 435-буманың 5-дәптерінде Тұрымбет жыраудан Нияз деген кісі жазып алған Оңғардың 1885 жылдар шамасында отаршылдық қыспағында қалған қазакы қоғамды сыйап толғаған мына туындысы кім-кімді болса да бейжай қалдырмасы анык.

Бұрынғы тұзу заман – болды бұзық,  
Дүние жинағанга сонша қызық.  
Ләбіз тіл ауызекі нанымды боп,  
Сенбейді жазған хатқа қолмен сызып.  
Ант беріп ак саудалы малды алды,  
Ілгергі бір момынды отырғызып.

Жығып жүр әділ дауды пара аударып,  
Жаманды шауып алды жала аударып.  
Ханнан іс, халықтан күш кеткен заман,  
Көмірдей слідің кеулі карауланып.  
Агасы інісіне сенбейді,  
Шідерлеп бірін–бірі келеді.  
Залымға момын адам піскен астай,  
Қары ашса, шайнап жұтып күшенбейді.

Бермесе Алла таупық санасына,  
Атамен етпес мейірім анасына.  
Айтысып бір-екі адам келсе билер  
Залымның жақынырақ жарасына.  
«Бір нәрсе жең ұшынан тастасын» деп,  
Біреуді салып койды арасына.  
«Беремін барлық ісіп мақұл қылып»,  
Ағымен қарамайды жарасына.  
Зар қылып момын байғұс әркімге айтар,  
Шыдамай тиген оқтың жарасына.

Бұл дүние қуғанменен жеткізбейді,  
Кемшілік, қайыр-сауқат еткізбейді.

Жарлының асқа қарны тойған күні,  
Көже мен наңды тастап, етті ізделі.  
Бұл күнде ата тілін ұл алмайды.  
Хан қызын кара түгіл құл алмайды.  
«Тәйт!» десе төркініне тұра қашып,  
Аялды ерек батып ұра алмайды.

Толғаудың құрылымы мен мазмұнына, көркемдік өрнектеріңе қарап, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Әбубекір, Нарманбет, Албан Асан сияқты Ресей отаршылдығын өткір сынға алған зар заман ақындардың үлгісін аңғаруға және Оңғар жыраудың соңында осы тақырыптағы шығармалардың аз қалмағандығына көз жеткізуге болады. Сондықтан оның мұраларын әлі де болса тыңғылықты іздестіріп, жас үрпақтың зердесіне жеткізу ісі тоқталмауга тиісі.

Оңғар Дырқайұлының әдеби қорларда сақталған туындыларының түрлі басылымдарда, жеке жинақтарында жарияланған мәтіндерін текстологиялық түрғыда сараптар болсақ, түсіп қалған сөдерді, тармактарды, шумактарды, болмаса олардың әркйылыш өзгеріске түскендігін байқау қын емес. Мысалы, «Оңғар жырау мен Үрысты қыз айтысының» 501-бумадагы түпнұсқасында Оңғардың алтыншы кезегінде: «Қалмасын қатарыңың *кеүілі* ренжіп, Нәрсе жок *өзгеріліп*, көнермейтін», – дейтін жолдар «Айтыс» томында: «Қалмасын қатарыңың *көңілі* реңжіп, Нәрсе жок *өзгеріліп*, көнермейтін» (1988, 146-б.), – делініп, алдыңғы тармактағы *кеүілі–көңілі* болып өзгерссе, екінші жолдағы *өзгеріліп* сөзі жыраудың «Қоңыраулы көк найза» (1992, 26-б.) жинағында *тозбайтұғын* болып редакцияланған. Болмаса, қолжазбада: «Үйін тік, олай десен, малыңды сой, Бір қоста жолдасым бар, он кісіміз» дегендегі **бір қоста** тіркесі аталған жеке жинақта *қасымда* болып, «Кемді күн қыз да коңақ біз сеқілді, Бұтына ошағының болмайды тығын» дегендегі **кемді күн қыз да** тіркестері *келеді күнде* сөз тіркестерімен ауыс-күйіске түскен. Бұл айтылғандар Оңғар жырау шығармашылығы текстологиясының кейбір мысалдары гана.

Түйіндеп айтқанда, Оңғар Дырқайұлының әдеби мұрасын слішінен әлі де болса жиыстырып, жүйелеп, ең алдымен, оларды сақталған өзге нұсқалармен салғастыра отырып мәтіндердің та-

рихын зерттеп алу орынды болар еді. Сейтіп, текстологиялық сараптаудан өткен туындыларды ғана жыраудың жеке жинағына енгізіп, өмірі мен шығармашылығына іргелі зерттеулер жүргізу арқылы XIX ғасыр әдебиетіндегі орнын айқындау – барша әдебиеттанушылардың ортақ міндеті болып қала бермек.

**Тұрмамбетова Б.**

**ҒҮРЫПТЫҚ ӘНДЕРДЕН БАСТАУ АЛҒАН  
ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ ТАҚЫРЫБЫ**  
(Сыңсулар мысалында)

Лирика жанрының асыл тегінің ғұрыптық шығармалардан бастау алатының ғалымдар әлдекашан дәлелдеген. Халық музыкалық шығармашылығындағы әртүрлі жанрлардың қалыптасуы бір кезеңнің жемісі емес, ол ұзак уақыт бойы сол ұлтпен бірге жасап келген, бір-бірімен байланыса отырып жетілген көне әүендер негізінде пайда болды. Сондыктан да белгілі бір этностық музыкалық фольклорындағы дамығап ауызша көсіби жанрлардың арқауы болған ең архаикалық түр – ғұрыптық әндер болып саналады.

Макалада ғұрыптық музыкалық фольклордың айтарлықтай белілін күрайтын ұзату тойында орындалатын қалыптықтың коштасу әндері, оларда көрініс тапқан әйел теңсіздігі тақырыбы мен оның кейінгі кезең авторлық туындыларындағы жалғастығы карастырылады. Олар жалпы қамтылатын атпен **сыңсу** деп алынады.<sup>5</sup>

Қыз ұзатуда айтылатын мұндай өлеңді қазақ арасында «қыздың қоштасуы», «қонитасу», «танысу», «қыздың жылауы», «қыздың көрісі», «сыңсыма», «сыңсу» деп алуан түрлі атальын келип. М.О. Эуэзов «Әдебиет тарихы» зерттемесінде сынусуды өз алдына жанрлық түр ретінде жіктеп, оны «Қоштасу-тәнису» деп атаган. Ал, музыка зерттеушілер мен этнографтардың нотага

<sup>5</sup> Талдауда сынсу жыршарының әуенімен жеткен түрлерімен қарап оларданы белгілі бір мазмұн-мағынаны ашуу максатында әуенсіз жекелетен поэтикалық шумактар да қамтылды.

түсін ұлгілерін саралағанда сынсуладың аймактарда әр түрлі аталып келетіні байқалады: «сыңсу жыры», «көрісу», «арыз өлең», «аужар», «ұқі-ау», «бике-ау», «танысу», «танысу жыры», «танысу әні», «сарын», «қоштасу», «қоштасу әні».

Бұл жырларда қазактың салт-дәстүрінде ұзатылатын қыз туған елімен, жерімен, ата-анасымен, туыстарымен, құрбыларымен қоштасумен катар еріксіз қалың мал төлеген адамға кетіп бара жатқан тағдырын әнге қосады [Қосымша 1-13].<sup>6</sup>

Олардың мазмұны туралы ғалым К. Жұмалиев: «...әз басындағы мұңын, жат жүртқа баруға риза еместігін, малға сатылып, еріксіз кетіп бара жатқанын, қам көңілдігін айтады. Сыңсу жырының негізінде де қазак қыздарының малға сатылып өз теніне, сүйгеніне бара алмай, арман еткен іштегі зарын айту жатыр», – ары қарай: «Сыңсудың кезінде қызды үгіттеу не айтысып жеңу мақсатымен өлеңдер айттылмайды. Сыңсу өлеңдері жоғарғы айтылған әр түрлі себептерден туса да, кейін салтқа айналып кеткендіктен, оның мазмұниндағы аңы зар, терсі мұн да оиша аңгарылмайтындей дәрежеге жеткен. «Мұңсыз жан болмайды, жарсыз қыз болмайды», «ұзатқанда жыламайтын қызды қайдан көріп едін» деген тәрізді сөздер де сынсу өлеңдерінің салтқа айналғандығын көрсетеді» [1, 236.], – дейді. Сыңуды қыздың шыны шері дей келс академик М.О.Әүзов: «Бұл күнге дейіп жасырып келген, іркіп келген қайғысы болса, ақырғы сағатта, сол қайғының бәрін өлеңмен, көздің жасымен шығарады. Көп қыз, танысу өлеңде көп ағайынға естіртіп көңілдегі наразылығын айтады. Кейде алдыңғы жұмбагы көп өмірден рахым тілейді», – дейді [2, 536.]. Зерттемеде ұзату үсіндес женгелер айтатып бір олең берілген:

Үл бол үусан әуелден,  
Сені мұндай қыла ма?  
Бүркендіріп қоя ма?

Көзиниң жасын бұлама?  
Біз бермейік десек іе,  
**Мал бергенің коя ма?**

Солдай-ақ бұл тақырып аясында ғалым М. Ғабдуллин еңбесгінде «Мен сліме өкпелі» деген қыздың сөзі ұсынылып, оған қатысты

<sup>6</sup> Ескерту. қосымшада ұсынылған шумактар мақалада қарастырылатын тақырынка байланысты ғана сұрыпталып алынды.

төмендегідей пікір айтылған: «Бұл зар өлеңде кашшама ашы, аянышты болғанымен де, ескі әдет-ғұрып, әділетсіз заңға сүйенген заманда әйел мұнды ескерілмеген, аяққа басылған. Солай бола тұрса да, сыңу өлеңдері ерте кездегі әйелдерлің хал-жағдайын суреттейтін, ескілік жол-жобаға карғыс айтқан, қарсылық білдірген шығармалар болып табылады» [3, 506.], – деген.

Ал қазактың иекесесу әдст-ғұрпыш арнағы қарастырған зерттеуші Х.Арғынбаев сыңудың мазмұны туралы: «Еріксіз малға сатылып, шалға кеткенін, барған жеріндегі болашағын көз алдына слестете келіп ата-апасымен, ел-жұрты, құрбы-құрдасымен, жер-су мекенімен қоштасып айтқан ақырғы сөзі арман-мұнды жиылған жұртты қатты елтітетіндегі болады [4, 916]», – дей келе сыңулың бірнеше шумақтарын ұсынған. Төмендегі үлгілерде малға сатылған қызы мұнды анық айтылады:

1. Бұлғақтап жүрген заманым,  
Білмей де қалдым өтерін  
**Малға мені сатқандай,**  
Мен жұрттыма жау ма едім» (Көкпекті, 1967).

Немесе:

Шыңырау-шыңырау құдықтың сұы тәтті,  
Әке менен шешенің мейірі қатты.  
Қаттылығы мейірінің сол емсс пе,  
**Шырылдатып баласын малға сатты** (Іле, 1969).

Үзату үстіндегі мұнды әндердегі бұл тақырып ішінара «Жар-жар» үлгілерінде де бой көрсетіп қалады [Қосымша 14]. Шығармалардың музикалық талдауы олардағы басты эмоциялық күйге – мұнды сезімге негізделеді. Ол музика тілінде ғұрыптың фольклорлық үлгілерге тән әп басындағы төменгі тетрахордтың сатылап жоғары өрлеуімен суреттеседі. Сондай-ақ дыбыс ауқымы негізінен секста интервалы колемінде де, поэтикалық мәтіні 7-8 буындық болып құрылады.

Сыңулардың арасындағы «Арыз өлсі» деп аталатын әндер Батыс Қазақстан (Орал) облысында кездессеті, оларды алғаш жинап, нотаға түсірген музыкатанупы Т. Бекхожина ғұрыптағы айтылу

орны туралы арнайы зерттесінің «Обряд «Арыз олен» деген тақырыпшасында баяндаған [5, с. 36]. Әуенімен жеткен сыңсу үлгілерінің арасында басым кездесетін 7-8 буындық түрлерімен катар 11-буындық шумактар да өте сирек жеткендіктен, негізінен, Қазақстаниң батыс аймағында – Орал, Орынбор облыстарының қазақтарынан жазылып алғанған. Мысалы, осы өнірден алғаш нотаға түскен әндердің бірі, Бекей губерниясынан жазылған сыңсудың әуеніндік даму барысында қарап оның 11-буынды тармақтан тұратыны мен АА<sub>1</sub> құрылымында екендігін байқауға болады. Оған анық көз жеткізу үшін бұл үлгіге төмөндегідей қара өлең өлшеміндегі поэтикалық мәтін сәйкестендірілді. Бұл «Қоштасу әні (I)» үлгісіне «Қазақтың 200 әні» кітабынан Орал облысынан жиналған №30 «Арыз өлең (II)» сөзі пайдаланылды:

Ме́льни и жаюбио ♫ = 84

1000, №390. Бекей губерн.

Мұндағы терция көлеміндегі екінші бунак әуенінің қайталануы (*фа-ля-соль-фа*) мен тармақ соңындағы ферматалы IV басқыш аймақтың музикалық фольклорына тән құбылыс. Эолийлік ладындағы үлгінің III-IV-V басқыштар мотивімен басталуы аймақтың қоштасу әндерінде өте жиі кездеседі. Аталған облыстардағы қалындық әндерінің осындай иірімді әуенмен келуі жергілікті өзгешеліктердің бірі болып саналады.

Қара өлең формасындағы сыңсулардың 7-8 буындықпен салыстырғанда соңғы кезең шығармалары деген пікір бар. Мысалы, бұл туралы ғалым Б.Уахатов: «...қара өлеңге ұқсаған он бір буынды, төрт тармақты сыңсудың түрлерін соңғы төрт бес ғасырдың жемісі деп айтуда толық дәлел бар. Біріншіден, мұндай өлеңдер өте аз да, екіншіден, соның өзі стильдік жағынан қыз бер жігіттің арасындағы ғашықтық өлеңдерге ұқсайды. Дәстүрлі сыңсуларға тән жанрлық ерекшелігі де онша айқын аңғарылмайды» [6, 204-б], – дейді.

Ойел теңсіздігі тақырыбы өз бастауын сыңсулардан ала отырып, кейінгі кезең шығармаларында даму жалғастырын табады. Ол, біріншіден, халық әні болып жеткен немесе авторы туралы

шібір мәлімет жоқ, ән тақырыбында есімі көрсетілген үлгілермен сабактасады. Осындай туындыларда формасы кеңейіп, қайырмалы ән үлгісінде, ал поэтикасы 7-8 немесе 11-буындық болып келеді.<sup>7</sup> Мысалы, «Қыздың әні» деп жеткен үлгіде:

2. Алып келгін базардан генгем тозбас,  
**Өз теніме бермең ен әкем онбас.**  
Жер соқтырып жамапды кетер едім,  
Бұрынғыдан қалыпты бага-ау бұзбас.  
Жетісу жерім-ау, сағындым аулымды-ау [7, №72].

Бұл ән формасы қайталанған қос тармақ (AA) пен оның музикалық ойын аяқтаушы біріккен қайырмадан тұрады. Ал қайырма әуені V басқыштан сатылап тәменге бағыталатын қыска фразалардан құрылған. Дегенмен минорлық лад жүйесіндегі әуен өзінің негізін сактап, қазак сыңуларына тән III-IV-V басқыштар интонациясынан басталып, квинта ауқымынан аспайды. Сонымен қатар «Сарын» деп жазылған үлгі де осындай формада. Ән басы кварталық интонациямен көтеріліп, секста көлемінде дамиды. Өлең жолдары:

1. **Мен барайын, әкешім, қалың малға,**  
Қызың канша қажетті басқа жанға.  
**Әкем малға сатқан соң құлмын ғой мен,**  
Қайта айналып келем бе осы маңға.  
Ах, ей, елім-ау, тәрбиелеген жерім-ау [8, № 66].

Екіншиден, XIX ғасырда халық сазгерлері шығармашылығына арқау болған бұл тақырып танымал кәсіби әншілер творчествосында да белең алып отырады. Оған «Ашаның алты салының» бірі Сауытбек Ұсағұлының (1868-1931) «Ақбөне» әні, манғыс гаулық Бегей Қайыптың (1857-1918) «Ақбебек», «Жадау кок» әндері, Арқадағы Ақан серінің (1843-1913) «Актоқтының

<sup>7</sup> М О.Әусевотын «Еңлік-Кебек» пьесасында Еңліктің қоштасу әні ретинде халық әні «Тұған жер» лирикалық альянған Тұынды диапазоны ғұрыптың әндердей емес, децима интервалын камтыған (d-миксолидийтік). Формасы қайталанбалы қос тармақта *Тұған жер, енді есен бол* сөзі біріккен қайырмамен қайталанып отырады [12, с. 17].

аужары», «Ақтоқтының зары» әндері дәлел. Бұл сарындағы туындылардың бірқатары ғұрыптық сыңсулың жалғасы іспеттес жүріп отырады. Осындай шығармандың бірі Қазақстанның батыс аймағына кең тараған, «Әлиманың әні» деген поэма. Өз махаббаты үшін күресіп, әйел теңсіздігінің құрбаны болған ару қызы туралы ән ел аузында ақызға айналған. Опда Әлима қыздың басындағы қайғысы бейнеледі:

Батырган шығармастан азабына,  
Тағдырдың бұл көрсеткен мазағы ма?  
Озіне бак-дәuletі жетуші еді,  
**Сатты әкем Қоңыраттың қазағына.**

Поэмада оқиға толық суреттеледі, ал сонында оның еліне қашып бара жатып суға кетіп, өмірден өткен кайғылы трагедиясы бейнеленеді. Халық арасында Олимандың қоштасуда айтқаны деп тараған шумақта замана заңына қарсылық көрсете алмаған сұлу:

Ауылым Жыландының қабағында,  
Жарқылдар жалғыз түйме тамағымда.  
Аққудай айдындағы Әлима едім,  
**Кор болып күйкентайға барамын ба? –**

деп жылайды. Ғұрыптық фольклорға тән дыбыс ауқымынан алыстамай секста аралығында өрбитін әуениң секунда-терциялы козғалыспен бірінші, үшінші, төртінші мелотармағы бір мелодиялық фраза негізінде дамиды. Мұндағы мұнды жеткізуде асықпай, ылғи жоғары жылжыған козғалыстың маңызы аса зор.

«Әлиманың әнинің» авторлығы төңірегінде оның Арыстан жырауга тиесілі деген дс деректер бар [9, 6 б.]. Бұндай құбылыс халықтық, ішінша авторлық шығармаларға тән. Мысалы, Ақап серінің творчествосында өзінің сүйген қызы Ақтоқтың қосыла алмай, оның атынан шығарған «Ақтоқтының аужары», «Ақтоқтының зары» деген әндер бар. Бұл үлгілер қызы сыңсуына тән жолдарлап тұралы:

1. Қорқамын ишмылдыктын күруынан,  
Бір жаман қолын сұғып гүруынан.  
Дүниеде кыздан сорлы жап бар ма  
екен,  
Айрылыш көз барап руынан.

2 Қоскөлдин шөп шабушы ем қиятынан,  
Корқамын бір жаманың сияғынан  
Жүргым-ау мен риза болсын десеп.  
Құтқаршы-ай сол жаманының  
тұяғынан.

Қайырмасында қайғы, мұн бейнеледі  
Ахоу, ахоу, арман,  
Айхай жалған, дүнис-ай

«Ақтоқтының аужарында» қайталанбалы қос тармақ бір мелотармактың түрленуінен тұрады. Мұнда ғұрыптық сынсудың элементтері сактала отырып дамиды. Ол ән басының III-IV-V басқыштардан басталып, негізінен секста көлемінде жүрі. Ал қайырмадағы квартта, квинта және секста интервалдарына жоғары бағыттағы секірістер әуен дамуындағы ғұрыптық жаирдың даму сатысын көрсетеді.

Жоғарыдағы әндегі белгілі бір қыз атынан шығарған кәсіби ақын-әншілер туындысы болса, мұндай туындылардың ені бір легі – сүйгеш қалың малға сатылып, оған колы жетпеген композиорлар әндері. Мысалы, осындай оқиғаға байланысты туған Жетісудағы Сауытбектің «Ақбөп» әні халық арасына кең тарағы. Ақын Ақбөпеге арналған дастан шығарады. Эн қайырмасындағы «Ақбөпенің дертіне шыдай алмай, Сауытбектің ит болып ұлығаны-ай», – деп көлетін жолдар әуені ақынның ашы зарын, жаңа күйзелісін жеткізеді:

Нона дыбыс көлемінде жазылған әң қайырмалы. Оның кеудесі қайталапған қос тармакты және V-VI-VII басқышта кідріп (фермататы *fa*), қысым туғызып барып, жоғары тірек тоңға жетеді. Бұт әуен «Аха-хая, ой, Ақбөп» деген сөзben сатылап қайтадан V б. түсіп, жылау интонациясымен ғұрыптық әнге тән I-II-III-IV-III-II-I басқыштардағы толқынды қозғалыспен («ұмітімді-ай» бунағымен) аяқталады. Қайырма да осы соңғы әуен үзігінің негізінде қайталанады.

Қалыңдықтың қоштасып, сынсу айтуы XX ғасыр композиторларының шығармашылығында да көрініс тапқан. Мысалы, Мұхиттың «Жайма қоңыр» әні Е. Брусиловскийдің «Жалбыр» операсының (1935) I-актісінде і Хадишаның вокалдық

патриясына алынған. Мұңды да ойлы әнмен Хадиша Елемеске өз заманындағы қазақ қызының тағдырында кездесстің қалыңға сатылған әділетсіздікті жеткізеді:

## Шырқаға, соза

Күрбіжан сөзің тәтті, тілің майда,  
Мендей боп жылаған қор азғантай ма...

Жоғарыдағы сиңсулардағы музыкалық тіл кейінгі жалғасқан тақырыптен өз негізін сақтай отырып дамиды. Алдымен ән басындағы белгілі бір микроинтонациялардың қалпын сақтай отырып, өзгеріске түспей біркелкі ұшырасуы және ладтық-интонациялық даму желісінен, ырғагы мен екпінінен де байқалады.

Қорыта айтар болсақ, қазақ қызы басындағы мұңын ұзату тойы үстінде өз жанынан шығарып айтатын сынсу өлеңдеріне коскан. Малы бар адамға сатылып кете барған қыздардың ел аузында мұңы ауенмен қалып отырған. Ғұрыптық әндердегі осы тақырып кейіннен олардың ұзатылып барған жеріндегі елге сағыныш растінде айтқан әндерінен көрінеді. Олар соңында қалған ел-жүртің, сүйгөн адамын сағынған сезімдерін бауырындағы сәбійін әлділеп салған бесік жырларында көрініс табады.

Бұл әділетсіз заманнаң жеткен шығармалар соңғы дәуірде халықталанттары шығармашылығында арқау болады. Сазгерлер өз бастарынан еткізген жайды, кейде өздері күә болған оқиғаны туындыларына арқау еткен. Мысалы, Ақан серінің «Ақтоқтының аужары», «Әлиманың әні», сонымен қатар кедейшіліктен қалыңға берер малы болмай, сүйгеніне косыла алмағаннан туған Бегей Қайыптың «Ақбөбекі», Сауытбектің «Ақбөпе», т.б. әндер күә.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8 класқа арналған оқулық. Алматы: 1971. – 200 б.
2. Әұзов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. Т.4. – 456 б.
3. Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазмемокупедбас, 1958. – 343 б.
4. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы (қазақ отбасының кешеісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы: Қайнар, 1996. – 288 б.
5. Бекхожина Т. Старинный свадебный цикл казахского народа // Музыкознание (сборник статей аспирантов и соискателей), Выпуск IV. – Алма-Ата, 1968. – С. 31-41.
6. Уахатов Б. Қазактың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
7. Бекхожина Т. Қазактың 200 әні. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 230 б.
8. Қазақтың әдет-тұрьши, тұрмыс-салт әндері (оку құралы) /Құрас тұрған А. Темірбекова/. – Алматы: ҰІ. Алтынсарин атындағы Қазақтың ғылым академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2001. – 298 б.
9. Макатов О. Әлиманың әні. – Алматы: Үш қиян, 2006. – 144 б.
10. Саптаров Қ. Рухани мұра. Сыңсу мен қыз мұңы. – Шымкент: Жебел-ДИЗАЙН, 2006. – 76 б.
11. Қазақтың музыкалық фольклоры. – Алматы: Ғылым, 1982.– 264-б.
12. Джумакова У., Кетеңенова Н. Казахская музыкальная литература (1920-1980). – Алматы: Ғылым, 1995. – 256 с.

## Қосымша

<b>1. Қызысыу [10, 14 б.].</b> Алпак жұмыртқа ай болар ма? Мені сатып жан атам бай болар ма? Адыра қалғыр ақ тоқым атқа батты, Мені киып жан атам малға сатты. Жан атам сатса сатсын өлмек бар ма? Алшандап ұл баладай жүрмек бар ма?	<b>9. Қыздың аттанардагы жыры [8, № 82].-</b> Аласына. Кара ат міндің тағалап, Соңынан ердім агалап, Соңынан ерген сүм басым, <b>Малға да саттың багалаң.</b>
<b>2. Қызысыу [10, 18 б.].</b> Акку конбес ешкімнің байлауына, Кайтар ән счап Аксұлу жайлауына. Тәнір-ай! қыздан сорлы бар ма екен? Мал бергеннің кетеді байлауында.	<b>10. Малға сатылған қыздың әкесіне айтқаны [11, № 24].</b> Қолымда сакинам бар бармак-бармак, Сәукеле басқа түссе ауыр салмақ. <b>Басымды балапандай малға сатын,</b> Бар ма екен өз әкендей гапыл қалмақ.
<b>3. Сыңудағы соңғы қошгасу [10, 24 б.].</b> Қызы уақытында ішер ем шекер мен бал, Малға барам кор болып менін басым. Сұлужан кетер болдым рудан, Амал жок мойын бұрудан.	<b>11. Сарын [8, № 66].-</b> Қызы бол тұган сорымның калыңына, Қызы бол тұган аламының салымына. Шал болса да, жас болса кете бердім, Малға сатқан ата-ана жағымына. Қайырмасы. Әке жаным, көз жасым көрмеймісі? Бір тілеген тілегім бермеймісі? Жүргегіңді жарған мен жалғызың гой, Малға сатып жат жүртқа бермеймісін? Қайырмасы.
<b>4. Қыздың ел-жұрттына айтқаны [10, 50 б.].</b> Есіктің алды балдырған, Жолаушы атын шалдырған. Мұнан да корлық өле ме, Күшинен тартып алдырған.	<b>12. Қоріеу [11, № 22].-</b> Қара ат міндім тағалап, Соңынан ердім агалап. Айналайын ағаеке-ау, Малға бір саттың багадап.
<b>5. Сыңсу [10, 46 б.].</b> ...Жүруші едім айдай бол, Қыранга салған майдай бол. Енді кетіп барамын, <b>Борышқа бергенде малдай бол.</b>	<b>13. Қыздың аттанардағы жыры [8, № 82].</b> Жалпы аттанарда: Жүруші едім тайдай бол, Шалшыққа біткен талдай бол. <b>Бүгінде кетіп барамын,</b> <b>Ноғайға сатқан малдай бол.</b> Қара аттынды камшылай, Көзімнің жасы тамшыдай. Бүгінде кетіп барамын, Күні де біткен жалшыдай.
<b>6 Сыңсу [10, 46 б.].</b> Шымылдық құрдым оң жаққа, Шыбынның үшты сол жақтан. <b>Әкем малға бергенде,</b> Алсын құдай оң жақтан.	<b>14. Жар-жар [11, № 20].-</b> Бұл жалғанда не тәтті тарлау гәтті, Тарлау жеген жылқының срні тәтті Әке шеше, туыстың конілі қатты, Оз баласын жылатып малға сатты.
<b>7. Қыздың әкесіне айтқаны [10, 47 б.].</b> Базардан келген матадай, Бүктен бір қойсан жатады-ай. Ішінен шықкан баласын, <b>Малға да қызын сатады-ай.</b>	
<b>8. Бике-ау [11, № 15].</b> Камының сабы бояма, бике-ау, Жалғанда пейде тоя ма, бике-ау. Бермеймін әкен десе де, бике-ау, <b>Мал берген жерін қоя ма, бике-ау.</b>	

## СӘДУ МАШАҚОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕРЛІК ТАҚЫРЫБЫ

Қазақ ұлтының рухани тарихындағы ұлы бейненің бірі, өзінің көркемдік әлемімен адамзатқа ортақ тұлға ретінде мойындалған, қазақ халқын әлемге жарты ғасыр уақыт бұрын танытқан Мұхтар Әуезов Омарханұлының «Абай жолы» эпопеясын оқымаған оқырман жоқтың қасы. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабасев сынды Алаш зиялымарының шекірті Мұхтар Әуезов ұлтымызды дүниежүзілік мәртебесге көтерген, көркем ойымыздың қуаты мен киял күшін. ақыл зейініміздің құдіретін танытқан қазақ елінің мандаійна жарық жүлдyz боп туган біртуар дара да ұлы тұлға.

Ұлы жазушының ең ст жакын шәкірттерінің бірі көрнекті ақын Сәду Машақов.

Ұлы Отан соғысында бір қолына кару. бір қолына қалам ұстап аттанған А. Жұмағалиев, Ж. Сайн, Қ. Аманжолов, Д. Әбілев, С. Мәулансов, Ә. Есмәбетов, Х. Ергалиев, Е. Әукебасев, Ж. Молдағалиев, М. Әлімбасев, Ф. Қайырбеков, Қ. Бекхожин, Т. Бердияров сынды іргелі ақындардың қатарында С. Машақов та Үлкен орын алады.

Машақов поэзиясы – үлкен шабыттан, терең тебіреністен туган ақынның нәзік жанына сыр шертер, қаһарлы жылдарда оттың ортасында жүріп тарихымызды қағазға түсірген «жанды бейне».

Ақын атаулының қаһарлы жылдардағы барлық жырларына дерлік тән сипат – публицистикалық, жауынгерлік пафос болып отырды. Жауды талқандауға өз халқын үндеп, жігерлендіру – қай-қай шығарманың да берік идеялық арқауына айналды. С.Машақовтың «Екі дос», «Сәлемдемс алғанда», «Волгадағы шайқас», «Әнші туралы жыр», «Колхоздан хат», «Ер Төлеғен – ел есінде», «Мәншүк» т.б. өлең-толғаулары жауынгер ерлігі, неміс басқыншыларына деген ашу-ыза. кек серпіні, бекінген жерден бір адым да шегінбеу, жау қоршауында қалса да еліспей беріспеу идеясы шынайы суреттелген. Өлеңдерді оқып отырғанда бойын кайрат пен күш жігер билеген. сессенүді

білмейтін ғажайып батырлық көрсетіп, жауға «жүрек отымен» өрт болып тиғен азаттық батырының байнесі көзге елестеп отырады.

Ақын тынбай еңбек стұмсн, қажымай. талмай, ұнсемі үздіксіз ізденумен келді:

Өтті жылдар, ұлғайды жас,  
Бурыл тартты самайда шаш.  
Қартайсам да, халқым үшін  
Жыр жазбасам көнілім тынбас...(2.5) –

дейді ақын. Алда әлі сансыз соғыстар бар. Осындаш шынықты айтудан қорықпайтын, қажып-мұқауды білмейтін қарапайым жауынгерлер небір қызын құндерде қеудесін оққа тосып, елін, жерін қорғап қалғаны бұл күнде әмбे жүртқа аяна.

Ақын өзі көрген, өзінін басынан кешірген, жақсы билетін. өз бойына мықтап сіңіріп алған көріністерді көркемдік түрге түсіріп, қия құдіретімен оқушысына шынайы жеткізе білген. «Жауынгер ақын сөзі» өлеңінде:

Қуанам бұл жарыққа келгеніме,  
Ғажайып жаңа өмірді көргені ме.  
Ак сүтін Отан анам еркін еміп.  
Марқайып бұл қалыпқа келгеніме.  
Суынан балбұлактын қанғанша ішіп,  
Жемісін бау бақшаның тергеніме (2.36).

Ата мекиннің асыл қасиеттерін, бау-бақшасында өткізген аяулы құндерін шабыттана жырлай келе:

Сыналар күн туғанда ерлсріне  
Қан құмар, қара жүрек албастылар  
Еліне тұн жамылып төнгенінде:  
Қолына қалам емес, винтовка алып  
Аттаным қалың қолмен мен де бірге (2.37), –

деп ел қорғау борышын азаматша түсінген ақын майданға қару, винтовка алып аттаным десе, Әбу Сәрсенбаев «көк семсермен тілемін, фашизмін жүргегін» (2.32) – деп фольклорлық дәстүрлі өрнектерді пайдаланып, қиуын қиуластыра білген. Сәду ақын әрі қарай:

Көп көрдім фашистердің айуандығын,  
Білмеген мұндай сұмдық тарих бұрын.  
Сан елді таптап, жаншып, талап, тонап,  
Өлтірді бесіктегі ұл мен қызын (3.45) -

деп зұлым жаудың жантүршігерлік іс-эрекеттеріне ақын жүргі бірге ауырады.

Ә. Тәжібаевтың Төлеген Токтаровқа арнаған ана мен бала өлеңінде ақын дүниедегі бір-біріне ең жақын адамның ішкі сырына үңіледі. Баласы қан майданда намысын жібермей ажал оғы тигенде де еш абыржымай «Қош достарым!» деп ерлікпен қаза тапқан халқының ер жүрек ұланы қыршынынан қылдды. Ақын: «Тапты екен қандай ана Төлегенді» (4.71) – деп саяул қоя отырып, өзі жауап береді. Ананың махаббатымен келген батыр бойындағы қайсарлық, нар тұлғалық қасиеттерін ақын тап басып айтқандай. Ал Сәду ақын «Ер Төлеген – ел есінде» өлеңінде Төлегеннің ерлігін ажалдан қаймықпаған қас батыр бейнесін Ерен ерге балайды:

Қан майдан! Өлім бар деп елеген кім? /а  
Байқалған қас батыр кім, Ерен ер кім? /а  
Қүретіп жаудың тобын ойрандаған. /ә  
Ерлігі естен кетпес Төлегеннің (3.71) /ә

Қайратты, батыл, абзал асыл ұлын халқы еш ұмытпақ емес. Өзі жоқ болса да ел аузында аты мәңгі дейді ақын. Құйрықты жұлдыз секілді ғұмыры қысқа болса да, өмірі ерлікке, ұлғі-өнегеге толы батыр ерлігі, батыр есімі халқымен бірге аттайтын ғасырларға жалғасуда.

11 буынды, егіз үйқаспен әдемі өрілген туынды қайсар ұлдың ерлігінің табиғи үлесімін тап басып, орынмен орайластыра білген ақын ізденісінің жемісі. Жалын сөзді, аскак үнді көрнекті ақын «Мәншүгінде»:

Сілкінтіп зенбіректер аспан жүзін,	11
Оқ борап снарядтар қаққанда ызың,	11
Қаптаған қалың жаудан тайсалмаған,	11
Мен көрдім пилоткалы қазақ қызықн	11
Көзіңен ұшқын оты лапылдаған,	11
Жауына қаһар төгіп қатуланған.	11
Шайқасқан Отан үшін ауыр күнде.	11
Төнсө де өлім қаупі жасымаған (2.45).	11

Қыр қызы Мәншүк батырдың аты әлемге мәшіүр болды. Қолында «Максимі» Отанға деген махаббатынан бойында күшжігері тасып, оның дұшпанына деген ыза-кегін оқтын ұшына байлап, жауына жолбарыстай айбар шашып, Отанына адал махаббатын паш етті.

Жыр шумақтары таза он бір буынды *аалға* үлгісіндегі қара өлең үйқасымен жазылған Ақын ержүрек қыздың көзінің жанарында да ұшқын барын, оның жауына өрттей лаулады деп келтіруі – ақынның үйқас үндестігіндегі шеберлігі. Мәншүктің қайсарлығын өрткес, жолбарыска тенеп, қазақ қыздарының мәртебесін бір есірсе, екіншіден атадан қалған ұлан байтак жер үшін б.д.д сақ тайпасының патшасы Тұмар ананың патшалық құруы, Шоканның жәсісі Айғанымның аулын басқаруы, кешегі қанды Желтоқсан оқиғасы кезінде туған елі үшін шырылдаған Жазира, Ләzzат сынды ұлттым деп еніреген батыл казақ қыздарының, жаңы қазақ халқының намысқой, ержүрек, дарқан халық екендігін дәлелдей түскендей.

Ақынның «Екі дос» (Майдандық дәптерден) туындысында тегіс жиналған ауыл адамдары көмпір-шалы бар, ер-азаматқа лайық батыр бол, жаудың бетін қайтарып, женіспен орал деп көздеріне жас алып шығарып салады. Кешегі колхозшы – бүтін қолына қару алып жауынгер атанип, соғыста жүр.

Соғыс басталып кетті. Алыстан жақыннан зенбірек дауысы да естіліп тұр Кәдімгі жұн сабагандай дауыс шығады.

Кенест Теміш тездеп,  
Қарауылын жөндеп,  
Сұм фашистті атты  
Дәл басынан көздел... (5.68).

Соғыс шығынсыз болмайды. Өліп кетсе де, тірі калса да халық артқан аманатты адапттай алсақ деген ниистпен Теміш те. оның жолдастары да жаңын беруде. Намысты ерлердің бойында «актаймыз» деген сенім күшті. Айдын ала тон пішу киын, оны болашақ көрсетер.

Бетпес-бет тиіп жауға.  
Жұмсады қылыш-найза.  
Есірген фашист аюан  
Таппады ешбір айла (5.69).

«Атаусыз арам өлді, қорықты, үрікті» деген атаққа ие болмайдындей ерлершес шайқаса білгсін Теміштің іс-әрекетін, ерлігін:

Теміш те осы топта,  
Кеудесін тәсеп оққа.  
Жараланды қолы,  
Таянганда дзотка (5.70) –

деп Теміш ерлігін тап басып көрсетеді.  
«Әнші туралы жыр» өлеңінде майданға тіленіп келген әнші жігіттің ерлігі суреттеледі:

Неше қызың жорықтарға  
Бізбен бірге аттанды  
Ән шырқап гыныққанда,  
Сергі гуші ед жастарды (2 49)

Майданда аз уақыт шайқасса да жауынгерлер арасында нәзік те әсем дауысымен ән шырқап, қатарындағыларын бір тыныста-тып, десмалдырып, көніл күйлерін серпілтіп, туған жердің ыстық лебін сөздіргендей болған әнші әскер:

Әлсіз үнмен сүйікті әнші  
Көзін ашып бір қабат,  
Дсді. «Достар, құлак салышы,  
Өнім сізге аманат (2.50), –

деп әнші көз жұмады. Ұрыс даласынын айқыш-ұйқыш бетін бір серпілтіп тастаған қазақ әнін жолдастарына «Кең даламдай еркін әнді Кеуде кере салындар!» деп аманаттайды. Осы жerde Абай ақыннын:

Тұғанда дүние есігін ашады өлең  
Өлеңмен жер қойнына кірер.-  
деген өлеңі оралмауы мүмкін емес.

Сәду ақынның әнші жауынгерді жырға қосуы, казақ әнінің құдіреттілігі туралы жеткізе білуі ұстазы М. Әуезовтің берген ғұламалы дәрістерінен алған болса керек.

Ұлы жазушы эпопеяның «Жайллауда» бөлімінің өн бойында ән құдіретін сомдай түседі. «Уа, өркенің өссін, інішегім. Біздін көнілімізді көтерсөн, сениң көнілінді құдай көтерсін».

Енді бір жерде «Ән үқпайтын кішкентай немересін арқалаған бір қарт шеше белі бүкшендей ән тыңдауға асыға барады. Бұл да ән образынан үзінді.

Ожпар Оспанның оқыс хабарынан өкініш өксігіне тұншыққан Абай ашулы қалпымен кеп, үй сыртынан Әйгерім айтқан «Қаракөз» әнін тыңдайтын сәт есінізде болар.

- Сен бұлбұл едің. Аза аспанында көк бұтакқа қонып бұлбұл әнінді әлемге жырласаң етті. Мен сол бұлбұлды ұстап, әдемі торға бөлеген аушыдай болдым ғой. Қапас бұлбұлты сен бопсың, әнінді ешіріп, сезімтал жанынды тұншықтырып, елден ерек қасиетінді бұркеуші, осы ауылмен қоса мен болыппын.

Әйгерім сынды бұлбұл сынды көмейді тұншықтырмақ болған, замана кінәсін мойнына алып тұрған алып азamat қайратына риза боласын.

Енді Сәду ақын шығармашылығына келсек, Сұрапыл соғыста, оқ өтінде жүрген ер-азаматтар қатерлі тағдырынан қауіп илеп отырған қамқор ата-ана мен қам көңіл жарға, етбауыр жақынға бұл ауыр құндер еді. «Тұздегі су ішсе, үйдегі у іshedі» дегендей тылдағылар майдан шебінен алыс болғанымен жауынгерлермен жаны бір, тағдырына ортақ сезініп отырды.

Күн шығып қорғап тұнектей  
Шайқассаң жаумен сен бүгін.  
Ата-ана, туған елінді  
Мактандырды ерлігің (2.39).

Майдандағы әскерге жолдаған көптеген хаттардың түйіні осыған келіп тіреледі. Туған елінің, ата-ананың жолдаған сәлемдемелеріне ұлының ат жалын тартып мініп, азamat болып ел қорғап жүргенін мақтаныш еткен және ақыл-аманат, тапсырматілек айтқан жолдауы:

Ата-анаңнан аманат,  
Алан болма біздерге! (2.40)  
Немесе  
Ерлік көрсет майданда –  
Отаныңа бол лайық!  
Тез женіп қайт дұшпанды  
Женісті бірге тойлайық (2.40).

Майданға жолдаған хат өлеңнің тамаша үлгісін Жамбыл шығармашылығынан тапсақ, ақын С. Машақов шығармашылығынан оның әдемі сарынын көруге болады:

Рахмет сауқатыңа анам, дедім.  
Біз үшін бола көрме алаң, дедім,  
Сіз жіберген дәмді аспен қуаттаннып  
Жаусатар сан фашисті балан, дедім (2.40).

Ананың жіберген сәлем-сауқаты, дәмді асы, нәрлі сөзін жалынды жыр мен ұранша кабылдап, көмек беріп, үлкен құш дарытқандай. Бұл өлеңдер де сол кездегі ана мен бала, майдан мен ел арасындағы қарым-қатынас, тығыз байланыс, бір сезбен айтқанда, Отанға деген жігерлі рухты танытады. Адам жүргегінде иманы мен рухы болмай, онын Отанға деген мейірімінен ада болары сөзсіз.

Ақынның «Бір сағат» деп аталатын өлеңіндс үш жыл бойы жалғыз ұлын көрмеген, көруге ынтық ананың арманы:

– Жүзін көрсем бір сағат  
Бір тілдессем калқаммен,  
Еш арманым болмастай...  
Деп қояды қарт ана (5.64).

Алла деп отырған ананың тілегін құдай бір жарылқап:

Көрді, кенет карт ана  
Асыға басқан кісіні.  
Көзге таныс. сүйкімді  
Әлгі адамның пішіні (5.64)....

Ананың тілі, ананың тілегі бір жатқан теніз емес пе?

– Қарағым, Жақып, жүргегім  
Сағындым ғой ұлыншағым! ... –  
Деп мейірбан қарт ана  
Жайды ұлына құшағын (5.65).

Бір сағат көрсем болды деген ана арманы, енді шексіздей...

Тым болмаса бүгінше  
Қонып аттан, Жақыпжан.  
Аунап-қунап төсекте  
Өз қолымнан татып дәм (5.65).

Ана арманы ұлына қайта қауышу, өз қолымен дәм беру, бір ііскел, мауқын басу болса, әскер арманы:

## Жастайін тез майданға Бітірейін арманды (5.65)...

Арман бітпейді... Адам арманы шексіз Бұл жерде ақын бітірейін арманды» деп дүшпанды жсну арманын жеткізгісі келген ерінс, жауға тойтарыс беріп, елге аман есен оралу, бұл – әскер арманы екені даусыз.

Өмірде жақсылық пен жамандық та күн мен көлеңке тәрізді катар жасайтын құбылыс екені мәлім. Соғыска аттанған әрбір майдангер азаматтар өткір қаруын, ал тыл мен ауыл азаматтары күннің атысы, түннің батысы демей адал енбегімен женіске өз үлестерін қосуда. Не нәрсе болса да алдымен опасыз жауға карсы бағытталады. Ал ақын атаулының бәрі өткір қаламымен жауды жанышып, өлеңдеріндес-ақ дүшпанның жекесүрын кескінін берсе. С. Машаков «Қорқактың ажалы» өлеңіндес өрескел, шомбал мінезімен бірден көзге ілінген. Үсеннің слден срек, қалың топқа жуыспай, қаракан басын ойлаған, «өзім дегендег өгіз қара күшім барлардың» катарынан табылатын Үсеннің мінезі өзіне опа болып жабысты.

Білген жоқ басқа жайдан Үсен дерек,  
Ет, сүйек боршаланды бөлек-бөлек...  
Ағаш, су, аспан, жұлдыз томсырайып:  
Дегендей болды: «Саган осы керек!» (2.51.)

Пасықтың қылығына табиғат та жиіркене тіл қаткандай..

Жүргегі алып-ұшып, денесі дір-дір етіп. әр бұтанаң түбінс бір бұғып, ұрыстың тоқтаганың құткен корқак бұта түбінде өз өмірінің тоқтаганың құткендей... «Қорқаққа қырық күн бұрын ажал» деген макалды еске түсіреді ақын.

Қalamгердің сидігі өлеңдер циклі ұлы Женіске арналады. «Салют», «Елге келем», «Женіс канат қақты», «Сол күні», «Женіс туы», «Женіс» жалын сөзді, асқақ үнді көрнекті ақынның женісті жырлаған өлеңдері легі, міне осындей.

Куаныштан үлбірекен жүргегіне ақын әмір береді:

Ал, бүгін қуан, тасы, лепір жүрек,  
Женіске болдың өзің кепіл жүрек.  
Сарғая күткен сағат соқты бүгін  
Бүтіннен аянасың несін жүрек (2.71)...

Ұлы Женістің адамның қанымен, көздің жасымен келгені қандай мұнды болса, үлкен қуаныштың жыр болып іркіллісіз тегілуі ақын жанының алғаусыз ашықтығынан, сезім әлемінің қарапайым көркемдігінен хабар береді.

Ақын поэзиясында ой, сезім, оқиға желісі бір арнаны сағалап, жал-ғасып келеді. Алдыңғы өлеңде жүректің қуанышты күйін білдірсе, «Салют» туындысында көкті кезіп, ұшқан салюттің кемпірқосак секілденіп қаранды айсыз тұнге көрік бергендігін тамаша келтіреді.

– Япырай, неткен әсsem көріnіc, – деп

Аспаннан көz айырмай қарап тұрмыз (2.54).

Салют атылған сайын адамдардың көnlі шарықтап өссе бермеск...

Женіc! Оңайлықпен келген жоқ. Қаншама ошактын отын өшті, қаншама жардың асқар тауы құлады, қаншама құнәсіз сәбидін көz жасы төгілді:

Есіmің жүрекке ыстық, елge таныс.  
Сенің арқан думан, той, келген табыс.  
Сен бізге оңайлықпен келген жоқсың,  
Өттік талай көшуден қын да алыс (2. 58),

Саду Машақов – талантты мен еңбекқорлығын ұштастыра білген ізденимпаз ақын. «Ақын болу – білімді керек қылады» (5.7) деген ұстаздының сезін есінен шыгармаған Сәдудің жиырмаса тарта жинағы жарық көруі соның айғағы.

Сөз өнерінің шебері Саду – лирикалық өлеңдер ғана емес, бірнеше оқиғалы поэмалар жазған ақын. «Әмірсе», «Қанжар сырсы», «Баяншы» «Иван Трунов» атты поэмаларымен т.б. өлеңдері тума таланттың үздіксіз іздениске толы шығармашылық ғұмырының өмірбаяны.

Қорыта айтқанда, ғалым-ұстаз, майдангер ақын, саптағы әскер С.Машақов қазақ поэзиясындағы өзіндік орны, жаңа ізденистері оның мәнгілікке өмір ұлагатын танытады. Оның майданда жазған Ұлы Женіс орнаганнан кейін де дүниеге келген мұраларын байыпташ қарап, оқырмандарына жеткізу абзal.

Сондықтан қаһарлы жылдарды еске салатын, халықтың мұнмұқтажын, көрген қасіретін жүргегінс түскен қаяуын, аналар мен сабилердің көз жасын бейнелейтін шығармаларды оқымау, Ұлы Отан соғысы туралы жазған ақын-жазушылардың туындыларын шеш қалдыру жыл өткен сайын қайта қарамау, парактамау, бұл – өткен тарихымызды жауап қою, ұмыту, ол дегеніміз бізге сын, ал келешек ұрпактың көзін байлау.

Сондықтан да мениң ойымша Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы өлең-жырларды уақыт өткен сайын жадымызыда сақтап, қайта қарап, қайта жаңғыртуды көрсөк стеді. Өйткені ол шейіт болған батыр ата-ала-тарымыздың, ағаларымыздың, батыр ақын-жазушыларымыздың қанды көз жасы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Тұрсынжан Шапай. Ой түбінде жатқан сөз А.. 2002.
- 2 Машақов С. Ақ көніл. Олеңдер мен поэмалар. – А., Жазушы, 1982. 248 б
- 3 Сәрсенбаев О. Шығармалар жинағы. 5-томдық. –А , Т.1. 1981. 471 б.
- 4 Тәжібаев Ә. Шығармалары жинағы. Жауышы, I-том. – А , 1978. 756
- 5 Машақов С Кешкі самал. Таңдамалы – А., Жазушы, 1976. 189 бет
- 6 Естен кеппес кездесулер – А , 2006. 208 бет.
- 7 Тәжібаев Ә Олеңдер. Шығармалар жинағы. Том. II

**«КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ»  
ЖЫРЫНЫҢ ҚАШҚЫНБАЙ НҰСҚАСЫНДАҒЫ  
СЮЖЕТТИК ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Казақ ұлты сонау сртс замандардан бастап Орталық Азияны мекендеп, ғұмыр кешіп келе жатқан байырғы халық. Ұзақ ғасырлар бойы өзінің мәдениеті мен әдебиетін т.б. бай рухани мұрасын жаратты. Тарихи кезеңдерде сыртқы шапқыншылыққа жұмыла көтеріліп, тегсүрінді соққы беріп атадан балаға қалған аманатын арындағы ардактап, сақтай білді. Сондай-ақ ел басына күн туып, халық басына қайғы орнаган кездерде ту көтеріп, Ата-мекенді сыртқы жаудан тазартып, елге ұйтқы, халыққа қорған бола білген батыр бабаларымыз жайында өз заманының не кейінгі ақын, жырау, жыршыларымыз сол батырлардың ерліктері мен ізгі істерін жыр етіп, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге беретін, отаншылдық идеяны дәріптейтін ұшан-төңіз жыр, дастан, аңыз, хикаялар шығарған. Бұл шығарылған жыр, дастандар халық арасында кеңінен тара-лып, кейінен халық мұрасын жинаушы, ұлтжанды азаматтар хатқа түсіріп, колжазба материалы ретінде түрлі нұсқаларымен бүтінге жетіп отыр. Эне сондай азаттық жырларының бірі жөне бірегейі - «Кенесары – Наурызбай» дастаны. Заманында патшалық Ресейге бағынбай, бодан болуға мойын ұсынбай, өз алдына жеке сл болуды армандап және сол ұлы мұрат жолында опат болған Кенесары – Наурызбай және оның батырлары мен туыстары жайлы ел ауызында ірлі-ұсақты – жыр, дастан, аңыз-әңгіме, хикаялар көптеп кездеседі. Осылардың ішінде халық арасына кең тараляп сінісіп кеткендері – Досқожа, Нысамбай, Күдері, Кекбай, Қашқынбай т.б ақындардың жырлаған нұсқасы деп айтуға болады.

1996 жылы Алматы «Білім» баспасынан шықкан көп томдық «тарихи жырлар» атты ғылыми басылымның 3-томында Кенесары – Наурызбайды жырлаған біраз авторлар мен тарихи жырлар енгізілген. Олар: Нысамбай жырау Жаманқұлұлының «Кенесары – Наурызбай» дастаны, Доскей Әлімбайұлының «Кенесары» жыры, Саяділ Керімбекұлының «Кенесары, Наурызбай» даста-

ны, Тілегеннің «Кенесары туралы» өлеңі. Досқожаның «Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны» т.б ірілі-ұсақты ақындардың жыр, дастан, өлеңдері енгізілген.

Кенесары, Наурызбайды жырлаушы ақындардың бәрін сол заманның тарихи шындығын, қоғамдық саяси өзгерісін толық түсініп кетті дег айта алмаймыз. Дегенмен сол көтерілістің басықасында болып, ыстық-сұығын өз басынан кешірген Нысамбай. Досқожа сияқты жыраулар нұсқасы тарихи шындықтан сыршертеді

Біз қарастырып отырған Қашқынбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» дастаны осы Нысамбай жырлаган нұсқамен ұксас болып келеді. Бірақ өзіндік сюжеттік ерекшеліктері де бар. Ол ерекшелік – шығарманың жан-жақтылығы мен толықтығында. Нысамбай нұсқасында сол көтерілістің барысы ақынның қөзімн берілсе. Қашқынбай нұсқасында Нысамбай кейіпкер ретінде тарихи сахнаға шығады.

Нысамбай нұсқасында – Арқадан Алатауға көшіп келіп, Дұлаттармен ірге қосқан Кенесары – Наурызбай көшін жырлай келіп, оқиға Топжарған атты қырғыздардың ұрлап кетуінен басталады. Ал Қашқынбай нұсқасында – Кенесарының атасы Абылай ханның жетімдік тағдыры, орта жұз Қарауылдағы Әулетбайға бала болып сіңіп, кейіннен үш жұз бас қосып қалмаққа аттанғанда. ер Малай көкбесті атын Сабалаққа береді. Осы ұрыста Сабалак бекініс бұзып, жау камалын талқандайды. Ел оны хан көтеріп Абылай деген сіміге ие болады. Дей тұрғанымен, бұл көп жырларда Төле бидің түйесін бағып, Бөгембай батырдың нарқызылын мінеттің тағы бар. Сол Абылай ханның эйелі қалмак ханы Фалданның қызынан қан шенгелдеп тұған Қасымханның да, өз кезінде қара кылды қақ жарған әділетті хан болғанын тілге тиск етсі кетеді. Қасымханнан төрт бала болады олар: Кенесары, Құдайменде. Ержан, Наурызбай.

Кенесары хан болған соң қол жиып, Омбы қаласына шабуыл жасап, орыс ескерінің бекінісін талқандап, дүние-мұлкін отжалап алады. Осылай орыспен жаулықты бастайды. Қашқынбай нұсқасындағы бұл сюжет басқа ақындарда кездеспейді. Тарих таразысына жүгінсек, бұл талассыз шындық еді. Бұл кезде ре-

сей империясының қазақ жеріне бекіністер салып, отарлау саясатын жүргізіп отырған мезгілі болса, Кенесарының бар арманы қазақтың басын біріктіріп, отаршылдыққа қарсы күресіп, ел мен жерді азат ету, бодан болмау идеясы еді. Бұл барыста ішкі-сыртқы қайшылықтарды шешу үшін тырысып та бақты. Мәселен Мұхтар Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында Кенесары ак киізге көтеріліп хан болғаннан кейін, көп өтіей қытайға, ұлы жұз дүлатқа, қырғызға елші жіберуі осының айғағы.[1]

Қашқынбай нұсқасындағы өзіндік ерекшеліктердің бірі – сюжет желісінің толыктығында. Мәселен Нысамбайда топжарған атты қырғыздар арқанда тұрған жерінде ұрлап кетеді. Ал топжарған аттың қайдан, кімнен, қалай келгені туралы дерек айтылмайды. Қашқынбай да – топжарған аттың Наурызбай қолына түсінің өзі бір үлкен оқиға желісін құрайды. Сондай-ақ қашқынбай нұсқасында оқиғаның себебі, басталуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешім табуы анық көрінеді. Сюжеттік желісі үсті-үстіне тізбектеліп келіп отырады. Қашқынбай жырлаған Кенесары – Наурызбай дастанындағы тағы бір ерекшелік – Кенесары мен Наурызбайды жырлаушы ақындар (Нысамбай, Досқожа) Кенесарының қасында ханның жаршысы, ақыны сондай-ақ балгері сияқты тарихи тұлға ретінде көрініс табады. Айтар болсақ хан Кене Арқадан амалсиз ауып, елі мен жерін қимай толқып тұрғанда Досқожа ақын келіп, жермен қоштасу жырын толғайды. Бұл туралы «Тарихи жырлар» атты кітаптың 3-томында Досқожаның «Кенесарының қоныстан ауғанда айтканы» деген шағын жыр енгізілген. [2] Міне Досқожаның бұл жыры Қашқынбайда өз орнын тапқан деп айтуға болады. Сол сияқты Кенесары Шегенге келіп қоныс тепкенімен мұнда да ұзақ тұрақтап тұра алмай. Алатауға көшін түзейді, осы кезде Нысамбай жырау тарих саҳнасына шығып, Кенесары – Науаннан жыр толғайды. Қашқынбай нұсқасындағы жырдың ендігі арнасы осы Нысамбай жыраудың ауызымен берілген сияқты. Себебі Нысамбай жырлаған «Кенесары – Наурызбай» дастанының сюжеттік желісі ендігі жерде Қашқынбай нұсқасымен, негізінен ұқсас болып келеді. Бұл туралы филология ғылымдарының докторы Шәкір Ұбырай былай дейді: «Жырдың түп нұсқаға жақыны – 1875 жылы «rossia географиялық қоғамының Орынборлық

бөлімінің сәбектері» (3-том) деген жинақта жарияланған нұсқасы. Сондай-ақ 1938 жылы Торғайда Қашқынбай Қаратасевтың ауызынан жазып алғынған Нысамбай жыры да өзіндік толық және көркем болуымен ерекшеленеді» деген еді [3].

Қашқынбай нұсқасындағы «Кенесары, Наурызбай» жыры осындай өмір өрнегін, дәүр келбетін шынынды бейнелеп беру імен ерекшеленеді Айталық XIX ғасырдағы ресей отаршылдарының қазақ жерін отарлау саясаты, шен үшін сатылған ел билеушілері. ел ішіндегі алауыздық. Кенесары, Наурызбайдың қазақ жерін біріктіру жолындағы жан қиярлық әрекеті, билік үшін қыргыз манаптарымен ауыз жаласкан Рустем сияқты кара бастың қамын ойлаған сатқындар т.б бәрі-бәрі де осы жырда көрініс табады. Ал Доскей Әлімұлының «Кенесары» жырындағы сюжеттік ерекшелік басқаша өріс алады. Хан Кене Арқада жүрген кезінде казақтың көп батырын жаңына топтап ои төрт мың қолмен Ақмола, Ақтау. Қызылжар. Омбы т.б. қалалардағы патша әскерімен соғысы суреттеледі. Кейіннен ауыр қолмен Семей одан өрлең Алатауға келіп көп дулатты ауызына қаратады. Қыргызға елші жіберіп отаршылдыққа бірге қарсы тұрып, бірігүй сұрайды. Бірап мұнда да патшаға сатылған қырғыз манаптары Кенесарының бұл ұсынысын қабыл алмайды. Ашуга мінген Кенесары соғысты дәл қыргыздың өзінен бастайды, соңында алауыздық, сатқындардың себебінен қолға түсіп Наурызбай екесі манаптар қолынан каза табады.

Қашқынбай нұсқасында аз гана адаммен Алатауға барған хан көші Қоканнан ауган көп Дулатты кол астына алады. Оқиғаның себебі топжарған аттың жоғалуынан басталады да, соңында. Рустем төре әскерін алып көтеді. Кенесары мен Ержан қолға түсken соң жалғыз қалған Наурызбай өзі барып жауға қолды болады. Бұларды еншілген қырғыз манаптары жеке-жеке бөліп алады, Қарібоз дейтін қырғыздың шешені Наурызбайға жеке шатыр тігіп сән-салтанатпен көnlін аулайды, қырғыздан талдап қыздар алдырады, бірақ ер Науаның бұлармен жұмысы да болмайды. Ақыры Қарібоз келіп наурызбайға бостандық береді Кенесарының өлгенін естіген соң елге қайтқанды намыс көріп соңда қалып ақыры күйкten өледі деп жырланады. Ал Мұхтар

Әуезовтың хан Кене пьесасында Хан Кенені ашынған айелдер пышактап өлтіреді. Наурызбайда сол жерде қолдан мерт болады.

Жалпы, кай ақын жырласын Кенесары – Наурызбай бостандық, азаттық үшін күрескен ұлт көсемдері. Өз кезінде ұлы ақын Абай «Абылай да, Кенесары да – қазактың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де – айта қалғандай ұмытпастық еңбек. Солардың бастан кешкен дәуренді. жақсы сөзбен жыр қылып ел ортасына жаю – жақсы өлеңнің міндесті» деген сцен [4].

Кенесары көтерілісі қазақ тарихынан ойып орын алатын, уақыт және көлемі жағынан ең ірі көтерілістердің бірі болды. 1837-1847 жылдар аралығында көтеріліс бүкіл қазақстан территориясын шарпышты. Белгілі саяси астармен кенес өкметі көтерілістің сипатын фсодалдық қозғалыс деп қана баға беріп, бұрматап, бұркемелеп көрсетуге тырысты. Оның бір дәлелі Бекмаханов. Е. Кенесары көтерілісі жайлы кітап жазып, «ұлт қаһарманы» деп бағалағаны үшін халық жауы атанип, күтінға ұшырап түрмеге жабылады. Сол сиякты Кенес заманында хатқа түсіп сакталған қолжазбаларды ғылыми түсініктеме беріп, кітап етіп жариялау мүмкін болмады. Тәуелсіздіктен соң ғана иғі іс-шаралар жолға койылып істеле бастады. Ал қазір «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көне мәдени мұрағаттарды жинау, жарыққа шығару, зерттеу жұмыстар жүргізілуде.

Ойымызы қортындылай келгенде, Қашқынбай жырлаған «Кенесары, Наурызбай» дастаны өзінің көркемдік және сюжеттік ерекшелігі жағынан болсын басқа ақындар нұсқасынан өзгешеленіп тұрады. Бұл дастан 1947 жылы хатқа түскен, жалпы көлемі 3456 жол, ғылыми жинақтарға енгізіліп жүйеленбegen. Өткенгі тарихтан сыр шертер көлемді шығарма. Ғылыми жұмыстармен қатар әлі де терең зерттеулерді қажет етсі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Әуезов Шығармалар жинағы (20 томдық, 4-том).
2. Тарихи жырлар. Кенесары – Наурызбай. 3-том Алматы, 1996 205-б.
3. Абай Құнанбаев. Толық жинақ Алматы. 1940 2-том 38-б
4. А. Абдакимов. История Казахстана. Алматы, «Қазақстан» 2003 ж

Мусагулова Г.

## РАЗНОВИДНОСТИ РЕЧИТАТИВНЫХ ФОРМ В КАЗАХСКОЙ ОПЕРЕ

(На примере оперы «Абай» А. Жубанова и Л. Хамиди)

Оперное искусство Казахстана в 40-х годах обогатилось ярко национальными и выдающимися творениями. Среди них опера «Абай» А. Жубанова и Л. Хамиди. Она ознаменовала собой новый, зрелый этап в развитии музыкальной культуры и положила начало формированию казахской оперной классики. Как указывалось ранее, богатым жанровым истоком речитативных форм, несомненно, является музыкально-поэтический фольклор. Все жанры народно-профессионального и композиторского творчества, рассмотренные в монографии автора статьи имеют речитативно-декламационную форму<sup>8</sup>. Этот богатейший пласт песенно-поэтического искусства, передаваемый из поколения в поколение, послужил основой и прочным фундаментом для их развития в современной музыкальной культуре. Благодаря богатому духовному наследию и высоко развитой традиционной музыке, претворение в оперных произведениях речитатива и разговорных диалогов имело национально-почвенную тенденцию. Речитативные формы в отечественном музыкально-драматическом театре, как было сказано ранее, черпают свое начало из глубоких недр фольклора. Взаимодействие слова сказанного и слова спетого, по М. Друскину, или интонации речевой и музыкальной, по Б. Асафьеву, пожалуй, нагляднее всего выявляется в оперном речитативе. Причем наиболее важную функцию в драматургии оперы выполняет именно он, разъясняющий и продвигающий вперед сценическое действие. «В речитативе содержится больше слов, чем в арии, причем для осмыслиения происходящего на сцене желательно, чтобы каждое слово явственно прослушивалось. Перевес то одного, то другого фактора – сказанного или спетого слова – зависит от исторического периода, стиля эпохи или индивидуального стиля композитора» [1, с. 96].

<sup>8</sup> Мусагулова Г.Ж «Национальное своеобразие речитаций в казахской опере». Монография Алматы Отжы, 2008 156 с

Основная задача данной статьи – исследование проблем речитации в опере «Абай», положение данной формы в системе музыкально-драматических средств выражения, раскрытие его функциональных потенций. В работе также предполагается анализ разновидностей речитативов, их связь с фольклорными истоками, образной характеристикой героев и музикально-сценическими ситуациями.

Многогранное творческое наследие Абая Кунанбаева всегда находится в центре внимания научных интересов историков, философов, филологов, живописцев, скульпторов, мастеров театрального искусства, искусствоведов. Его восприятие художественного мира, глубоко индивидуализированное и самобытное, является кладезем духовных ценностей народа. В раскрытии концептуального и образного содержания творческого мышления поэта, в развитие абаевской тематики значителен вклад видных казахстанских ученых-музыколов – А. Жубанова, А. Затаевича, В. Дерновой, Г. Чумбаловой, Б. Ерзаковича, Г. Бисеновой, С. Кузембаевой и других. Их научные труды посвящены разработке и изучению национальных художественных традиций в музикальном наследии Абая, музикально-стилевым, жанровым истокам и композиционным методам, мелодико-интонационной, ладовой структуре, метро-ритмической организации, а также истории записи и публикации его песен.

Могучий образ великого казахского просветителя, талантливого композитора действительно уникален. Исключительна и безгранична его деятельность, которая послужила неиссякаемым источником для новых творческих решений, в частности, для создания произведений различных форм и жанров. Так, широко известны романсы М. Тулебаева, К. Мусина, Е. Рахмадиева, С. Мухамеджанова (цикл романсов на 15 стихотворений Абая), М. Койшибасова, К. Күмисбекова, А. Еспаева, Н. Тлендиева, М. Мангитаева и др. на стихи поэта, симфонические поэмы – «Абай» А. Жубанова, «Жалғыз қайын» Е. Брусиловского, оратория Г. Жубановой «Песня Татьяны» для оркестра, хора, певца, чтеца и домбристы, «Кансонар» А. Останковича, а также другие сочинения. Опера «Абай» – самое значительное произведение в музикальном искусстве Казахстана, посвященное его жизни и творчеству.

Как известно, либретто принадлежит перу выдающегося писателя современности – М.О. Ауэзову. Обращение к его произведению поставило перед создателями опры «Абай» целый ряд задач, решением которых напрямую зависело от проблем соотношения музыки и слова. Выбор поэтического текста, имеющий значительный вес, в совокупности с профессиональным подбором музыкального материала составил цементирующую основу для создания данного национального шедевра. В этом смысле прочной основой послужило словесное начало, в значительной мере определяющее само содержание. Проблема литературного текста, который отличается сжатостью и лаконичностью, является специфической чертой жанра оперы, она была успешно решена знатоком фольклора, драматургом Мухтаром Ауэзовым, посвятившим литературную деятельность исследованию наследия Абая Кунанбаева. Правомерен интерес казахстанских композиторов А. Жубанова и Л. Хамиди к его драме, которой свойственно глубокое философское осмысление действительности, гражданский пафос, проникновение в мир Абая.

Писатель-драматург мастерски, с точностью отобразил важнейший этап исторического прошлого народа, подлинную трагедию ушедшей эпохи, его горе и страдания, воспел любовь, совесть, красоту, человеколюбие и гуманизм. Его образные характеристики полны динамики, им присущ процесс постоянного обновления. Либретто М. Ауэзова характеризуется развитой конфликтно-драматургической основой музыкально-спектакльного воплощения. Свидетельством глубокого проникновения в творческое наследие великого Абая, стремление воплотить высокий дух его поэзии, явилось наличие в данном произведении содержательных образов, острых, злободневных, органично возникающих и стремительно развивающихся конфликтных ситуаций, насыщенная эмоционально-выразительная палитра героев, национально-бытовой колорит, широкий спектр возможностей для претворения традиционных обычаяев и обрядов. Творческие приемы композитора и либреттиста в создании образа главного действующего лица заключаются в попытке раскрыть самые значительные, прогрессивные черты образа поэта-гуманиста.

Особый смысл в опере приобретает одна из сторон деятельности Абая, которая длительный период оставалась малоисследованной литераторами, филологами, биографами, изучавшими его жизнь и творчество (это относится и ко времени создания оперы). Это сфера касается его участия в спорах между различными жузами, крупными родами, биями и т.д. Известно, что в казахской степи институт судопроизводства существовал на протяжении длительного периода и имел важное значение в жизни общества в условиях феодальной междоусобицы. Поэт выступал в качестве защитника униженных и обездоленных. Перечитывая эпопею М. Ауэзова «Путь Абая» [3], [4], отражающую сложный процесс формирования Абая как натуры цельной, деятельной, целеустремленной, со справедливым взглядом на окружающую действительность. с каждым разом раскрываешь новые грани великой личности. В художественном повествовании романа-эпопеи исторически правдиво отображена жизнь поэт-борца, великого сына народа. В этом ракурсе интерес представляют новые работы абаеведов, раскрывающие более подробные сведения о деятельности Абая в качестве торе бия<sup>9</sup> – головного судьи на айтысах между биями. В опере «Абай» искусство красноречия мастерски претворено в качестве одного из значимых приемов словесных пресний<sup>10</sup>. Это мудрые слова, произносимые в связи с конкретными конфликтными ситуациями и спорными моментами. Их основная функция – разрешение противоречивых жизненных обстоятельств аргументированно, убедительно, при помощи магической силы убеждения. Этот вид фольклора преобращает новую окраску и функциональное назначение в творчестве национальных авторов – драматургов. В их драматических произведениях получили трактовку не только национальные ритуально-обрядовые, игровые элементы, но и сила слова – “шешендік сез”. Исторические факты подтверждают сведения о возникновении этого жанра из богатого кладезя устно-поэтического творчества. Достаточно привести в качестве примера айтысы, жыры, дастаны и эпосы. Во многих литературных сочинениях отражен большой и своеобразный талант художника слова, выдающегося народного поэта, просветителя и композитора – Абая,

<sup>9</sup> Би – глава племени, родового подразделения

<sup>10</sup> Смотри сцену суда из II действия

принимавшего активное участие в словесных состязаниях различного плана. В либретто оперы «Абай» М. Ауэзов вводит эпизод ораторского красноречия, столь часто бытующего в народной жизни. Решающий сюжетно-драматургический эффект в представленное творение вносит интерпретация национальных художественных традиций, различных бытовых сцен и зарисовок. Введение в оперу айтыса оказалось возможным в связи с опорой на оперные традиции в воплощении народного обряда: массовых сцен, воспроизводящих народные действия (ярмарки, игры, спортивные состязания и т.п.), к числу которых относится и айтыс – публичное состязание акынов. Существенна вводимая авторами оперы данная форма словесных прений, способствующая созданию крупных эпизодов единого сквозного развития, каковой представляется вышеназванная сцена из оперы. Всему в ней функция речитатива, выполняющая роль одного из важных формообразующих средств. Многообразные виды представленной формы, использованные в анализируемой опере, свидетельствуют о наличии в них основных перечисленных жанров – *терме*, *желдірме*, *айтыс* и других. Высказывания музыковеда Г. Биссновой подтверждают высказанную мысль. «Естественно, что в музыке этого акта композитор использует виды речитации: *терме* и *желдірме*» [5, с. 92]. Исконно традиционные по своей природе эти формы устно-поэтического творчества органично вплетаются в драматургию оперы и предстают важным средством в характеристике главных действующих лиц (в частности, в обрисовке отрицательных персонажей оперы – Жиренше и Нарымбета).

Особый интерес представляют речитативные эпизоды (реплики и диалоги) из сцены суда бисев, где содержится центральный конфликт всего произведения – столкновение двух противоборствующих сил – прогрессивной и реакционной. Отсюда – особая важность драматургической роли данной сцены в развитии всего сочинения. Так, анализируя выступления каждого из участников, можно выделить два основных комплекса выразительных средств, соответственно обрисовке двух враждующих сторон:

1 напевность, переходящая в широкую кантилену, светлые тона вокальных партий и теплый тембр высоких деревянных, а также струнных инструментов оркестра (Абай, Айдар, Ажар, народ)

2 доминирование речитативных интонаций с повтором одних и тех же как бы скандирующих звуков, сочетающихся с ходами на диссонирующую аккордику – тритоны, септиму, увеличенные и уменьшенные интервалы, сопровождаемые мрачным тембром медных духовых и низких деревянных (Жиренше, Нарымбет и их приспешники)

Вместе с тем, на первый план выдвигается внутренняя индивидуальность каждого из участников театрализованного действия – айтыса. При сохранении основных, наиболее типичных черт, в обрисовке персонажей высвечиваются новые грани, в зависимости от той или иной сюжетно-сценической ситуации. Это, в большей степени, касается мелодико-интонационного материала, который подвергается модификации при интенсивном развертывании литературного текста.

Творчески решена интерпретация речитативных интонаций главного героя оперы. В сцене суда ария Абая является характеристикой его деятельности в качестве бия (о чем повествовалось ранее).

Особняком стоит выразительная «говорная» (термин И. Глинки) речитативная реплика

<i>Найзалы жау оңай жау,</i>	<i>Страшен не враг, кто с мечом,</i>
<i>Сенің жауың от емес</i>	<i>Страшен враг, что не видим,</i>
<i>Ішіңде жатыр айықпай,</i>	<i>Ты смотри вокруг, темнота,</i>
<i>Караңғының қара тау</i>	<i>Вот твой враг, вот кто твой враг!</i> <sup>1</sup>

В ней – пафос обличения и сила внутреннего убеждения. В данном случае представлен образец мелодизированного речитатива, которому свойственны мягкие, закругленные окончания на устое. Оркестровая партия тонко следует за развитием богатой палитры красок, воспроизводя переходы чувств и переживаний. Данный эпизод выполняет важную драматургическую функцию с одной стороны, передача определенной информации (итог, смысловое обобщение всей сцены), с другой, выполнение связующей роли между арией и последующей за ней хоровой сценой. Очевидным в его партии является преобладание ярко выраженного нацио-

нального склада, а также органическая связь речитатива с другими оперными формами Ученый-музыковед М. Друскин писал «Чем полноценнее образ героя, тем богаче его речитатив, так как душевный мир этого героя этически содержательнее и многостороннее по сравнению с психологическим складом других действующих лиц» [1, с. 181].

Известно, что значимым для Абая было отношение к слову. Являясь создателем своеобразного речитативно-ариозного стиля, он в своих творениях особо обращает внимание на внутреннее содержание, мелодическое богатство и интонационную развитость, а также метро-ритмическое разнообразие. В творчестве поэта заметно выделяются мелодии широко распевные, с речитативно-декламационным уклоном в характере. Среди них «Сергіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Ата анаға көз қуаныш», «Қаранды тұнде тау қалғып» и другие, нашедшие непосредственное претворение в анализируемом сочинении.

Доказательством являются ария из I действия («Көзімнің қарасы»), из II действия («Қаранды тұнде тау қалғып»), из III действия («Ата анаға көз қуаныш») в обращении к Айдару. Песни «Айттым солем Қаламқас», «Мен көрдім ұзын қайын құлағанын», «Сергіз аяқ» интерпретируются в музыкальных партиях Айдара, что подчеркивает единство мыслей и чувств Абая со своим учеником «Абай создал новый тип речитатива – осмысленного, драматического, в характере разговорных интонаций, в то же время очень гибкого, выразительного. В речитации акына главенству ющее значение отводится слову, которое интонируется на короткую музыкальную фразу, подвергающуюся при многократном повторении с новыми словами небольшим вариантным изменениям, и только в каденции она более распевна и излагается в замедленном темпе. При этом акын, используя речитацию тирадного характера, хотя и выделяя акцентами особо важные места в тексте, подчеркивал кульминационные моменты в мелодии, но не оттенял отдельные слова и строки» [4, с. 89]. Следует отметить, что образ Абая трансформирован многоаспектно – на протяжении всей оперы, он представлял в роли поэта, мыслителя, демократа, борца за добро и справедливость, истинного ценителя таланта, в сцене

суда это мудрый и справедливый бий, сильный оратор, сумевший своим умом, находчивостью, глубиной мышления, острословием, умением сопереживать. Речитативные реплики, декламационные интонации присутствуют в партитуре всего произведения, гибко соответствуя ходу музыкально-сценической ситуации.

В опере «Абай» речевые интонации превалируют в воспроизведении образа тобе-бия – самого старшего из всех присутствующих, аксакала Сырттана. Эпическая декламационность в его партиях сосредоточена на передаче основных черт персонажей, отличающихся силой воли, целеустремленностью, степенностью и величием.

Наиболее выразительными образцами в претворении речитативно-декламационных форм в опере «Абай» являются музыкальные характеристики отрицательных персонажей Жиренше, Нарымбета и их приспешников. С их присутствием неразрывно связаны основные драматургические узлы. Особого внимания заслуживает характеристика Жиренше – представителя реакционного лагеря, обладающего свойственными данному персонажу средствами выразительности и жанровыми признаками: речитативность, «жесткость» интонаций, близкие к *терме* и *желдірме*, подчеркнутые, также, выдержанной ритмической формулой, которая служит его «лейтритмом». Жиренше вовсе не статичный персонаж. Он так же, как и другие главные герои оперы, представлен активно действующим лицом и также характеризуется с разных сторон: в начале – это самоуверенный, умудренный опытом бий, затем чувства ненависти, ярости, гнева превалируют в момент напоминания о завете Кенгирбая его речь приобретает некую степенность, широту и величавость.

Не менее значительны и интересны музыкальные партии еще одного отрицательного образа, соратника Жиренше – Нарымбета. Являясь приспешником Жиренше, он был близок ему многими, наиболее типичными чертами характера – жестокостью, хладнокровием, агрессией, желанием в любой момент оказаться «полезным» в грязных, подлых задумках. В сцене погони в 1 картине I действия Нарымбет выступает в роли помощника Жиренше, содействуя ему в поимке беглецов. Его музыкальные реплики имеют речитатив-

ный характер: частые повторы интонаций, убыстрение движений указывают на близость к жанрам *терме* и *желдірме*; острый ритм придает его высказываниям некую суховатость, минорная тональность (es-moll) рисует мрачную, зловещую обстановку.

Образ Нарымбета в опере более статичен в отличие от облика Жиренш. Все его музыкальные партии сходны (преобладание непесенного речитатива отчасти скороговорка, местами встречается скандирование (повторы одних и тех же звуков) на фоне "зловещих" мрачных тембров медных и низких деревянных инструментов в верхнем регистре).

Таким образом, анализируемая форма в первой казахской классической опере предоставляет возможность выявления особенностей взаимодействия слова сказанного и слова спетого. На первый план композиторами выдвигается национальная природа речитации, активно проявляющаяся в интонационном, метроритмическом, ладогармоническом строе. Воплощенное в данном произведении все богатство казахской народной речи дает основание назвать его своеобразной энциклопедией отечественного речитатива. Так, здесь А. Жубанов и Л. Хамиди задействовали различные его разновидности:

1. декламационно-речитативный тип изложения (Абай, Сырттан, Жиренше).
2. скандирование, скороговорка с жанровыми признаками *терме* и *желдірме* (Жиренше, Нарымбет).
3. эпическая декламационность (Сырттан).

В опере «Абай», как и в других сочинениях, выдержан разговорный стиль, с присущим ему национальным колоритом, придающий своеобразие и оригинальность музыкально-сценическому полотну. Авторами успешно претворены речевые формы народного фольклора в синтезе с профессиональными композиторскими приемами, которые в совокупности создают оригинальный сплав традиционного и современного начал.

Опера «Абай» являясь классическим образцом казахского театрального искусства, представляет его недосягаемую вершину. Завяя прочное место на отечественной сцене (каждый театральный сезон открывается оперой «Абай»), это сочинение имело успеш-

ную постановку в 1958 году на декаде Казахстанского искусства в Москве. В новой редакции будучи посвященным столетию со дня рождения авторов Ахмета Жубанова и Латыфа Хамиди, это музыкально-сценическое произведение поставлено в 2006 году.

### **Список использованной литературы:**

- 1 Друскин М. Речитатив в русской классической опере В кн · Исследования Воспоминания – Л: Советский композитор. 1975 – 269 с.
2. Ауэзов М. Путь Абая. Роман-эпопея /Перевод Л.Соболева Т I – Алматы. Жазушы. 1977 – 608 с.
- 3 Ауэзов М Путь Абая. Роман-эпопея /Перевод Л Соболева Т II – Алматы Жазушы. 1978. – 592 с.
- 4 Бисенова Г Оперное искусство //Очерки по истории казахской советской музыки. – Алма-Ата: Каз Гос. изд-во худ литературы, 1962 – С 76-92

**Ментебаева А.**

## **ТАХМЕТЖАН ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ («О дүниенің қонағы» кітабы туралы)**

Жаңадан жарық көріп жатқан көркем шығарманы, әсіресе прозалық туындыны қолына алғанында «Жүсілбек пен Бейімбеттен, Мұхтар мен Оралханнан асырып не жаза қойды дейсін» деп бір қоясын. Соңсaн “шыныменен «менің жазғаным еді» деп көрсетерліктей не жазылты екен” деп оқуға кірісесін. Кемшілігін іздейсін, тіпті шығарманың сәтті шыққан тұстарын мойындармай кететін кездерін де болады: кездейсоқ сәттілік те...

Бұл шығарма авторының қарым-қабілстіне күмән келтіргеннен смес, қазактың көркем әдебиетінің құнарлы туындыларға бай болуынан. Соларды оқып болған соң «әй, мұнан артық ешкім жаза алмайтын шығар. Бұдан соңды жазылатын шығармалар мұның көлөңкессінде қалып қояр-ау» деген ой қалып қояды санада.

Бірақ «О дүниенің қонағын» оқи отырып автордың өзіндік колтаңбасын, ондағы сюжеттердің қызықтығын, тілінің шұрайлылығын еріксіз мойындарсын, өзгеге ұқсамайтын өзіндік бір ерекшелігі барын сезінесін. Қаламгер кейіпкерлер психоло-

гиясын жақсы аша біледі, сюжетті қоюландырып экеліп сонын тап-тұйнақтай етіп аяктайды. тұрмыстық қындықтар мен олардың кейіпкерлер өміріне сткен эсерін жеткізе суреттейді. Өмірдің келсінді-келеңсіз, сәтті-сәтсіз жайттары бірінен соң бірі тізбектеліп келе беретін әнгіме, хикаяттардың бірін артық, екіншісін кем көре алмайсың. Әрқайсының өз тағдыры, өз пәлсапасы, берер тағылымы бар. «Кішкентай» адамдардың “ұсак” тұрмыстық қындық-кайшылықтарын суреттеуде автор еш жанылмапты. Қаламгер шығармаларын оқи отырып “тас түскен жеріне ауыр” деген мақалдың дұрыстығын тағы бір үнсіз мойындайсын.

Тұындылардың адамы – адам, иті – ит, елесі – елес. Әр кейіпкер өз орнында, өз дәрежесінде.

Автордың барлық шығармаларын үш ұғымның төңірегіндс топтастыруға болатын тәрізді: Тағдыр, Ар, Пенделік (шартты түрде, әрине). Тосын тағдырлы кейіпкерлер де аз емес. Ауыл карты, ауыл әйелі, байлыкты арынан жоғары қоятын жандар. махаббатты пір тұтушылар және т.б. Солардың ішінде ерекше тоқталып өтуді қажет ететін бір образ бар. Ол – Сұп-сұық сұлу («О дүниенің қонағы»). Бұл сұлу Кияқ атты кейіпкерге өзін Армын деп таныстырады. Осы кейіпкер арқылы Ақиқат ашылып, аңы шындық айтылады. Бұл кейіпкер «Сұлу мен суретші» хикаятында да кездеседі. Бірақ мұнда ол кен ақ жібек көйлекті Сұлудың аруагы кейіпінде келеді. Осы Сұлудың сөздерінен теренде жатқан сыр ашылып, шығарманың түйіні шешіледі. Тұындыдағы ешбір кейіпкер, тіпті автордың өзі айта алмайтын (айта қалған күнде осыншалықты эсерлі шықпас та еді) шындық айтылады. Осы шындық шығарманың шешімін береді, бас кейіпкер суретші шалдың (онымен бірге оқырман біздердің) сінсесін езген зіл батпан қүйінішін серпіп тастауға мүмкіндік осылай туады. Автор бұл кейіпкерді Адам мен Ар арасындағы бітіспес талас-тартысты ашып суреттесуге енгізген тәрізді.

Өмірдің түрлі келенді, келенсіз оқиғаларын арқау еткен тұындылар өмірдің ұлы керуеніне ілесе алмай дал болған пендердің қүйініш-сүйініштерінен тұрады.

«Төрт қанден» әңгімесі. Соншалықты жұп-жұмыр шықкан. Ананың бауыр еті балаларына деген кіршікіз махаббаты мен жалғызбасты өмірі, арыстай бес үлдің (жоғары білімді) бірсүйінде көрі шешеге сүйесу болуга жарамаганы, кемпірдің жалғыз жатып көз жұмыу, төрт қанденің кемпірді жоқтауы – бәрі де шындыққа толық сай келеді. Пәтер ізден жүріп, кездейсок жолықкан жас жігіттің қабылдауында берілген оқиға бар жағдайда сырт көзбен карауға мүмкіндік берген. Адам тағдырының, ана тағдырының аңы шындығы кез келген оқырманның жүргегін бір дір еткізері анық. Шығарма соншалықты шымыр. Жып жинақы шықкан. Автордың айттар ойы айқын, оқырманның қабылдауына да жөніл.

Талаптан Ахметжанның шығармалары жас талғамайды, ересек оқырманға да, жасөспірімдерге де бірдей ұғынықты, кім кімнің де сана түпкірінде жатқан жайттарды жария қып, тәрбислікке, түсінушілікке, жанашырылыққа уағыздайды. Қаламгердің барлық туындысы дерлік ауыл прозасына жатады десек те болады. Мысалы, «Шәрбат», «Ата, сен ауырмашы», «Күнәшар», «Айқасқа», «Угай, арман-ай...», «Айсәуле», «Тозақ оты» және т.б. Қала өмірін суреттеп отырса да автор ауыл адамының көзімен көреді, ауыл адамының танымында бағалайды. Сол арқылы кез келген мөселеге жаңаша қарап, жаңа қырын ашуға тырысады.

Суреткердің стилі де өте тартымды. Баяндау, суреттеу тәсілдері арқылы көп мағлұматтар беріледі. Бірақ бұл баяндау оқырманды жалықтырмайды, керісінше қазакы сөздің байлығы мен құнарлығын тағы бір дәлелдеп өтеді. Талаптан Ахметжанның біз байқаған және бір ерекшелігі – оның туындыларында бір кейіпкерді асқақтата. идеалдан суреттеп, енді бірін бәріне кінәлі ксийіпкер етіп көрсетуден аулак. Оның кейіпкерлерінің арасында шалыс басып тағдырын бүлдіріп алған жандар да («Угай, арман-ай» - Нарбол. «Күнәшар» – Әсемгүл). өмірде өз қателігінен таяқ жеген жандар да («О дүниенің қонағы» – Қияқ). қунделікті құйбен тіршіліктің ырқына бағынып, бақытсыздыққа мойынұсынған жандар да («Тұма» – Нұртас) бар.

Автор олардың ешқайсысын ақтап немесе кінәлап сөз етпейді. Тілті оқырманына да ондай мүмкіндік бермейді. Барды бардай жазатыны соншалықты «өмір дегенін осы ғой. Кім мұндай бол-

сын дейді дейсін» деген ой ғана оралады сананызға. Шығарманың шыныайылығы деген осы шығар.

Қаламгер кейіпкерлерінің арасында күйрек мінезді, қайғымұнға бой алдырығыш жандар кездеспейді. Тағдырдың қандай тәлкегіне ұшырап жатса да сырт қараганда бақытсыз көрінетін адамдар өзіне ішкі әлем қалыптастырып, сол әлемдеріндегі терен сенім мен толғаныска толы ғұмыр кешеді. Бұл ой-толғанымдар кейіпкер өмірінің терен қалтарыстарын ашып, ішкі сезім іірімдерін көрсетіп береді. Мұндай суреттеулердің ешқайсысы да сұргылт, сұренсіз емес. Керісінше өмір туралы жаңа бір ұғым, ой жеткізуге тырысады.

Кейіпкердің сезім іірімдерін бейнелеуге келгенде суреткөр шебер-ақ. Сезімі аяқ астынан күл-талқан болған бала ғашықтың да («Шәрбат» – Төлеш), бес ұлдан тірідей көз жазып, өлімді де жалғыз қарсы алған ананың да («Төрт қанден» – сары кемпір), жалғыздықтан арылып, бақытын таппақ болған әйелдің де («Тозақ оты» – Құлмән), бар саналы ғұмырын түрмеде өткізген атан жүректі азаматтың («Угай, арман-ай» – Нарбол) да өз мұны мен шері барынша нанымды суреттелген. Тіпті басқаша суреттеу мүмкін емес сияқты көрінеді. Сенесіз, сезінесіз, солармен бірге күйінесіз. Тағы да өмір дегенің осы екен ғой дейсіз еріксіз.

Әдебиет, көркем проза адамға адам тағдырын суреттеп, жеткізуде ерекше қызмет етіп келеді. Өзімізге өзіміз сырт көзбен қарап, өзімізді өзіміз танып білсіміз. Қаламы қарымды, бейнелеуі шебер Талаптан Ахмұтжан сынды қаламгерлердің арқасында қазақы болмысымызды жанымыздай жақсы көріп, марқайып қаламыз. Ұлттық прозаның осы қызметі қашанда осы бағыттан аумаса, осы денгейден төмендемесе екен деген тілектеміз.

**М. ӘУЕЗОВ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНА  
ӘСЕРІ: ТАРИХИ ШЫҢДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК  
ШЕШІМ МӘСЕЛЕСІ**

Кез келген халықтың әдебиетінде белгілі бір жаңалыкты әдебиетке алып келуші ұлы тұлға бар да, ол дәстүрді жалғастырушылар бар. «Үздік ұлгілерден үйренуге деген құштарлық адамзат ізгі дәстүріне дең қою, туған топырақ байлығынан қол үзбеу – бұлардың бәрі де әлемдегі барша талантты қalamгерлерге тән қасиет». [1, 3]. Сондықтан да дәстүр және оның даму жолдарының әдебиеттен көрініс табуы зандықтылыс.

Елдің өткен тарихы туралы жазылған шығарманың тарихи туындылар катарына жататындығына ешкім дау айта қоймайды. А.л, сол өткен тарихтың көркем шығармадағы көрінісі қандай? – деген сияқты сауалдар ежелден-ақ әдебиеттану ғылымының басты нысанасы болып келеді және бола да бермек. Өйткені, көркем шығарманың тарихты бейнелеудегі өзіндік ерекшеліктерімен қоса, әрбір шығарма қайталанбас өнер туындысы. Ол шын таланттың қолынан шықса, белгілі дәрежеде өзінен бұрынғы дәстүрдің жемісі бола тұра, мұлде жаңа құбылыс болмақ. Оңда суретtelіп отырған тарихи кезеңнің тарихи келбеті автордың көзінен өтіп, сұрыпталып, қорытылып, оқырман алдында қайта тіріледі. Міне, осы сырды ашу, оның жазылу жолындағы әдістәсілдері негізгі нысанана болып табылады.

Көркем әдебист пен тарихтың арақатынасы қазақ әдебиеттану ғылымында да ертсекten сөз болып келе жаткан өзекті мәселе. Қазақ слі тарихының әдебиеттегі көрінісі қазақ әдебиеттану ғылымының егізін салған А. Байгұрсынов, Ә. Бекейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхаметов еңбектеріндес көрініс тауып, кейіннен С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ә. Марғұлан т.б. еңбектерінде әр кырынан сөз болады.

60-80 жылдар қазак қаламгері шығармашылығының кемслденуі дәстүр жалғастырының көркем әдебиетке тигізген әсері жайлы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор К. Әбдезұлы мынадай пікір айтады: «Қазақ прозасы 60-80 жылдары терендей дамумен қатар жан-жақты және кең қанат жайып, тармақтана өркендеу сатысына енді. Бұның өзі бұл тұстағы дәстүр мән әдеби процестің басты заңдылығын белгілейтін көп қырлы көркемдік құбылыс ретінде көрініс берген еді. Бұл ретте әдебиеттану ғылымында әдеби өзара байланыс, әдеби дәстүрлердің әсері, алмасуы секілді үлкен теориялық проблеманы шешу аса өзекті мәселе ретінде орын алғанын баса айту керек» [2, 16].

Қазақ әдебиетінің алтын қорынан мәңгілікке орын алған М. Әуезов дүниесге экелген «Абай жолы» құнды көркем туындысы қазақ прозасының, дәлірек айтсақ, қазақ романдарының дамуына жол ашып, көркемдік әдеби дәстүрдің қалыптасуына ықпал етті. Осы игі дәстүрді дамыта жалғастырып, терендесте өркендетуге қазақ жазушылары белсene ат салысты.

Әдебиетте өзінің іауелсіз көркем кеңістігі, көркем тарихы мен көркем шындығы бар, «тарихи көркем ойлау жүйесін қалыптастырған» [3, 359], тұлға М. Әуезов дәстүрінің қазақ романдарына әсерін сез етпекпіз. Соның ішінде тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселесі. Ежелден сез болып келе жатқан әдеби шығармадағы кейіпкер мінез-құлқы, ол арқылы адам өмірінің шындық байнесінің ашылуын айтуға болады. Жазушылар көркем шығармадағы өмір құбылыстарын терен тануда кейіпкер мінез-құлқына терен мән беріп, оны жан-жақты ашып көрсітуде әр түрлі әдіс-тәсілдерді шеберлікпен қолдануда. Мұндағы «кейіпкер – көркем шығармага жан бітіретін, бүкіл шығарма арқауын бір арнада өрбітуге негіз болатын басты көркем тұлға» [4, 11]. Әдебиетте адамның көркем байнесін жасауда жазушы сол кезеңнің көркем шындығын танытатын сипаттармен қатар өзінің жеке басына ғана тән қаламгерлік шеберлігін де анық байқатындей етіп суреттейді. Яғни, кейіпкердің қоршаған орта мен қоғамдық құбылыстарға катысы арқылы тарихи кезең шындығын бейнелеу қаламгерлік шеберліктің бір ұшы.

«Әр халықтың жүргөндегі терең із қалдыруған естен кетпес тарихи білсестердің өзіндік өмірлік шындығы бар. Сол өмір шындығын тарих ғылымы және әдебиеттану ғылымы тұрғысы негізінде қарастыруға болады. Тарих ғылымы тұрғысындағы тарихилық принцип – оқиғаларды туғызған нақтылы тарихи жағдаймен тығыз байланыста қалыптасады. Ал әдебиеттегі тарихилық – нақтылы тарихи шындықтың көркем көрініске айналтуы екені белгілі. Ол – көркемдік әдіс құралы» [4, 12].

Тарихи шындық пен көркемдік шешімнің диалектикасы аракатынасынан тарихи оқиғаны сез еткен көркем туынды туындаиды. Әрине, тарихи оқиғаны бейнелеген шығарма өмір көшірмесі емес. Жазушы өмірлік деректердің өзіне қажеттісін ғана шығармасына арқау етіп алады. Галым Қалпысбаев «Тарихи шығарма: таным және көркемдік» атты сибеттегі тарихи деректер туралы мынадай пікір айтады: «Жазушы үшін тарихи фактілер, болған оқиғалар, тарихи тұлғалар алғашқы негіз ғана. Ол түрлі көркемдік әдістерден, шартты түрде суреттеу тәсілдерінен бой тарта отырып, өмірдің өзіндегідей етіп жазғанның өзінде ол тарихта болғандағыдан өзгеше болып шығады. Ол тарихи шындықты қалыпта оны көркем түрде қайта туғызады» [5, 75].

Тарихи шындықты көркем шындыққа айландыру дәстүрі М. Әуезов шығармашылығынан қалыптаса бастаған болатын. Жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ прозасының тарихи тақырып дәстүріндегі үлкен жетістігі еді.

Абай образы мен халық өмірінің шынайы көріністерін жазушы неше түрлі көркемдік бейнелеу тәсілдері арқылы шебер жеткізе білді. Соның негізінде көркем әдебиетте көркемдік арна, көркемдік дәстүр қалыптасып, Мұхтар Әуезов шығармашылығы кейінгі буын жазушыларға үлгі-өнеге болды. «Абай жолы» роман-эпопеясында көшпелілірдің тіршілік өрнегі Қодар – Қамқа қасіретінен басталатыны белгілі. Бұл оқиға өзегінде шындық шынырауы жатыр. Бұл шынырау – Мұхтар ұстанған философиялық, әлеуметтік, көркемдік жағы. «Көркем ситуациялар қозғалысқа түскенде жаңа көркем коллизияны тудырады. Сол жаңа коллизияға негізделген ситуациялар тосын көркемдік шешім жасатады» - деген екен В.Шкловский.

«Мұхтар өмірлік шындықтан гөрі дәуір шындығына жүгінген. Ол шындық – көркемдік идеяны да өзіне бағындырып, жазушыны дегеніне қоңдірген» [3, 151]. Дм. Лихачев мензесен «өмірдің зерттеушілікін көркемдік стилем» осы. Қодар-Қамқа оқиғасы шындық өмірде болған, бірақ шығарма өзегіндегіден өзгеше. Бұл жерде М.Әуезов Құнанбайдың жеке басындағы мінезд-құлқы, қатал мінез иесі ретінде ғана берілгендей. Бұл жерде «Абай жолы» романындағы бір ғана Қодар-Қамқа оқиғасын негізге ала отырып, Құнанбай мінезінің тарихи шындықпен жаңасуына тоқталдық.

М. Әуезов шығармадағы өз үкімінің тарихи шындықпен сәйкеспейтінің терең сезінген. Сезіне отырып: «Тарихи романдардан окушы көбіне көрсетілген шындықтардың өмірлік дерегін, типтердің прототиптерін, искусство шындығының арқауы болған өмір шындығын іздейтіні бар. Бұл тұрғыдың келгенде. өзі әр түрлі жасанды қылыштармен жақсы адам ретінде көрсетпек болған дала феодалы Құнанбай жөнінде нағыз шындықты табуым қындау болды, басқаша айтканда, оның жеке әрекеттері арқылы өз бейнесін дәл елестету қын еді» - деп тұлға Құнанбай мен оқырманың алдында акталғандай болды.

«Бұл Мұхтардың өзі сомдаған кейіпкердің іс-әрекетіне, яғни, өзі қыннан қыстырыған көркем шындығына қапысыз сенгендігін, өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың санаасына сіңісे кірігіп кеткендігін байқатады. Әңгіме - Әуезовтің жеке басы тура-лы емес, суреткердің. оның ішінде М. Әуезовтің шығармашылық психологиясындағы тосын да заңды құпия-жұмбақ туралы» [3, 245]. Яғни, ол-суреткердің көркем шындығы.

Жалпы қазақ әдебиетінің тарихына үнілсеқ, сүбелі деген шығармалардың қай-қайсысы болмасын негізгі өзек ретінде өмірде болған оқиғаларды алады. Ол сипат, «М. Әуезов дәстүрі қазақ әдебиетін эпикалық ксң тыныс, әсірссе карымы кен. талғамды романдар жазуда жаңа бір серпіліс экелді» [6,35]. Бұл орайда I. Есенберлин, Ә. Нұрпейісов, С. Жұнісов, Х. Есенжанов т.б. таланттардың шығармаларын атауга болады.

Мәсетең, I. Есенберлин «Көшпендер» трилогиясында «ұзақ жылдар. сандаған ғасырларды суреттей отырып, солуақыттардың

ішіндегі белесті кезеңдерді сұрыптаپ, белгілі үлкен тұлғалардың манайына / Керей, Жәнібек, Абылай, Қенесары / топтастырып баяндауға талпынады. Заман шындығын дәл беру үшін автор өзі суреттеп отырған заманға лайық қыруар мол мағлұмат жинаған және оны көпшілік жағдайда тиімді пайдаланған» [6, 41].

Автор хандық дәүірге лайық тәк таластарын терең аша отырып, шығармасын жалаң, сенімсіз таптық тартыска құрудан да бой тартады. Ол қазақ халқы өміріне тән рулық тартыстың астарларын ашуға бейім. Есенберлин трилогиясында Асан қайғы, Бұхар, Нысанбай сияқты алты алашқа аты шыққан атакты жыраулардың Қазыбек, Төле, Әйтеке сияқты ел берекесі, ардақты билердің, сандаған өнер адамдарының жақын образдары бой түзейді. Бұл орайда да Әуезов машығының ұшқыны қылан беріп отырады.

«Тарихи романдардың дүниеге келуі көркем қиял мен болжал жөнінде арнайы әңгіме етуді қажетсінеді. Ол жөнінде пікірталастар әлі күнге дейін толастар емес және токтамақ та емес. Өйткі дүниеге келген әрбір нағыз көркем шығарма өзінше әлем, әр үлкен суреткер көркем қиял мен болжамды пайдаланудың өзінше үлгісін жасамақ. Сондықтан әр шығарма жөнінде сөз еткен кезде зерттеушілер өзінше жаңа бір әлемге кез болып жаңаша тұжырымдар қорытады» [6, 52]. Бұл біз сөз етіп отырған «Көшпенділер» трилогиясына да тән. Демек, «Көшпенділердегі» тарих ол – жазушы көкірегінде қайта қорытылған көркем шындық. Ол тарихи дерек пен көркемдік қиялдың тоғысынан құралады.

Аталған роман туралы ғалым Қ. Алпысбаев мынадай лебіз білдіреді: «Көшпенділер» қазақ халқының, ұлттық тарихының бастау көзі беріде емес, әріде жатқанына жөн сілтеді. Бүкіл бір халықтың өмір тарихы ұмытылып бара жатқанын еске сала отырып, оған кінәлі коммунистік саясат екенін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнага түсіп, тарих беттері бұрманланғанын көркем тілмен бейнелеп береді» [7, 5].

Тарихи романдарда орын алған өмір шындығы, тарихи шындықты көркем шешіммен бейнелеудегі суреткерлік тереңдігі М. Әуезов дәстүрі жалғасуының айқын көрінісі.

Кейінгі жазушының алдыңғы жазушыдан, әсіресе, М. Әуезов сияқты ұлы жазушыдан үйренетіні орасан зор. Соның ен ба-

стыйы – жазушылық шеберлік. Өйткені, «жазушының ғұмыр бойғы әрекеті – жазушылық шеберлік жолындағы әрекет» - З. Қабдолов.

Академик Р. Нұргали: «Әр заманда, әр дәуір сол кезеңдегі өнерден өз көлбестін, өз рухын, өз жүргегінің дүрсіл тынысын, қан тамырының бүлкілді ағысын көруі е құштар. Өмір мен өнер орайындағы бұл сабактастықты ешбір суреткөр аттап өтеп алған емес. Тарихтың жабылып кеткен көне беттерін атқарып, соларды шығармасына тиек қылған жазушының өзінің макамынан оның дәуірімен каншалықты ет бауырлықта. үндестікте екенін анғару қыынга соклады» [8, 355] – деп атап көрсетеді. И. Есенберлин уақыт шындығын типтендіріп, жекелеген белгілі бір кейіпкер арқылы танытады. Яғни, біз жоғарыда атап өткен Есенберлин туындысындағы тарихи тұлғалар / Керей. Жәнібек, Абылай. Кенссары / топтастырылып баяндалса, Асан қайғы, Бұхар, Нысанбай сияқты алты алашқа аты шықкан атақты жыраулардың Қазыбек, Төле, Әйтеке сияқты ел берекесі, ардақты билдердің, сандарған өнер адамдарының да жақын образдары орын алған.

Енді нақты М. Әуезов дәстүрінің Есенберлин туындысындағы жалғасын дәлелдейік. Ол үшін И. Есенберлиннің «Көшпенділдер» трилогиясының «Жанталас» бөлімінен бірер мысал келтірейік:

«Қайтып оралған Абылай Бұхар жырауға:

- Колбасшыға күптенудің серік емес екенін енді ұқтым! – деді.

Бұгінгі женістен рухтанған Абылай ертеңіне де шабуылды өзі басқармақ бол, сауытын киіп, экспер алдына шыға беріп еді. Бұхар жырау:

- Ажалмен ойнама, сұлтаным. Шөлмек күнде сынбайды, бір-ақ рет сыннады. Бұгінгің артық! – деді.

- Ер жігіттің серігі тәуекел демспе едін, Бұхар аға?

- Жұз тәуекелідің бір тәубесі болар. Кешегі тәуекеліңе бұгін тәубе ет» [9, 337]. Бұнда Абылай бейнесін жоғары деңгейде көрсету үшін Бұхармен сөз таластыруы, жыраулардың сөзін тындалап, оған бас ие білген көреген бейнені суеттеген. Яғни, Есенберлин қаламынан Әуезов дәстүрінің жалғасын көруге болады. М. Әуезов тарихи шындықтың көркемдік шешімін та-

бұда («Кодар-Қамқа оқиғасында») Құнанбайдың образын аша отырып, Абайды оған қарсы тұrap ұлы тұлға етссе. Есенберлин жорыққа аттанар алдындағы Абылай мен Бұхардың сөз таласын бере отырып Абылайдың ұлылығын танытқан Бұл нақты Өуезов дәстүрі.

«Тарихи дамуды берік жалғаскан тізбек ретінде танысада, сол тізбектің барлық болмысын, ұзына бойын, көз алдымыздан өткізгендей мағлұмат алудымыз ләзім. Бұл міндетті тарих ғылымы да көркемдік әдебиетте катар аткарысып, бірін-бірі толыстырып келеді. Кейде көркем әдебиет тарихи кітаптар жынып, талдап айтпағанды өзіне тән айрықша, ұтымды тәсілмен көрсетуге ыңғайлы екенін көрсетеді» [10, 13].

Көркем шығарма – ақиқат өмірдің көрінісі. Онда нактылы өмірдің ізі, сәулесі, шындығы барынша көбірек. Әдебиет зерттеушісі, белгілі ғалым В. Новиков. «Суреткер өзінің срекшш әлемін жасайды. Ол әлем өз бойына шындықтың барлық қасиетін сыйғызыған, ол жарылуға әзір буырканға қайнаған құштарлыққа, қайышылықтарға толы. Оларда қайталанбас бейнесімен сомдалған адамдар әрекет етеді. Оның үстіне, бұл әлем суреткердің жан жарығымен сәүлеленген, жан сезімімен суарылған және де шындық туралы жай тарихи баяндаудан гөрі әлдекайда жарқын әсер етеді» [11, 18]. - деген ғылыми тұжырым айтады.

М. Өуезов прозада тарихи шындықтың көркемдік шешімін жасауда өз туындысы арқылы классикалық ұлғасын жасады. Жазушының қалыптастырыған эстетикалық-көркемдік дәстүрлерін кейінгі әдебиет өкілдері Т. Әлімкұлов, Ә. Нұрпейисов, И Есенберлин, Д. Әбілов, С. Жұнісов т.б жалғастырды. И Есенберлин М. Өуезовтың жазушылық шеберлігін жалғастырып, жасампаздықпен дамытты, прозада өзіндік қолтаңбасын танытты.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 Айтұганова С Адам және табигат концепциясы шагын прозада фәк Авереферат. - Алматы, 2000
- 2 Әде ұлы К.Т Әлімкұлов және 60-80 жылдардағы қазак прозасы. Дәстүр мен жаңашылдық Алматы, 2001
- 3 Жұртбаев Т. М Өуезовтың шығармалық өмірі мен көркемдік әлемі Алматы, 2000

- Халикова Н Габиғи құблыстардың көркем бейне жасаудағы қызметі // Ұлт тағдыры, 2007
- Алпысбаев Қ Тарихи шығарма таным және көркемдік - Алматы, 1999
- Аралбаев Қ 1 Есенберлинин «Көшпенделер» тарихи трилогиясы ф.ғ.к. Автореферат - Алматы, 1992
- Алпысбаев Қ «Қаһар» не үшін жазылды? // Жас Алапи – 2006, 10 қаңтар
- Нұрғали Р Қазақ әдебиетинің алғыны ғасыры Астана, 2002
- Есенберлин И «Көшпенделер» трилогиясы 2-кітап Жантасас - Астана, 1998
- Бердібаев Р Тарихи шындықтың заманалығы // Жұлдыз №12, 1979, желтоқсан
- Новиков В Художественная правда и диалектика творчества – Москва 1971

**Коныс Л.**

## **ӘКІМ ЫСҚАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АРНА**

Қазақ фольклорының өн бойына зер салсақ, оның өркениеттің биік даму сатысындағы кез-келген елдің фольклорынан әлдеқайда озық, әлдеқайда бай да, мағыналы екенін көреміз. Қазақ фольклорында әдебиеттің барлық түрлері мен факторлары тоғысқан. Бала-лар әдебиетінің талаптарына жауап берे алатын озық үлгілер де осы санатта аталады. Өскелен ұрпакты ерлік пен отансуйгіштікке тәрбиелейтін эпостарымызды былай қойғанда аныздар мен эпсаналар. ертегілер секілді әдебиетіміздің түрлі салалары бала-лар әдебиетіне толық қызмет етеді. Осынау бай да, мағыналы қазынамыз бүгінгі казак қаламгерлесі шығармашылығында да жарқырай көрінуде досек, бұл Әкім Ысқақтың бала-лар тақырыбына тартқан өлеңдерінің арқауы, ақ жалғыз әдебиеттес Фольклорымыздан жалғасын табатын, бүгінгі поэзияммыздагы санамактар бұлдыршидеріміз үшін маньзызы фактордың бірі Асылында, кез-келген қаламгердің бала-ларға арнал қалам тартуы аса улкен шеберлікті талап ететіндіктен маңайлатпайтын тақырып болса, мектеп жасындағы сәбілдер ойын жетілдіруші рухани-құрал – санамакты жазу да кез-келген бала-лар жазушы үшін онай олжы еместі. Санамақ – балаға арнал жәйғана тақпақ жазу смес Мұнда сандармен қатар, сол санға сәйкес келетін заттар да белгілі бір мағынаға қызмет атқаруы тиісті. Ойнақы рит-

мге баса назар аударылуы тиісті. Санамақ – балалар поэзиясының интеративті бағыты. Біріншіден, бала белгілі бір санды жаттайды, екіншіден, жаңа бір сөз, мағынамен танысады, үшіншіден есте сақтау дәнгейін жоғарылатады. Ә. Табылдиевтың «Санамақтар эрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың кисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстінے жаңадан қосыла береді» [1.15.] деген тұжырымының жалғастығын Әкім Ысқақ туындаған санамақтан көре аламыз.

Ақынның балалар поэзиясындағы фольклорлық бағыт турасында сөз еткенімізде одан баланың психологиясын, танымын, талғамын, ой-өрісін анық байқай аламыз. Бұл жырларда баланың кейіпі мен бейнесі бар, баланың логикасына сай ауқымы бар, ұлттық құнарлы тілі бар. Автордың балаларға катасты жазған дүниелерінің ең үлкен ерекшелігінің бірі – ойынға тән, жеңіл формадан құралуы. Әдетте, санамақ тақпак түрінде жазылған ойын түрі десек, фольклорымызда бар санамақты әр қазақ ақыны әр түрлі жазды. Олардың баршасына ортақ нәрсе – қазақ баласының рухани азығы болған көркем дүние тудыруы. Ойындық жырлар ақын поэзиясында былай жасалады:

Бір дегенім – Бесік.  
Екі дегенім – Есік.  
Үш дегенім – Үйме.  
Төрт дегенім – Түйме  
Бес дегенім – Бақша.  
Алты десенім – Ақша.  
Жеті дегенім – Жақсы.  
Сегіз деснім – Сақшы.  
Тоғыз дегенім – Таңдай.  
Оқушысың қандай?  
Он деснім – Орман.  
Еліне бол қорған! [2.40]

Автордың санамақты бесікпен бастап, орманмен аяқтауында мән жатқан. Бесік символы – отбасының ата-ананың орынында тұрса, «орман – қара орман – қалың қазақ» ұғымы – балаға елі

мен Отанын құрметтеу тұғырынан көрінеді. Санамактағы өзара ұйқасатын соңғы сөздердің әр түрлі орыны бар. Әдетте, санамақ – балаға санауды, цифрларды жаттауды ғана ұсынып қоймай, оған ой салуы керек, ақыл, тәлім берестін тіркесстер арқылы қызмет жасауды керек. Осы тұста «алты дегенім – Ақша» сөзін дәстүрден тыс деп санамаймыз. Бұл бүгінгі күннің, дамушы қоғамның талабынан туған тіркес екені даусыз. Бұлой адамгершілік қағидаларымен де, түрлі заңдармен де үндеседі. Сондықтан да фольклорда бар санамактың ондық жүйесімен түзілсе де ақын санамағы - өзгеше мазмұн мен сипатын танытады. Санамактың үлкен бір талабы – баланы философиялық мағынамен қамтамасыз ету десек, автор әр санның соңында өзінің нақылын жеткізетін бір ғана сөзбен астарлы ойды аңгартып отырган. Және де ол сөздің баршасы символдар негізінде жүйеленген.

«Санның қайталап айтылуымен қатар, баланы бұрын естіп білмеген жаңа зат атауларымен таныстырып отыру да ескерілгсін. Осы арқылы баланы санауга да, бірте-бірте сөздік қорын байытуға да жаттықтыра бергсін», [3.25] дейтін Ш. Ахметовтың пікірін келесі бір санамактың өн бойынан көрсіміз. Әкім Ысқақ поэзиясында кездесстін санамактың өзге формалары - есп-өлеңдер топтамасы.

Менде алты ак алма.  
Сенде алты ак алма  
Ексуін бердім Камалға,  
Екеуін бердім Жамалға.  
Төртеуін бердің Самалға  
Берссм біреу Санжарға,  
Менде қалар қанша алма?  
Сенде қалар қанша а.има? [2.52-53.]

Санамақ – арифмистиканың төрт амалын менгеруді үйрестетін әдеби форма десек, жоғарыдағы дүниеден көрсімір автор балаға сауал тастайды, ойлантады және жауапты да өзіне қалдырады. Баланың зердесімен жұмыс жасауға бағытталған өлеңде жаңылтпаштың сарыны бар. Автор бұл тұста екі сөттілікке жеткен.

Біріншісі – сәбиді қарапайым есеп шығару тәсілімен таныстырады. Екіншісі – жаңылтпаштық сарын арқылы тілін жаттықтырады. Автор баланы қызықтыру үшін бейнелі тілмен, суретті тілмен сұрау тастайды. Баланың зердесін шындауда санамактың рөлі орасан екенін түсінген педагог-ақын бұл түрге тектен-текке жүгінбеген. Әдебиеттегі бұл түр – баланың танымын көнсітстін алғашқы рухани азық іспетті. Бастауын ауыз әдебиетінен алатын бұл көркемдік жүйе бала тәрбиесі үшін аса маңызды фактор екенін автор өз шығармаларымен дәлелдеп келеді.

Жаңылтпаш шағын жанр болғанымен, баланың ой-танымын қалыптастыру үшін маңызды рөлге ие әдеби факторлардың бірі. Тіл заңдылықтарын дұрыс орындау талабынан туындаған жаңылтпашта бірінші максат – баланың тілін жаттықтуру. Анық және нақты, мінсіз сөйлеуі үшін жасалынған рухани жаттығу сессіндегі бұл дүниенің бастауы тереңде жатқан. Фольклормызда бой көрсететін жаңылтпаштар бүгінде жазушыларымыздың шығармаларында көрініс тауып, дамып, жетіліп келеді. Жаңылтпаш – интеллектуалды ойын санатындағы әдеби түр Мұнда бірінші бала ойнайды, екінші басқатырғылық тұрғыда есте сақтау қабілетін шынықтырады, үшінші көзекте дұрыс сөйлеуге машиқтанады. Балабакша мен бастауыш мектеп окушылары үшін жаңылтпаш, санамақ секілді әдеби түрлердің орыны ерекше. Баланың тілдік жаттығуы саналатын бұлар фольклормыздаған емес, одан бастау алып, бүгінгі қаламгерлер шығармашылығында да ерекші көрініс табуда. Балалар тақырыбындағы ауызша жеткізілетін шығармалар қай кезде де баланың танымы мен психологиясы, зердесін шындалап, жетілдіруде ерекші мәнге ие болып келді. Бір-біріне ұқсайтын және қайталанатын сөздерден құралған бұл түр тек шапшандықты арттырып қоймайды, тәрбие құралы ретінде де маңызды рөл атқарады. Қазақ әдебиетінің данышпаны А. Байтұрсынов Жаңылтпаштың анықтамалығын: «Жаңылтпаш» деген аты жаңылтудан шықкан. Қатарынан қайта-қайта шапшан айтқанда, іә тіл көлмейтін, іә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталаады» десе [4.414], Әкім Ыскак поэзиясында кездесетін жаңылтпаштар жүйесі осы тұжырымдарға қызмет етеді:

Елден келген Ермеккес  
Ермек келген Ерденге,  
Ертең сәлем берсейші.  
Ермеккес келген Ерденді  
Елден келген Ермекті  
Үйге ертіп келсейші [2.89.]

Автор мұнда «р» және «л» әріптерінс баса назар аударады. «Ермек» пен «Ерден», «келген» сөзі арқылы дыбысталуы ұқсас үндестік заңына негізделген буындар баланың айтуына ынғайлыш және ширак, ойнақы. Бұл баланың айтуына онай және қабылданап, жаттауға да ынғайлыш. Асқан күрделілік жоқ, баланың танымы шенберінде түзілген жаңылтпаш дей аламыз.

Ақын жаңылтпаштарының ендігі бір парасы – педагогикалық тәлім, тәрбиеге негізделген.

Астың кезінде ас батпай.  
Босқа бас қатпай.  
Аскактамай асты  
Алсайшы Асхаттай. [2.89.]

Жоғарыдағы шығармада баланы тәлім-тәрбиеге, жақсы дағдыға шақыру үрдісі бар. Бала күнделікті дастархан басында ескертуді көп естиді. Жаңылтпастан соның көркемдеп жасалған формасын көреміз. Автор мұны көпсөгістің, немесе көпескертудің бірі секілді смес, ақылдың негізінде ойнақылықпен жеткізеді. Және бір айтарлығы, бұл тұста қаламгердің бала психологиясын жақсы танитын әлемін де көреміз. Ойнақылық – жаңылтпаштың жаңы іспетті. Өйткені, балаға тән көркем дүниедегі ойнақылық пен ырғақ көптеген қызметке ие. Біріншіден баланы өзіне тартып қызықтырса, скіншіден тілдің икемділігі мен оралымдылығын арттырады.

Торықты.  
Өз түсінен қорыкты.  
Қорықпайтын қорыққа жолықты.

Корқак Торыктың түсін,  
Корықпайтын қорық қорытты.  
Жақсылыққа жорытты [2.90].

Мұндағы «р» әріпі шығарманың ырғағын артыра түседі. Жаңылтиашта ашық дауысты сөз аз болғандықтан, бала тіліне берілетін сынның көлемі артып тұр. Байқағанымыздай, шығармада тұтас бір сюжет бар. Түс көру мектеп жасына дейінгі балалар үшін таң-тамаша әрекет. Автор осы жайды жақсылыққа балау, жақсы ниетке жору мәселесін оймактай ой шенберіне сидырып көрсетеді. Қорық пен Торық барысындағы дыбыстық қайталаулар жаңылтпаштың әуендейлігін арттырады.

Ақын жаңылтпаштарының педагогикалық негіздегі жаңылтпашының бірі мынадай:

Сабакта Саматқа,  
Қараған Жанатқа  
Сыбырлаған Марат қой!  
Саматқа сабакта,  
Қараған Жанатқа  
Сыбырлағаны ағат қой!

Жаңылтпаш тек қана тілді жаттықтыратын құрал емес, синкретті өнер санатындағы рухани дүние. Осылай десек, оның әуезділігі, көркемдігі, үйқасы мен шешен сөзді оралымдарға құралуы және тәлім тәрбие бере білуі деген секілді бірнеше тарап шоғырланған өнер екенін байқаймыз. Ақын мына жаңылтпашында кішкентай оқырмандарының тілін жаттықтырып қана коймайды, оларға тәлімдік мағына да береді. Жаңылтпаштан педагогтық қағидаларды көреміз. Шығарманың астарында әдептілік туралы ой жатқан. «Сыбырлағаны ағат қой!» сөзі шығарманың тұтас идеясын айқындаپ береді. Бұл өзінің балаларға аринаған жырларында ізгілік пен әдептілік, адамгершілік тақырыбын ұдайы үндеп келе жатқан ақынның кезекті бір мысалы іспеттес. Үлкен жүректі зерттеуші В. Радловтың «Қазақ халқы шешендік пен тапқырлық өнерді жетік менгерген. Олардың табиғатының соңшалықты сұлулығындей,

сөздері де сұлу. Және әр сөзін ыргакты да, әуснді етіп көркем сейлейді» [5.137.]. деп таңдай қағуының себебі, тап осында жанылтпаш, санамақ сектілді рухани мектептерде жатқан...

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Габылдиев О. Халық тағылымы. Алматы. Қазақ университеті, 1992. 198 б
2. Ысқақ Ә. Күн ұлымын – Тараз «Сенім» 2002.-112 бет.
3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті - Алматы: Мектеп, 1974 - 176 б.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол - Алматы: Жалын, 1991 - 464 б
5. Радлов В В Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи - СПб., 1870

**Әзімхан М.**

## **А.СҮЛЕЙМЕНОВТЫҢ «БЕСАТАР» ПОВЕСІ ХАҚЫНДА**

Көркемдік шынына шынайы көзқарас. талғампаздық, қай уақытта сирек болады екен. Әдебиетке жаңалық келгенде әдеби буын арасында сансырау, өз ішінен буырқану әдettегі ізді біреу келіп бұзғандай күй кешетіні анық. Бірақ, кашанда пікір қозғау, ой сабактастыру ете сирек. Ой қозғай алмайтынның бір себебі рухани құші жетпеу немесе пенделігі басып кетуден ары аса алмай қызғаныштың қызыл итіңс жем болу екен. Әдебиеттің дамуында мұндай жағдайлар көп демесек те болып отырған. Әр адам зат баласы көркемдіктен қуат алғанымен де батылы жетпейтін, бас кететін істен бойын ала қашып қорқақтық қорлығынан бұғып, штами шындығын ақтара алмай қалған уақыт та өтті. Әсіреле казақ әдебистінде 60-80 жылдар айналасында жаңа буын, тың ойларымен келген жазушылар Ә. Нұрпейісов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Ш. Мұртаза, О. Бексай, Т. Нұрмамбетов, Қ. Ысқақ, С. Мұратбеков, Ә. Тарази, Т. Әбдік, Д. Исадековтермен катар үзенгі қағыстырып, нық тірестірген жазушылардың бірі А.Сүлейменов шығармаларына қалам ұстағанның барлығы толымды пікір айта алған жок. Сол кезең өлшемімен А.Сүлейменов шығармаларын түпкілікті зерттеу, ойда ашық айту мүмкін емес болатын. Негс? Біріншіден, Асқар жазған «Бессатар» повесі сахна

сыртында ғана айтылып жүрген «ақиқатты» алдыға жайып салды. Бесатарға арқау еткен 1916 жылғы көтеріліс, Төрекан, Сәруар, Мұқагали. Крейгель, Иноземцев, Голоножкин сияқты қарама-қарсы тұлғалардың тағдыры арқылы екі елдін (орыс пен казак) ау-жайын байқатты. Өз басым Бесатарды күні-бүгінге дейін ежіктеп әрен түсіндім. «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» – деп F. Мұсірепов шағын рецензия жазыпты бұл шығармаға. Неге барлық қаламгерлер үнсіз қалғанда тек F. Мұсірепов колына қalam алды. Жауап түсінікті. Өйткені ол кісі отыз жетінін корғасынында да осы сөзді айтқан болатын.

Тарихшы М. Қойғелдінің айтуынша: «Бұл Алаштық идея сонау Ж.Аймауытовтың «Ақблек» романында жатқан еді дейді» Бұл пікірдің де жаңы бар. Неге десеніз Ж. Аймауытовтың «Ақблегі» мен А. Сүлейменовтың «Бесатарының» идеясы, кезсіні ұксас. Мұнда да кейіпкерлердің есімі повестін ішкі тақырыпшаларына айналған. Айырмашылығы Ақблек басындағы мұн мен қасірет Сәруар, Төрекандардың белдесуіне ұласқан.

Кіде халық жүргегіндегі нала мен шер, өшкен оттар уақыт өтіп барып қайта бір жаңғырады екен. Цензураның бұғалығы сәл босаған сэтте «Бесатар» туды. Екіншіден, жаңашылдық яғни қазақ әдебиетіне модернизм ағымын әкелген жазушыны әдеби қауым уақытында саралтай алған жоқ. Ол кездері тарихи романдардың, оқиға күніп жазудың дәүірі жүріп тұрған кез Ал Аскар шығармалары дағдылы сеніді бұзды. Айтылмайтын, айтулуга болмайтын нәрселердің ақиқатын ашты. Автордың «менің ғана бала-шагам жоқ, басқалардың барлығының бала шағасы бар» деген қыршанқы сөздері осындаидан айтылса керек. Сыншы Э. Бөлжанованың «Жазушы дегеніміз - стиль» (Аскар Сүлейменов тағызымы туралы бірер сөз) атты мақаласында: «Әлем әдебиетіндегі мұндай рухани ситуация, сез жоқ, А. Сүлейменов буынына да ігі ықпалын тигізді. Әсірессе Батыс Европа мәдениетінде модернизм әлдеқашан орнығып, өмір мөні туралы мәнгілік сауалдарға өз дүнистанымынан шыға жауап іздеғен экзистенциализмің «күні жүріп тұрған» шақта – ұлттық топырағы мықты, дүниетанымы толыққанды, ұлттық күндылықтарды ұлықтаған осы буын өзіне де үніліп, әлемге де

жіті көз салып, жақсы тәжірибсі жасампаздықпен қорытуда дәстүрлі реализм аясына «сыймай», жаңаша бір кеңістіктерді игеруді бастағы. Бұл – қазак әдебиетіне – әлемдік әдебиестте әлдеқашан аты аталып, түсі түстелген – модернизмнің келуі еді» [1.93-б]. – деген біздің пікірімізбе сабактас байлам жасайды.

Повесте орыс пен қазақ болмысындағы мінсз, Терекан бойындағы текtilік, жалпақ жүргіткіштің барлығы жайдақ деп қарайтын Иноземцевтердің ерсі қылығы, мұсіркеушілігі қазақ шалдарының тегеурініне шыдамай бір тұқырғанын көресіз. Орыс офицерінің «қалпактай ұшырам», «бір шыбықпен айдаймын» деген бар мұраты же лігे ұшып «аққұба шалдың» алдында қалбактап қалған күйін оқығаныныңда ұлттық намыстың әлі де құнарынан ажырамағанын байқау киын емес. Негізінде «Бесатар» психологиялық тартыска толы, тұспалы көп шығарма. Неге кейіпкерлер арасында бой таластыру, бір ұлттың намысын аяқта таптатпауга аса мән берілген? Повестің алғашқы бетін параптаганда Иноземцевтің қазақ төрелерінс келіп амандасқан сәтін көргенде автор тек қазақшылдыққа салынды деп топышлауыныз мүмкін. Бірақ жазушының айтайын дегені бұл емес. Айтайын дегені кеше қандай едік?, бүгін қандаймыз – деген терен сауалда жатыр. Иноземцев пен қазақ текстісінің бар болмысы мина тұста анық байқалады: «Ассалау мағалейкүм». – деді.

Тізгінді қоя беріп кос қолын қабат ұсынды. Қараланың үстіндегі құндыз берік шал мұның алаканына екі бұктең камшысын сұхтты. Қазақтардың сәлем үстіндегі сілкілеспесін білетін Иноземцев камшыны женіл гана қысты да қоя берсе салды» [2.240-б]. Автор бұл тәсілді тегіннен-тегін альп отырған жоқ. Иноземцев те батыр бірақ көзсіз емес. Оның бойындағы қорқыныш тұтқынға түскен соңбарып, оқиға барысында төмендейді. Сәруар бейнесі сырт көзге Иноземцев-термен қатарлас тұлға. Бірақ атаптап орыс офицерінен адамгершілік, дуниетаным тұргысынан биік. Иноземцевтің көкссесіні қазақ сахара-сын билеп төстөу болса, Сәруар болмысы шама келсе бұғалықтан болап шығу болатын. Неге Сәруар экесі Төрекендай қолына қылышын альп шаппа-шап айқасқа шықлады. Оның бір себебі қаладағы көп корқақпен қағаз бастылыққа салтынып жігерінің жасығандығы. Ол алғашқы сәтінде өмір зиялышықпен парасаттылықпен шешілді деп түсінеді. Тіпті экесі Төреканды іштей сынайды. Әкесімен бетпе бет

келген мына бір тұста: «Бестінізге келдім бе, келмедім бе білмедім, тәте. Келмесен шығармын-ау. Тұні бойы құйбендеп сауал айттым, рас. Сарыала сәскекеден білімсіп көз өргізген бол отырмын, рас. Бірақ сөкпегейсіз, жақсы әке. Бұдан былай оңаша қап сыр айттар жағдайға зар болуымыз да, бес мүмкін.

Қай жағдай, – деді Төрехан. Етінен ет кескендей шар ете қап еді. – Жағдай танып шыға кояр ұшпағын болса сен-ақ шық. Біздей шо-бырдан гөрі сендей жалғыз ішек оқымыштың оқыған арғымақтың жаны тәтті келеді гой» [2.247-б]. Автор Төреханның аузына осы сөзді сала отырып Сәруар рухын баттылдыққа, ерлікке, түбебейлі қарсылыққа итермелейді. Бір қарағанда Сәруар бейнесі Алаш зияллыларының өмірінен сыр шертетін кезеңді көрсеттететіндей. Ал Төрехан тағдыры 1916 ұт-а заттық құрбандары Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекейовтардың талайы тағдырынан маглұмат береді. Повесте Сәруар шыны мәніндегі жігерсіз смес. Ол амалсыздыктан, тұтқынға түскен әкесі Төреханды құтқару үшін ғана айла амалға барады. Оның кеудесі жана шырлыққа, мейірімділікке толы. Ал Төрехан бірбеткей тұлға. Повестін басталуының өзі сарабдал оқырманның ойын сансаққа жетелейді. «Қорқыныштың көзі ала деген рас-ау». Осы сөз шығарманың бүткіл тезисін ашып бергендей. Бұл авторлық баяндауды А. Сүлейменов ете сәтті шығарған. Әкесі Төрехан үшін Сәруар орыс офицерінен кешірім етінуге дайын. Сәруар әкесіндей анғал емес. Тұбі жеңіліс табатынын сезеді. Әйтпесе мына сөзді айттар ма еді: «Заманың жаралығын буралығын, заманмен әлін білмей алысқан жігіттің көкжал тірсектеген бөкендей тұралап қаларын көп күйттеген еді. Сол тәтесі бүгін көп, құрқол басымен, бесс қаруы туғел өкімет адамының шабын тұрткілейді» [2.250]. – деген сөйлемнен-ақ Сәруардың жан қүйін, тығырыққа тірелген арпалысын «не істермін?» – деген жан сауалын алдыға қояды. Осы жан сауалы Крейгельдің алдында кішірейіп, баяғы Қарала мінгсен қытымыры шалдың қолын смес қамшысын ұстап бұгожектеген Иноземцевтің кебін кигізеді. Енді орыстың алдында қазактың яғни жас Сәруардың мүшкіл халін байқау қызын емес. «Ассалау мағалейкүм, – деді. Ұзақ сөзді буынын жұтып қыскартпай, аузын толтырып, созып айтты.

Беліне салаңдатып асынған, діні бөтен, тілі бөтен офицердің су таза қазакшасы, қазакша киранаты сондайлық тосын екен. Сәруар

бір сәтке сүтпен тершігсін тас көргендей аңырап қалды. Ұсынған колынын Төрсеге жетпей ауда қантарылғанын да байқаған жок. Төрснің көзі төрде екен» [2.251-б]. Осы аралыққа дейін Сәруар ойында ешқандай күдік болмаған. Бар-жоғы тілмаштық қызметін атқарып, азаматка лайық ғұмыр кешу. Өкінішке орай Сәруардың көксеген арманы повьесте орындалмаған. Замана дүмпүі «қисық-қыныр закон» оның да жігерін жани түскен. Сәруар бұл бұғалықтан шыға алмайтынын, кайда барса қорқыттың көрі екенін жан-дүниесі сезеді. Күндердің күні Крейгельдің бесатарына ілінетінін де ерте-рек топышылайды. Аскар кейіпкерлердің ішкі монологын олардың, олардың дүниетану ерекшеліктерін, бір-бірлерімен диолог барысындағы шешендейтік табиғатын нық жеткізген. Кейбір көркем әдебиеттегі кейіпкерлер образын сурсттеуге олардың киім-киісі, жүріс-тұрысын тәтпіштеуге автор сараң. Автор кейіпкер мәселесін өзіне қалдырады. Мәсселен, Төрехан бейнессін тану үшін повестін қадам алысындағы кейіпкер сөзіне көз жүгіртсек жеткілікті. «— Немене, соншама шыжбындан, — деді. Түйеден түскендей дүңк етпе сөзіне мұң сінді коныр даусы қиғаш кезікті. Жұқа шапка бөгелек төнгенде құлын да қайрат қылмақ. Қыңқылмен қыңыл үшін оқып жүрсөн өзін біл, бірақ менін басымды қатырма, айналайын. Алла жазған ырзығым бар шығар. Біреуде артық, біреуде кем ырзықсыз жан жок. Азды көпті өмір кештік, татып, талмап келе жатқаным сол ырзық, ешкімнің садақасы емес, сенін ақылың емес жуде. Енді бүгін кеп, саба түбі сарқынды жасым қалғанда, ак патшаның ауыздығын қарш-қарш шайнаған күдері желке төресі дік стер екен деп құрап ұшар жайым жок. Ұшпадым, ұша алмадым, уа сақалымды сскеңдетіп ұша алмаймын жуде. Енді менің аузымды кыздырма, — деді Төрехан» [2.248-б]. Бұл Төрехан харakterі.

Біз мынаны ашық айтуымыз тиіс... А. Сұлайменовтың Бесатарындағыдай кейіпкерлердің есу деңгейі тұрғысынан қатарлас буын жсте алған жок. Себебі, Аскар шығармаларында портрет жасау, кейіпкердің сыртқы формасына мән беру кездеспейді десе болады. Ф. Мұсіреповтың «Кітап аты – «Бесін», авторы – Аскар» атты мақаласынан дәлел келтіруге болады. «Бізде амандастыға, ат суаруға, ас ішуғе, айттай-ақ танылатын болмашы бірдемелерге көп орын беріледі. Аскарда ол жоқ екен. Берілгсін көріністерінде мән

бар, серпін бар – әлде нелерді астыртын аңдата кету бар. Белгілі жай, бұлай жазуда жазушы ұтысы еселеніп отырады» [3.313-б].

Қазақ әдебиетінде осыған дейін кейіпкер мәсслесі айтылып та жазылып та жүр. Бірақ олар қалай айтылды. Тек жағымсыз, жағымды образ, анау бійк анау одан аласа деген сөздермен ғана шектелді. Адамның көніл-күйі (психологиясы) стиль, кейіпкер дүнистанымы уақыт аралығындағы өсуіне аса мән беріле коймады. Бұл пікірлермен біресу келісер біресу келіспес әйтеуір А. Сүлейменовтың «Бесатардағы» кейіпкерлерін оқырманның бұра тартып тануына жол берілмеген. Олардың ақыл-айласы ішкі монологы оқиға барысында өсіп-төмендеп отырады. Неге Крейгельдің орнына Сәруарды қоймасқа. Авторлық баяндау кейіпкерлер харakterін ашу сәтінде алмасу процесіне де көніл бөлген. «Есіне Фольбаум тағы түскен осы сәтте ұзын сирақ пішениң сүйрігін ернімен қымқырып ап екі бүктеді де түкіріп тастады. Түкірігі Сәруардың тізесіне тұсті. – Оқасы жок, – деді Крейгель кешірімнің орнына жұбаныш айтты. Сонан соң жан қалғасынан үш бұрыштаған орамал ақын да Сәруардың тізесін сұртті. – Реті келгенде маған да түкіресін.

Сол реттің келгені жақсы еді, Крейгель мырза.

Реті келмейді, ретті келтіреді ғой, – деді Крейгель» [2.285-б].

Аскар шығармаларының көбі тұспалға құрылған. Диалог арасындағы қарама-қайшы сөз таластар оқырманнның санасын көтеріп, жетілдіре түседі. Маған бір ой келеді... Көбінесе автор бұл шығармасында өзінің жан шырылынынан гөрі оқырманмен көбірек жұмыс істеуді мақсат тұтқандай. Жоғарыдағы келтірілген деталь тегіннен-тегін жазылып отырған жоқ. Сәруар мен Крейгель арасындағы осы бір диалогты автор кейіпкер образын көрссту үшін емес керісінше, оқырман көзкарасын нақтылау, байқау, керек десеніз кейіпкер тану мәселеінде дейін экелген. Бұл орыс әдебиетіндегі «деталь-намека» А. Чехов, А. Бунин шығармаларында көбірек көздеседі. Осы орайда А. Чеховтың көркемдік элеміндегі тұспалға байланысты мына бір ойын ретке келтіруге болады: «...деталь не уходит из сознания читателя, а остается в нем как намек, смысл которого станет ясным только в дальнейшем, как знак чего-то, что существует, но еще скрыто от

персонажей и читателья» [4.113-б]. Яғни автор мұндай детальдарды сезбесуі мүмкін бірақ оқырман көркем шығарманы оку барысында тұспалдарды анық аңғарады. Жазушы да оқырманға айналуы бек мүмкін. Жазушы Н. Ораздын «Ең біріншіден әңгімелерімнің оқырманы өзім. Егер шығармам көнілімнен шықса онда мен жақсы жазушы болғаным» – деген талғам жөнінде айтқан бір пікірінде шындық жок емес. Аскар Сұлейменов «Бесатарда» қазақи ишарапы, ыммән жеткізуді ұлттық бояулар арқылы жеткізуіді мақсат еткендей. Мәселен, «Жетім қозы тас бауыр» тұспал шығарманың өн бойында бірнеше ретке қайталанса жекелеген тұспалдарды әр беттен кездестіруге болады. (Бұқірді мола түзөр деген. Моланың бірақ беті аулак), (Төрениң көзі төрде екен), (Қарағала мына жарбыған сарының бірауыз сөзіне түсінген жоқ. Өзі де бір тәштиіп ал, көп сөйлейтін бейбақ екен. Иіскеекісі келс ме – аузын ашқан сайын ашиған арпаның ісі аңқып – мұның тұмсығына жүтірседі). (Мен қайтып оралғанша есіп қалдым де. Өсіп қалған екенсің ғой).

Әрбір көркем шығармада кейіпкер болмысы өз деңгейінен, биіктігінен тәмен түспеуі тиіс. Бірақ бұл ұстаным үнсімі сақтала бермейді. Ол автордың уақыттағы психологиялық көзқарасына байланысты. Кейіпкере ге тән мінез-құлышты жоғалту жазушы үшін қынын мәселе. Әйтсе де бұдан құтылу онай емес. Біз қарастырған Бесатарда да мұндай отқылыштар көрініп қалады. Мәселен. (Саган осы не керек? – деді Крейгель), (Жана жеп жүрген таяғың ба еді, сондай-ақ, – деді Крейгель), (– Баяғыдан жеп жүргесін де тұлауға болады ғой). (Сәруар жана байқады: Крейгельдің күрек тісінің сынары алтын екен) осындағы көрексіз, көркемдік құаты алсіреген текстер Бесатардың бір бұрышын ойыратып тұргандай сезіледі. Осында М. Әусевтың «Абай жолынан» үйрениріміз көп. Бесатар қазақтың нағызы, ары. Мұнда ұлттық болмыс, казақы тектілік, еркіндік аренасы аянышты сезімдермен көрініс тапкан. Автор көзқарасы, рух биігі ситуациялар кезінде оқырманына парасаттылық, имандылық қасиеттерді молынан тарту сткен. Ұлттық құндылықтар тура-сында ой кольеерине (А. Сұлейменов) үнілген жазушы бір сәт Вертердей «Өмірде рухани бақыт табу үшін жазу, жазу керек. Барлық адамзаттық сезімдер мен арманың орындалуы үшін де мағыналы шығарма сыйлау керек. Соңдағана менің өмірімнің мәні

айқындалады. - деп бір кездері жанына сая таппаган болар. Алдағы уақытта казак ұлты Бесатардың нысанасына ілінбесін деп тілейік.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Олия Бопежанова «Дүние имани құбылыс» Эсселер Әдеби сип макалалар Ой-толғамдар. Сұхбаттар. Алматы, «Өлкө», 2001.
2. Беласқан Повестер жинағы. Үшінші кітап Алматы 1981
3. Г. Мұрзепов «Заман және әдебиет» Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. Жазушы, 1982
4. Записные книжки Чехова» Москва 1976

**Адиева П.**

## **ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДИАЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

Диалог – филологияғының күрделі теориялық категория. Диалог (грек сөзі. dialogos) – әнгіме, сұхбат деген мағынаны береді.

Бүгінгідей ғылым әдебиет мен халық ауыз әдебиетінің зерттелу объектісі екі түрлі деген пікірлер біслен алған кезеңде “диалог халық ауыз әдебиетінде қалай көрініс табады?” деген сұрап туындаиды. “Диалог – скі немесе одан көп адамның бір-бірімен сөйлесуі”, – десек. сайып келгенде, фольклорда ол түрлі сипатта ұшырасады. Фольклор – ауызша шығарылып, таратылған рухани мұра. Олай болса. оның орындалуы барысында тыңдаушы да айтушыға өзінің белгілі бір талабымен ықпал жасап, белсенділік танытуы – зандағы құбылыс. Соған орай орындаушы мен тыңдаушы аудиториялық сұхбаттың екі субъектісі болып табылады. Фольклор туындысының орындалуы осы екі тұлғаның байланысы болуын қажетсінеді. Ғылыми жұмысқа арқау болып отырган диалогты біз тыңдаушы, айтушы және нақты мәтін тұрғысынан қарастырамыз. Фольклордағы диалог пен ондағы адам мінездерін ашып көрсету және тыңдаушы мен орындаушының арасындағы байланыс жан-жақты зерттесуді қажет етеді.

Фольклорлық жанрларда диалогтың қызметі әсіресе “жаржар” салтында орын алған. Үйлену ғұрып жырларына зерттесу

жұмыстарын жүргізген К. Ісламжанұлы: «Арғы-бергі ғалым-зерттеушілер енбектерінде «той бастар», «жар-жар», «сынсу», «басташар», сияқты белгілі жаңрлық түрлер ауызға алынып, белгілі дәрежеде сараланып келгенмен үйлену ғұрып жырларын кешенді түрде зерттеу моселесі кешеуілдеп келеді» [1; 14] - деп пікір айтады. «Жар-жар» қыздың елінен кетіп, басқа өмір сатысына қадам басу жолындағы айтылатын өлсің немесе ән. Жар-жардың бізге белгілі өлең түрімен қоса, ырғағының бар екеніндігін атап ету қажет. Бұл туралы ғалым А. Байтұрсынов: “Өлеңнің өзі де казакта екі түрлі болған: бірі әнді болған, екіншісі мәнді болған... Әні басым, мәні кем, ажары аз өлеңге кара өлең деп ат қойып, әні кем, мәні мол ажарлы өлеңге жыр деп ат қойған” [2; 187] - дейді.

Өлең мен әніне ерекше тоқталуымыздың өзіндік негізі бар. Жар-жардың әннің басымдылығы сөзіндегі қайталаулардың кемшіліктерін білдірмей жіберетін сияқты. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтірейік:

### Жігіт:

Ақ қоян қашар жоталап, жар-жар-ау,  
Актайлақ өсер боталап, жар-жар-ау!  
Мұнша неге жылайсың, жар-жар-ау!  
Артыннан інің барап апалап, жар-жар-ау!

### Қызы:

Текемсттің шет бауын  
Оя тұрсын, жар-жар-ау!  
Той басына ту бие  
Соя тұрсын, жар-жар-ау!  
Мен шешеме айтайын  
“Әкемс айт”,—деп жар-жар-ау,  
Мені десе биылша  
Коя тұрсын, жар-жар-ау! [3; 46]

Бұл жерде жігіт пен қыздың диалогі өлең түрінде көрінеді. Бірақ диалог анық емес. Жігіттің қойған сұрағына қыз нақты жауап беріп отырған жоқ. Ол өзінің ішіндегі шерін

ғана босатып отыр. Сондықтан болса керек зерттеуші М. Жармұхамедов: “...бұларда жүйслі мазмұн, логикалық байланыс көп сактала бермейді” - деп көрстеді [4; 10]. Бірақ жаржардың ерекшелігінің өзі осында. Диалог өнер таласының жемісі емес, немесе сез жарысы емес, әдет салтты, нағым тілектерді орындауга арналған.

Осы тұста А. Байтұрсынов: «Жар-жар қызы ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, сонынан бір жақты етіп жібереді. Олай болатын себебі жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайырылып отырады. Сонан соң жұбату сез қыздың жақындарын жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады» - дейді. [2; 252].

Ғалымның пікіріне қарағанда диалог дәстүрге байланысты жасалынған және қыздар жігіттер болып, топ-тобымен айтысуы байқалады.

М. Әусев: «Басқа үйлену салт-жырларындей емес, “жаржардың” қалыптасқан тексті мен ән, әуені бар. Жігіттердің көнілді, лепті хорына қыздар жағы уайым сарынымен жауап қатады... Олар жігіттердің айтқанына қарсы дау айтып, етіп бара жатқан жас дәуренді, құрбы-құрдастарын, үй-ішін тастан кеткен шақта қайғының орны толар ма деп назалы жырға қосады», [5; 160-161] - дейді.

Диалог екі адамның емес, бірнеше адамның арасында болып отыр. Демек, бүтінгі заманның хор элементтерінің сонау дәстүрлі фольклордан көрініс тапқанын ғалым айтқысы келген секілді.

“Жар-жардың” әуені, ырғағы бар екендігі фольклор зерттеушілеріне мәлім. Олар “жар-жар” сезінің қайталануы сибасты ерекшелігі екендігін де сінбектерінде атап еткен.

“Жар-жар” – қызы бен жігіт тобының ұзатылу тойы үстіндегі кезекпе-кезек өлеңмен жауаптасатын дәстүрлі жырынан тұрады... Диалогпен келтін өлеңнің “Жар-жар” аталып, әр жол сайын сол сезіндің қайталанып отыруының да үлкен мәні бар” - дейді фольклорист М. Жармұхамедов. [4; 9]

Диалогтың өлең түрінде ғана емес, арнайы әуені бар ән түрінде де құрылғандығы байқалады

“Жар-жарда” негізгі тексті де тұрақты. Оның кейбір қатарлары болмаса, қалғаны өз орнын сақтап отырады.

### Жігіттер:

Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар.  
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.  
Әкем-ай, деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,  
Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар

### Қыздар:

Жазғытұры ақша қар жаумак кайда, жар-жар  
Құлтын-тайдай айқасқан он жақ кайда, жар-жар,  
Азар жақсы болса да қайын атам, жар-жар,  
Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар?

### Жігіттер:

Бір толарсак, бір тобық санда болар, жар-жар.  
Қырық кісінің ақылы ханда болар, жар-жар.  
Шешем-ай.— деп жылама байғұс қыздар, жар-жар,  
Шешен үшін қайын енсөң онда болар, жар-жар

### Қыздар:

Жазғытұры ақша қар жаумак кайда, жар-жар  
Құлтын-тайдай айқасқан он жақ кайда, жар-жар,  
Азар жақсы болса да қайын снеміз, жар-жар,  
Айналайын шешемдей болмақ қайда, жар-жар?

[1; 71-72]

Келтірілген жолдардан байқағанымыздай, диалог жаттанды өлең түрінде, тек бірлі-жарым жекелеген сөздер ғана өзгеріп отырады. Диалогтың алғашқы екі жолдары нақты тақырыпқа да байланысты смес. Бұл тек соңғы жолдарға дайындық іспетті. Тек үйқасы сай келсс болғаны. Сонымен қатар диалогтардың жаттап алуға ынғайлышымен қатар әзілге құрылғандығын да басып айта ету қажет. Алғашқы жолын қараңыз. Тақырыпқа сай болмағанымен мұңайған немесе пан қыздың көnlін көтеру үшін де айтылған

сөз болса керекті. Жігіт, қыздардың тек қана өзі емес, бүкіл дүйім жүртты қаратып, қызыққа батыруы, нағыз театрды көз атдынызға елестетеді. Осы тұрғысынан алғанда да диалог арқылы халықтың жиналтуы ауыз әдебиетіндегі диалогтың қызметін айқындаі түседі. Бұл фольклорға ғана тән ерекшелік. Ал, жазба әдебиетінде диалог нақты адамның сұранысына жауап бермесе, ол заныңдылыққа сай келмейді. Ал, жар-жар ауызша туындаған дүнис. Қабілеті бар адам өз импровизаторлығына қарай өзгеріп алуына да рұқсат.

Дегенмен жаңа заманның талабына сай жалпылықтан жекелікке көшіп, кейбір импровизатор адамдардың да аяқ астынан туындағып жіберетін қабілеті туындағы. Бұл нағыз айтыстың келуіне себепші болды. “Жар-жарға” карағанда “бәдік” жырының да диалогтық құрылымы жағынан ерекшелігі бар.

Б. Абылқасымов: “Рас, кейде “бәдік” сөзінен соң “қыз бен жігіт айтысы” дейтін қосымша анықтамасы бар текс аттары да кездесіп қалады. Бірақ олар диалог пішінді текстерге ғана тән. Солардың бірін толығырақ келтірелік:

### Жігіт:

Бәдікті баста десен мен бастайын  
Түбіне шоғайнаның із тастайын.  
Бәдігі бұл баланың қай жерінде  
Сурып ақ тікендейап тастайын.

### Қыз:

Айтқаным менің бәдік оным деген,  
Бәдігі бұл баланың қолында екен.  
Бәдікті көшірейік басқа жаққа,  
Ауылым алыс емес жолында екен.

Осында айтыска тән белгі бар ма? Бар. Ол – жігіт, қыз деп келетін диалог басының анықтама сөзі ғана. Ал енді сол “Қыз, жігітті” алып тастап оқып көрініші, текске пәлендей закым келер ме екен. Жоқ, мұлде келмейді. Оны қыз жігіт болып қосылып орындауға да немесе қыз-жігіті аралас топ болып орындауға да келе береді, яки, “айтыс типіндегі” бәдіктің “өлең типіндегі” бәдікке айналуы оп-онай “ - дейді. (6, 37-38).

Фольклор түйндыларындағы диалогтың зерт-телеудің оқырмандардың көркемдік қабілеттерін, танымын ұстартуға тиғизетін септігі және тағы да басқа жайттар бізгіс өз зерттеуімдің кажеттігін ұғындырыды.

Қазақ фольклористері бұл турасында жеке тақырып етпіп алмағанымен, ой тастағаны анық. Зерттеу обьектісі болып отырған фольклордағы диалог - тек шолу ғана емес, түбесейлі пікір және оның тұжырым корытындысын қажет ететін ғылыми талдау беру біздің жұмысымыздың бастамасы ғана.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Тал бесіккеген жер бессікке дейін. (Қазақтың оғасылық ғұрып жырлары) – Құрастырып, алғы сөз мен түсінкітемесін жазған К. Іслемжапұлы – Алматы Ана тіл, 1995. 272 бет
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Олеандер, аудармалар, зерттеулер (Құрасы Шәріпов Ә., Дәуітов С.) – А.Іматы: Жазушы. 1989 – 320 бет., портр. сүретті
3. Қазакы неке: (Салт – дәстүр жөніндегі жазбалар) Орыс тілінен ауд ғ. Кожабекова – А.Іматы: Жалын, 1994 – 64 бет
4. Жармұхamedов М. Ж 31 Айтыс – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1990 – 52 бет
5. Өуезов Мұхтар. Жиырма гомдық шығармалар жинағы – Алматы Жазушы, Т.17 Мақалалар, зерттеулер – 1985. 352 бет, 4 п сурет, портр Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Өуезов атындағы әдебиет және онер институты
6. Абылқасымов Б. Телқоныр. Атамұра-Қазақстан, А.. 1993

**Ақан, А.**

## **«КӨРҮГЛЫ» ЭПОСЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ**

Көрүғелі туралы жырлар мен әңгімелер Орта Азия (түркімен, өзбек, қыргыз, қарақалпак, араб), Сібір (тобыл татарлары), Кавказ (әзіrbайжан, құмық, армян, грузин, абхаз), Таяу Шығыс пен Балқанды мекендеген түркітілдес және басқа да халықтар арасында сақталып келді. «Көрүғлы» эпосын зерттеген А.К. Боровков, И.С. Брагинский, Л.И. Климович, В.М. Жирмунский, Х.Т. Заиров, В.И. Чичеров Б.А. Каррыев сыңдығалымдар эпостың скі саласы бар деп карайды, бірі – әзіrbайжан саласы, оған кіретіндер – әзіrbайжан, армян, грузин және түрк версиялары. Екіншісі – ғұrkімсін саласы, оған – түrкімсін, өзбек, тәжік және қазақ.

нұсқаларын жатқызады, осы салаға қарақалпақ, бұхар арабтары, сібір татарларының нұсқаларын да қосуға болады.

«Көрүглі» эпосында XVI-XVII ғасырлардың тарихи оқиғалары көрініс тапқандықтан ол шартты түрде тарихи эпос деп аталады. Алайда ондағы оқиғалар сол кезге дейін қалыптасқан эпикалық дәстүрде берілген. Эпоста мифтік элементтер мен тайпалық құрылымның элементтері көрініс береді. Бұл аталғандар бірінші кеzekte ортаазиялық, соның ішінде өзбек, қазақ, түркімен, тәжік және казақ версияларына қатысты. Әрине елдің жадында сакталған кез келген тарихи оқиға уақыт ете келе тарихилығын жоғалтып, мифтік элементтерді бойына сініріп, анызға айнала бастайды. Бұл тұрғыда эпостан тарих сілемін іздеуді басты қағида етіп алған ағайынды К. және М. Чәдвиктердің «епостағы тарихқа қатыссыз элементтер көркемдік құрал ретіндегі атынғандықтан оның тарихилығына көлінке түсірмейді. Накты оқиғалар біртінде ұмыт бола бастауына байланысты хронологиялық ретсіздік орын алады: ұқсас оқиғалар мен кісі аттары ауыстырылады, атағы белгісіздеу тарихи тұлғалардың жорықтары мен істері атакты адамдарға телінеді, сейте келіп қанағманының гажайып тууы туралы аныз пайда болады» [1] деген пікірімен келіспескес болмайды. Яғни ағайынды Чәдвиктердің пікірінше түпкі тарихи фактіден ауытқу мен ақын немесе айтушының үшкір қиялышың нәтижесінде шыгарма мифтене бастайды. Демек миф эпос құрылудың алғашқы емес, керісінше соңғы сатысы болып табылады.

Бір айта кетерлігі «Көрүглі» эпосының казақ версиялары ортаазиялық салаға жататын өзге версиялармен салыстырғанда өмір шындығына біршама жақынырақ. «Эпостық жыр – бір халықтан екінші халыққа ауысып жүретін ұқсас сюжеттердің жиынтығы емес, ол белгілі бір халықтың ұзак даму тарихында қалыптасатын, қоғамдық өмірмен, тұрмыс-тіршілікпен біте қайнасып, бірге өссетін, тарихи қажеттіліктен туған көркемдік ойдаң жемісі» [2. 34]. Бұл эпос бізге шамамен XVIII-XIX ғасырларда жеткендіктен оның құрамындағы өзбек, түркімен, тәжік версияларында кездесетін мифологиялық кейіпкерлер мен батырлық үйлену (ұмыт болған Жамбыл нұсқасынан баска) т.б. мотивтер қамтылмаған.

Көрүғлы өмірде бар түркіменнің текежәуміт руынан шыққан батыр деп нақты көрсетіліп отырғандықтан сол кездегі тыңдаушыға жоғарыда аталған сюжет, мотивтер, мифтік кейіпкерлер нанымсыз болып корінер еді. Оның үстіне ол дәуір елімізде орын алған тарихи оқиғалардың ізімен жырланған эпостардың белең алып тұрған кезі болғандықтан жыршилар «Көрүғлы» эпосын да шындықса жақын етіп жырлауға яғни өзгесілдердегі версиялардың нұсқаларының ішінен нанымдысын ғана алып, халқымыздың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайына бейімдеп жырлауга мәжбүр болған. Мұны дұрыс аңғарған фольклортануши Ш. Ыбыраев: «осы эпостиң сюжеттік құрылымы да, қаһарман тағдырының өрілуі де дәстүрлі қазактың батырлық жырынан өзгешелеу. Эрине, бұған қарап «Көрүғлының» қазақ эпосы емес деп ұқпауымыз кепек. Оның қазақша жырланып, қазақ арасында түрлі нұсқалармен кең тарауы сшибір дау тудырмайтын басы ашық мәселе. Біздің ұлттық эпостарымыздың бірі ...Асылында «Көрүғлы» эпосының поэтикасында жазба дастандар дәстүрі белгілі бір дәрежеде орын алған. Отрықиши көсіпті, шаһарлы жерді, патша сарайы мен оның толып жаткан қызыметшілдерін /күтушілері. аспазшылары, құлдары, кәнізактары/ шараптана, зындан, шығыс базарын, т.б. бытай қойғанда. жыр құрылымының өзі біртога, дәс-түрлі батырлық жырдан алшақтау» [2, 34] дейді. Белгілі фольклортануши Б. Әзібаева да осы пікірді қуаттай туследі: «Қазақ нұсқаларында Көрүғлы халқымыздың дәстүрлі батырлық жырларының кейіпкерлері сияқты сырттан шапқан жауға карсы тұрып, туған жерін корғап елін арашаламайды; оның мақсаты, арманы: Шағдат ханнан экесі мен анасының кегін алу, десmek жеке бастың қамы. Ал әулеттік кек, көбінесс кісі қолынан қаза тапқап экесінің кегін бала-сы кайтаруы батырлық ертегілердің, архαιкалық эпостардың және классикалық қаһармандық эпостардың кен тараган сюжеттерінің бірі екені белгілі. «Көрүғлы» – кейінгі эпос» [3, 23].

Көрүғлыға арналған жырларда оның туғанынан 120 жасқа келгенге дейінгі өмір жолы, оның экесінің тарихы, сондай-ақ асырап алған балалары Хасанхан мен Fayazдың және немересі – Хасанның баласы Қасымның ғұмыры мен олардың ерліктері циклдық жүйеде баяндалады яғни бұл эпосқа тұтастану тән.

С. Садырбаев: 1) бір батырдың басынан кешкен әралуан оқиғалары жеке-жеке жыр болып пайтыла беретіндігі; 2) өмірбаяндық шоғырлану; 3) генеологиялық /ұрпақтық/ тұтастану; 4) бас батырга бірнеше батырдың шексіз бағынуы [4. 104-105] деп тұтастанудың төрт шартын атап көрсетсе, фольклортанушы ғалым С.А. Қасқабасовтың бесінші шарт ретінде географиялық тұтастануды атайды [5]. Е.М. Мелетинскийдің: «көлемі жағынан шағын жырлар ұлттық эпикалық дәстүрдің аясында бірігіп эпопея құрайды. Бірақ бұл түрлі жырлардың жай ғана қатар орналасқан жиынтығы емес. Әрбір сюжет өзінше аяқталып, шағын жырлар қосынша эпизодтармен, кейіпкерлермен толықтырылып, іштей өсіп отырады. Бөлек-бөлек жырлар өмірбаяндық, шежірелік /генеологиялық/, оқиғалық /манызды бір оқиғамен байланысты жырлар/ өзгешеліктері бойынша тұтастанады» [6. 109] дейді. Біз сөз етіп отырған эпостағұмырнамалық және шежірелік тұтастанудың белгілері айқын. Ол туралы Ш. Ыбыраев былай дейді: «...біріншіден осы жыраудан жазылышп алынған текстер (Р. Мәзқожаевтан – А.А.) бір ғана Көрүғлұның өз басына ғана қатысты емес, қаһарманның экесі /Раушанбек/, өзі, аты /Фират/, жаулары /Райхан, Шағдат/, т.б. туралы жеке-жеке сюжеттер шоғырланып, тұтастанған эпосқа айналған. Сайып келгенде бұл да іштей циклды шоғырланған эпос.

Екіншіден, сюжеттің бас-аяғы өзге эпостардай бір ғана батырдың төнірегінде өрбімейді. Жырдың калың оқиғасына қатысушы негізгі қаһармандар мұнда көп. Олардың тағдыры өз алдына жеке-жеке еріледі» [2. 103].

Бізде бұл эпостың Көрүғлұның өзіне, экесіне және ұрпақтарына арналған жырмадан астам нұсқалары мен жазбалары бар. Солардың негізгілері ретінде: «Раушанбек», «Көрүғлұның көрде туғаны», «Фират жайы, Көрүғлұның Райхан арабпен соғысы», «Көрүғлұның Шағдатқа барғаны», «Көрүғлұ мен Безерген», «Көрүғлұ сұлтан елеңі», «Хикаят Көрүғлұ сұлтан», «Үшбу Fayazханның қиссасы-дүр», «Қисса Fayazхан», «Түркімен Қасымхан» дастандарын айтуда болады. Оларды жырлаган, хатқа түсірген, жариялагандар: Хасен Мирбабаұлы, Қаликан Өтешұлы, Мәшінур-Жүсіп Көпесев, Майлышқожа Сұлтанқожаұлы, Жамбыл Жабаев, Раҳмет Мәзқожаұлы, манғыстаулық Абыл жырау мен Нұрым жырау, Мұрын жырау, Мол-

да Мұқан, Маясар Жаппасов, Ү. Толыбеков, Б. Майлин, Нұрпейіс Байганин, Қошанов т.б.

Қазақ тіліндегі «Көрүғлы» эпосы Хасен Мирбабиннің бастыруымен алғаш рет 1885 жылы Қазан қаласында жарық көріп, 1915 жылға дейін бірнеше рет жарияланды. Ал Қсчес заманында 1973 ж. жеке жинақ болып шығып, 1989 жылы біршама толықтырулармен кайта басылды. Ақырында 2008 жылы «Мәдсни мұра» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жарияланып отырған «Бабалар сөзі» атты жұзтомдықтың 48, 49-томдарында қамтылды.

Сонымен «Көрүғлы» эпосының ең толық нұсқасы ретінде Р. Мәзқожаев жырлаған төрт саланы атауға толық нетіз бар. Бірінші сала Көрүғлының экесі Раушанбекке арналса, қалған үш сала бас қаһарманның көрдे туылуы мен оның сртік істерін баяндейдьы. 1989 жылғы «Батырлар жырының» Көрүғлыға арналған төртінші томына жазған түсінігінде М. Ғұмарова 1958 жылдан ақпан айында М. Әуезовтің Р. Мәзқожаевты Әдебиет институтына шақырып алып, осы эпостың толық түрін магнитофонға жаздырып алғанын, сол жылы жырау магнитофонға жазылған жырын араб әрпінде қағазға жазып тапсырғанын, кейіннен өзі жырлаған «Көрүғлының» үшінші редакциясын белгілі ақын Куаныш Баймағамбетовке жаздырып, институтка жібергені туралы жазады [7, 396]. Өкінішке орай жыраудың орындауында магнитофонға жазылған нұсқаны техникалық ақаулары болуына байланысты тындау мүмкін болмай отыр. Ал, жырау өз қолымен хатқа түсірген және араға шамамен жарты жыл салып өз орындауымен К. Баймағамбетовкес жаздырған екі нұсқаны мәтінтанулық түргыдан салыстыру барысында біз олардың арасында едәуір айырмашылықтың барын анықтадық. Ол заңды да. Өйткені ауызша айтылып, ауызша таралатын фольклорлық мәтіндер мейлі о.1 бір адамның орындауында болсын ешқашанда сөзбе-сөз, жолма-жол кайталануы мүмкін емес. Бұл ғылымда әлдекашан дәлелденген құбылыс. Егер баспа бетін көрген мәтін болса онда сөз басқа Р. Мәзқожаевтың орындауындағы Көрүғлының төрт саласының әр жылдары баспа бетін көргендігі туралы жоғарыда айттық. Соңғы 1989 жылғы басылымды жыраудың өз қолымен жазған түпнұсқамен салыстырғанда, құрастырушулыардың

К. Баймағамбетов хатқа түсірген нұсканы басшылықта алғанына көз жеткіздік. Дегенмен кей тұстарда бірінші нұскадан да жекелсіген жолдар мен тұтас шумақтарды алып отырғандығы байқалағы. Бұл, әрине, ғылыми басылымның қағидаларына қайшы келеді.

Екі колжазбаны салыстыру барысында К. Бай-мағамбетов жырды өзінше көркемдеп, толықтырғаны анықталды. Ол жазған түпнұсқаға Р. Мәзқожаев өз тарарапынан бірнеше рет түзету де енгізген. Біз осы аталған екі нұсканы текстологиялық тұрғыдан салыстыру үшін жыраудың өз қолымен жазған нұсканы I-нұска, ал жыраудың айтуынан К. Баймағамбетов жазып алған нұсканы II-нұска деп шартты түрде атауды жөн көрдік.

Сонымен жырдың Раушанбекке арналған саласының көлемі I-нұскада 1207 жол, II-нұскада 1369 жол. Бір айта кететін жайт К. Баймағамбетов «Раушанбек» жырының 1217 жолын кирилл әрпінде қағазға түсірген. «Көрүгліның көрден туғаны» атты екінші сала I-нұскада 629 жол. II-нұскада 773 жол.

I-нұска	II-нұска
<p>Бастайын Раушанбектің хикаятын, Баласы Толыбайдың асылзатын. Болады қалай теріс насиҳатым? «Зер калдірін зергер білер» деген мысал, Айырмас танымаган сөздің парқын. Бар екен Шаһарқұла деген қала, Билеген Шағдат патша бүкіл халқын. Жайылған эр дуанға маглұматы. Қайтпаған адамзаттан спіріп інеті... [1-10]</p>	<p>Бастайын Көрүгліның хикаятын. Түрікмен текежеуміт дейді затын. Әкесі Көрүгліның Раушанбек, Толыбай аргы экесі аталағын. Раушанбек тарихынан сөз сейлесем – Болады қалай теріс насиҳатым? «Зер жайын зергер білер» деген мысал, Әр заттың білген шешер парасатын. Хан болып қызылбаста Шағдат атты, Қайтпаған спіріп ханин скіпі, інеті... [1-10]</p>

Бір жыршыдан әр кезде жазылып алынған жырдың алғашқы он жолының өзінен-ақ айтартықтай айырмашылықтардың барын көруге болады. II-нұскада жырдың Көрүгліның хикаяты екені ескертіліп, оның тегі түркіменнің текежеуміті делінсе, I-нұскада бірден Раушанбектің хикаясы екені баяндалып, оның Толыбайдың баласы екенін көрсетумен шектеледі. Яғни оның үлтты, руы туралы мәлімет жоқ. Сондай-ақ, бұл шумақтарда Шағдаттың қаласы нақты аталғанымен, ол кімдерге патша болып

тұрғандығы көрсетілмеген. Ал, II-нұсқада Шағдаттың қызылбас екені айтылып, қаласы ататмайды.

II-нұсқада кездесетін Шағдаттың байлығы мен өзіне тен келер патшаны іздеуі I-нұсқада айтылмай, тек патшаның өзінен артық кім бар екенін сұрауымен шектеледі. I-нұсқада бұл сұрактың жауабын табуға патшаның қол асты түгел жиналса [Жиналып қол астынын келді бәрі, Отырды патша алдында жас пен көрі [17-18]. II-нұсқада тек білетіндер ғана келеді [Алдында білгендердің болған бәрі, Отырган оң қозіндей жас пен көрі [25-26].

Тұрікпенде халқы сүйген патша барын палуанынан (I-нұсқада Мейрам немесе Мейрамбасы, II-нұсқада Меһрамбек) естіген Шағдаттың бүйрығы да екі нұсқада екі түрлі жырланады.

Төмсендегі мысалдағы К. Баймағамбетов нұсқасында тілдік өзгешелік анық байқалады. Р. Мәзқожаев осы жырдың екінші саласының кіріспессінде «Баспаған бұл тарауы, басылмаған. Қолжазба келе жатқан бірден-бірге» дейді. Демек жыраудың қолында жырдың қолжазбасы да болған ғой. Еңдеше К. Баймағамбетов жыраудың айтуынан жазып ғана қоймай, жыраудың қолында болған көне қолжазбаны да пайдаланған деуге толық негіз бар.

I-нұсқа	II-нұсқа
<p>Шағдат ҳан айтты миңау нақылды енді: «Пенде ғын қолын байлан алыш кел» деп.</p> <p>Ақырын, қаһарланып алтып демді: – Астымда бар алтып такытыйм. Нағбедеуге жабу жаптыйм. Тез барыңдар батырларым, Аныңмай ма менім бақытыйм. Арықідатылы тұман басыл, Жау шабындар арапасын. Конған жерге карауыл кой, Калмандар ұбықтаған қара басып. Жаудан корқып қашып келін. Олтіремін дарға асып. Сен қанисаң жау қапшады. Қаптай шауып үмтүлсаңдар, Тұрікпендер қалар сасып.. [37-57]</p>	<p>Шағдаг ҳан айтты мұндай ақытды енді – Астымда бар тіліә тақытыйм, Артылып тұр менің бакытим. Нағбедеуге мініп бәрің, Қару байлан шәкпір тартың. Тез барыңдар үстін басып, Қорқу арам жаудан сасып. Тұрікпенләрні шауып эткел, Бастықтарын дарға асып. Олімдерің алаканда Жаудан корқып, келсең қашып. Мән білемзін текларини, Махқам баглан белларини. Ханын тірі байлан әнкел, Дұшманның көп бек үарини. Ал дұшманден кекләріңи.* Қаласынан халқын құып, Кошелерін қанмен жуып. Кормегенін корсетіңдер, Қызыларын құн, ұтын құл ғып. [45-65]</p>

II нұсқадағы Шағдаттың біресе «бастықтарын дарға ас», біресе «ханын байлап тірі алып кел» деген бүйрығы тыңдарман үшін /оқырман үшін емес/ бір-біріне керекар секілді естіледі. Өйткені жырға ұйып отырған тыңдаушы үшін бастық та, хан да сол елдің билеушісі болғандықтан ә дегенде бұл екі сөздің парқын ажырата алмай қалуы да мүмкін. Одан кейінгі оқиғалар легінен қалып қоймас үшін тыңдарман сол түсінбеген екіудай күйде тыңдауды жалғастыра берсе, оқырман мәтінді қайта оқып, зерделеуге уақыты болады. Біздің пайыммызыша I-нұсқа (Шағдаттың «Пенде ғып қолын байлап алып кел» деген нақты бүйрықпен шектеліп, қосымша «бастығын дарға ас» деген бүйрықтың болмауы) дұрыс секілді.

Тағы да бір айта кететін мәселе Р. Мәзкожаев жырды қағазға түсіргендеге институт қызметкерлері тарапынан діни ұғымдарды, шеттен енген сөздерді мүмкіндігінше көп қолданбау туралы өтініш болған секілді. Соның салдарынан *Тәгдырдың* эрне болса қалауында... [66] – *Тәңірінің* эрне болса қалауында... [78]; *Бак-дәulet жасынан-ақ* берген екен... – *Бак-дәulet жастан Тәңірім* берген екен...; *Пенде қыт Раушанбекті алып кетті, Көңіліне қайғы-қасірет салып кетті...* [86-87] – *Ханы деп Раушанбекті алып кетті, Түрікпенді тыныш жатқан набыт* етті [100-101]; ...*Жасынан улкендерден* бата алышты. *Ажарлы, ақылы толық болғаннан соң, Раушанбек* сол себептен атаништы. [75-77] – ...*Жасынан шілтіндерден* бата алышты. *Айбарлы, ақылы артық болғаннан соң, Раушанбек* сол себептен атаништы [88-91] болып өзгерген.

Бұл жерде I-нұсқадағы «улкендерден», «ажарлы» деген сөздердің II-нұсқада «шілтіндерден», «айбарлы» болып өзгеруін негізсіз деп ойлаймыз. Себебі «Көрүғлы» эпосының Раушанбекке арналған бірінші саласында немесе басқа салаларында да бас қаһарманға ғана Раушанбекке көмекші шілтен, Қызыр, т.б. тарапынан көмек болғандығы туралы еш жерде айтылмайды. Бұл көмекші, жесбеуші күштер тек «Көрүғлының көрде туганы» атты екінші саладан бастап ғана көрініс таба бастайды. Ал, «ажарлы» сөзінің «айбарлыға» өзгеруінс келер болсақ «раушан» сөзі парсы тілінде «жарық, көрікті» деген мағынаны беретіндіктен I-нұсқада бас кейіпкердің Раушанбек атанды себебіне орынды түсінік берген.

I-нұсқа	II-нұсқа
<p>Даныншындық ақыл берген жас үлға. [190]</p> <p>Көрүгілінің құлақтар аттан түсірді,</p> <p>Үйнен әкеп шәрбат сұнын ішірді.</p> <p>— <i>Кәзір өлсем арманым жоқ көнілімде,</i></p> <p><i>Жібек баулы қолға берді</i> құсымды. [390-393]</p>	<p>Ақыл берген. Ҳақ Құдірст жас үлға. [232]</p> <p>Үйнен апкеп аттан алып түсірді,</p> <p>Қысып, сүйіп айы-куні мүсінді.</p> <p>Балуан ата. Қибі Бәтіма, жар бол деп,</p> <p>Бал аралас шәрбат сұнын ішірді.</p> <p>Арман жоқ деп көрті өлсем қызығын,</p> <p>Алмас қанат, қанды көзді құсымды.</p> <p>Аканайдыш айтқан түсін жорыған,</p> <p>Күләйім де көп сырларға түсінді [458-463]</p>

Жырдың өн бойында төл сөзді автор сөзіне немесе автор сөзін төл сөзге алмастыру фактісі жиі көзделеді. Бұл алмастырулар жырдың мазмұнына, тындаушы немесе оқырманның ұғынуына кері әсерін тигізбессе де текстологиялық тұрғыдан мұның маңызы зор. Біз осындағы өзгертулердің бір-екеуін ұсынуды жөн көрдік:

I-нұсқа	II-нұсқа
<p>«Мен слімде жүргіп едім алшақтан»,</p> <p><i>Аға берді көзден жасы бүршақтан.</i> [296-297]</p> <p>Сонда бала жасын алды көзіне,</p> <p><i>Құлагың сал Көрүгілінің сөзіне:</i></p> <p>— <i>Кол-аяғын шешіп жібер, ағажан.</i></p> <p>Қырық пілтеп айтты бүгін езіме [356-359]</p>	<p>«Өз елімде жүрдім көпіле алшақтан,</p> <p><i>Көзден жасым ақты бүгін бүршақтан.</i> [327-328]</p> <p>Сонда бала жасын алды көзіне:</p> <p>— <i>Сал құлағың, денті, аға, сөзіме.</i></p> <p>Қол-аяқты шешіп жібер, ағажан,</p> <p>Қырық пілтепдер түсінірде озіме.</p>

Төмендегі I-нұсқадағы а-а-б-а-б-а ұйқасына құрылған бір шумак II-нұсқада а-а-б-а ұйқасымен екі шумаққа бөлінуінс байланысты екі жол қосылған.

I-нұсқа	II-нұсқа
<p>Осы сөзде гүрақтатты пагнасын,</p> <p>Бес жұз тіллә санап берді ақнасын</p> <p>Бауыздамай соямыз деп гүйсіні.</p> <p>Тамашаға жиды жүргіттың баршасын.</p> <p>Аятын да байламаймыз түйсіні,</p> <p>Шын зат болса пығармайды дыбысын. [452-453]</p>	<p>Осы сөзбен тұрақтатты патнасын.</p> <p>Берді санап бес жұз тіллә ақнасын.</p> <p>Бауыздамай соямыз деп түйсіні.</p> <p>Тамашаға жиды жүргіттың баршасын.</p> <p>Аятын да байламаймыз түйсіні,</p> <p>Мен озім де осындейды сүйемін.</p> <p>Айтқан жерден пықирай қалса бұл гүйсін.</p> <p>Дарға тартың, мойның арқан ілемін.</p>

II-нұсқаға қосылған соңғы екі жол егер Раушанның сыйнышылықтан жаңылса дарға асылатынын яғни оның өмірінің қыл ұшында тұрғанын көрсетеді. Сондай-ақ бұл жолдар Шағдат ханның озбырлығын, жауыздығын дәле лідей түсугс, оның бейнесін ашуға көмекші болып тұр.

Кейбір шумактардың тұтасымен түсіп қалуы екі нұсқаға да тән жағдай. Мұндай кемшіліктердің салдарынан жырышының айтар ойы көмескілсіп, тыңдаушының жырды қабылдаудың қыннадады. II-нұсқада Райханның Әмударияға қарай қашқаны айтылмагандықтан, оның қайдан қарғып өткені түсініксіз болып қалған.

I-нұсқа	II-нұсқа
<p>Балаға Барша жылап амандасты, Сол кезде Райхан араб қамини басты. Бітіргін ойындағы бұл мақсатын. Дарияға Әму атты жақындасты... [127-130]</p> <p>Қарғытып Кокқасқамен отіп кетті, Көрүгін келген кезде жақындастып [137-138]</p>	<p>..... ..... ..... ..... .....</p> <p>Ар жакқа Кокқасқамен қарғып етті. Көрүгін жеткенінде жақындастып [148-149]</p>

II-нұсқада Раушанбекке әкесінің «Жат елдерде сыйны болма» дегені» [511] нақты айтылса, I-нұсқада ол «Әкесінің айтқаны түсіп есіне. Басын шайқап көп қамықкан секілді» [480-481] яғни I-нұсқада басқаша баяндағандықтан Толыбайдың баласына қандай өснет айтқаны белгісіз.

Кез-келген батырлық жыр халықтың еріккендес ермек етіл, уақыт өткізу үшін ғана тыңдайтын дүниесі емес, ол халықтың дүниетанымын кснейтіп, рухын көтерстін, жас үрпақты отаншылдыққа үндейтін тәрбие құралы екені белгілі. Ендеше ондай шығармалардың бабаларымыз ғасырлар бойғы көзбен көріп, көңілмен түйген өмір тәжірибесінен алып, тоқсан ауыз сөзге тобыктай түйін етіп үрпағына қалдырып кеткен макал-мәтел. нақыл сөздерімен өрнектелуі занды құбылыс. Бұл құбылыс «Көрүгін» эпосында да көрініс тапқанымен, біз салыстырып отырған екі нұсқада екі түрлі беріледі. Тіпті араб тілінен аударғанда «Сабыр қуаныш кілті» («Ассабр мифтахил фарик»)

деген мағынаны білдіретін мәтелдің өзі сол тілде баскаша берілген. Мысалы, I-нұсқадағы «Жолығар басқа бәле тілден деген» [628] – «*Ит қаппақ, қабан жирмақ ашуланса*» [667] болыш, «Ассабр мифтахил фарик» деген бар» [225] – «*Ассабр әлман<sup>11</sup> рақым*» дегендей» [231], «Мың залалдаш бір күн пайда» деген бар» [381] – «*Мың пейишиң бір күн тірлік*» деген бар» [393] болып өзгертилген.

Қ. Баймагамбетовтің белгілі ақын екені баршаға мәлім. Осы жырды қөпіру барысында да ол өзіндік қолтаңбасып қалдыраған. Бұған біз салыстырып отырған нұскалардағы айрмашылықтар дәлел бола алады. Ақын бірінші нұсқада жоқ монолог, диалогтарды өз тараапынаң қосып, ақындық шабытпен шалқыта жырлайды. Тіпті I-нұсқада кездессетін жолдардың өзін әдебі тілде көркемдеп жеткізген. Мысалы, Сақтады құдіретімен Жаппар Халық. [54] – *Шолтанның жұлдызындаи от бол жанын* [66]; Сүйгеш ерге жаратқан Хақ жар екен. Әбден байқап анық көрсем шамасын, [160-161] – *Кескіні кент, қараганы қала екен. Күнөй күліп, көзінен от жанын тұр,* [176-177]; Боз биеге қамшы басты. Неше күндей тынбай жүріп, Небір биік таудан асты – *Асу-асу белден асты. Махаббаты тартып елдің, Жайнаң конілі шұғыла шашты* [662-665].

Байқап отырғанымыздай Қ. Баймагамбетовтің өз тараапынаң енгізген көркемдеу тәсілдері жырдың тілін әдебиелендіріп, оның күндылығына көлецке түсірген.

Төменде көлтірілген салыстырулардан екі нұсқада бір оқиғаны екі түрлі баяндағаны аңғарамыз. Мысалы Шағдат патшаның «жігіттің сырттанын тап» деген бүйіріғын орындағысы келмеген Раушанбектің жауабы: «*Қайта-қайта айттайын деп өтінді*» [508] «*Қайта-қайта білмеймін деп өтінді*» [545].

I-нұсқада Раушанбек Шағдаттың наесілсіз екенін біле тұра айтқысы келмегені түсінікті болса, II-нұсқада ол ештеңеден хабарсыз сиякты көріпседі. Яғни сыншының шындықты айтса өз өмірі катерге тігілерін білгепдіктен сынағысы келмегені скінші нұсқада көрініс таптаған. Сонымен катар скі нұсқада

<sup>11</sup> Бұл сөздің мағынасы сөздіктен табылмады. Көшіруші гарапынан каге жазылды берілуі де мүмкін.

кейіпкерлердің қабылдаған шешімі бір-біріне қарама-қайшы келіп жататын тұстары да жоқ емес. I-нұсқада Ақанай әкесі мен күйеуін түркімен еліне шығарып салып тұрғанда «Тағдыр іске нендей шара қыламын. ... Лажым жок, енді қайда барамын?!» [689-690] деп шарасыздыққа салынса, II-нұсқада «Бақ қаласа мен де мұмкін баармын. ... Та көргенше желден хабар алармын» [752-753] деп өзінің де атажұртыша оралуға пейілді екенін білдіреді. Ал балалықпен жеңгесінен айрылып қалған Көрүғұлы бірінші нұсқада «Тірі жұрсем көремін» деп өкіпіп» [161] келешекте Райхан арабтан кек алуға сол кезде-ақ бекінсе, II-нұсқада «Ақ ісіне амал болмас» деді де, амалсыздан өкіпіп басын шайқап» [176-177] бойкүйездікке салынып, үйіне кайтып кетеді. Тағы да бірнеше мысал: «Тұлпардың нақілінен болған жануар, Жылқының бәрінен бас болған еді» [81-82] – Тұлпардан қалған тұяқ жануар деп, Жылқыга әткеп қосып қойған еді» [98-97]. I-нұсқада Ғаждамбектің боз биесі тұлпардың нақілі ғана емес, «жылқының бәрінен бас болса», II-нұсқада ол әшейін үйірге әкеп қоса салған «тұлпардан қалған тұяқ жануар» ғана. Нәтижесінде мал ұстаган әрбір казакқа таныс кез-келген үйірдің немесе отардың ішінде иесіне құтбереке әкслетін бір мал болады деген көнден келе жатқан ұғым адыра қалып, боз биенің өзгелерден ерекшелігін сол ұғымға сай етіп көрсетпек болған жыраудың әрекеті ақының араласуымен зия кеткен.

Нұсқаларда көптеген сөздер синонимімен ауыстырылып берілген. Бірер мысал келтірер болсақ: Торыны сол дуалға сал, – деп айтты [768] – Торыны сол қорғанға сал, – деп айтты [836]; Қанша мықты болғанменен не пайда [362] – Қанша қүшті болғаныңнан не пайда [370]; Байлаған жіп қиын барад білегім [364] – Байлаған жіп бунап барад білегім [422] т.б.

## Бірінші саланың аяқталуы:

I-нұсқа	II-нұсқа
<p>Бірлік қылды ортасынан туганы, Үйбасынан қараждатты жинаады. <i>Шанбілбелдің шатыр салып басынан,</i> <i>Raushanbekti соган қойып сыйлады.</i> Раждамбекті туысқаны әкетті, <i>Сарай салып көрсетті халық</i> <i>курметті</i> <i>Ортасынан Барша сұлу әнерін,</i> <i>Сондай сыйлық туысқаны көрсетті.</i> Осыменен бітті <i>Raushan саласы.</i> <i>Іште қалды Корұғлыдай баласы.</i> Екінші сөз <i>Күләйімнен айтамыз,</i> Дүшмандарда қалды ұзақ арасы [1200-1207]</p>	<p>Бірлік қылыш туысқандары сыйлады, Әрі туган, әрі жаңа мейманы. Арып-ашып аңсал келген туган деп, Үй басынан бір-бір қара жинаады. Раждамбекті туғандары әкетті, <i>Бір-бір қара берді жинап зекетті.</i> <i>Бұл екеуді жаста берсін Шамбілде,</i> <i>Күләйімнен келтірейік бір кепті</i> [1366-1369] ..... ..... ..... .....</p>

Екінші сала Мәзқожаев өз колымен жазған дәптердің сыртында «Көрүглиның көрден туғаны» деп жазылса, мәтіннің басында «Көрден туған Көрүглиның екінші саласы» деп көрсеткен. Ал II-нұсқада екі сала бірігіп кеткендіктен бағананың шетіне «Көрден туған Көрүгли. 2-сала» деп бөтен адамның қолымен, кирилл әрпінде жазылған. Эрине, II-нұсқада екінші саланың басталғандығы туралы жыршы тарапынан ескерту жасалмағандығы айтпаса да түсінікті. I-нұсқаның кіріспесінде жырау бұл жырды кімдерден үйренгендердің туралы зерттеушілер үшін аса құнды мәлімет келтіреді.

II-нұсқада жүкті болған Ақанай өзінің көп ұзамай дүние салатынын, ішіндегі сәбійн көр ішінде туатынын түсінде шілтендерден естіп, оны анасына ескерtedі. Қызының дүние салғаннан кейін көр ішінде босанатынынан хабардар болған анасы белгілі бір әрекетке баруға тиіс еді, бірақ ол өйтпейді. Баланы жеті жылдан кейін жылқышысы кездейсок кезіктіргенде ғана қызының айтқанын есіне алады. I-нұсқада Ақанайдың анасына түсін баяндауы да, бала кездейсок табылғанда Күләйімнің Ақанай қаза болар алдында айтқан ескертуін есіне алуы да айтылмайды. Демек, бұл эпизод Қ. Баймағамбетов тарапынан қосылған.

Келесі мәселе Көрүглиның бейнесіне қатысты. Р. Мәзқожаевтың қолжазбасында басты қаһарманың бейнесін сипаттау

жокқа тән болса, Қ. Баймағамбетовте ол былайша сипатталады: Кескініңде кеменгерлің түрі бар, Келбетіңде періштенің нұры бар...; Әр мүшесі бөрі көкжал арландай; Иықты, жауырынды, кең келбетті; Апай төс көзі ала түсі суық, Тұлғалы, алғыр бүркіт, түсі суық;

II-нұсқада қаһарманның анасы жолбарыстың жүргегіне жерік болатыны айтылады. Шілтендер Көрүгліны арыстанға мінгізеді. Сонда бала «камшы қып айдағарды және ұстады» десінеді.

II-нұсқаға кеңістік пен жиынтық мөлшерге нақтылық тән екені анықталды. Мысалы: бір топ адам – қырық шақты адам; біраз жерге – *сәскелік жер*; біраз жерге барған соң – мың қадамдай шегініп т.б.

Сондай-ақ I-нұсқадағы «ақсүңқар» [454] – «арыстан» болып [545], құралайдай көзіне [21] – *кеседей от* көзіне [31] болып ауыстырылған.

I-нұсқадағы көне түркі сөздері мен шеттен енген сөздер де II-нұсқада қазақ тілінде берілген. Мысалы: Көрдің іші шам жаққандай *раушан* [177] - Көрдің іші шам жаққандай *жап-жарық* [219]; *Мұддағаңды* келтірсің орынға [377-378] – *Мақсатыңды* келтіреміз орынға [388-390]; Мен садаға көзің *біргән* қасыца [212]

Мен садага көзің *менен* қасыца [222] т.б.

Сонымен екі нұсқаны салыстыру барысында мына дай айырмашылыктар анықталды:

- I. Діни атаулардың өзгеруі
- II. Төл сөздің автор сөзіне алмасуы
- III. Тыңнан қосылған елең жолдары
- IV. Мағынасы анық емес жолдар
- V. Мақал-мәтелдердегі өзгерістер
- VI. Жазба әлебиеттің көрінісі
- VII. Мағыпасы қайшы шумақтар
- VIII. Синоним сөздермен ауыстыру.
- IX. Көрүгліның сипатының бірінші нұсқада болмауы
- X. Кеңістік пен жиынтық мөлшердегі нақтылық
- XI. Тендеулердің ауыстырылуы
- XII. Көне түркі сөздері мен шеттен енген сөзлердің ауыстырылуы.

Осы айырмалылықтардан К. Баймағамбетовтің жыраудан мәтінді сөзбес-сөз жазып алмағаныша, яғни өз тарапынан да өзгеріс енгізгеніне көз жеткізіп отырмыз. Мұндай жәйттер тура-лы Т. Сыдыков: «әр эпостың ортақ элементтерімен бірге оның қазак халқының аузында айтылыш келе жатқандығымен байланысты әр жыр нұсқаларының өзіндік жеке ерекшелігі бар. Ақын, жыршылар белгілі бір эпикалық шығарманы жадында сактай отырып, эпостың қай жері тындаушыларға қатты ұнайтындығын ескеріп, олар творчестволық жолмен өз тарапынан толықтырулар косқан» [8, 93] десе, профессор Б. Әзібаевың «бір туындының бір жыршыдан / айтушыдан арасына біраз уақыт салып жазылып алғынған мәтіні, бір шығарманың екі я одан да көп орындаушыларынан жазылып алғынған мәтіндері, белгілі бір шығарманың еліміздің түрлі аймақтарында жазылып алғынған мәтіндері, белгілі шығарманы бір жыршыдан тараған, бірақ ұстазынан үйренген шығарманы өндеп, өзінше жырлаған орындаушыларынан жазылып алғынған мәтіндері т.б. сол шығарманың варианттары болып табылады» дейді. Соңдықтан, жоғарыда аты аталған ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып К. Баймағамбетов хатқа түсірген нұсқаны негізге ала отырып жырланған дербес нұсқа деп қарастыру керек деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. К. және М. Чэдвиктер. «Становление литературы». (K.M. Chadwick and M.K. Chadwick, The Growth of Literature. vol. I – III, London, 1932 – 1940.
2. Ш. Ыбыраев. Эпос әлемі. Алматы, 1993.
3. Бабалар сөзі Жұстомдық. – Астана, – 2008. Т. 48 Багырлар жыры. Құраст Әзібаева Б., Ақан А.
4. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. Алматы, 1976.
5. Қасқабасов С.А. Қазақ фольклорындағы тұтасташу құбылысы, Жұлдыз №11, 1992.
6. Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. М., 1986.
7. Батырлар жыры, ІУ т. Қөрүғлі. Құраст. М.Ғұмарова, Ж.Әбішев.Алматы. 1989.
8. Сыдыков Т Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы, 2002.
9. ӘФИ КҚ, 89 бума

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАРДЫҢ ТҮТҚЫНГА ТУСУ САРЫНЫ

Эпикалық жырларда идеал деңгейіне көтеріліп жырланған батыр - жалпы халық мұддесін қорғаушы, халыктың жоғын жоктауши. Себеби «халық үшін кайрат көрсетпеген кісіні эпос еш уақытта ардақтап, аспанға көтермеген» [1, 101]. Батырдың мінез-құлқының ашыла түсер тұсы ол - күштілер өктемдігінс, зұлымдығына қарсы аттанып олармен көбінес жалғыз қиян-кескі ұрыстарға түсіп небір каяуіп-қатерді бастап кешкен, қалың қолға бір өзі шапқан соғыстары. Эпикалық жырларда батырлардың ең басты белгісі оның кайтпастыры, кайсарлығы және де елден ерек күштілігі. Бірақ қалай болғанда да батыр да адам. Яғни оның да әлсіз жақтары болады. Ол алдындағы «кедергілерді әр кезде опонай жеңіп төшіға алмайды. Жауелінде соғыста жараланып, неше түрлі каяуіп қатерге кез болып тұтқын болып зарығып жалғызыдық азабын тартады. Демек, мұнда батырдың психологиялық сәттері, кедергі атаулының шындыққа жақындауы мол. Әрекет бар да оны тарихи-әлеуметтік себептермен, адам тағдырым мен жан жақты өрелестіру бар» [2, 261].

Түркі халықтары эпикалық жырларында батырлардың тұтқынға тусу сарыны жіңі кездеседі. Бұл мотивтің ішкі ерекшеліктері мен ортақ тұстары да бар екені түсінікті. Мәселен жырлардағы мотив ортақтырына батырлардың бетпе-бет жесіліп тұтқындалмайтындығын атауға болады. Көбіне батыр жеген тамағынан уланаңп немесе ішкен сузынынан ес білмей құлап жатқанда немесе қалың үйкіға кеткенде (оны батырлардың «калып үйкісі» деп атайды) киын жағдайға тап болып, тұтқынға түскенін анғарамыз. Мәселен бұл «Алып манаш», «Қорқыт ата жырлары», «Қозын Еркеш», «Алпамыша», «Манас» жырларында көнтеп ұшырасады. Біздің зерттеуімізге арқау болған Алпамыс, Қобыланды, Жаныш-Байыш, Ер Табылды, Баттал Гази /Сейіт Баттал/ және Данишменд Гази жырларында да аталағыш сарын жіңі ұшырасады.

Халық алып батыр бір үйіктағанда «көк жарылып жерге түссе де» селт етпейді, бұл оның жеңілмейтін алып күшпінің белгісі деп түсінеді» [3, 94]. «Ұлы батырлардың үйқысы ұзақ болады. Батырлар ұзақ үйіктағанда тез өседі және алып үйқыларынан батырлар оянған соң жырларда негізгі оқиғалар басталады » [4, 586].

Оғыздар үйқыны «өткінші өлім» деп атаған. Қазан хан бір үйіктағанда жеті күн үйіктасты деген. Қазан хан да жауға үйіктаған кезінде тұтқын болады [5, 114]. Қорқыт жырларында Секрек те үш рет жау елінде үйікташ қалады, екеуінде атының оятуымен құтылса, үшінші рет жау елінде тұтқын болып жүрген ағасы келіп, оның оғыздың жігіті екенін біліп құтқарады [5, 110-111].

Манас жырында «Шоң қазатта» Алмамбет, Шұбақ, Сырғак Бейжінге тиіп, Қоңыrbай бастаған қытай әскеріне төтеп бере алмай шегінгенде, Манас әлі алып үйқының үстінде жатады. Жау келіп жағасынан алуға таянғанда ғана ұшып тұрып, жауды серпілте бастайды. Көкетайдың асында бәйге аттары келгенше Манас аспанмен тілдескен бәйтеректің түбінде бірнеше күн үйікташ жатады. «Жер айрылып су шыққанша» үйқысы ашылмайды» [3, 94].

«Алпамыста» да батыр мыстан кемпір алып келген қырық қыздың қолынан арақ ішіп мас болып үйіктағанда қолға түседі [6,38]. «Қобыландыда» да батыр үйіктаған кезінде Қебікті батыр тарапынан тұтқындалады [6, 110]. «Жаныш-Байыш» жырында Байыш та жаудың қолынан құтылып, еліне қайтар жолында «калып үйқыға» кетеді.

Жолбарыс келіп шапқанда да ол тұрмайды. Белқыс оны не істесе де тұрғыза алмайды [7, 82]. Түрік батырларының «үйіктаған кезде тұтқынға түсуі» сарыны «Баттал Гази» жырында да жалғастық табады. Баттал болашақ жары Кетаюнның берген сиқырлы исін искегенде үйікташ қалып тұтқынға түседі [8, 253]. Ал жалған пайғамбар Бабекті іздел мінген кемеде Бабектің досының берген тағамын жегенде батыр үйікташ кетеді. Бабек қылышпен қанша шапсада батырға түк болмайды, ақыры олар батырдың қолын аяғын байлап теңзіге лактырады [8, 324].

Жырларға кеңірек тоқталып батырлардың тұтқынға түсу сарының жеке-жеке қарастырайық.

«Алпамыста» неше күндер ұшқан күспен жарысқан Шұбар атымен шаршап бір күндері бар жайдан бейхабар келе жатқан батыр Қаракөзді бас қылып, қырық қыз және қырық отауымен айдын көлдің бойында өзін тосып отырган мыстан кемпірдің күтіп жатқан жеріне келеді. Кемпір жылап батырдың алдынан шығады. Себебін сұраған батырға: Жіделібайсын жерінен, Қоңырат деген елінен Байберінің жылқысын Тайшық ханның алғанын естіген қырық балам оған қарсы шықты. Тайшық хан сол себепті бәрінде өлтірді. Міне құдайдан күштүні келуінді сұрап сені күтіп түрмүн дейді. Батыр кемпірге сеніп «кел шеше атқа мінгес» - дейді. Озіне жақындаған мыстаның арам піғылынын сезген есті де асыл жашуар Шұбар қос аяғымен кемпірді тебеді. Бірақ Шұбардың бүл мінезін түсінбеген батыр қатты ашуға мініп қылышымен оны шабады. Ал батырдың бабалары батырды корғағаны сияқты оның тұлпарын да корғайды. Олар батырдың қылышын қағады да тұлпар аман калады. Кемпір аяғында батырды алдаап сулап атынан түсіріп сусын орнына қырық қыздың қолымен шарап бергізіп, оны әбден мас қылады. Осында ханның қызы Қаракөз назарға беріліп ертегінде күні кімнің батырға болысатыны да сездірілседі.

Жаңа шықкан он бірге  
Бір жылда шықкан төл еді.  
Ханның қызы Қаракөз  
Ішінде жүрген сері еді...  
Ақылменен аңғарып,  
Ер екеніп біледі.  
Кемпірден көңіл суытып,  
Ата-анасын ұмытып,  
Балаға көңіл бөледі.

Әбден мас болған батырға ескерту жасауға Қарагөз неше рет оқталса да мыстан оған мүмкіншілік бермейді. Ақыры мас болып батыр бала құлайды. Соны көріп мыстан:

Отаудың бәрін жықтырып,  
Алпамыстың үстінс  
Қабаттап әкеп үйеді

де оларды өртейді. Тұтіннің шыкқанын көрген қалың қалмак колы жетіп келіп:

Алпамыстың үстінен  
Отын ашып көреді.  
Күрекленен шоқ салса  
Жақыпдамай сөнеді.  
Барлығы мұны көреді.  
От ішінен байлас ап,  
Тайшық ханның алдына  
Пенде ғып әкеп береді.

Мінс батыр ес білмей үйіктаған кезінде осылай қалмақтың қолына тұтқынға түседі. Ал батырдың басына күн туған кезде оны бабалары тағы да қорғайды» [6, 38].

«Қобыланды» жырында болса батырдың қасына Қараман келіп, оның ерлігін мактап, өзінің жаумен соғыса алмағанын, арманда қайтагының сол себепті жақын жердегі шаһарда Қебікті хан деген атақты ер болғанын айтып «оны өлтіріп көп жылқысын да айдал қетейік» – дейді. Қобыланды Қараманиның сезін макұл көріп, екеуі асып-тасып бір аллаға сиынбай, пірлерін жад қылмай жаңылып Қебіктінің жылқысына барып тиеді. Қебіктінің жылқыдағы Тарлан аты келген кіслерлің жау екептін сезіп шаһарға ұстаптай қашып кетеді. Құртқапың айткан қырық үш күннің кемдігінен Тайбурыл Тарлан атка жете алмай қалады. Жылқысына жау тигенін білген Қебікті Тарлан атка мініп келіп:

«Ел иесіз дедің бе?  
Жер иесіз дедің бе?  
Мал иесіз дедің бе?  
Жен иесіз дедің бе?...  
Жусап жаткан жылқымның  
Жусауын бұзған кім едің,

Батыр жігіт қайдасың» - деп сөз айтады. Осы кезде Қобыланды қалың үйқының үстінде болады. Ал Қебіктінің сезінен ашууланған

Қарамаң оны наизасымен шанышпаққа үмтыйлады. Бірақ Қебікті оны оп-оңай желкесінен ұстап тақымына басып алады. Осы кезде қалың ұйқыда жатқан Қобыландыны да ол «оянып кетсе болмас» - деп ұйықтап жатқан жерінде тоғыз қабат тор салып бекітіп байлаپ алады. Осылай Қобыланды батыр жаудың қолына бір Аллаға сыйынбай, пірлерін еске алмағаны себепті олардың колдауынсыз қалғандығынаң ұйықтаған кезінде, еш соғыссыз-ақ тұтқын болады [6, 110].

«Жаныш-Байыш» жырында батырлар Алакөлде жүргенде бірден өздеріне шабуыл жасаған қалмақтармен соғыса кетеді. Соғыстың ең қызған кезінде Жаныш пен Байыш қырық жігіттерінен айрылып қалады да өздері қалың қалмақ қолымен соғысады. Қалмақтар бір кезде шалма тастап Байышты тұтқындайды. Ал қатты жарақаттанған Жанышты аты алып қашып кетіп жаудан құтқарады. Байыш осылай жаумен тікелей болған соғыс інтижесінде-яғни ұйықтаған кезде емес - тұтқынға түседі [7, 53]. Ал Байыштың «қалың ұйқыға» кетуі және жолбарыс шапқанда да орынан тұрмауы жау тұтқындығынаң құтылып Белқыс пен бірге елге қайтар жолында артынаң жаудың да қуып келс жатқаң кезінде болады. Ол кезде қасындағы Белқыс оны не істесе де ұйқысынан ояга алмай қояды [7, 82].

Ал «Ер Табылды» жырында басқа жырлардағы сияқты дәстүрлі «батырдың жауға тұтқын болуы» сарыны кездеспейді. Бірақ батырдың елінен алысқа жорыққа аттанып, сол жорық кезінде сәтсіздікке ұшырап жау қолына тұтқынға түсіп, слімен байланыс үзгені сияқты Ер Табылдының да қалмақпен соғысы кезінде бас жауы Чалкалмақтың қолынан катты жарақаттанып Манастың күмбезіндегі емшіге баруы [9, 223-224], сонда ұзак уақыт емделіп еліне қайтуы басқа жырлардағы тұтқынға түскен батырлардың жағдайымен ұқсас /батырдың қатты жарақаттануы - оның елінен алысқа емшіге баруына, ал емшіге барып сонда ұзак уақыт емделуі - батыр жоқта елінің, отбасының қышидық көрүшіне себеп болады [9, 223-303].

«Баттал Гази» жырында осы мотив бойынша оқигалар батырлардың /Алпамыс, Қобыланды/ екінші рет жау еліне аттанған кезінде өтеді. Жалпы батыр жау еліне барғанда тұтқын

болады. «Баттал Гази» жырында батыр біз салыстырған /Алпамыс, Қобыланды, Жаныш-Байыш/ жырларындағыдай бір емес, керісінше бірнеше рет тұтқынға түседі. Бірінші рет тұтқынға түскені болса Батталдың Харджын қаласына аттанған сапарында болады. Баттал Харджынға барып қалаға кіре алмаған соң қалапың сыртындағы тауды мекендейді де ары-бәрі өтіп жатқағ әскерлерге күнде шабуыл жасап олардың кейбіреуін тұтқындап әкеле жаткан заттарын тартып алады. Кайзердің бектерінен Тарииоп қанша рет әскер жіберсе де Батталға олар түк істей алмай қояды. Ақыры өзі бар әскерін жинап келгенде тұра памаз оқуға тұрған Батталдың үстінен түседі. Екі жұз таңдаулы әскер бірден жабылып Батталды тұтқындайды. Батыр осылай соғыссыз тұтқынға түседі [8, 168]. Бірак Аллаға беріліп, үйын намаз оқығанда фәни дүниемен байланысын үзген батырдың жағдайы алып ұйқыға кеткен батырлардың жағдайымен ұқсас екені мәлім. Екінші рет тұтқынға түскені кайзердің қызы Кетаюонды алып қашып кеткенде болады. Кайзер қызы Кетаюонды Батталдың алып қашқанын естіп қалың қолды олардың артынан жібереді. Баттал жолда бір қорғанға келіп демалуға токтайды. Кетаюп мұсылман болатынын айтып Батталды және қасындағы оның жолдастары Бедрун Шах пен Адны Бануды алдайды. Батыр Кайзердің қалың қолымын шайқасар алдында Кетаюп Батталға сикырлы бір иісті иіскеңкенде батыр ұйықтап қалады. Бірак батыр шайқастың алдында ұйықтап кеткендіктен Кайзердің қалың қолымен Бедрун Шах пен Адны Бану шайқасады. Жауға күштері жетпейтініне кездері жеткен олар оята алмаған соң Батталды қалдыруға мәжбүр болып қашып кетеді. Ал батыр Алпамыстай ұйықтаган кезде тұтқынға түседі. [8, 253]. Ал «Данишменд гази» жырында батырдың тұтқынға түсуі сарыны кездеспейді [10].

Жалпы қорыта келе батырлардың жау еліне келіп жаумен белдесуі және кейде осы келісі сәтсіз болып батырларымыздың тұтқынға түсуі жағынап жырларымызда /Алпамыс, Қобыланды, Жаныш-Байыш, Баттал гази/ көп ұқсастықтар барын айтуымыз ләзім. Жау патша-бектері /Алпамыста-Тайшық хан, Жаныш-Байышта-Шұмұрұт, Баттал Газиде-Фирдеус/ батырларымыздың келетініңек көрген түстері арқылы хабарлар болып /

Алпамыс, Жаныш-Байыш, Баттал гази/ олардан құтылудың амалын ойлап кіслер жұмысайды /«Алпамыста» - мысттан кемпір, «Жаныш-Байышта» - Желмаян, «Баттал Газиде» - Синджар/. Алпамыс жау еліне келіп Тайшық хан жіберген мыстанның алдауымен оның берген сусынын ішіп мас болып, ұйықтаған кезінде тұтқын болса, «Жаныш, Байышта» батырлардың оқ өткізбейтін киелі ақ олпақтарын Желмаян ұрлағаннан кейін жаудың қалың қолымен үлкен соғыс болады да жалғыз Байыш ғана тұтқынға түседі. Бірақ Байыш жырдағы негізгі кейіпкер болғандықтан басқа жырлармен осы сарын бойынша ұқсас екендігін айта ала-мыз. Ал «Баттал Газиде» де жау патшасы Фирдеустің жіберген батыры Сингжармен кездескен Баттал оны өлтіреді. Демек, «Алпамыс» және «Жаныш-Байыштағы» жау хандарының жіберген кіслерінің кесірінен батыр тұтқынға түспейді. Бірінші рет тұтқынға түскен Харджын қаласына барған сапарында болса батыр намаз оқығанда тұтқындалады. Ал болашақ жары Кетаюнды алуға аттанған сапарында Баттал Гази Кетаюның алдап берген сиқырлы исін искеп ұйықтап қалады да батыр «Алпамыстағыдай» ұйықтаған кезде тұтқынға түседі.

Асылы жырларда батырлардың ұйықтаған кездерінде тұтқынға тусу сарыны жіе кездеседі. Әрі мұндай мотивтік ұқсастықтар түркі халықтары эпикалық жырларын зерттеудің типологиялық һәм методологиялық негізіне арқа болмақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ökul Çobanoğlu. Türk Dünyası Epiç Destan Geleneği-Ankara. 2003.
2. Ш. Ыбыраев. Эпос әлемі Алматы. 1993.
3. Әлкей марғұлан-Ежелі Жыр Аңыздар - Алмагы. 1985.
4. Bahaeeddin Ögel. Türk Mitołusı 2.c. – Ankara. 1995.
5. Қорқыт ата кітабы. Алматы. 1986.
6. Төрт Батыр. Алмагы. 1990.
7. Жаныш-Байыш. Бишкек. 2002.
8. Necati Demir. Mehmet Dursun Erdem, Battal Gazi Destanı. Ankara. 2006.
9. Иырдакбек. Эр Табылды. Бишкек. 2002.
10. Necati Demir. Danışmend-Name.Harvard Üniversitesi Yayınları. 2002.

## КӨРКЕМ СӨЗДІҚ ТІЛІ МЕН МАҒЫНАЛЫҚ ТЕРЕҢДІГІ (Т. Әбліковтің «Парасат майданы» повесі негізінде)

Бүгінгі әдебиеттанулық мәселелер түрлі бағытта дамып, күрделі ізденістер мен әдістемелік зерттеу тәсілдерін туғызуда, бірақ мұның барлығы айналып келгенде көркем мәтіннің мазмұнынан бастау алатыны шындық. Бізде осы мәсслеге аса пазар аударылмай келеді.

Әдебиеттанушылар көбіне әдебиеттанулық талдауларды көркем мәтіннен белек алғып карастыруда. Бұл үлкен қателік, әдебиетті жалаң теориялық талдауларға бастауда. Осы тұрғыда, макалада көркем мәтінді жеке тілдік әрі мағыналық тұрғыдан карастыруда максат еттік. Материал ретінде алынып отырган туынды – Телен Әбліковтің «Парасат майданы» повесі.

Аталмыш повесть баспа бетін көргенде оқыс маңдайға тиген тас тәрізді оқырман қауымды да, шығармашыл топты да селт еткізгені шындық. Себебі әдебиет бір сарынды болды да, оқырман жалықты. Әбліков жаңалық болып сезілді. «Парасат майданы» бәлендей сюжетке құрылмаған Шығарма. Бас кейіпкер жүйке ауруына шалдыққандығы себепті аурухапада жатады. Сол кезде ол өз оміріндегі үлкен бір өзгерісті байқап таң-тамаша болады. Тозып кеткен жүйкесі сыр беріп, жынданып кете жаздайды. Ол өзгерісті күшлеңгінен байқайды. Күнделігінде 3 наурыз күні жазған жазбалары барда, 4, 5, 6, паурыз мүлде жоқ, одан кейін 7 паурыздан бастап жазбалары ары қарай кайта жалғасады. Ал жазылмаған күндерде не істегенін, қайда жүргенін есіне түсіре алмай дал болады. Бейне біраз ғұмырын жоғалытқан адал тәрізді. Миы жетпейді. Және күнде таңертең төсегінің басында өзіне жазылған бейтаниң жанның хаттарын оқиды. Кім жазды, бөлмеме қалай кірді, рұхсатсыз кіріп жүрген кім? Басын қатырған жұмбактың бірі осы. Бейтаниң жанның ақыры хат арқылы қалай ой белісіп кеткенін де білмей қалады. Парасатты ойлар айтылған хаттармен ой беліседі. Хаттарда әлемдегі ғұламалардың пікірлері еріп жүреді. Кезітуге үәде беріссе де, айтылған жерден бейтаниң құрбысын көре ал-

майды. Жыпдануға шақ қалаңы. Сонында бейтаныс құрбысы өзі болып шығады. Денесінің екіге жарылғанын, өзіне-өзі хат жазып жүргенін дәрігерлер дәлелдеп береді. Сосын бас кейіпкерімі қатты қамығады. Ақыры өлу бекіміне келеді. Ваннаға кіріп күре тамырын қызып жібермек болады. Сонда ғана бейтаныс құрбысынан яғни өз жарты денесінен құтыла алтынына көзі жетеді. Бас кейіпкер тағдыры осылай трагедияға ұшырайды да, шығарма Мұқағали Макатаевтің өте ауыр бір өлеңімен аяқталады.

«Парасат майданында» оқырман, әрине, оқиға қуаламайды. Ой қуалайды. Жалт беріп, қаша жөнелген жұмбақтың шешуін табуды қөксейді. Сюжет шарықтау шегінде жеткенде, оқырман қиялы әңгі-тәңкі күйде, пе болар екен деген жалғыз сұралқ. Бейтаныс құрбысын іздеген мениң ішкі психологиясы. Адамдардың бәріне күмәндانا қараған бейнесі оқырман ойын жетелейді. Оқырман да әттең «Жұмбақ кейіпкер» кім болар екен. Арты калай аяқталады деп тықырши отырып шығарманы оқып болған соң үh, деп күрсінеді.

Басын оқысаң аяғын түсіне қоятын шикі проза, жалаң баяндау, құрделі басталып барып, тұйыққа тіреле, ойдың быт-шыт болып шашырап жоғалған таяз шимайлар. Оқырманды қызықтырам десп нәпсіні каламға мінгізу, бұл көркем шығарманың ен бірінші жауы. Әбліков мұндағы бойұрмаған.

«Парасат майданы» мистикалық шығарма. Тұлғаның екіге жарылуы. Бұл мифологияда бар. Сондай-ақ қарапайым халық арасында аруақтардың қайтып келгені, біреуге кезккені туралы бұрыннан айтылып жүрген жэйт. Тіпті діни кітаптарда «Елес дене» туралы айтылады. Мұны көптеген дінтанушылар құттайды. Және ислам ғұламаларының ұғымында шейіттер өлмейді. Олар барзак әлемінде өмір сүрелі. Өлгендерін өзлери де сезбейді. Кейбіреулері адамдардың арасына келіп-кетіп, кезігіп жүрсі, деген көзкарас бар. Сондай-ақ оны дәлелдейді. Діни әдебиеттерде әулие адамдардың бір мезетте екі, тіпті үш жерде өмір сүргсі, оны кейбіреулер дәл сол мезетте соғыс майданында, кейбіреулер қажыда көрс, кейбіреулер дін уағыздан жүргеніп көргсі. Мұны дінтанушы ғалымдар көптеген жерлерде дәлелдейді. Тіпті шығыстың фантазиялық шығармаларында көп кездеседі. Мысалы, Қытай тарихындағы «Батысқа саяхат» атты ең

атақты романында бас кейіпкер Сүп укуң көзді анып жұмғапша, аспанға немесе теңіздің астына орын ауыстыра алады. Жарты денесі тұрған орнында жансыз мұсін болып қалады да, көрер көзге өзын бар сықылды көрстеді. Ал ислам дінінде шейіттердің денелері әлдеқаңша жерде жүрсе де, жанды бейнеде әрекет етеді.

«Парасат майданыңдағы» тұлғаның екіге бөлінуі - жұмбак. Ал европада немесе жапон әдебиетінде, бір адамның екісі бөлініп, скі түрлі өмір сұруі жаңалық емес.

Елес дене тақырыбын сол себепті біреу өте жақсы қабылдаса, бәз біреулер өре түрегеліп қарсы тұрады. Түсінген түсінбегенімен өздерінің де какысы болмайды. Кейінгі кезде бұл тақырыпқа көптеген жазушыларымыз қалам тартып жүргені белгілі. Мәслелен: Мұхтар Мағауинның «Елес» әңгімесі, «Жармақ» романы. Сондай-ақ жастар прозасында Мәдина Омарованиң «Жол үстінде», «Күзгі бір кеште» әңгімелері т.б.

Сондыктан, «Парасат майданының» жаңалығы тұлғаның екіге бөлінуін арқау еткенлігінде емес, европалық сюжетті шебер пайдаланып, сәтті аяқталған шығарма жазуында.

Шығармадагы кеңістік парасат кеңістігі, парасат майданы, майдан шебіндегі қарама-карсы жауынгердей бір майданда тұрып хаттар арқылы парасағты ойлармен шайқасу. Ақ пен қараның айқасуы тәрізді. Қундіз бір түрлі адам болып өмір сүрсе, түнгі он скідең кейін тағы бір адам болып өмір сүріп, өз-өзің хат жазу. Және өзінің түнгі жартысының, яғни бейтаның құрбысының іздеу. Бейтаның құрбысының да сыңарын көруді зарыға аңсап жазған хаттар. Сондағы менинің ішкі жан-айқайы, күйзелісі және екінші жартысының өмірге, адамдарға, өркениетке өгейсіген көңілмен қарауы. Бір көзбен қарасаң ауру. Екінші көзбен карасаң, даналықтың жаршысы іспетті.

Бұқіл әлемдегі қасіретті менинің орамды ойларымен, бейтаның құрбысының хаттарымен түйіндейді. Мысалы:

«Өзінің анасын зорлаған немесе өлтірген...

Өзінің балигаға толмаған қызын зорланған  
немесе өлтірген...

Сәбиін өлтіріп, коқсыққа тастаған келіншек...

Оз ұлына тұрмысқа ныққан миллионер әйел...

Адам етіл жеген маняктар...  
Еркекке үйленген еркектер....  
Олікпен қарым-катаңас жасағандар...» [2,9].

Міне, бұлар әлемдік мәселелер. Адамзат әлемін сонау пайғамбарлар заманынан бұрын және пайғамбарлар заманында талай талқандаған. Жердің астына неме судың астына батырған бүкіл әлем түршігүе тиісті, мәселелер. Осындағы касіреттерді жеңетін, өмірдің ақыратын айтады. Згілік пен ақыкат, рухани бостандық, адамзат әлемін құтқарады. Және осының, адамзат еркенистінің, ақыл-парасатының кілті дін деп ашық атады. «Парасат майданы» егер өмірле қалатын болса, шығармаға тиек еткен такырыбының жаңашыл да, құндылығымен қалады.

Мысалы: «Бәлкім, адамзатты осынау жын ойнақтан сактап қалған дін болар. Соның аркасында есірген ібіліс ауыздықталмаса да, жазғырылатын болады. Адам санасына бір құдайлыш келуі енді оның ешкапан да хаюан бола алмайтынын, сол себепті хаюани бостандықпен өмір сүруге хакысы жок екенін білдіреді. Соның аркасында өз кыздарына өздері үйленіп жүрген «Бостан» жаңдар ойларына келгенді істей алмай Шаригатпен шектеліп қалады» [2,28].

Ядролық қатер немесе космос апаты әншейін аныз ғана. Адам құрыса шегіне жеткен рухани азғындықтан ғана құриды [2, 39].

Шығармада рухани жаңалықтардың аяққа тапталып, құны жок жын ойнақтардың аспашдаған кететін келеңсіз жақтарды тілге тиек етеді. Бұл жағдай дәл біздің қазіргі қоғамда өте мол. Бұл халықтың рухының өте таяздығымен елшенеді. Бірақ бұл публицистика түрғысынан емес, көркемдік түрғыдан жайлап ашылады. Шығарма оқырманды нәпсіге, арам ойға жетелемейді. Жасырын түрде тазалықта шақырады. Өте терең философиялар арқылы оқырманды имандылыққа, ізгілікке шақырады. Кейіпкер парасатынан автордың білімділігі аңғарылады.

Хаттардағы парасатты ойлар түсінікті, қайсы біреу-лерше курделі жазамыз деп не оқырман түсінбейтін, не езі түсінбейтін қияли әлемге қалықтамаған. Бүтінгі қоғамдағы зиялды хауымның жиркепішт даудамайы, мысалы: Менен бұрын анау қорғап койды, мақалам қрмей қалыпты, редакторы мен болған едім. Яки менің сюжетімді үрлады.

Міне осы сияқты соракылыктар адам санаасындағы өзімшілдік, мен-мендік тілге тиек етіле келе, мақтан сүйгіштік, атақұмарлық, пендешілдіктің барлығы имансыздықтан лейді. Рухани әлемдегі шығармашыл пенделік тобыр мен рух биігін көксеген екі топтың қайшылығы сонымен бірге зиялы қауым терісін жамылған тобырды ауру адамтың аузынан өрбітеді. Және сол тобыр төбемізде ойнақтап жүр деген идеясын алға тартады. Сондай-ақ титаник кемесіндегі соңғы ажал құшағына аттанғандар «Мен», «Мендік» емес, қайта біз дегеп идеямен таза күйінде кетті дейді. Бұл, әрине, өзімшілдік емес, ардың тазалығы еді. Себебі кеме суға батып бара жатқан акіргі сиқунтта, Ажал құшағынан құтылтуың актық сәтінде, өз өмірін құрбан етіп өзгені құтқару сондай ақ өзінің осы ісіне дән риза болған бейнеде ажалға аттану тазалық емей немене?

Өмірдегі өзі ұнатпайтын, жетесіз, келенсіз қылыш-тарды екі кейіпкердің хаттарына сіңіреді. Сол арқылы идея ашылып отырады.

Шығармада артық суреттеу, артық окиға қуалау атымен жок. Нешін тубіндегі мысықты, керегедегі мылтықты, сурсттей бермеген. Шәй ішкен кездегі кесе ұстаған қолдың әркетті. Сөйлегендегі жетелу, шәшэлу, түшкіріну сынды артық әрекеттер мен шығарма идеясына, шығарма көркемдігіне еш қатысы жоқ шимайларға бармаған.

Тілді ләл де нақты қолданған. Дей тұрғанмсң, ағаттық-тар жоқ емес. Мыласы: «Ақыры «Андардың» бетін қайырып, ішкі дүниемді бір жүйеге түсіргендей болдым» [2, 19]. Бір жүиеге түсіру. Бұл сәбет үкіметтің сөздері. Мұның орнына қазактың қаймағы бұзылмаған кара сөзде-рінің бірін қолданса, шығарма тіпті құлпыра түсер еді.

Мен оның айтқан сөздеріне аса үлкен мән бере койға жокпын. Үйіткені ойыма онымен үнсіз сырласқан сәттер орала береді [2,60]. Қазакта аса зор, аса көп деген сөздер бар. Бірақ аса үлкен деген сөз жоқ. Сондай-ақ шығарма бастан аяқ жалпы, мәселен деген сықылды ғылыми немесе ауыз екі сөздерге толы. Сол себепті шығарма тілі. Қарабайыр. Жұтаң деуге әбден болады.

Одегте көркем шығармада адам жанын тербейтін, қиялға жетслеп баурап алатын, оқырманның өзін образга жетелейтін, суреткерлік болуға тиісті. Бірақ өкінішті жері Әбдіков ондайға бра алмаған. Мүмкін шығарма кейіпкер тілі мен берілген де шығар.

## **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Т. Әбдіков. Парасат майданы. // Жұлдыз, № 4. 37 бет
2. Т. Әбдіков. Парасат майданы. // Оң қол. 6-62 бб. Алматы. 2002 ретінде

**Тәшімова М.**

## **ОРЫС КӨРЕРМЕНДЕРІ ТОЛЫҚ, ҚАЗАҚ КӨРЕРМЕНДЕРІ ҚАЙДА?**

Еліміздің болашағы – балалар. Бала тәрбиесі әрбір ересек азамат үшін басты мәселе болуғатиіс. Олардың эстетикалық талғамы зор, жоғары мәдениетті болу жолында көптеген жұмыстар жүргізіліп жатады. Алдымен отбасы опак қасынан басталатын ата-ана тәрбиесінен кейінгі, коршаған органдың балаға етер әсері орасан зор. Одан кейін балабақша, алтын ұя мектебінде алған білімімен қоса, тәрбиенің түр-түрін алып, бойына ізгі қасиеттерді сіңіре бастайды. Қайнаған тіршілікке араласа келе періште бала жаман мен жақсыны айырып, өзінше ой түйеді. Дәл осы кезде жаманнан жириеніп жақсыны үйрету үшін баланы өнерге баулып, тәатір атты сұлу өспер ошағына үйірсектету біздің басты міндеміз. Атап айтатын болсақ, Алматы қаласында көптеген өнер ошактары жас жеткіншектер үшін қызмет атқарып келеді. Ал, біздің бүгінгі әңгімеміз Мемлекеттік қызыршақ театры жөнінде болмақ.

Қызыршақ театры деген атаудың өзі кісінің күлкісін шакырып, еріксіз езу тарттырады. Жас бүлдіршіндерге орналаған осынау театр балалар үшін не беріп жатыр? Дәл қазіргі кездегі театрдың хал-ахуалі нендей күйде? Шығармашылық деңгейі қандай?

Қаланың қақ ортасында орналасқан театр ғимараты хан сарайынчай болмаса да кішігірім, сүп-сүйкімді. Өнер ошағына орташа деңгейдегі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Алайда аты айтып түрганчай балаларға арналған “Қызыршақ театры” екенін көргөп жұрт айтпай-ақ гапып, бала мен ата-ана сүйсінгіндегі тартымдылық жетісінейді. Дизайнер-суретшілердің меммұндалап тұра-тып көзтартар жарнамалық жұмысын қажет етіп тұр.

250 орындық театр сахнасы қызылды-жасылды әлемі алтын түстес пердемен көмкерілген. Сол шынылдық анылғанда

балалар шаттыққа кепеледі. Ойткені олар асыға құткен түрлі қуыршақтар актерлердің көмегімен өнер көрсетеді. Осынау театр қуыршақтары мен әртістерінің өнерлеріне қызықпайтын бала кем де кем, тек олардың патша көңілінен шыға білсеңіз болғаны.

Әртістердің қолдары мен аяқтарының қимылы арқылы қуыршақтар еркін қимылдайды. Олар билеп те, ойнап та түрлі қимылдар жасап та жатыр. Кей кезде бір қуыршақты қимылға келтіріп жан беру үшін екі-үш актер катар жұмыс жасайтын кездер де болады. Ал, балалар үшін қуыршақтардың әр түрде қимылдауы өте қызықты. Эсірессе, шығыс биін мың бұрала билеген қыздардың үзілгелі тұрған белі мен бөкселерінің қимылты еріксіз езу тарттырады. Олардың інрекес көздерімен тұнжырай қарап, ұзын кірпіктерін төмен түсіріп қылғаны қандай! Театр актерлері екі тілде катар сөйлеп өнер көрсетеді. Мұндай қазақ актерлерінің ерекше талантына үлкен баға бергеніміз абзal. Болашақ академиялық драма театрының көрермендерін дайындау бүлдіршін кезден, қуыршақ театрына барудан басталады. Театр репертуарында қазақ баласының бойына ұлттық болмыс пен қазақ мінезді қалыптастырытын, намысты, жігерлі, мейірімді болып шыншылдықта тәрбиелейтін қойылымдар болуы өте керек. Тіпті өзге ұлттың балаларына казак деген халықты, оның кең байтақ жерін, ұлттың, ділі мен дінін сыйлау керек скепін баса айтып, құлағына құятып қойылымдардың болу керектігі заңды құбылыс.

Жалпы театр сахнасындағы қазақша қойылымдарға көрермендер аз келеді. Неге? Жаксы спектакль болса көрермен неге келмесін? Осы мәселе жөнінде директорлың орынбасары Ерболат Бейсенғалиұлымен сөйлескенімде: “Қазақ ата-аналар балаларының көлігінде көрермендердің орындарынан емес, жалқаулықтан. Жалқауланып жата береді. Керенаулық басым. Мен қазақпын, қазақ балаларының театрға келгеппіне куанамын. Олардың келгені бізге жақсы. Өкінішке орай (жарнама) жариялымын бірдей жасалады. Орыс ата-ана 2-3 жастағы балаларын, ата-әжелерін жетелеп сабылып жүргені, ал қазақ көрермендердің келуі нашар” деп өзінің ойын қынжыла жеткізді. Орыс тілді қазактар да осында. Мысалы Шолпан Ахметова атты ана Даражан есімді ұлын екі жылдың көлемінде апта

сайын ұзбей театрға алып келетін көрінеді. Озі қаланың штетінде тұрады екен. “Театр маған да балама да үнайды. Мұндай тәжірибелі актерлер қызмет атқаралы. Көзге жылы үшіншіліктын жағымды орта, кішкентай ғана сүйкімді зал. Сахна да шап-шағын. Дархан бүтін сенбі күні келді, сол күннен бастап келесі аптаны асыға күтсіді. Қойылымнаң шыға салғанда, мұндағы көргендерін, қызықты оқиғаларды әңгімелеп айта бастайды” дейді өнерсүйгіш баланың анасы. Осындай ата-анадан неге үлгі алмасқа.

Айтпақшы, қазақ тіліндегі қойылым демекші, олар сирек шаштай санаулы ғана. Қойылымдардың жалпы саны 20 (соның ішінде қазакша қойылым 8). Бұлай болуга не себеп? Мәселенің бәрін ата-анаға жаба салу ең оңай ақталу болса керек. Театрлың барлық ыстық суығыша көніп, бірге жасасып ширек ғасыр жаңын сала жұмыс істеп жүрген өнерпаздар аз емес. Соның бірі – Т. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ұстазы Серік Мақұлбеков. “Куыршақ театрына арналған пьесаларды газет-журналдарға шыққан материаллардан аламыз. Немесе халық ертегілерін инсценировка жасап сахналаймыз. Академияда қуыршақ театрының актерлерін әзірлеу үшін көптеген қуыршактар керек. Басында балалар бар, өзім бар ортақтан қуыршактар жасап шығардық. Тікті ширмаларды жасау үшін шеге, балға, кемпірауыз деген сияқты саймаңдарға дейін керек болады. Мұндай құралларды да үйленет тасып әүре боламыз. Балалармен бірге қуыршактар тігіп жүріп өнер үйретемін. Мұндай еңбек актерлердің өздеріне жаксы әрине. Талай нәрссін көріп, өз колдарымен жасап көреді. Сондай студенттерді қабылдап, маман етіп шығарамын”, – деген ұстаз қуыршактар үшін, қуыршактар театрының кадрларын дайындауда адал тер тәгіп жүрген нағыз маман, әрі жанаңыр, өз ісінің шебері. “Бұл кісінің класынан бітірген актерлер өз казанында қайнаған, талай шырыққан ысылған актерлер болып театрға келеді. Жақсы ұстаздан білім алған шәкірт театрға келгенде кипалмайды әрі самған ұшуға дайын болады. Бір студенті теагрда актриса болып жұмыс істеп жүр. Бұл мұғалімнің айтартылған табысын еңбеккор әріптесінің жетістігін мақтан ететін Ерболат Бейсенгалиұлы: “Мен де осы театрда отыз жылдан астам актерлік қызмет атқардым. Ол кезде Өнер академиясында қуыршақ театрының актерлерін дайындаудың бөлім болмағандықтан біз Эстрада-цирк колледжінде

оқыдық. Қазір дс ол факультет бар, шәкірттер дайындаған жатыр, бірақ 9-сыныптан кейін түскен оқушылар, жастың аты жас, баланың аты бала, бір қайнауы жетпей тұрған шикілі-пісілі кадрлар дайындалып жатыр”, – дейді Е. Бейсенғалиұлы. Тәжірибелі актердің кадрлар лайындау мәселесі жөніндегі ой топшылауы осынданай.

Қазіргі кезде жеке мемлік қуыршақ театrlары көп. Алматыда 3-4-еүі бар. Оларда ақша бар болғандықтан көп жұмыс бітруге болады. Ал аты дырдай Мемлекесттік театрға қаржы төрізге тамған тамшидайғана бөлінеді. Актерлердің жалақысы 25-35 мың теңге аралығында. Мұндай өнерсүйгіш, театр өнерін жан-дүшисімен түсінген, аз ақшапын қанағат тұтатын актерлердің жағдайын түсінеміз, бірақ колдан келер шара жок. “Жылына казынаға жоспар бойынша 8 милион теңге құмымыз. Балалардың сабактаң бос уақытында сенбі-жексенбі күндеріғана театр сахнасында, ал басқа күндері мектептерге, бала-бақшаларға барып қойылым қойылады. Мектеп директорларына: “Озіміз келіп спектакль қоялық десеніз, көбінесе жолатпайды. Біз ата-анадан ақша жинамаймыз, керек атана баласын өз сркімен театрға алып барсын”, – деп ат тонын ала қашады. Ал келіскең директорлармен келісімді түрде акт залдарында спектакль қойып жатамыз”, – дейді директордың орынбасары. Мектептің акты залдарында қойылымдар қойған дұрыс-ак, бірақ театр ғимаратынан келіп, қуыршақтарға арналған арийалы сахнада көрген қойылымның әсері өзге. Мұндағы атмосфера, этика мен эстетика, мәдениет мүлдем басқаша.

Жас көрермендерге ұсынған қойылымдарды балалар жылы кабылдап жатады. Солардың бірі С. Михалковтың “Үш торай” спектаклі (реж. С. Макұлбеков). Ойынкүмар үш бала торайдың күнделікті өмірін суреттей отырып, көптеген қызықты жайттардың басын аялатын бұл қойылымда үлкен торай Наф-Нафты автор ақылды етіп көрсеткен. Еңбеккор Наф-Наф (Айдын Жакынбаев) алғаш сахнага шыққанда-ак сызырықымсң ауланы сызырып келе жатады. Екінші торай Нуф-нуф (Толқын Тілеулиева) болса көбелек құтанаңына мәз. Ойы таяз торайдың төрт дүниесі түгел. Ал, үшінші торай Ниф-Ниф (Ұлбосын Момынжанова) сауықыны. “Секіреміз, билейміз” деп әндөтетін ол сондай жылауық. Еңбек еткісі келмейтін олардың жалқаулықтары басым. Үлкен торай тастан, кірпіштен мыкты үй са-

луды ойлайды, “Менің үйім көрғандай мықты болуға тиіс!” деген талабы бар. Ол бауырларына үлкен үй тұрғызып, жыртқыштардан көрғану керек екенін ескертеді. “Қасқырдан сақ болыңдар” деген Наф-Нафтың сөзіне бауырлары құлақ аспайды. Нуф-Нуф – органины торай кураған бұтактар мен ағаш жапырақтарынан үй тұрғызбасы, Ниф-Ниф – сабаннан үй саламын деп тез арада үй соққан болады да екеуі ойынға кіріседі. Режиссер бала торайлардың жалқаулығы мен ойсыздықтарына дәлсілді көріністерді беру үшін ойынды көп пайдаланған. Бұл ойынға елтуден балалар да жалығар емес.

Сахнада сүйк желдің уілін білдіретін музика сазы шындықпен үндесіп, сабан мен бұтак-курайлардан жасалған үйлер арлыберлі тербеледі. Эрі оларға аш қасқырдың тап болуы тартысты ұдете тұсken. Екі торайдың қасқырдан қаштуы, жыртқыштың оларды қууы балалардың аяушылық сезімін тулырады. Олар Наф-Нафтың айтқан ақылын тыңдамағанына өкініп, оның үйін панаулау керектігін ойластырады. Мұндағы Наф-Наф – жағымды кейіпкер. Ол тағы да бауырларын көрғап үйіне кіргізеді. Мұндағы қасқыр роліндегі актер Бақытжан Каюовтың жуан дауысы, қорқынышты дыбысы жыртқыш дауысының бояуына дәл келген. Актер куыршак қасқырдың аяғының ауырғанын шебер ойнады, әрі оның есікті бар күшімен ұруы музикамен де пластикамен де шынайы көрсетілген. Аталмыш шығарма бұлдірішіндерді сұбекқорлықта шақырып, қандай биікке жетсөң де адаптер төрт арқылы жететін мецзеп, тұшымды ой айтып тұр.

Қандай елдің болмасын ертедең келе жатқан ауыз әдебиетінің бала ойының дамуы үшін алатын ролі орасан. Ертеңі бала қиялдың ұшқырлап, ақылын дамытатыны сезсіз. Қазактың халық ертегілерінің кейіпкерлері: Қаңбақ шал, Ер Тестік, Ханның сұлу қызы мен ұлы, Жезтырақ, Жалмауыз кемпір, Жалғыз көзді дәудің шытырманың оқиғаға толы өміріне қызықпайтын бала кемде кем.

“Қаңбақ шал” қазактың халық ертегісі болғандықтан режиссер ертекші әжелерді шақырып, ерекше форма іздейген. Олар өзара дауласып, ақыры екеуі ертегіні бірге айтпақшы болып келіседі. Екі актриса да (Қараашаш Абуева, Гүлжәмилә Ильясова) әженің айтатын ботақандарым, кошақандарым, балаларым деген тәтті де жұмсақ сөздермен ертегісін айтып жатқанда сахнада куыршак-

кейіпкерлер ертегінің көрсете бастауы шығарма оқиғасы мен актер ойынының жымдастып бір бүтінге айналып кетуі ұтымды әдіс. Балалар автор сөзін тындай отырып, оқиғаны сахнадан көреді. Қаңбақ шал, кемпір, тұлқі, дәулер – койылым-ертегінің негізгі кейіпкерлері. Киіз үйдегі жабдықтар, құрак көрпе мен сүйкімді жастықтар балаларды еріксіз оқиғаға тарта туседі.

Мұндағы срекіне шықкан кейіпкер – Дәудің (Алтай Тәуекелов) бейнесі. Мұнда тау көтеретін Дәудің әйелі (Қарааш Абусва) де бар. Олар қаңбақ шалға деген қастандықты бірге ойластырады. Қаңбақ шал – Г. Ильясова да құлығын үсті-үстіне асырып жатыр. Дәулердің үстеріле киген киімі көбінесе ашық түсті. Әйел Дәудің қып-қызыл шашы, аларған екі көзі жас көрермендерді сескендіретіндей. Аксиган тістері үлкен ауыздарынан епедейсіз көрінеді. Балалардың мультфильмдерден ұнемі көріп жауыр болған Дәулерінен мұлдем басқаша көрініс тауыпты.

Балғын көрермендер қызыға тамашалайтын лирикалық сарындағы Н. Фришердің “Кішкентай құтан мен қарақыш” қойылымының режиссері әрі қазақшага аударған С. Макұлбеков, суретшісі Е. Яншев, композиторы В. Нитерцев. Өсерлі музика үшімен спектакль басталып, қараңғы сахнадан егістік алқабында қалып қойған қарақыш көрінді. Жалғызыраған ол “жаздай осы егістікті қорғап едім, иемнің мені тастап кеткеші ме? Күн болса сұбытып келеді” деп уайым шегіп сөйлеп тұр. Қарақшы роліндегі актер Мақсат Камаловтың “Кой, енді тұра бермей жылырақ жер іздейін” деп жерге қадалып тұрған аяқтарын босата бастауы сенімді шықты. Тіпті қарақыш-қуыршаққа жан бітіргендей, “Енді маған жүріп үйрену керек” дейді ол. Жолда оған кездескен тұлқінің (Эльвира Сүлейменова) салбыраңдың жіптен жасалған жүні, құйрығының бұлғандауы, құлыққа толы көзқарасы кейіпкер образының айнағтай беріп тұр. Әрине бұл актердің ізденісімен қоса, қуыршак жасаушы шебердің еңбегі.

Күз келіп, құстар жылы жаққа қайта бастағанда Аққұтаңдардың жиналысы болады. Аққұтандардың сахнаға тіл-тік қақытып басқан аяқтарымен біркелкі тізіліп шығуы мен қалықтап ұшуды ете ғамания көрініс болды. Төрт әдемі үлкен аққұтан және балапан аққұтан Айко (Ұлбосын Момынжапова) сахнаның сопіне

айналған. Оның аппақ әдемі қанаттары ұзын тұмсықтары өте сүйкімді. Тым нәзік кішкентай Айконы балалар таспен атқанда қанаты жараланғандыктан ұша алмайтыны оқиға барысында мәлім болды. Балапан акқұтан өзінің басынан өткен қайғылы оқиғасын айтқанда актриса Ұ.. Момынжановың сөз саптауы, жағымды ашық дауысы балапанның үніп жас баланың дауысына келістіруі ұтымды шыққан. Айконы тастап үлкен құстар жылы жакқа ұшып бара жатуы, олардың бір-бірімен қимастықпен қоштасуы баланың сезіміне әсер етпей қоймайды. Спектакльдегі күзгі сары қызыл жалырақты әдемі ағаштардың ролі орасан зор. Бұл спектакльдегі қимастық пен қоштасу сезіміне орайлас алынған декорация. Қаракшы (М. Камалов) мен Айко (Ұ. Момынжанова) ағаштардың арасына барып тығылған кезде актерлер ағаштарды шебер ойнатқан.

Түн, жұлдыздар. Музыка ырғағымен сұбыктың түскені сосын кардың жабуы табиғаттың әсемдігін бейнелейтін тамаша қызық көрініс. Балалар әдемі бейнелеуге қызыға қарайды. Борандатып қатты жел тұрғанда екі достын желмен бірге ұшуы, екеуінің көрген киындықтары, сол кезде оларға сігістікте қалып қойған сабан шептің жолыгуы, Қаракшының Айконы шөмелеге жатқызып “енди сен тоңбайсың” деп мейірленуі бала көңілін қуантары сөзсіз. Балалар Айкомен бірге қиналып, онымен бірге күледі, ерекше әсерге бөлениді.

Келесі сахнада әсерлі музыка арқылы көктемнің шыққаны байқалады. Енді сахнадағы жасыл желекті ағаштар, торғайлардың шырылы, қызылды-жасылды көбелектердің көңілді ойындары көңіл қуантады. Міне, осында мезгілде басты кейіпкер М. Камалов-Қаракшы мен Ұ. Момынжанова-Айко ұйқыдан оянып, қуана ән салады. Бұл қойылым күлімдеген көктемнің шуақты құндерінің ерекшеліктерін көрсететіндігімен құнды. Екі достың ажырасатын уақыты жеткенде олардың бір-бірімен қимастықпен қоштасуы өте әсерлі шыққан. Қаракшы Айко ақол бұлғаса көрермен балалар да қолдарын созып бұлап жатуы бала көңіліне өткен әсердің нақты көрінісі. Бұл спектакльде жалғыздық атты адамның трагедиясы мен достық, мейірімділік сыйнды ізгі қасиеттері басты тақырып болып отыр.

Орыстың халық сртегісі негізінде жасалған (қоюшы режиссері К. Ешмұратова) “Морозко” қойылымы жаңа жыл мерекесі карсаңында балдырыған көрермендер тарапынан сұраныска ие. Бұл спектакльде өгей шешенің теперішін көрген жетім қызы жайы сөз болады. Қанша бүйрекі бұрганымен адудын кемпірінен (Л. Печурина) бата алмаған шал – М. Камалов шарасыз еді. Үйдің бар тірлігін жасаса да жетім қыздың өгей анаға жақпайтыны ертеғілсреден белгін оқиға. Жетім қыздың қуыршак бейнесін кемпірдің өз қызына қарағанда талдырмаш, сұлу да сүйкімді етіп бейнелепті. Ол ақылды әрі парасатты. “Жүн түтіп кел” деген сылтаумен жетімді орманға жібергенде Маша – Г. Рахимоваға Аяз атаның кездесстіні, сынай мақсатымен берілген тапсырманы дұрыс орындалап, атаның көңілінен шығуы әрі сый-сияпат көргелі жас көрермендер үшін өте қызықты. Мұнда аяз атаны талантты актер Б. Каюов ойнайды. Аяз атаның қызға әдемі асыл тасты киімдер кигізгенінен, жылтыр шанаға отырғызып, үйіне сый-сияпатпен қайтарғанынан сикырлы атаның қызға риза болғанын білген бала көңілі мәз-мейрам. Қойылым жасоспірімнің көңіл-күйіне әсер етіп, оның бойына сенімділік, ұлкениң кішіге камқорлығы сияқты жылы сезімдерді ұялатары сөзсіз.

Театр ұжымы ұлken қуыршактардың катысуымен айтулы мерекелер карсаңында театр фойесінде қызықты шоу бағдарлама ұйымдастыруды әдетке айналдырыпты. Қектемнің жайма шуақ қүпідерінің бірінде театрдың ауласы абыр-сабыр күй кешті. “Наурыз думанда” (қоюшы режиссерлері К. Абуева, Г. Ильясова, К. Ильясов) шапқылаған қуыршак аттарға мініп, оюлы костюмдер киген қыз-жігіттер балаларды наурыз мерекесімен құттықтады. Кимешек киген әжелер де осында. Дүбірлі “ат жарысын”, “аударыспак”, “қыз куу” ойындарын көріп тамашаладық. Қызыр ата - Б. Каюов Қектем-қыз Р. Укаривамен бірге келіп балаларды “Наурыз” мерекесімен құттықтап батасын берді. Бұл екі кейіптегі Аяз ата мен Ақшакардың көшірмесі десе де болғандай. Алдар көсе атамыздың тойға салпаң құлақ есекпен келгені күлкілі. Актер А. Жакыпбасеттың есектің үстіндегі тепеңдей шабуы, қуыршак есекті ойнатуы қызықты әрі шебер-ақ. Аузы ашылған, жылтырбас кейіптегі Тазшала бала – Б. Момынжанов келіп би билеген.

Осы кезде есіктен ерекше киінген ұзын көк шапаңды бойшаң ата ішке енеді. Ол балығын тұлқі қудан тыққан Қаңбақ шал болып шықты (Ал мен оны ұлкендігіне қарап Қөктем атайдеп ойладым. Өйткені ол қаңбак шал үшін тым үлкен еді). Оның басындағы бәркі, ұлкен көк түсті шапанының жиектері көктемгі гүлдермен көмкеріліпті. Актерлер ойыны әдемі ұлттық нақыштағы музыкамен катар өрбіп отырады. Қазактың “Каражорға” биі басталғанда ұлттық киімдегі актерлермен бірге балалар да қолдарын икемге келтіріп би қимылдарын қайталай бастады. “Ат жарысы” ойынын ойнаған жас көрермендердің жүзіне құлқі үйрілген. Эрі бұл ұлттық ойын болғандықтан бүгінгі ұрпақтың сапасына тигізер ықпалы мол екені рас.

Мерекелік бағдарламаңың оқиғасы бойынша ескі Тышқан жылымен қоштасу, жаңа Сиыр жылын қарсы алу дегеніміз тағы да Григориян күнтізбесі бойынша жаңа жылдағы койылымның көшірмесі болатын. Бір көргенін қайта көру балаларды жалықтыратыны етенеден белгілі. Ұлыстың ұлы құні Наурыз мерекесіне арналған арнайы ерекше бағдарлама жасалмаған. Шығармашылық ұжым үшін балалардың көңілін серпілтіп та-стайтын мереке ұйымдастыру аса киынға соқпас еді. Кейінкөр-актерлер балаларды қуыршақтар өнер көрсететін қойылым залына шақыруы кеңпейілділік пен конақжайлылық нышапынын тапытты. “Наурыз” мерекесінің соңы қуыршақтардың концертімен жалғасты.

Театрда мерекелік шаралар кезінде қойылыш жүрген Н. Оразалиннің “Тарқамайды тойымыз” (қоюшы режиссері Қ. Ешмұратова) атты қуыршақтардың шоу концерті ұлкен сұраныспен тамашаланады. Онда Ғарифолла Құрманғалиев, Роза Бағланова, “Ялла” тобының солисті Фаррух Закировтардың қуыршақ бейнесі ән шырқайды. Майлұ Джексонның бейнесіндегі қуыршақтың биі мен әнші жолбарыстардың ча-ча-ча билері, Сыган қыздың ерекше кимылдары тіпті гамаша. Мұнда мың бұралған шығыс қыздары, ұлттық костюм киген орыстың ер адамдары мен қонқақ мұрынды грузиндер ізет сактаған қыздарымен шығып өз халқының биін билеген. Қуыршақтардың ішінде ұлттық нақыштағы ерекшеліктерді білдіретін қазақы кейіншегі

куыршактардың кездеспегеніне қандай тұшымды жауап бар? Үлттық киім киген қуыршактардың қазақша ән салып “Қамажай”, “Айжан қызы”, “Жорға” билерін билей алмағаны ма? Жалпы басқа да үлттық нақыштағы дүниелердің болмауы өкінішті-ақ. Театрдың басшысы, актерлер, қарапайым жұмыскерлері қазақ бола тұрса да қазақы болмысты баланың бойына тарататын койылымдардың аздығын қалай түсінеміз? Үлттық қуыршак өнерінің қазакы оюлы костюм киген қуыршактардың ән-біне келгенде осалдығы тайға таңба басқандай көрініп тұр.

Тек көнілге медеу боларлығы “Қаражорға” әніне атқа шапқан қыз-жігіттердің биі балаларды ерекше әсерге бөлекендігі. Актерлердің бірдей кимылы, аттардың шабысы, олардың ышқына кісінегені, тұяктарының дүбірі көкпардың қалың додасын көз алдыңа алып келеді. Міне, үлттық нақыш пен болмыс дегеніміз осы. Төрт түлік мал мен оның төлдері, қыран бүркіт, үй жануарлары сиякты кейіпкерлер қазақ баласының ой-танымына барынша жақын екенін театр ұжымына ескере кеткеніміз абзал.

Біздер қалайда қуыршак театrlарындағы койылым-дарға көрермендерді тарту арқылы бала тәрбисін күшетуіміз керек. Оған мектеп директорлары, ұстаздар және ата-аналар бірігіп қоян қолтық жұмыс жасағанымыз жөн. Мектептерде қуыршак театрының әртістерімен кездесулер өткізіп, театр жайындағы білімдерін арттырғанымыз абзал. Осы негізде бүлдіршіндерді театрға тартудың біраз жолдарын көрсетуге тырыстық.

1. Әр айдың басында театр репертуарының бағдар-ламасын ілу және жарнамалық парактарды көптеп тарату. (мектептерге, балабашаларға, көшелерге).
2. Театр репертуарын жаңартып отыру.
3. Көрермендердің пікірін біlestін жәшіктер қою (Сұрақ-жауап).
4. Театр мамандарының қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізу.
5. Спектакль басталарда, үзіліс кезінде немесе соңында жарты сағат көлемінде түрлі ойындар ұйымдастыру (Үлкен қуыршактардың қатысуымен).
6. Балаларға суреттер салдыру, музыкалық аспаптарда ойнату, ән айтқызу, би жарыстарын ұйымдастыру. Балалардың туған

күп кештерін қуыршактармен бірге өткізуіңе жағдай жасау (Арнайы бағдарлама).

7. Театрга көп келген көрермен-балаларға сыйлықтар таратылып спектакль басталарда оларды мадактау жұмыстарын ұйымдастыру.
8. Эрбір спектакль басталар алдында театр этикасы, қуыршактар мен актерлердің еңбегі жөнінде қысқаша мағлұмат беріп отыру.

Қазақстаниң Алматы, Астана, Ақтөбе, Петропавл, Шымкент, Караганды калаларында қуыршақ театrlары халықта қызмет көрсетіп жатыр. Олардың шығармашылық деңгейлері де әр түрлі. Балалар мен жеткіншектер тәрбиесі алға қойғап максаттардың негізгі болса, бұл мәселені мемлекет болып қолға алғанымыз жөн. Ойткені бүгінгі бала – ертеңгі биік тұлға. Қазіргі уақытта балалар тақырыбы мен оның сан түрлі мәселелерін қозғайтын қуыршақ театрына арналған пьесалар жоктың қасы. Сондықтан режиссерлер басқа слідің шығармалаларын аударып немесе бұрынғы жазылған пьесаларға қайта барып, өзгеріс жасап қоя береді. Көбінесе солай. Қуыршак театрының сахналарына арналған пьесалардың барып жинақтап жүйелеп, басып шығару, ондай шығармаларға бәйге жариялау әрі сол жұмыстың жалғасы ретінде Қазақстандағы барлық театрларды қатыстырып ең мықты қойылымдарды сараптан өткізіп, алыс жақып шет елдерде болатын фестивальдерге қатыстырып бәйгеге қосатын болсак, театр режиссерлері мен актерлері шығармашылық жарысқа түсіп жанжакты ізденер еді.

### **Б. Қартен**

## **САЛ МҰХИТ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЖАСТЫҚ ШАҚ ТУРАЛЫ ҰҒЫМ**

Сал Мұхит шығармалары – этномәдени білімпің ақпараттық көздері. Себебі, қай туындысынаш да халықтың ұйымдар мен түсініктер жиі кездеседі. Нікіріміздің нақтылығын «Наңкайлек» өлсі қуәландырады. Бұл енбегін қарітыңқа бой алдырып түсіт шығарған. Ойткені, мәтіннің екінші шумағында:

«Кім білер, кімдер болар мейірі қанар,  
Рухым сөнген менің қайта жанар.  
Еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп,  
Кейінгі ұрпактарым есіне алар» [1, 131], –

деуі жастық шақтан тым алыстаған кезеңін сипаттайды. Ал, осы шығармасының бірінші шумағында Мұхит былай деген:

«Паңкөйлек маң-маң аяқ басатұғын,  
Жар қайда ондай көңіл ашатұғын.  
Кешегі жиырма бестің желігінде,  
Көңілім тау суындағы тасатұғын» [1, 131].

Өлсінен Мұхиттың откен күнге деген сағынышы көріліп тұр. Мұның ісізін академик Мұхтар Әуезовтың: «Откен күннің, есіресе қымбатты болагыны, қартайған шақта. Қарайып, гүл суалып, от ошкен кезде адамның аяқ астында қол созып қаранғы көр тұрғанда, тіршілік ишері бойды жеңбей тұра алмайды. Сол күндегі өмірдің жалғыз жұбанышы ескіні еске түсіруде. Ескі күндегі көргенін, үйқыда көрген тәтті түстей есіне алып, откен жайын әлгіме қылуда. Сонымен өзін жұбатады. Адам баласындағы сезім тіршілігінің бұл күйін басынан кешірмейтін көрі жоқ. Соңдықтан қазактың да картайып, қуаты қайтқан ақын, әништерінің откен күнге қоштасып айтқан өлеңдері бар», – деген пікірі ашып көрсетеді [2,34].

Шығармадағы ой мазмұны бойынша, жастықтың базарлы бейқам дәурені Паңкөйлектей ғашық жардың ыстық құшағына, болмысына пара-пар. Басынан откен қызықты күпді осылайша есіне алып, қимастықпен аңсаған Мұхиттың көңіл сыры Омар һәйямның (1040 ж.ш.т. – Нишапур к., – 1123, сонда) жандуниссімен үндес. Шығыстың ғұлама шайыры да:

«Сап боллы-ау, о дариға, жастық ісі,  
Омірдің көктемі өтіп, басты қысы.  
Қай кезде, сезбей қалдым, гүл бағымнан  
Жайдары жастық шақтың қашты құсы» [3, 41], –

деп мұнданады. Мұхиттың Омар һәйяды естіп-білуі екі та-  
лай нәрсе. Алайда, әр ләуір перзенттерінің ой-өрістері деңгейін,

олардың өзара жакындығын, сабақтастығын көріп отырмыз. Даңкты шайыр дулы кезеңін, жастық дәуренін гүл-бақка, ал оның өте шыққан сәтін қашқан құсқа ұқсатады. Мұхит болса, адам өмірінің тайсалуды біле қоймайтын батыл да албырт уакытын «жырырма бестің желігі» деп көрсетеді. Жалпы «жырырма бес» сөзі қазақ халқында қалыптасқан ұғым. Ойды жеткізуде ертеден қолданылып келеді. Баршаға жақсы мәлім «Жырыма бес» әп-өлеңінде: «Жырыма бес, қош, аман бол, қайтып келмес, – Жастықты ойламаған қолға бермес» немесе, «Жырыма бес тоғыдайын толғайтұғын, – Қызылқа ертсенді-кеш тоймайтұғын», – дейді [4,14]. Мұхиттың замандасы атакты Балқы Базар жырау да (1842-1911) былай толғаған:

«Екі ауылдың арасын  
Қиқулаткан жырыма бес.  
Бұғалышыз асауды  
Құр-құрлатқан жырыма бес...

Ақысы кеткен кісідей  
Көшкен елді қуалап,  
Күн-түн қатқан жырыма бес,  
Қыз-келіншек кез келсе  
Қыңырықтап құр кетпей,  
Бір тіл қатқан жырыма бес.

Айдын көлдің аққуын  
Атып алған жырыма бес  
Қай –қайдағы бәлені  
Сатып алған жырыма бес,  
Әр пәрсеге ұрынып,  
Аман жүрмей сау басын –  
Шатып алған жырыма бес...» [5, 290].

Балқы Базардың тізбектеп баяндап отырғаны көшпелі дәүірге тән жағдайлар.

Қазақ әдебиеті тарихынан жақсы білеміз Шерпияз жырау да (1807-1867) бір шығармасында:

«Гостағанды қолға алып,  
Айқай салған жиырма бес;  
Шашшатұғын наизадай  
Қылтың еткен жиырма бес;  
Шабатұғын қылыштай  
Жылтың еткен жиырма бес.  
Жиырма бестен өткен соң,  
Орда бұзған отыз бес...» – деп өтеді [5, 39].

Бұл ұғым XX ғасырда өз мәнін сактап, қолданыста сабактастық талқан. Ақын Төлесген Айбергенов «Жиырма бес» атты жыр шығарып, онда:

«...Күй ғой ол қанша тартса қайта тыңдар,  
Қайта тыңдар күйлерден нәр татындар.  
Жиырма бесін желпінбей айтатындар -  
Бұл дүниеге босқа кеп қайтатындар» [6, 56], –

деп толғайды. Айта кетер жәйт, Т. Айбергенов өнерге өте жақын болған. Домбыра тартып, халық әуендерін косылып орындаған. Көзін көргендердің куәландыруларынша, ол тойтотырда, көңілді отырыстарда Мұхит әндерін жиі салған. «Жиырма бесін» арнағы такырып етіп, кесеятіп жырлауында осы жағдайлардың да ықпал етуі бек мүмкін.

Қазақ халқы адамның есіп жетілу мерзімін мүшелдерге бөліп қарастыратыны белгілі. Алғашқысы 13 жас, бұдан кейінгілер 25 жас, 37 жас, 49 жас, 61 жас болып есептелінетін де аян жәйт. Сонда әрбір 12 жылдың арасы – дамудың белгілі бір сатысындағы тұлға болмысының өзіндік ерекшелігін анықтайтын сапалық кезең екенін үгамыз. Демек, жоғарыда мысалдарға ұсынылған ақындар, жыраулар пікірлері бірінші мүшел мен үшінші мүшел, дәлірек айтсак, 13 пен 37 жас аралығындағы адамның психологиялық сипаттамасы хақында. Тура мағынасында емес.

Халкымыз «Он үште отау иесі» дейді. Негіzsіз айтылмаған. Мұны биология ғылымы: «Жас өспірімдік шакта организмде оны денес жағынан, жыныстық және рухани толысуға әзірлейтіп

өзгерістер болады. Бұл кезең қыздарда 12-15, ұлларда 13-16 жаста өтеді... бозбала мен бойжеткен арасында өзара құштарлық, бір-бірін ұнату талпынысы байқалады», – деп нақтытайды [7,164-165]. Қазақтың бағзыда жастық дәуренді нақ осы сәттен бастауы жаратылыстың атап көрсетілген заңдылықтарын толық мойындауышан еді.

Әмірдің бұла шағып өзіндік танымымен 10тгай келіп Шал ақып: «Қырық та бір жас екен, қырдан астым, – Көңілді тасып жүрген әрең бастым», – десе, тағы бірде: «Қырқымда қынаптағы қылыштаймыны», – дейді [8, 229-235]. Сөздер астарынан көңілдін, алып ұшкан мінездің байсал тапқан уағын аңдаймыз. Бұл жағдаят та әмірден алышып отыр. Сонда бүршілар 13 пен 37 жас аралығын жастық шак деп мәлшерлегең, белгілі бір кезең.

Мәдениеттану ғылымина мынадай анықтама бар: «Белгі – сезіммен қабылданатын, басқа бір зат, құбытыс, қатынастың өкілі түрінде көрінетін нәрсе... Нәрсе туралы акпаратты сол нәрсені тікелей келтірмей-ақ, белгі арқылы алу және пайдалану қабілеттілігі абстракты-ұғымдық ойлаумен байланысты... Көркем мәдениет саласында өнердің ерекшелігінен пайда болған әрбір өнер түрлерінің өзіндік бейнелеу-белгілеу жүйелері бар» [9,54].

Олай болса, бұл ғылыми тұжырымды негіз етіп, Мұхит пайдаланған «жырыма бес» сөзі жастық шақ болмысы жайындағы ұғымды білдіретін шартты белгі деп түйіндейміз. Ақын оны шығарманың көркемдік қасиетін есіріп, ой мазмұнын ұғынықты, жинақы қылу үшін ұтырымен колданған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазак әндері. 2-том. – Алматы: Жазушы. 1968.
2. Әуезов М. Қазак әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Шығыс жұлдыздары (Құраст.. Қайраг Жұмағалиев). – Алматы. Жазушы. 1973.
4. Казахские народные песни. – Алматы. ИД «Кочевники», 2002.
5. бес ғасыр жырлайды. 2-том. –Алматы. Жазушы. 1984.
6. Айбергенов Т. Аманат. Олеандер. – Алматы: Жазушы. 1975.
7. Цузмер А.М., Нетришина О.Л Һиология. – Алматы.Руан, 1991
8. Алласпан. (Құраст: Мұхтар Мағауин). – Алматы.Жазушы, 1971.
9. Мәдени-философиялық әнциклопедиялық сөздік (Гылыми-көпшілік әдебиет). –Алматы: Раритет, 2004.

## ІШКІ ІСТЕР БАСЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ТАНЫМ

Әдетте, салалық басылымдардың белгілі бір тақырыпқа арналатыны белгілі. Мәселен, теміржолшылар газеті жол бойының жаңалықтарын, ұстаздарға арналған басылым педагогиканың мәселелерін қозғайды. Ал ішкі істер баспасөзі қоғамдық тәртіп сақшыларының тыныс-тіршілігі туралы жазады. Бірақ мұндай басылымдардың кай-қайсысы да өз оқырмандарына ариап рухани сананы бойға сініретін материалдар жарияладап отырады. Өйткені, кез-келген саланың мамандары рухани танымын көңейтіп, ішкі әлемін байытқаны дұрыс.

Осыны максат еткен ішкі істер органдарының басылымдары да әдеби-танымдық дүниелерді оқырманға өз ретімен ұсынып келеді. Сол арқылы полиция қызметіндегілердің рухани көзқарасын жетілдіру міндсті алға қойылған.

«Сақшы» газетінде «Өнер» айдарымен жарияланған «Қазакты қанаттандыр, «Құшкөң!» деп аталатын мақаланың авторы оқырманды шығармашылығына ұт тарихы тақырыбын арқау еткен суретшінің туындыларымен таныстырады. Салалық басылым үшін мәселені қәсібілікпен терең талдаған материал емес, оқырманға белгілі бір дәрежеде дерек беретіп танымдық мақала таңдап алтынған. Мақала оқып отырған адамды елең сткізерліктең сейлемдермен басталады. «Қазак деген кім өзі? Баяғы көшпенді халық па? Оларда қандай мәдениет болсын, болса да баяғы ескіліктің қалдығы шығар» деген сөзді естігенде жаңым сыздап, көңілім жабырқап сала берді», — дейді суретші Жәңгір Үмбетов. Суретшің бұл сөзі мәнін де жүргіме ауыр ииіп кетті. Өнер десе ішкен асын жерге кояр сегіз қырлы, бір сырлы қазак халқын бұлай кемсітетін кім екен деп, әңгіменің аяғын естімesten ойым сап-саққа жүтірді» /1/. Жәңгір Үмбетов осыпдай пікірлерге тоқсауыл қою мақсатымен мал терісінің бетіне «Құшкөң» деп аталатын картинасын салыпты. «Құшкөң» «Құштарлық сенімді күнге беру» деген сөзден шыққан» деп түсіндіреді өзі. Жұбайы

Амангұл де суретші. Екеуінің көрме өткізбеген елі жок. Мақала авторы осындай жарасымды жүпты оқырманға таныстырады, әрі сала қызметкерлерін сурет өнерінің қырсынына қанықтырады. Мақалада сәтті детальдар жеткілікті. Мысалы, Амангұл күйеуі екеуі Вашингтон қаласында көрме өткізгенде, елдің бәрі бұлар тіккен киіз үйді керемет қызығып тамашалағанып айта келіп, былай дейді: «Мен киіз үйден он-он бес минутқа шығып, бір жұмыстармен кетіп, кайтып оралсам, біздің киіз үйдің алдына халық құжынап жиылып алыпты. Басқа көрмеге назарларын да салмастан, ішке ентелей, керегедегі кілем, жерге тәссліген алашаға қарап тамсанып қалыпты. Тіпті мені ішіне кіргізер емес. Қашпа ыңғай танытып, үйге кірейін десsem де шетелдіктер ырық бермеді. Ағылшын тілінде жаттан алған «Эскиуз ми» сөзін ұмытып қалып, «Жәнгір, эй, Жәнгір» деп айғай салдым» /1/.

«Тарихтың күптия беттері» айдарымен берілген штедлік акпарат көздерінің деректеріне сүйеніп даярланған «Гагариннің ғарыш сапары» атты мақалада біркатарап танымдық мәліметтер ұсынылған. Ғарышкерлер өмірінің бұрын белгілі және белгісіз деректері ешкімді де бей-жай қалдырмайды. Мысалы, үш гүрлі үнлеу туралы мәліметті алайық, «Шұудың сәтті болатындығына ешкім де кепілдік берген жок, Сондықтан да ТАСС (Кеңес Одағының акпарат агенттігі) халыққа үндеудің үш түрін даярлап қойды. Біріншісі — ұшудың сәтті өткендігі; екіншісі — ғарыш кемесінің ұшырылмағандығы; үшіншісі — ғарышкердің апатқа ұшырап, қаза болғандығы жөнінде» /2/. Мінс, салалық басылым осындай акпараттар жиынтығын рухани танымды кеңейту үшін пайдаланаады.

Басылым әдеби туындыларды оқыту арқылы сала қызметкерлерінің ой-танымын арттыруды көздейді. Көбіне-кеп ол шығармаларды ішкі істер қызметкерлерінің өздері жазады. Інкі істер органдарының ардагері Тұрсынғазы Телібаевтың «Елеменде еліме» деп аталатын өлеңі осының мысалы.

Елге арнап, сыр шертеді өлеңдерім,  
Көк байрак желбірейді төбенде елім.

Тұлпардай тізгіндедің жаңа өмірді,  
Торында тоқыраудың бөгелмегендің /3/.

«Таңсық тақырып» айдарымен ұсынылған адамның еске сактау кабілеті жөніндегі танымдық мақала да оқырманға ұнайтын дүние. Бұл макалада есте сактау кабілеті ғажайып адамдар туралы деректер ұсынылып қана коймай, есте сактаудың әдістемесі жөнінде де қызықты мәліметтер берілген. Эсіресе, «Есте сактау кабілетінің ішіндегі ең мықтысы — ғашық әйелдің есте сактау кабілеті» деген деректің орны бөлск /4/.

«Казахстанская полиция» журналында құқық корғау органдары қызметкерлерінің журналистік жұмыспен белсенді түрде айналысып жатқаны туралы мақала /5/ берілген. Қарағанды облыстық телеарнасынан арнайы бағдарлама ашқан полиция қызметкерлері бұқаралық актарат куралының жұмысын жетілдіруге күш салады. Журналистік қызметке өзгеше қырышан үніледі. Бұл мақаланың да танымдық ролі жоғары.

Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитетінің «Бүркіт» журналы да негізгі тақырыбына қоса оқырманға рухани-танымдық материалдарды үнемі ұсынып отырады. Журналда белгілі акын-жазушылардың өмір деректері, шығармалары жарияланады. Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі журналист-жазушы Эсken Нәбиевтің өмір жолы туралы «Арқаның ардакты азаматы» атты портреттік мақала /6/ осының мысалы. Журнал окушылары майдангердің есегелігінен құнды мәлімет әрі үлгі-өнеге алады. Сондай-ақ, осы нөмірде жарық көрген «Көкше немесе қарт ардагердің әңгімесі» атты шағын көркем дүниенің /7/ тағылымдық мәні зор. Оқырманды табиғатты сүюге, қоршаған ортапың байлышын қалірлеуге, рәміздерді құрмет тұтуға үндейлі. Бұл жарияланым журналдың негізгі ұстанған бағыты — патриотизм рухымен берік сабактасып жатыр. Сондай-ақ журнал өз оқырманың Ұлы Отан соғысында тенденсіз ерлік көрсеткен қазақтың батыр үшкіш кызы Хиуаз Доспанованың өмір жолымен, ерлік істерімен кеңірек таныстырады /8/. Батыр апамыздың бүтінгі өмірі туралы жаңа деректер ұсынады.

Сөйтіп, ішкі істер баспасөзі өз саласының қызметкерлерін құқык корғау мәселелері жөніндегі мәліметтерге қаныктырып қана қоймайды. Олардың бойындағы патриотизмді жетілдіре түсү мақсатымен жан-дүниесін байытып, рухани деңгейін арттыратын дүниесерді де үнемі жариялау дәстүріп ұмыт қалдырыған емес.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Галдыбаева Б. Қазакты қанаттандыр, «Құшкөн!». Сақшы, 9 қараша, 2006 жыл.
2. Үркімбай. Р. Гагариннің гарыш сапары. Сақшы, 9 қараша, 2006 жыл.
3. Телібаев Т. Егеменді еліме. Сақшы, 25 қазан, 2006 жыл.
4. Таалдыбаева Б. Жадымда қалсын десеніз. Сақшы. 25 қазан, 2006 жыл.
5. Филиппова О. В эфире полиция. Казахстанская полиция, №4, 2009 жыл.
6. Темірболат И. Арқаның ардакты азаматы. Бүркіт, №3, 2005
7. Құлмагамбет Е. Көкшіс исмессе карт арадағердин әнгімессі. Бүркіт. №3, 2005.
8. Султанов Е. «Қанатты қызы» атапнан Хиуаз Доспанова. Бүркіт. №1, 2006.

## БІЗДІҢ АВТОРЛАР

**Майлыбай С.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет жәнс өнср институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының аға ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының кандидаты.

**Қаныкеевы Е.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет жәнс өнср институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының кіші ғылыми қызметкери.

**Болсынбаева А.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет жәнс өнср институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының аға ғылыми қызметкери.

**Исламбаева З.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театртану бөлімінің кіші ғылыми қызметкери.

**Ақсақалова Ж.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты өнертану бөлімінің аға лаборанты.

**Машакова А.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет жәнс өнср институты Әлем әдебиеті бөлімінің ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының кандидаты.

**Сыдықова Ж.** – С. Демирел атындағы университеттің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.

**Ойсылбай А.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкери.

**Күзембай С.Ә.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Музыкатану бөлімінің менгерушісі, өнертану ғылымдарының докторы.

**Имаханбетова Р.** – Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты.

**Рақышева Ж.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мәтінтану және деректану бөлімінің аға ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының кандидаты.

**Еркінбаев Ұ.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет теориясы және методологиясы бөлімінің аға ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының кандидаты.

**Темірбаева Б.** – Алматы қаласы, М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

**Каргабекова Р.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Өнертану бөлімінің ғылыми қызметкери.

**Набиолла Н.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Фольклортану бөлімінің кіші ғылыми қызметкери.

**Орда Г.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің аға ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының кандидаты.

**Жанұзақова Қ.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.

**Тұрлымбеков Б.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкери.

**Бұлтбаева А.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Музыкатану бөлімінің ғылыми қызметкери, өнертану кандидаты.

**Омаров Т.** – М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

**Әлібек Т.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абайтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының кандидаты.

**Тұрмагамбетова Б.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Музыкатану бөлімінің ғылыми қызметкери, өнертану кандидаты.

**Сабырова А.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ежелгі әдебиет бөлімінің кіші ғылыми қызметкери.

**Елесбай Н.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазбалар бөлімінің кіші ғылыми қызметкери.

**Мусагулова Г.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Музыкатану бөлімінің ғылыми қызметкери, өнертану кандидаты.

**Ментебаева А.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының кандидаты.

**Құрманғалиева Г.** – Өскемен қаласы, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың 2 курс магистранты.

**Қоныс Л.** – Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ізденушісі.

**Әзімхан М.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет теориясы және методологиясы бөлімінің кіші ғылыми қызметкери.

**Адиева П.** – Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Қазақ әдебиеті кафедрасының ізденушісі.

**Ақан А.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мәтінтану және деректану бөлімінің кіші ғылыми қызметкери.

**Айдоғду Ш.** – Демирел университетінің аға оқытушысы.

**Әбікенұлы Е.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әдебиет теориясы және методологиясы бөлімінің кіші ғылыми қызметкери

**Тәшімова М.** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бөлімінің аға лаборанты.

**Кәртен Б.** – Актөбе қаласы, № 3 Балалар музика мектебінің оқытушысы.

**Жарылқағанов Ә.** – ҚРПМ «Қазақстан – Динамо» журналының бас редакторы, Л. Гумилев атындағы Евразия университетінің ізденушісі.

## **МАЗМУНЫ**

**Майлыбай С.**

«Кексерек» повесінің жазылу тарихы мен поэтикасы ..... 3

**Қанықейұлы Е.**

М. Әуезовтің 50–60-жылдардағы мақалаларының шығармашылық тарихы және жарияланымдарының текстологиясы ..... 11

**Болсынбаева А.**

М. Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасы ..... 27

**Исламбаева З.**

М. Әуезовтің “Қаракөз” трагедиясына түрлі режиссерлік көзқара ..... 33

**Ақсақалова Ж.**

Кенбаев шығармашылығындағы М. Әуезов бейнесі ..... 44

**Машакова А.**

Абай, Шакарим и Мухтар в современной китайской рецепции ..... 50

**Сыдықова Ж.**

М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі уәж спипаттары ..... 55

**Ойсылбай А.**

Әдебист теориясы: А. Байтұрсынұлы және М. Әуезов ..... 65

**Күзембай С.**

Фарифолла Құрманғалиев және ұлттық опера ..... 70

**Имаханбетова Р.**

Ахмет байтұрсынұлы және қырық мысал ..... 76

**Рақышева Ж.**

Шешендік сөздердің текстологиясы ..... 83

<b>Еркінбаев Ұ.</b>	
Қазіргі әдебиеттандығы көркемдік бірлік категориясы.....	93
<b>Темірбаева Б.</b>	
Мұхтар Әуезов пен Жақан Смақов арасындағы рухани шығармашылық сабактастық .....	97
<b>Каргабекова Р.</b>	
Мифопоэтика в творчестве Алибая Бапанова .....	107
<b>Набиолла Н.</b>	
Ш. Солтанбайұлы жырлаған «Қызы Жібек» жыры нұсқасындағы Қаршыға образының көnelік сипаты .....	110
<b>Орда Г.</b>	
Қазіргі казақ әдебистінің жаңа беттері .....	114
<b>Жанұзақова Қ.</b>	
М. Магауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятындағы романтикалық рух .....	120
<b>Тұрлымбеков Б.</b>	
Қасым Қайсенов шығармаларындағы соғыс шындығы .....	128
<b>Бұлтбаева А.</b>	
К. Сауранбаевтың орындаудындағы «Қобыланды батыр» жырының музикалық негізі .....	137
<b>Омаров Т.</b>	
Кенен Әзірбаев шығармашылығы және қазақ-қырғыз әдеби байланыстары .....	141
<b>Әлібек Т.</b>	
Оңғар жыраудың қолжазба мұралары .....	145
<b>Тұрмагамбетова Б.</b>	
Ғұрыптық әндерден бастау алған әйсл тенсіздігі тақырыбы (сыңсулар мысалында) .....	151
<b>Сабырова А.</b>	
Сәду Машақов поэзиясындағы ерлік тақырыбы .....	161

<b>Елесбай Н.</b>	
«Кенссары – Наурызбай» жырының Қашқынбай нұсқасындағы сюжеттік спекшеліктер .....	172
<b>Мусагулова Г.</b>	
Разновидности речитативных форм в казахской опере .....	177
<b>Ментебаева А.</b>	
Т. Ахметжан шығармаларының көркемдік ерекшелігі .....	186
<b>Құрманғалиева Г.</b>	
М. Әуезов дәстүрінің қазақ романдағына әсері: тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселе .....	190
<b>Қоныс Л.</b>	
Әкім Ысқақ поэзиясындағы фольклорлық арна .....	197
<b>Әзімхан М.</b>	
А. Сүлейменовтың «Бесатар» повесі ҳақында .....	203
<b>Адиева П.</b>	
Тұрмыс-салт жырларындағы диалогтың қызметі .....	210
<b>Ақан А.</b>	
«Көрғұлы» эпосының текстологиясы .....	215
<b>Айдоғду Ш.</b>	
Түркі халықтары эпикалық жырларындағы батырлардың тұтқынға түсу сарыны .....	230
<b>Әбікенұлы Е.</b>	
Көркем сөздің тілі мен мағыналық тереңдігі .....	237
<b>Тәшімова М.</b>	
Орыс көрермендері толық, қазақ көрермендері қайда? .....	242
<b>Кәртән Б.</b>	
Сал Мұхит шығармасындағы жастық шақ туралы ұғым .....	252
<b>Жарылқағанов Э.</b>	
Ішкі істер басылымдары және рухани таным .....	257
<b>Біздің авторлар</b>	261

**М.О.Әуезов атындағы  
әдебиет және өнер институты**

**VIII  
ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ  
(Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференциясының материалдары)**

Теруге 22.11.2009 ж. берілді.  
Басуға 21.12.2009 ж. қол қойылды.  
Офсеттік басылым. Пішімі 60x84.  
Шартты баспа табағы 16.75.  
Есептік баспа табағы 18.5.  
Таралымы 300 дана.

**«КИЕ» лингвоелтану  
инновациялық орталығы ЖШС  
Алматы қаласы,  
Төле би көшесі, 27.  
Тел.факс: 291 35 63  
E-mail: KIE\_ORTALYGY@mail.ru**